

Жоба

# ГЕОГРАФИЯ

Оқулық

11

Жаратылыштану-математика  
бағыты

**Шартты белгілер:**



– жұмысты жеке орындауға арналған тапсырмалар мен сұрақтар



– топтық және жұптық жұмыс



– күрделі тапсырмалар мен сұрақтар



– хабар

**Талқылау  
тақырыбы**

– талқылау



– қорытынды



– шығармашылық жұмыс

## I бөлім. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ



## II бөлім. КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ГЕОИНФОРМАТИКА



## III бөлім. ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ГЕОЭКОЛОГИЯ



## IV бөлім. ГЕОЭКОНОМИКА



## V бөлім. ГЕОСАЯСАТ



## VI бөлім. ЕЛТАНУ



## VII бөлім. АДАМЗАТТЫҢ ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ



## Алғы сөз!

Жаһандану қарқынды дамып келе жатқан әлемде география саласындағы білім сендерге іргелі және жан-жақты, маңызды мағлumatтар алуға мүмкіндік береді. Мұндай білімге ие бола отырып, ақпараттың есіп келе жатқан ағынын сиңи қабылдауға, осы ағында өз беттеріңше бағдарлауға, өздеріне қажетті білім көздерін таңдауға және талдауға, іс-әрекеттерінің одан арғы траекториясын анықтауға қабілетті боласындар.

11-сынып географиясы мектептегі географиялық білім беру циклін аяқтайды және сендерде қоршаган орта туралы жалпы түсінік қалыптастырып, тұрақты өзгеріп тұратын әлемде болып жатқан негізгі үдерістерді, табиғаттың, халықтың және Жер шары шаруашылығының өзара байланысын анықтайды. Бұл курс географиялық білімді жинақтап, жалпы, ғаламдық ауқымда да, аймақтық деңгейде де қазіргі заманның маңызды проблемаларының географиялық аспектілерін қарастырады.

Жаңа білімді игеруде сендердің алдыңғы сиңыштарда және басқа да табиғи және гуманитарлық цикл сабактарында алған білімдерің мен өмірлік тәжірибелерің, бақылауларың ерекше рөл атқарады. Ойлаудың, қиялдың және дүниетанымның жоғары деңгейі, талдау және логикалық қорытынды жасай білу оқулықтың мазмұнында, сондай-ақ шығармашылық және дербес тапсырмаларды орындауда бағдар алуларына көмектеседі.

Жоғарғы мектептегі географияның басты мақсаты – географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде, әсіресе аймақтық және жергілікті деңгейлерде картографиялық, геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімді, дағылар мен іскерлікті қолдана білу.

Оқу материалын игеру географиялық ойлауды, пәндік мәдениет пен тілді дамыту, ғаламдық және аймақтық үдерістер мен құбылыстарды түсіну, деректерді өңдеу дағыларын дамыту, әлемде ғылыми – жаратылыстану саласындағы мамандықтармен танысу сияқты оның маңызды міндеттерін шешуге ықпал етеді.

Әрбір оқылатын тақырыптың мазмұнымен толық танысу маңызды. Барлық қарастырылған тапсырмалар мен сарамандық жұмыстарды орындаңдар. Әрбір тапсырманы және оларды орындау шарттарын мұқият оқындар. Оларды берілген төртіппен орындауға тырысындар.

Жұмыстың басым белігі топтық орындау үшін қарастырылған. Топтық жұмыс уақытты үнемдеуге және оны орындаудың ең жақсы нұсқасын табуға көмектеседі.

11-сыныптың географиясын оқыту үшін 136 сағат қарастырылған. Оқытылатын материал 7 білімге біріктірілген. Негізгі мәтінмен қатар, қосымша айдарлар бар (негізгі ұғымдар, глоссарий, талқылау тақырыбы, түжірымдар).

Құрметті достар! Сендерге шығармашылық табыс, мықты білім және қызықты зерттеулер тілейміз!

*Авторлар*

бөлім

# ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

## ЖАЛПЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

### Өзекті географиялық зерттеу әдістері

#### § 1. Географиялық сараптаманың алгоритмі және түрлері

**Географиялық сараптама алгоритмі.**  
 Откен жылғы 10-сынып география оқулығынан *географиялық сараптама* арқылы қоршаған ортаның жағдайына кешенді баға беріліп, оның табиғи факторлар мен адам өрекеті нәтижесінде өзгеруіне ғылыми негізделген болжам жасалатынымен танысқан болатынсыңдар. Географиялық сараптама барысында жоғары білікті мамандар қоршаған ортаны өзгертуге бағытталған жобаларды тексереді. Географиялық сараптаманы жүргізу, ең алдымен, жоба жүзеге асырылуы тиіс аумақтың табиғи кешенін зерттеуден басталады (1-сызбанұсқа).

#### Бұғынгі сабакта:

- географиялық сараптама мен танысып, мәнін түсінесіндер;
- зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама элементтерін қолдануды үрленесіндер.

#### Жетекші үзімдар:

- ✓ алгоритм
- ✓ кешенді географиялық сараптама

1-сызбанұсқа

#### Географиялық сараптаманың алгоритмі



Оның нәтижесінде параметрлік (табиғи кешеннің құрамбөліктерінің сипаттамасы мен өзара байланыстары), функциялық (табиғи кешеннің көрсеткіштері мен аумақтың құрылымы арасындағы байланыстарды анықтау) және типологиялық (аумақтың табиғи режімінің жай-күйі)

сипаттамалар алынады. Географиялық сараптаманың қорытынды кезеңінде аумақты модельдеу және оның шаруашылық өрекетінің өсерінен өзгерістерін болжау жүзеге асырылады. Физикалық-географиялық аудан, аумақтық-екімшілік аудан немесе облыс модельдеу нысаны болуы мүмкін.

Географиялық сараптама жасау бірнеше бағыттағы жұмыстарды қамтиды (2-сызбанұсқа).

2-сызбанұсқа

### Географиялық сараптаманың жұмыс бағыттары



Географиялық сараптама жүргізуде *өзара байланыстар да зерттеледі*. Осы арқылы табиғат пен қоғамның өзара өрекеттесуі, көрсеткіштердің өзара байланысы, табиғи кешенниң аумақтық өрекшеліктері анықталады. Аумақтағы табиғи және қоғамдық жүйелердің иерархиялық құрылымын зерттеу негізінде *аудандастыру* жүргізіледі. *Талдамалық жұмыс* арқылы көрсеткіштер талданып, жобалар, бағдарламалар, сызбалар мен тұжырымдамаларды бағалауда жаңа нысандарды орналастыру нұсқалары ұсынылады. Табиғи және өлеуметтік үдерістерді *географиялық болжау* да аса қажет, ейткені жобалар алуан түрлі ресурстарды (табиғи, рекреациялық, адами және т.б.) пайдалануға бағытталғандықтан табиғи және өлеуметтік ортада өзгерістер болады.



Географиялық сараптама жүргізу барысында нысанды жобада көрсетілген орнынан басқа жерге орналастыру туралы шешім жасауға бола ма? Егер болса, ол қандай жұмыстардың нәтижесінде ұсынылуы мүмкін?

**Географиялық сараптама түрлері.** Географиялық сараптама арқылы шаруашылық өрекеттің қоршаған ортаға ықпалы анықталады. Осылайша яғни экономикалық жобаның табиғи ортаны қорғау талаптарына сәйкестігі бағаланады. Географиялық сараптама сипатына қарай экологиялық-географиялық және экономикалық-географиялық болып жіктелетінін 10-сыныпта оқыған болатынсындар.

**Экологиялық-географиялық сараптамада** шаруашылық және өлеуметтік нысандардың табиғи орта мен табиғат ресурстарына ықпалын сандық-сапалық бағалау және өзгерістері сарапталады. Экологиялық-географиялық сараптаманың нысандарына – қоршаған ортаға айтарлықтай ықпал ететін аумақтық шаруашылық даму жоспарлары, ірі

шаруашылық нысандарын орналастыру жобалары жатады.

Экологиялық-географиялық сараптама жобаны жүзеге асырудан бірнеше жыл бұрын жүргізілп, табиғи ортаның қазіргі жағдайы мен болашақтағы өзгерістерін болжау, табигат қорғау және ресурстардың болжанған шығындарының орнын толтыру шараларын, табиғи және тарихи ескерткіштерді қорғауды бағалауды қамтиды. Экологиялық-географиялық сараптамада жобаның негізdemесінде берілетін ақпарат талданып, қоршаған орта өзгерістерінің талаптарға сәйкестігіне баға береді. Қазіргі кезде мемлекеттік және халықаралық деңгейде экологиялық сараптама жүргізудің ережелері анықталған.

Экономикалық-географиялық сараптама аудандық жоспарлау және экономикалық нысандарды жобалау негізdemесін жасау мақсатында аумақтық жобаларды сараптауды қамтиды. Сараптаманың бұл түрінің ерекшелігі – шаруашылық құрылымына жаңа нысанды (көсіпорын, өнеркәсіп торабы, кластер және т.б.) енгізуін аумақ дамуы үшін тиімділігін ескеруі. Өйткені аумақ біртұтас табиғи-шаруашылық кешені болып табылады. Экономикалық-географиялық сараптаманың негізінде экономикалық немесе өлеуметтік нысандарды құрудың немесе өзгертуін табиғи және шаруашылық кешендерге ықпалы талданады.



Ауданда сүт зауытының салынуы табиғи ортаның өзгеруі мен шаруашылықтың басқа салаларының дамуына қалай ықпал етуі мүмкін?

Іс жүзінде сараптамалардың басым көпшілігі кешенді сипат алады. Ал кешенді географиялық сараптаманы жүргізу жан-жақты бағалауды қажет етеді (3-сызбанусқа).

3-сызбанусқа

#### Кешенді географиялық сараптаманың міндеттері



#### Глоссарий:

- Алгоритм** – бастапқы берілген мәліметтермен нәтиже алу үшін қай амалды қандай ретпен орындау қажеттігін белгілейтін шешімдер ережесінің сипаттамасы.
- Кешенді географиялық сараптама** – халықтың тіршілік салаларын (әлеуметтік, демографиялық, экономикалық және т.б.) түгел қамтины кешенді талдау, бағалау және болжам жасау.

Кешенді географиялық сараптамада, ең алдымен, табиғи орта мен шаруашылық кешенінің экономикалық көрсеткіштері талданады. Ұзақ жылғы жобалар үшін бұл көрсеткіштер өзгеруі мүмкін. Мысалы, өлемдегі ең ірі Санься («Үш шатқал», Қытай) су электрстансысының жобалық құжаттарында оның болашақта елде өндірілетін электр энергиясының 10%-ын беретіндігі көрсетілген болатын. Бірақ 2012 жылы стансы іске қосылған соң бұл көрсеткіш бар болғаны 1,7%-ды құрады.

Сараптамада табиғатты қорғау өрекетіне жұмсалатын және табиғатты тиімсіз пайдаланудан болатын шығындар да тексеріледі. Ресейде XX ғасырдың 80-жылдарынан бері Катунь (Алтай) су электрстансысының жобасына экологиялық талаптарға сәйкес болмағандықтан бірнеше рет кері сараптамалық қорытынды берілген. Мұнда мемлекеттік сараптама жүргізуде қоғамдық сараптама, яғни халық пен қоғамдық үйімдардың пікірлері ескерілген.

Қазақстанда қала құрылышын жоспарлау, аумақтарды дамыту, өлеуметтік, өндірістік, рекреациялық, инфрақұрылымдық нысандардың жобаларын «Мемсараптама» республикалық мемлекеттік кесіпорны кешенді сараптамадан өткізеді. Кешенді сараптаманы жүргізуге қатысты барлық қызметтер автоматтандырылған түрде Бірыңғай портал арқылы жүзеге асады.

Кешенді географиялық сараптамаларда аумақтың экологиялық-экономикалық көрсеткіштерінің жобаға ықпалы, табиғатты қорғау өрекеттерін салыстырмалы талдау және экологиялық-экономикалық өлеуетін арттыру жолдары талданады. Жобаның қоршаған ортаға ықпалын бағалауда матрица өдісі қолданылады. Оның мәнісі – нысаннның табиғи ортаға ықпалын болжау матрица түрінде көрсетілуі. Матрицалар қарапайым тізбелер түрінде немесе күрделі сипатта болуы мүмкін.

Көмірді пайдаланатын жылу электрстансысының табиғи ортаға ықпалын бағалауды қарапайым матрица түрінде көрсетуге болады (1-кесте)

1-кесте

Ықпал ету факторлары Табиғи орта құрамбөліктері	Құрылых алаңындағы жұмыстар	Инженерлік коммуникацияларды жүргізу	Электрстансысының жұмысы	Төтеше жағдайлар (табиғи және техногенді апаптар)
Жер бедері	күшті	күшті	әлсіз	орташа
Атмосфера	орташа	әлсіз	күшті	күшті
Су ресурстары	әлсіз	әлсіз	орташа	орташа
Топырақ	күшті	күшті	күшті	күшті
Өсімдік, жануар өлемі	күшті	күшті	орташа	күшті

Қарапайым матрицаларда ықпал етудің түрлері, ықпалға ұшыраған нысандар тізімі, себеп-салдарлық байланыстар көрсетіледі. Ал күрделі матрицалар рангтерге жіктеу, кері байланыстарды ескеру негізінде құрастырылады.



Сонымен, географиялық сараптама табиги ортаның жағдайын кешенді түрде бағалауга және адамның шаруашылық өрекетінің салдарларын болжауга мүмкіндік береді.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Географиялық сараптамалар қандай мақсатта жүргізіледі?
2. Сараптамалар жасауда кесіби маман болудың маңызы қандай деп ойлайсындар?
3. Табиги кешенді зерттеуде функциялық сипаттаманың қандай қажеті бар?
4. Географиялық сараптаманың жұмыс бағыттарының өзара байланыстары қандай? Мысалы, өзара байланыстарды зерттеудің болжауга ықпалы бар ма?
5. Егер ірі қара мал фермасын өзен бойына орналастыру туралы жоба ұсынылса, оның табиги ортага зиянын қалай сипаттауга болады?
6. Неліктен кешенді географиялық сараптамаларда күтілетін экономикалық көрсеткіштер экологиялық салдарлармен байланыстырылады?
7. Қазақстанда АЭС салу жобасында қоғамдық пікірлерді ескерудің маңызы қандай?

### Тапсырмалар

1. Жергілікті жердегі таңдау бойынша алынған өз аудандарындағы 2 шаруашылық нысанының (А және Θ) қоршаған ортага ықпалын төменде берілген қарапайым матрица үлгісі бойынша салыстырындар.

Коршаған ортаниң күрамбөліктері	Шаруашылық нысандары және олардың ықпалдары	
	A	Θ
1 Жер бедері		
2 Ауа		
3 Ишкі сулар		
4 Топырақ		
5 Өсімдік жамылғысы		
6 Жануарлар дүниесі		
7 Адам		



2. Жергілікті жердің табиги ресурстарын пайдалану негізінде қандай шаруашылық саласын дамытуға болады? Өздерің таңдаған шаруашылық саласының кесіпорнына мынадай жоспар бойынша экологиялық-экономикалық негіздеңе құрастырындар:
  - аталған шаруашылық саласын дамытудың аумақ үшін маңыздылығы;
  - кесіпорның құрылсының орнын таңдау;
  - кесіпорнының пайдаланатын табигат ресурстары және жергілікті жердің олармен қамтамасыз етілуі;
  - кесіпорнының экономикалық көрсеткіштері (жылдан қанша өнім, оның бағалары, қанша жұмысшы және т.б.);
  - кесіпорнының қоршаған ортага ықпалын бағалау.

## § 2. Эксперттік бағалау әдістері

### Бүгінгі сабакта:

- эксперттік бағалау әдістемен танысып, мәнін түсінесіндер;
- зерттеу тәқырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдануды үйрениндер.

### Жетекші ұфымдар:

- ✓ эксперттік бағалау

### Глоссарий:

- Эксперттік бағалау** – шешім қабылдау мақсатында сарапшылардың пікірлері негізінде проблемаға баға беру процедурасы.

**Эксперттік бағалаудың жалпы сипаттамасы.** Эксперттік бағалау, әдетте, күрделі мәселелерге қатысты шешім қабылдауда пайдаланылады. Географияда «бағалау» ұфымы белгілі бір нысанның немесе үдерістің, оның өзгерістерінің әртурлі салалар үшін маңызын (пайдалылығы, қолайлылығы, тиімділігі түрғысында) анықтауды білдіреді. Эксперттік бағалау арқылы бірнеше шешімдердің ішінде ең үздігін таңдауга, зерттеліп отырған үдерістің дамуын болжауға және күрделі міндеттердің шешімін табуға болады. Мысалы, қаладағы экологиялық жағдайды халықтың денсаулығы түрғысынан, ал елдегі табиғат ресурстарын олардың тиімді пайдаланылуы жағынан бағалау, жаңа зауыттың қоршаған ортаға ықпалына баға беру және т.б. Эксперттік бағалау бірқатар жағдайда пайдаланылады (4-сызбанұсқа).

4-сызбанұсқа

### Эксперттік бағалау жүргізу қажеттілігі

Географиялық проблема немесе нысан туралы нақты деректердің жеткіліксіз болуы

Болжау нысанының ете күрделі, аукымы кең және шамадан тыс үлкен болуы

Эксперттік бағалау қай кезде жүргізіледі?

Нысанның болашағына қатысты белгісіздіктердің көп болуы

Төтенше жағдайға және т.б. байланысты шешім қабылдауга уақыттың жетіспеуі

Эксперттік бағалау қоғамның сұранысына сай және халықаралық, мемлекеттік бағдарламалар мен ірі жобалар аясында жүргізілуі мүмкін. Сарапшылар ретінде белгілі бір саладағы жоғары білікті, тәжірибелі мамандар таңдалады. Эксперттік зерттеулер алдында оның мақсаты және сарапшылар алдына қойылатын проблемасы анықталады. Бұл кезеңде бірнеше шарттар сақталады (5-сызбанұсқа).

### Эксперттік бағалау жүргізуің шарттары

Проблеманың шарттарын, мерзімдерін, сыртқы және ішкі шектеулерін нақтылау

Саудалды сапалық баға берілетіндегі етіп құрастыру

Сарапшылар мүмкін болатын нұсқаларды бағалайды, сондықтан шешімнің толық сипаттамасы күтілмейді

Бағалау процедурасын төуелсіз модератор жүргізіп, қадағалайды, ол проблемаға қатысты пікір білдірмейді

Сарапшылар белгілі бір шешім ұсынуда проблеманы жан-жақты қарастыруы тиіс. Бұл үшін оларға аталған проблема бойынша ақпараттық материалдар, статистикалық деректер, сауалнама дайындалады. Ұсынылатын материалдардың жан-жақты және бейтарап болуын қамтамасыз ету қажет.



Эксперттерге ұсынылатын саудалдарды құрастыру мен талдау үшін арнайы географиялық білім қажет пе?

**Эксперттік бағалау әдістері.** Эксперттік бағалау жеке және топтық болып белінеді. Жеке бағалау белгілі бір саладағы өте білікті сарапшының төуелсіз көзқарасына негізделеді. Жеке эксперttік бағалауда интервью алу, талдамалық және сценарийлік әдістер қолданылады (1-сурет).



#### Интервью әдісі:

сарапшыға проблема бойынша сұрақтар беріліп, бірден жауап алынады



#### Талдамалық әдіс:

сарапшы ақпарат негізінде жағдайға, нысанның даму тенденцияларына баға береді



#### Сценарийлік әдіс:

сарапшы нысанның немесе үдерістің даму болашағына қатысты логикалық тізбе ұсынады

1-сурет. Жеке эксперttік бағалау әдістері

Жеке эксперттік бағалау әдістерінің кемшілігі – өртүрлі салада ете мол білімі бар, алуан түрлі ақпаратты талдай алатын кесіби ма- манды табудың қыындығы. Өдette, топтық эксперттік бағалау жиі қолданылады. Ресейлік географ В.Л.Бабуриинің анықтауы бойынша, сарапшылар тобының бірнеше түрін анықтауға болады (2-кесте).

2-кесте

### Эксперттік топтардың түрлері


№	Топ түрлері	Эксперттер саны
1	Аса ірі эксперттік топтар	1000—3000
2	Үлкен эксперттік топтар	100—1000
3	Орташа эксперттік топтар	30—100
4	Шағын эксперттік топтар	10—30

Аса ірі эксперттік топтар бір-біріне байланысты салалар бойынша көп адамды қамтиды. Мысалы, 2005 жылы өткізілген жапониялық дельфиде 2659 сарапшы 13 сала бойынша пікір алмасқан. Үлкен эксперттік топтар белгілі бір сала бойынша көп адамды қамтиды. Мысалы, 2009—2010 жылдары «Экономика жоғары мектебі» ұлттық зерттеу университеті жүргізген нанотехнологиялардың дамуы бойынша ресейлік дельфиге 579 сарапшы қатысқан. Орташа эксперттік топтар бір салада терендетілген ақпарат алу үшін өткізілетін анкеталық сауалнама мен интервьюге қамтылады.

Шағын эксперттік топтар жол карталарын, сценарийлер мен сыйни технологиялар жасау, «Миға шабуыл» әдісін және т.б. қолданады. Топтық эксперттік бағалауда өртүрлі сарапшы пікірлерінің үйлесу деңгейін анықтау аса маңызды. Сонымен қатар сарапшы пікірлерін өндөудің статистикалық әдістеріне мән беріледі. Топтық бағалаудың бірқатар әдістері бар (6-сызбанұсқа).

6-сызбанұсқа

### Топтық эксперттік бағалау әдістері



Сендер 10-сыныпта топтық сараптама жасаудың «Дельфи» және «Миға шабуыл» әдістерімен танысқан болатынсыңдар.



«Дельфи» әдісімен сараптама жасаудың басты қындықтары неге?

«635» әдісі «Миға шабуыл» әдісіне өте ұқсас болады. 6 сарапшы қатысатын бұл әдісте шектелген уақыт мерзімінде (5 мин) 3 жаңа идеяны жазбаша үсіну қажет. Әдетте, жарты сағат бойы өткізіледі. Осы уақыт кезеңінде сарапшылар тобы 18 идея жазып үлгереді. Жапонияда табигатты қорғау, қоршаған ортаға қатысты және экономикалық жобалар жасағанда осы әдіспен бірегей, құнды идеялар жинақталады.



Топтық эксперttік бағалау әдістері сарапшы пікірлерінің шынайылығын қамтамасыз етуге, жалпыға ортақ көзқарасты анықтауга бағытталады. Топтық эксперttік бағалауда алынатын орасан мол акпаратты өндөу статистикалық әдістерді қолдануды қажет етеді.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Географиядағы бағалаудың маңызы қандай?
2. Эксперttік бағалау қандай жағдайларда жүргізіледі?
3. Неліктен төтенше жағдайларда дұрыс шешім қабылдау үшін эксперttік бағалауды жіңі қолданады?
4. Жеке және топтық эксперttік бағалауларды салыстыру негізінде өрқайсының артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап көріндер.
5. Окулық мәтіні мен 7-суретті пайдаланып, эксперttік топтардың өрбір түріне қатысты зерттелетін проблемаларды ойлап табындар.
6. Бос уақыттарында отбасы мүшелерімен немесе достарынмен «635» әдісін қолданып, белгілі бір проблемаға байланысты идеялар жинақтап көріндер.

**1-сарамандық жұмыс.**  
**Зерттеу тақырыбына сәйкес эксперttік бағалау өдістерін қолдану**

**Сабактың мақсаты – зерттеу тақырыбына сәйкес эксперttік бағалау өдістерін қолдану жолдарын үрлену.**

### **Әдістемелік нұсқау**

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа арналған. 1-сабакта мұғаліммен тапсырманың алдын ала орындап қелген бөлігі талқыланып, сыныптағы тапсырмалар орындалады. 2-сабакта жұмыстың нәтижелері қорытындыланып, сыныпта таныстырылым өткізіледі.

Сарамандық жұмысты орындау үшін өзінің зерттеу тақырыбындың эксперttік бағалауды қажет ететін күрделі мәселелерін анықтап алу қажет. (Өрқайсысың өз зерттеу тақырыптарынды 10-сыныпта таңдаған болатынсыңдар.) Содан соң тізбеде көрсетілген мәселелер бойынша алдын ала өртүрлі мамандық өкілдерінің, ата-анаңың, жеке адамдардың пікірлерін тыңдаپ, жазып ал. Сыныпқа қелген соң, сыныптастарыңдан тұратын шағын топ құр. Осы топтағылармен бірлесіп, өзінің зерттеу тақырыбындағы шешімі қын мәселелерге «Миға шабуыл» әдісімен 10 мин ішінде талдау үйымдастыр. Келесі сабакта зерттеу тақырыбы бойынша жаңа білім алудың эксперttік бағалау өдістерін қолдануың қалай көмектескені туралы шағын таныстырылым ұсын.

### **Тапсырмалар**

1. Өз зерттеу тақырыбың бойынша жасаған шешімі қын мәселелердің тізбесін құрастыр.
2. Өзің құрастырған тізбедегі мәселелерге қатысты өртүрлі мамандық өкілдерінің, ата-анаңың, жеке адамдардың пікірлерін талда.
3. Сыныпта шағын сарапшылар тобын құрып, олармен бірлесіп зерттеу тақырыбындың проблемаларына қатысты 10 минуттық «Миға шабуыл» үйымдастыр.
4. Зерттеу тақырыбың бойынша жаңа білім алудың эксперttік бағалау өдістерін қолдану қалай көмектескені туралы шағын таныстырылым дайында.

### § 3. Географиядағы модельдеу әдістері

**География ғылымындағы модельдеудің маңызы.** Қарапайым географиялық модельдер ерте замандарда жергілікті жердің сыйбалары түрінде болды. География ғылымы дамыған сайын нысандарды, құбылыстар мен үдерістерді бейнелейтін курделі модельдер қолданыла бастады. Басқа танымдық құралдардан айырмашылығы, модель құрал болумен қатар, зерттеу нысаны қызметін қоса атқарады. Модельдердің географиялық зерттеулер үшін маңызын 3-кестеден көре аласындар.



Іле Алатауындағы мұздықтар ауданының қысқаруын модель түрінде беруге бола ма? Ондай модельді құрастыру үшін қандай мәліметтер керек болар еді?

#### Бұғынгі сабакта:

- географиялық модельдеу әдістерімен танысып, мәнін түсінесіндер;
- зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық модельдеу әдістерін қолдануды үйренесіндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ модель
- ✓ модельдеу
- ✓ геожүйе
- ✓ сапалық модельдеу әдістері
- ✓ сандық модельдеу әдістері

3-кесте

#### Модельдердің география ғылымындағы маңызы

	Себеп	Сондықтан...	Мысалы
1	География ғылымының зерттеу нысандары, әдетте, өте ірі	олардың кішірейтілген кешірмесін жасау қажет	карталар, глобус
2	Географияның кейбір зерттеу нысандары қолжетімді емес немесе дөл қазіргі кезде жоқ болуы мүмкін	олар туралы білімді тек модель түрінде беруге болады	Пангея құрлығы немесе жердің ішкі құрылсы
3	Географиядағы зерттелетін кейбір құбылыстар мен үдерістерді адам тікелей бақылай алмауы мүмкін	олардың сипатын тек модель арқылы көрсетуге болады	мантиядығы қозғалыстар
4	Географиялық нысан, құбылыс, үдерістер курделі болады	модельдерде олардың барлық белгілері мен қасиеттерін, байланыстарын түгел көрсетпей, ең маңыздылары тана бейнеленеді	географиялық қабықтағы зат айналымы
5	Кейбір географиялық құбылыс немесе үдеріс өте жылдам жүреді	«баяулатылған» модель оларды түсінуге көмектеседі	жер сілкіну
6	Кейбір географиялық құбылыс немесе үдеріс өте баяу жүреді	«жылдамдатылған» модель оларды түсінуге көмектеседі	үгілу

Қазіргі заманғы география ғылымында модельдеу зерттеу нысаны туралы жаңа білімдер алудың әдісі болып табылады. Өйткені күрделі геожүйенің құрылымы мен ондағы байланыстарды сол қалпында бейнелеу мүмкін емес. Геожүйені немесе оның жекелеген элементтерін үлгілеу барысында оның қарапайым көшірмесі, яғни моделі жасалады. Ресейлік ғалымдардың анықтауынша, модельдеу қазіргі заманғы географиялық зерттеулерде мынадай ғылыми міндеттерді шешуде қолданылады (7-сызбанұсқа).

## 7-сызбанұсқа



Сонымен, географиялық модель зерттеу нысанының басты қасиеттерін сипаттап, оның ішкі және сыртқы байланыстарының түрлері мен сипатын бейнелейді. Мысалы, «Алматы қаласындағы экологиялық жағдай» тақырыбындағы зерттеу жобасы бойынша бірнеше модельдер құрастыруға болады (4-кесте).

## 4-кесте

Алматы қаласындағы экологиялық жағдайды сипаттайтын модельдер

	Зерттеу нысаны	Модель түрі	Мазмұны
1	Атмосфераадағы ластағыштар	Алматы қаласы аумағында ауаның ластану деңгейінің картасы	1. Картада атмосфераадағы ластаушы заттардың түрлері, олардың кеңістікте таралуы шартты белгілермен көрсетіледі. 2. Талдама негізінде анықталған ауаның ластану деңгейлері түрлі түстермен ажыратылады
2	Атмосфераадағы ластаушы факторлар	«Алматы қаласы ауасын ластау көздері» диаграммасы	Дәңгелек диаграммада ластау көздерінің (енеркесіп, көлік, тұрғын үй шаруашылығы) қала ауасын ластаудагы үлестері көрсетіледі



Сен осы зерттеуді жүргізетін болсаң, кестені қалай жалғастырап едің?

**Географиялық модельдеу әдістері.** Модельдеу түсіну жөне оны іс жүзінде пайдалану үшін модельдеу әдістерін топтастыру қажет. Қазіргі кезде үлгілеу әдістерін топтастырудың бірыңғай жөне жалпылама танылған сыйбасы жоқ. Мұның өзі жалпы теориялық, ғылыми, техникалық жөне басқа зерттеулерде қолданылатын үлгілеу формаларының алуантүрлілігімен түсіндіріледі. Географиядағы модельдеу әдістерінің бірнеше топтарын ажыратуға болады (8-сызбанұсқа).

8-сызбанұсқа

### Географиядағы модельдеу әдістерінің топтары

- Модельде нысанның геометриялық, физикалық, динамикалық сипаттамаларын бейнелеу

Заттық модельдеу

- Нысан, құбылыстың қасиеттерін жете зерттелген немесе зерттеуге қолайлы, үқсас балама негізінде көрсету

Баламалық модельдеу

- Зерттелетін нысан немесе құбылыстың таңбалар жынытығы түрінде (сызба, карта, график, формула модельдеу)

Таңбалық модельдеу

- Зерттеудің бастапқы кезеңінде, модельдеуде нысан мен құбылысты зерттеуші ойында көрнекті түрде елестету

Логикалық модельдеу

Заттық модельдеу арқылы географиялық нысанның немесе үдерістің пішінін, қасиеттері мен өзгерістерін бейнелейтін моделі құрастырылады. Модельдеу үшін зерттеу нысанының басты сипаттамалары жинақталып, талданады.


**Баламалық үлгілеуде** зерттелетін нысанды талдаудың сандық қана емес, сапалықта критерийлері ескеріледі. Мұның өзі үлгіленетін нысанды жетілдіруге жөне осының негізінде геожүйенің дамуын реттеу стратегиясын жасауға мүмкіндік береді.

**Таңбалық модельдеу** географияда бұрыннан бері карталар құрастырудың қолданылып келеді, сонымен қатар блок-сызбалар, кестелер мен графиктер де осы текстес болады. Экономикалық географияда әлеуметтік жөне экономикалық үдерістердің кеңістіктік жөне уақыттық өзгерістерін, ал физикалық географияда белгілі бір табиғи құбылыстың немесе үдерістің өту барысын графиктер, диаграммалар, гистограммалар арқылы береді. Графикалық модельдер дәлдікті, көрнекілік пен абстрактілікті ұштастырады. Мысалы,

### Глоссарий:

- Модель** (лат. modulus – өлшем, үлгі) – нақты нысанның, құбылыс немесе үдерістің маңызды белгілері мен байланыстарын жалпылама түрде бейнелейтін жеңілдетілген үлгісі.
- Модельдеу** – модельді құрастыру кезеңдерін түрел қамтитын үдеріс.
- Геожүйе** – географиялық қабықтың зат, энергия жөне ақпарат тасымалымен біріккен, өзара байланысқан құрамбөліктің жынытығы.
- Сценарий** – зерттеу нысанының болашақ дамуы мен жай-күйіне қастьсты сипаттама.

1-диаграммада дүниежүзі елдерінің топтары бойынша қала және ауыл халқының арасалмағы бейнеленген.



1-диаграмма. Елдер тобындағы қала және ауыл халқының арасалмағы, 2018 ж.

Таңбалық модельдеу қоршаған ортаны зерттеу мен басқару проблемасын шешуде маңызды құрал болып табылады. Өсіреле геоакпараттық жүйелер негізінде жасалған модельдер тиімді, олар автоматты түрде өндеге болатын сандық карталар күйінде болады. Географиялық карталарда кеңістіктің масштаб арқылы кішірейтілген бейнесі жасалынады, карта географиялық зандалылықтарды, нысандар арасындағы байланыстарды көрсете алады.

«Карта географиялық зандалылықтарды жоғары деңгейде айқындалап береді, яғни Жер шарындағы құбылыстардың кеңістіктік қатынасын, ұштасуын және өзара өрекетінің зандалылықтарын тануга көмектеседі» (Н. Н. Баранский).

Дегенмен таңбалық құралдарды пайдаланып, географиялық нысанды немесе үдерісті толығымен үлгілеп шығу кейде мүмкін болмайды. Өйткені зерттеу нысаны туралы сандық ақпарат жетіспеуі мүмкін немесе ақпарат жеткілікті болғанымен, нысандардың сандық тәуелділіктерін анықтау мүмкін болмайды. Ол геожүйе құрамбөліктерінің құрылымы мен функцияларының үдайы өзгерістеріне, өлеуметтік-экономикалық жүйелердің белсенді болуына байланысты болады. Яғни, географиялық нысандарды тек сандық күйде ғана бейнелеу мүмкін емес.

Логикалық модельдер адамның миында ойлау қабілеті нәтижесінде құрылады. Басқаша айтқанда, логикалық модельдер — адамның зерттелетін нысан, құбылыс немесе үдеріс туралы білімдері негізінде жасалатын ақыл-ой модельдері. Модельдердің басқа түрлерін жасауда зерттеуші алдымен оның логикалық үлгісін жасап алады. Сендердің өрқайсыларың өз білімдерінің негізінде өзеннің немесе қар көшкінің ойша моделін жасай аласындар.



Сонымен, үлгілеу географияғының даңызындағы маңызды әдіс болып табылады. Модельдеу әдістерінің алудан түрлі болуы географиялық нысан немесе үдеріс туралы негұрлым дөл ұғым қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Параграфтагы З-кестені талдау негізінде модельдердің географиялық зерттеулер үшін маңызын көрсететін әрбір себеп бойынша өз мысалдарынды ойлап тауып, ұсыныңдар.
2. «Модельдеу зерттеу нысаны туралы жаңа білімдер алудың әдісі болып табылады» деген сейлемді қалай түсінесіндер? Осыған байланысты өз ойларынды нақты мысалмен қорытындылап көріңдер.



1. 7-сызбанұсқаны талдау негізінде, модельдеудің «Геожүйелердің құрылымы мен байланыстарын зерттеу» міндетіне сәйкес, өз беттеріңмен кез келген географиялық нысандың немесе үдерістің құрылымын жөне оның құрамбөліктерінің арасындағы байланысты көрсететін қарапайым модель құрастырыңдар.
2. Оқулық мәтінін пайдаланып, бір географиялық құбыльстың немесе үдерістің моделін (тәндау бойынша) құрастырып көріңдер.

**2-сараландық жұмыс.**  
**Зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу**  
**өдістерін қолдану**

**Сабактың мақсаты – зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу өдістерін қолдану жолдарын үйрену.**

### **Өдістемелік нұсқау**

Сараландық жұмыс 2 сағатқа арналған. 1-сабакта мұғалімнің көмегімен тапсырмалар орындалады. 2-сабакта жұмыстың нәтижелері қорытындыланып, сынның таныстырылым өткізіледі.

Ең алдымен, зерттеу тақырыбыңа сәйкес модельдеу өдістерін қолданудың маңыздылығын айқындаш алуың қажет. Оқулық мәтінін пайдалана отырып, модельдеудің өдістерін жете түсініп алып, өзінің зерттеу тақырыбың бойынша қандай модельдер жасауга болатынын анықтап, тізбесін құрастыру керек. Содан соң өз зерттеу тақырыбыңа байланысты ақпараттарды өндегеу негізінде өртүрлі материалдардан заттық модель құрастыр. Егер зерттеу нысаны тау болса, қағаз немесе пенопласты пайдаланып, биіктік белдеулөрі және т.б. көрсетілген заттық модель құрастыруға болады.

Баламалық модельді қандай түрде құрастыруға болатынын сипаттап берсөң жеткілікті болады. Сонымен қатар зерттеу тақырыбыңа сәйкес сызба, график немесе диаграмма түріндегі таңбалық модель құрастырасың. Ол үшін белгілі бір сандық ақпараттар қажет болады. Мысалы, сенің зерттеу нысаның өзен болса, оның ұзындығы, жылдамдығы, су шығыны және т.б. деректер қажет болады. Келесі сабакта зерттеу тақырыбың бойынша жаңа білім алуыңа модельдеу өдістерін қолдану қалай көмектескені туралы шағын таныстырылым ұсын.

### **Тапсырмалар**

1. Өзің құрастырған тізбені пайдаланып, қолда бар материалдар мен құрал-жабдықтарды ескере отырып, заттық модель құрастыр. Заттық модельді құрастырудың алгоритмін анықтауда 2-кестенің материалдарын пайдалан.
2. Зерттеу тақырыбыңа орай қандай баламалық модель құрастыруға болатынын талдап, сипаттап бер.
3. Зерттеу тақырыбыңа сәйкес таңбалық модель құрастыр.
4. Зерттеу тақырыбың бойынша жаңа білім алуыңа модельдеу өдістерін қолдану қалай көмектескені туралы шағын таныстырылым дайында.

## § 4. Географиялық аудандастыру әдістері

Аудандастыру – табиғи, өлеуметтік және экономикалық жүйелерді үйлестірудің аса маңызды әдістерінің бірі. Географиядағы аудандастырудың маңызын химиядағы Менделеев кестесінің маңызымен пара-пар деуге болады. География ғылымында аудандастыру аумақтық басқару мәселелерін шешуде, әкімшілік белініс, табигатты пайдалану және т.б. қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда, аудандастырудың мәні – кеңістіктерге өзіндік ерекшеліктерге ие аумақтық түзілімдерді анықтап, оларға сипаттама беру, шекараларын ажырату.

Жер шарында геожүйелердің көптеген топтары таралған. Геожүйелердің кейбір топтарының таралуы ғаламдық деңгейде болса, екіншілері аймақтық, ал кейбіреулері белгілі бір жерге ғана тән болады. Олардың әрқайсысының өзіндік таралу аумағын ареал деп атауға болады. Яғни, аудандастыру арқылы кеңістік өзара байланысты аумақтық бірліктерге жіктеледі. Ресейлік географтар Ю.Н.Гладкий мен А.И.Чистобаев географиядағы аудандастырудың құрылымдық сызбасын жасаған (9-сызбанұсқа).

### Бүгінгі сабакта:

- географиялық аудандастыру әдістерімен танысып, мәнін түсінесіндер;
- зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық аудандастыру әдістерін қолдануды үрненесіндер.

9-сызбанұсқа

Географияның әртүрлі саласындағы аудандастыру құрылымының үлгісі			
Физикалық география	Экономикалық география	Саяси география	Мәдениет географиясы
Географиялық қабық	Өлемдік экономикалық кеңістік	Дүниежүзінің саяси кеңістігі	Өлемдік еркениет
Географиялық белдеу	Интеграциялық одақ	Өлемнің ірі геосаяси белгітері	Жеке еркениет
Табигат зонасы	Үлттық экономикалық кеңістік	Әскери-саяси блоктар	Үлттық-мәдени кеңістік
Аймақ	Ірі экономикалық аймақ	Үлттық геосаяси кеңістік	Мемлекеттің геомәдени ядросы
Аудан	Орташа экономикалық аудан	Мемлекеттің шекаралық зонасы	Үлттық мәдениет
Ландшафт (жергілікті жер типі)	Шағын экономикалық аудан	Жергілікті шиеленіс ошары	Қала мәдениеті

Кез келген аумақтың кеңістіктік жіктеу (аудандастыру) бірнеше критерийлер бойынша жүргізіледі: жіктелетін аумақтың бірліктердің өзіндік ерекшелігі және олардың құрайтын элементтердің өзара байланыстылығы. Аудандастыру бірнеше кезеңдерден тұрады (10-сызбанұса).

10-сызбанұса



Сонымен, география ғылымында аудандастыру біртектілік пен өртектілікті бейнелейді: біртекті аумақтар бір ауданға біріктіріледі, ал өртектілері өзіндік аудан құрайды.

Аудандастырудың маңызды принциптеріне (ұстанымдарына) мыналар жатады:

- *цздіксіздігі*, яғни әрбір нысан белгілі бір бірлікке енеді және аудандар торында «актандақтар» болмауы керек;
- *біртектілігі*, яғни аудандастыру сызбалары бір деңгейдегі нысандарды қамтуы тиіс;
- *мақсаттылығы*, яғни аудандастыру нақты мақсатқа сәйкес маңызды белгілер бойынша жүргізіледі.

Сендер 10-сыныпта географиялық аудандастырудың ерекшеліктерімен, физикалық-географиялық аудандастыруда қолданылатын жетекші фактор және «беттестіру» өдістерімен танысқан болатынсыздар. Енді экономикалық географияда қолданылатын өдістермен танысатын боласындар.

Кеңес Одағының географтары И.Г.Александров, кейіннен Н.Н.Баранский, Н.Н.Колосовский экономикалық аудандастыру теориясының негізін салды. Бұл теорияның негізін мынадай ұғымдар құрады:

- аумақтардың шаруашылық салалары бойынша мамандануына алып келетін географиялық еңбек бөлінісі ұғымы;
- аумақтың салалық құрылымын қалыптастыруши өндірістердің технологиялық тізбегі ретіндегі энергетикалық-өндірістік цикл ұғымы;
- елдегі ұлттық экономика шеңберінде салалық мамандануы бар, ішкі табиғи және әлеуметтік-экономикалық біркелкілікке ие және кешенді дамуды көздейтін аумақ ретінде анықталатын экономикалық аудан ұғымы.



**Жалпы алғанда, экономикалық-географиялық аудандастыру теориясын ұсыну арқылы елдің ірі әлеуметтік-экономикалық кешен түріндегі жеке бөліктерінің**

даму ерекшеліктерін анықтауга, олардың әндіргіш күштерді орналастыру меселелерін шешуге бағытталған қадамдар жасалды. Әсіресе қолданбалы зерттеулер үшін бұл өзекті болып отыр.

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Географиялық аудандастырудың маңызы» тақырыбында таныстырылым дайындаңдар.
2. «Дүниежүзінің климаттық аудандастыру» картасы бойынша климаттық аудандастырудың принциптеріне түсінік беріңдер.
3. Н мемлекетінің экономикалық кеңістігін қалыптастыруда теңіз маңындағы географиялық орны жетекші ықпал еткен. Осы елдің экономикалық аудандастыру сыйбасында қандай басты екі ауданды бөліп көрсетуге болар еді?
4. Сандық төсілдеме бойынша Алматы облысын қандай экономикалық көрсеткіштер бойынша аудандастыруға болады?
5. 12-суретті пайдаланып, экономикалық-географиялық аудандастырудың бірліктерін түсіндіріңдер.
6. Аудандастырудың басты принциптері қандай?

Қай жерде тұратындарыңа байланысты тәмендегі тапсырмалардың бірін таңдап, эссе түрінде орындаңдар.

- Ауылдағы ауылшаруашылық жерлерін қандай үлескілерге жіктеуге болады? Олар бір-бірінен қалай айырмашылық жасайды?
- Қала аумағын қандай үлескілерге жіктеуге болады? Олардың айырмашылықтары қандай болуы мүмкін?

**З-сарамандық жұмыс.**  
**Зерттеу тақырыбына сәйкес**  
**географиялық аудандастыру өдістерін қолдану**

Сабактың мақсаты – зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық аудандастыру өдістерін қолдану жолдарын үйрену.

### Өдістемелік нұсқау

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа арналған. 1-сабакта мұғалімнің көмегімен тапсырмалар орындалады. 2-сабакта жұмыстың нәтижелері қорытындыланып, сыйныпта таныстырылым өткізіледі.

Ең алдымен, зерттеу тақырыбыңа сәйкес аудандастыру өдістерін қолданудың маңыздылығын айқындаپ алу қажет. Оқулық мәтінін пайдалана отырып, аудандастырудың өдістерін жете түсініп алып, өзінің зерттеу тақырыбың бойынша қандай аудандастыру жүргізуге болатынын анықтау керек. Содан соң өзінің зерттеу тақырыбың бойынша ақпараттарды өңдеу негізінде аудандастыру жүргізуіне болады. Аудандастыру жүргізу үшін зерттеу нысанының аса маңызды белгілерін анықтау қажет. Мысалы, сенің зерттеу нысаның жергілікті жердегі көл болса, оның суының терендігі көл аумағында біркелкі емес, сондай-ақ жағалауларының пішіні мен жер бедерінде, өсімдік жамылғысында айырмашылық болуы мүмкін. Осы маңызды өркелкіліктер бойынша аудандастыру сызбасын құрастыруға болады. Келесі кезеңде осы өзің анықтап, жіктеген аудандарды сипаттау қажет.

Келесі сабакта зерттеу тақырыбың бойынша жаңа білім алудың аудандастыру өдістерін қолдану қалай көмектескені туралы шағын таныстырылым үсін.

### Тапсырмалар

1. Өзің зерттейтін тақырып бойынша қандай кеңістіктік жіктеу жүргізуге болатынын анықта.
2. Аудандастыру жүргізу үшін зерттеу нысанының аса маңызды белгілері мен олардың аумақ бойынша өртектілігін анықта.
3. Зерттеу ауданының қарапайым сызбасына біркелкі белгілері бар үлескілердің шекараларын жүргіз.
4. Зерттеу ауданының географиялық тұрғыдан кеңістіктік өркелкілігін сызбада түрлі түсті бояумен белгіле.
5. Өзің анықтаған үлескілердің басты ерекшеліктеріне қысқаша сипаттама бер.
6. Зерттеу тақырыбың бойынша жаңа білім алудың аудандастыру өдістерін қолдану қалай көмектескені туралы шағын таныстырылым дайында.

## КАРТОГРАФИЯ

### Заманауи картографиялық әдістер

#### § 5–6. Карталардың сандық моделі

Кез келген жердің сандық үлгідегі картасы сол жердің топографиялық-геодезиялық мәліметтерін логикалық-математикалық түрғыдан сандық түрде бейнелеп көрсетеді (2-сурет).


Географиялық нысаннның толық сандық үлгісі оның кеңістіктең орнын анықтайдын арнаулы координата жүйесінде бейнеленеді. Нысанды толықтыратын ақпарат геометриялық (метриялық) атрибуттар және геометриялық емес (топологиялық) сипаттамалар (бір нысаннның екінші нысанмен өзара байланысын, жалпы шекаралары мен нүктелерін, бейнениң күрделі пішінін, бір нысанды екінші нысаннның үстіне кіріктіруді түсіндіретін) жиынтығынан тұрады.

#### Бұғынгі сабакта:

- сандық карталарды оку, олардың қолданылу жолдары, ондағы географиялық нысандар мен аумақтардың орналасу ерекшелігімен танысадындар;
- карталардың сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтауды үйренесіндер.

#### Жетекші үғымдар:

- ✓ сандық карта
- ✓ компьютерлік бағдарламалар
- ✓ үшөлшемді электрондық карталар үлгісі



(Ресей Фылым академиясы ресми сайтынан алдынды)  
2-сурет. Каспий теңізінің батиметриялық сандық картасы



Каспий теңізінің батиметриялық карталарынан қандай мәліметтер алуга болатынын анықта. Екі карта мәліметтері бірін-бірі толықтыра алады ма, оларды қандай ғылым саласында пайдалануға болады деп ойлайсың?

Сандық топографиялық карталарды сипаттау кезінде міндетті түрде оның реттік немірі, метрикасы мен семантикасы, кеңістіктік-логикалық байланыстары көрсетіледі (5-кесте).

5-кесте

#### Сандық картада берілетін ақпараттың түрлері

Өлшемдік (метрика) ақпарат	Синтаксистік ақпарат	Семантикалық ақпарат	Құрылымдық ақпарат	Жалпы ақпарат
Геодезиялық сипаттамалар, жер бедереі мен түрлі нысандардың кеңістіктік координаталары	Орман, жайылым, су айданыны, суайрықтар, беткейлердің жату бағыттары	Нысандардың сипаттайтын белгілер, инженерлік құрылыштардың техникалық параметрлері, жер бетінің геологиялық сипаттамасы, ағаштар мен ормандар тұралы мәлімет	Түрлі нысандардың бір-біріне қатысы, теміржол желілері, елді мекендердің гимараттары мен құрылымдары, олардың конструкциясы	Жергілікті жер атауы, координаталары мен биіктік жүйесі, географиялық номенклатурасы

Сандық карталарды визуализация көмегімен экран алдынан электрондық карталар түрінде және компьютерден қағаз бетіне шығарылған карта түрінде қолдануға болады. Ал арнаулы мамандар бағдарламалар көмегімен сандық форматтағы бейнесінде де компьютер экраны арқылы жұмыс жасай береді.

Сандық карталардағы өдіс-тесілдер:

- дәстүрлі жолмен жасалынған карталарды (қағаз карталар) сандық форматқа көшіру арқылы;

- қашықтықтан зерделеу жолымен алынған дайын ақпаратты фотограмметриялық өндөуден өткізу арқылы;
- далалық геодезиялық тахеометриялық түсірілім жасау немесе жасанды Жер серіктері аспаптарының көмегімен жаппай түсірілім жасау арқылы;
- қарапайым далалық көзмөлшерлік түсірілімдерін камeralық өндөуден өткізу көмегімен жасалынады (6-кесте).

#### Глоссарий:


- Жергілікті жердің сандық үлгісі** (digital terrain model, DTM) – топографиялық карта мен планда жергілікті жердегі кеңістіктік нысандардың математикалық түсінік тұрғысында сандық түрде бейнеленген үлгісі.

## Сандық карталардың жіктелуі

Мақсатына қарай	Алғашқы мәліметтің берілуі және ақпараттың өндөлу тесілі бойынша		
Топографиялық, кескіндік, геоморфологиялық, геологиялық, гидрологиялық, кадастрылық, және т.б.	Тұрақты карталарда тірек пункттерінің белгілі координаталары арнаулы геометриялық пішінде: квадрат немесе теңбүйірлі үшбұрыш түрінде нақты санмен беріледі	Тұрақты емес карталарда жергілікті жердің нүктелері, жер бедері, геологиясы, гидрологиясы біртекtes аймақтарда олардың жиілігі мен тығыздығын ескере отырып, еркін түрде беріледі	Күрьымдық карталарда нүктелер жер бедерінің ірі орографиялық бірліктерінің белгілі координаталарына негізделе отырып көрсетіледі


Сандық карталар арнаулы ақпараттар базасында сақталады. Оны жеке сақтау мүмкін емес. Оларды түрлі ақпарат жүйесінде алмасыру барысында арнаулы алмасу форматы немесе алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалар қолданылады. Халықаралық стандарттық санаттағы Open Geospatial Consortium (OGC) GML (Geography Markup Language – Географиялық ақпарат форматы) бағдарламасы басшылық қа алынады (13, 14-суреттер).

 Қосымша ақпараттар көмегімен Open Geospatial Consortium (OGC) GML (Geography Markup Language) бағдарламаларының негізгі атқаратын қызметі туралы қысқаша хабарлама дайында.



3-сурет. Тұрақты сандық карталардағы ақпараттың берілу түрлері:

- квадрат пен теңбүйірлі үшбұрыштагы нүктелер;
- магистраль бойындағы сызықтардагы нүктелер




**4-сурет.** Құрылымдық сандық карталардағы ақпараттың берілу түрлері:  
а) горизонталь сызықтар бойындағы нүктелер; ә) беткей еңкіштігін көрсететін горизонталь сызықтар бойындағы нүктелер

Жергілікті жердің үшөлшемді үлгісі деп экран бетінде берілген шарт бойынша үшөлшемді координата көмегімен ақпараттың нақты бейнеленуін айтады. Оны экран бетіне шығарып, жұмыс жасаудын арнаулы ГАЖ (САПР – 3D өлшемді үлгілеу жасауға арналған автоматты жобалау жүйесі) бағдарламасы жүзеге асырады (5-сурет).

Бұл жүйенің басымдық жақтары:

- 1) жаңа мәліметтерді енгізу және өзгерту мүмкіндігінің болуы;
- 2) қажетті ақпаратты өздігінен іздеу және оны тауып беру;
- 3) бейненің масштабын өзгерту мүмкіндігінің болуы;
- 4) тұтынушыға қажетті деген ақпаратты сұраныс бойынша экран бетіне шығару сияқты өрекеттерді атап айтуға болады.



**5-сурет.** Картографиялық бейнелеуді қабаттар бойынша орналастыру

Экран бетіне картаны шығарудың екі төсілі бар: бірі – растрлық, екіншісі – векторлық.

Растрлық төсіл бойынша сандық картографиялық ақпарат матрица (пиксель) түрінде, яғни оның басты көрсеткіші картографиялық бейне түсінің коды болып табылады. Бейне көптеген дискретті ұяшықтардан, растр элементтерінен құралады. Оның басты кемшілігі, бейнені үлкейте бастасаң, олар өзінің айырмашылығын жойып, біртекtes бола бастайды. Ал кішірейте бастасаң, ақпарат жойылып, оны тану мүмкін болмай қалады.

Векторлық төсіл картографиялық ақпаратты арнаулы метриялық қисық, векторлық сызықтар және геометриялық пішіндер арқылы векторлық каркаспен бейнелейтіндіктен, олар масштабтың үлкеюі немесе кішіреюінен өзгеріске ұшырамайды. Алайда векторлық төсіл картографиялық нысандардың тек геометриялық мәліметтерін беретіндіктен, карта мазмұнын толықтыру үшін мәліметтер базасындағы атрибуттық сипаттамалармен байланыстыру қажет болады.



Сандық (электрондық) карталар бүгінгі таңдағы мен күнделікті іс-ереккеттерді ұштастыру, шаруашылықты басқару, білім алу мен демалысты үйымдастыру, адам өмірін жақсарту бағыттындағы барлық қызмет саласында кеңінен қолданысқа ие болып отыр.

## Сұрақтар

1. Сандық картаның толық үлгісі қандай құрамбөліктерден тұрады?
2. Сандық карталар қандай өдіс-төсілдер көмегімен жасалады?
3. Сандық карталардағы ақпараттың берілуінің қандай маңызды түрлерін білеңдер?
4. Сандық карталарды қалай және қандай жағдайда сақтауға болады?
5. Сандық карталармен дисплейде қалай жұмыс жасаған тиімді деп ойлайсындар?
6. Бүгінгі ақпараттық технология заманында географиялық картаның маңызы қандай бағытта өзгеріп жатыр деп ойлайсындар?

## 4-сараландық жұмыс.

### Сандық карталарды оқу және талдау жасау

**Сабактың мақсаты:** сандық карталарды оқу, оларды қолдану көмегімен географиялық нысандар мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау.

**Қажетті құралдар:** компьютерлік сыныптағы арнаулы бағдарламалар жиынтығы, смартфон құрылғысы, Қазақстан аумақтары бойынша сандық карталар жиынтығы.

#### **Сарамандық сабак екі сағатқа арналған**

Сынып оқушыларын бала саны мен сыныптағы компьютер санына қарай бірнеше топқа бөліп, сарамандық жұмыстың мазмұнымен таныстырады.

Информатика сабағынан алған білім негіздеріне сүйене отырып, Paint және CorelDRAW бағдарламалары көмегімен белгілі бір аумақты жобалаудың алгоритмін жасау үшін мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға болады:

- берілген аумақтың квадрат түріндегі шартты сұлбасын жасау;
- негізгі көлік жолдары жүйелерін белгілеу;
- сол аумақтағы кең таралған табиғат ресурстарын, кен орындарын, елді мекендерін белгілеу;
- қандай өнеркәсіп саласын дамытуға болатындығын және көсіпорындардың шартты орындарын болжау.

Сандық кескін картамен жұмыс жасау алгоритмі:

- жекелеген аумақтың немесе дүниежүзінің кескін картасын таңдау;
- клавиша көмегімен «Картага қажетті ақпаратты көшіру» атты команда беру;
- шартты белгілер жинақталған жерден қажетті белгілерді таңдалу;
- алдымен белгі үстіне, содан соң карта үстіне құрылғы көмегімен қажетті ақпаратты көшіру;
- дайын болған картаны шығару немесе арнаулы файлда сақтау қою.

Корытынды жасау.

# ГЕОИНФОРМАТИКА НЕГІЗДЕРІ

## Геоақпараттық зерттеу әдістері

### § 7–8. Қашықтықтан зерделеу әдістері

Қашықтықтан зерделеу деп Жердің және басқа аспан денелерінің беткі бөлігі мен ішкі қойнауындағы болып жатқан өзгерістер туралы арнаулы аспаптар көмегімен қашықтықтан ақпарат алу үдерісін айтады. Қашықтықтан зерделеу түсірілімдері егер күн сөулесі немесе нысанның өзінің сөулеленуі көмегімен жүргізілсе, *пассивті*, ал арнаулы сөуле түсіру, мәселен, радиотолқындар көмегімен жүргізілсе, *активті* деп аталады.

Қашықтықтан зерделеу электромагниттік сөулелену диапазонына қарай *ультракулгін*, *инфрақызыл*, *микротолқынды радиодиапазонды* деп те ажыратылады. Бірнеше диапазондар қатар қолданылса, *көлспектрлі*, ал 20 және одан да көп диапазон қолданылса, *гиперспектрлі* болып табылады.

Түсірілім аппаратураларының түріне байланысты фотосурет, теледидарлық, фототеледидарлық, сканерлік, радиолокациялық, гидролокациялық, лазерлік және лидарлық (оптикалық) болып жіктеледі.

Қашықтықтан зерделеу технологиясы бүгінгі таңда Жер ғаламшарының табигат жағдайына тұрақты мониторинг жасауда ең тиімді әдіске айналып отыр. Өсіресе, табигат ресурстарына барлау жасау мен өндіру, ауылшаруашылығына жаңа агротехнологияларды енгізу, төтенше жағдайлардың алдын алу және одан сақтандыру, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік және климат өзгерістеріне бақылау жүргізу сияқты аса маңызды шараларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беріп отыр.

Түсірілім жасайтын аппаратура өртүрлі платформаларда орналасады. Ол ғарыштық Жер серігі, ұшак, тікұшак, дрон немесе қарапайым ұшайқты штатив те болуы мүмкін. Бір платформаның өзінде бірнеше түсірілім құрылғылары орнатылады. Оларды *сенсор* деп атайды.

Ең алғашқы қашықтықтан зерделеудің барлық диапазондағы электромагниттік сандық спектрлік бейнелері 1972 жылы ұшырылған америкалық LANDSAT Жер серігі көмегімен алғынған болатын (7-сурет).

#### Бүгінгі сабакта:

- қашықтықтан зерделеу әдістерінің ерекшеліктерін түсінуді үйренесіндер;
- қашықтықтан зерделеу жүргізуде қолданылатын құрал-жабдықтармен танысадындар.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ қашықтықтан пассивті зерделеу
- ✓ активті зерделеу
- ✓ сөулелену диапазоны
- ✓ Жер серіктерінің техникалық мүмкіндіктері
- ✓ мониторинг

#### Глоссарий:

- **Панхроматикалық түсірілім жасау режимі** – түсірілімдердің тек ақ және қара түспен берілуі.
- **Мультиспектральды түсірілім жасау режимі** – түсірілімдердің алуан түрлі түстерді ажыратады.

Қашықтықтан зерделеу саласында өлемдегі ең көшбасшы бағдарлама АҚШ-тың Колорадо штатында жасалынып, жүзеге асырылып жатқан – ERDAS Imagine кешенді бағдарламасы. Бұл бағдарлама кеңістіктегі алудан түрлі бейнелерді анықтап, өндеп, талдаپ, оларға толық сипаттама береді. Сонымен қатар қоршаған орта мен ондағы барлық нысандардың өзгерісін анықтайды, картага түсіреді және үшөлшемді визуализация жасайды.

ERDAS бағдарламасы өмбебап болғандықтан панхроматикалық, көпзоналылық және радиолокациялық сенсорлардан алынған ақпараттардың барлығын да өндеуге толық мүмкіндігі бар.

Бүгінгі таңда дүниежүзі бойынша геостационарлық Жер серіктері арқылы тұрақты жұмыс жасайтын EGNOS (European Geostationary Navigation Overlay Service), AORE (Atlantic Ocean Region East) және IOR (Indian Ocean Region) қашықтықтан зерделеу орталықтары бар. Солтүстік жартышар аумағы мен Солтүстік Атлантика үстін WAAS (Wide Area Augmentation System), ал Жапония мен Тынық мұхиттың солтүстік бөлігін MSAS (Multifunctional Transport Satellite Augmentation System) орталықтары бақылауда үстап отырады.

 Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, жоғарыда аталған қашықтықтан зерделеу орталықтарының жұмысымен тереңдірек таныс.

Жоғарыда аталған қашықтықтан зерделеу орталықтарынан келген ақпаратты қабылдай алатын GPS-антенналар көмегімен жер бетінде бір метрлік дәлдікке дейінгі өлшемдер алуға мүмкіндіктер бар.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркөсібі министрлігі жаңындағы Өве-ғарыштық комитет тарапынан Қазақстан жеріндегі қашықтықтан зерделеу жұмыстары 2014 жылдан бері тұрақты жүргізіліп келеді (6-сурет). Аталған апараттың кеңістіктік рұқсаттамасы 1 метр 1 пиксельге тең.


Француздың «Куру» ғарышайлағынан мүмкіндігі өте жоғары KazEOSat-1 және мүмкіндігі орташа деңгейдегі KazEOSat-2 қазақстандық Жер серіктері үшірылды. Олар су тасқыны, қар көшкіні сынды табиғи және экологиялық апараттарды алдын ала болжая үшін ғарыштан суреттер жасауға арналған.

Жер серіктерін франциялық Airbus Defence and Space аэроғарыштық концерні арнағы Қазақстан үшін тапсырыспен жасаған болатын.

Ғарыш аппараты Жер ғаламшарының бір полюсінен екінші полюсіне қарай қозғалады. KazEOSat-1 Жер серігінің радиокеру аймағы Еуразияның солтүстігіндегі Таймыр түбегінен бастап Үндістанның солтүстігіне дейінгі аумақты қамтиды. Жалпы алғанда, аталған аппарат төулігіне Жер шарын 14 мәрте айналып шығады (7-кесте).



6-сурет. Еліміздегі Жерді қашықтықтан зерделеудің ғарыштық орталығы



7-сурет. Қазақстан аумағының «Landsat TM» Жер серігінен алынған сандық фотосуреті, кеңістіктік түсірілім мүмкіншілігі 30 метр 1 пиксельге тең

Жер серіктегінің техникалық мүмкіндіктері	KazEOSat-1	KazEOSat-2
Түсірілім жасау режімі	Панхроматикалық және мультиспектральды	Мультиспектральды
Кеңістікті қамту мүмкіндігі	20x20 км	3x4 мың км <sup>2</sup>
Бір мезгілдегі түсірілім аумағы	20x20 км	77x77 км
Түсірілімнің қайталану уақыты	3–5 күн	3–5 күн
Төулігіне қамтитын аумағы	220 000 км <sup>2</sup>	1 000 000 км <sup>2</sup>

KazEOSat-1 Қазақстан Республикасы аумағын суретке түсіріп, «Қазақстан Фарыш Сапары» Ұлттық компаниясына Жерді қашықтықтан зерделеу қызметінің толық жүйесін жасайды, сондай-ақ мониторинг мақсатында Жердің басқа аймақтарын суретке түсіру, табиғат апаттарының алдын алу, жер кадастрын жүргізу, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында картографиялау үшін де пайдаланылады.

Осы бағдарлама аясында төрт министрлік: ауылшаруашылық, энергетика, ішкі істер, инвестиция және даму министрліктері тұрақты байланыста жұмыс жасауда.

Тасқын су жағдайына ғарыштық мониторинг жүргізу, дала және орман өртінің ошактарын анықтау шенберінде «Қазақстан Фарыш Сапары» Ұлттық компаниясы Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Түркістан облыстарының төтенше жағдайлар жөніндегі департаменттері арасында жасалған шарттарға сәйкес ғарыш суреттерін тәулігіне екі рет Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігі мен жоғарыда көрсетілген облыстардың төтенше жағдайлар комитеттерінің арнайы геопорталдарына беріп отырады.

«Қазақстан Фарыш Сапары» Ұлттық компаниясы аталған министрлікке қажетті ақпаратты тұрақты түрде беріп, олардың барлық шаруашылық салаларындағы жүргізіліп жатқан жұмыстар, түрлі сипаттағы ауытқулар немесе төтенше жағдайлар туралы мониторинг жасап отыруға мүмкіндік береді (8-сурет).

Сонымен қатар су, орман, жер ресурстарының сақталуы, өзендер ағысындағы өзгерістер, су тасқыны, транспекаралық аймақтағы өзендер бойын бақылау, Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы мұнайдың тәгілуіне мониторинг жасау сияқты жұмыстар тұрақты жүргізіліп отырады.

Бүгінгі таңда «Астанатопография» республикалық мемлекеттік кәсіпорны топографиялық карталарды жаңарту мақсатында үш референц стансы құрып, олардың арасында өзара байланыс орнатты. Соның нәтижесінде GPS көмегімен Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақмола облысының



а)



ө)

8-сурет. Ауылшаруашылығының; а) секторлық; ө) радиалды түрі көрсетілген гарыштық фототүсірілім

кез келген бөлігінде дәл координаталарды анықтауға мүмкіндік болып отыр. Алдағы уақытта жекелеген базалық стансыларды осындаи референц-стансыларға біріктіру және оны еліміздің басқа аумақтарына да орнату жоспарланып отыр.



GPS-навигатор көмегімен, смартфон арқылы Қазақстан аумағында қозғалатын Жер серіктері түсірген сандық суреттерге шолу жасандар.

Қашықтықтан зерделеу жұмыстарын жетілдіру арқылы болашақта шаруашылық салаларын жүргізуде мынадай бақылауды күшейту мақсаттары қойылып отыр.

Атап айтсақ, олар:

- барлық топографиялық және арнаулы карталарды жаңарту;
- су тасқындарының алдын алу және бақылауда үстау;
- ауылшаруашылығының барлық салаларына мониторинг жүргізу;
- гидротехникалық құрылғылар мен су бөгөндерін бақылауда үстау;
- орман ағаштарының өсуі мен кесілу, орман өрттерін болдырмай жағдайын қадағалау;
- табиғатты қорғау мониторингін тұрақты жүргізу;
- пайдалы қазбалар кен орындарының игерілу жағдайын қадағалау;
- мұнайдың төгілуі мен мұнай қалдықтарының су бетінде қозғалуына мониторинг жүргізу;
- жоспарсыз жүргізілетін құрылыштарға бақылау жасау;
- ауа райы мен қауіпті табиғат құбылыстарын болжау және алдын алу;
- табиғи және техногендік жағдаймен байланысты төтенше жағдайларға мониторинг жүргізу;
- жол-көлік инфраструктурасы нысандарының құрылышын салуды жоспарлау және мониторинг жүргізу.



Сондай-ақ бұл саладағы осындай жұмыстардан жақсы нәтижеге жету үшін картографиялық, математикалық және IT бойынша білікті мамандарды дайындау бағытындағы жұмыстарды да барынша жетілдіру қажет.

## Сұрақтар

1. Қашықтықтан зерделеудің қандай турлерін білесіндер?
2. Олар қандай өдіс-тәсілдер көмегімен жасалады?
3. Қашықтықтан зерделеу жұмыстары электромагниттік сөулелену диапазонына қарай қалай ажыратылады?
4. Қазақстандық еki Жер серігінің техникалық мүмкіндіктерін салыстырып, айырмашылықтарын анықтандар.
5. «Қазақстан Фарыш Сапары» Ұлттық компаниясы тараапынан атқарылып жатқан жұмыстарға шолу жасап, оның тиімді жақтарын анықтандар.
6. «Мен елімнің ертеңі мен болашағына қандай өзгеріс жасай аламын?» атты тақырыпта шағын эссе жазу.

## § 9–10. Геоақпараттық әдістер мен ГАЖ-технологияларының ерекшеліктері

### Бүгінгі сабакта:

- геоақпараттық әдістер мен ГАЖ-технологияларының басты ерекшеліктерін түсінетін боласындар.

### Жетекші үғымдар:

- ✓ ГАЖ-технологиялары
- ✓ ГАЖ бағдарламалар

### Глоссарий:

- **ГАЖ-технология** – дегеніміз қоршаған орта туралы жаңа ақпараттарды алуға мүмкіндік беретін бағдарламалық-технологиялық, әдістемелік құралдардың жиынтығы.
- **ГАЖ-бағдарламалар** – дегеніміз өзіне тән жекелеген функционалдық мүмкіндіктерімен ерекшеленетін және ГАЖ-технологияның артурул кезеңдерінде қызмет көрсете алатын жүйелер жиынтығы.

Казіргі заманғы ақпараттық кеңістікте ГАЖ-технологияларын қолдану күнделікті қажеттілікке айналып отыр. Өсірепе білім мен ғылым саласы, оның ішінде Жер туралы ғылымдар геоақпараттық әдістер мен ГАЖ-технологияларының көмегіне тікелей сүйенеді.


География ғылымдары түрғысынан алғанда, геоақпараттық әдістер мен ГАЖ-технологиялар табиғи және алеуметтік-экономикалық ерекшеліктер мен заңдылықтарды танып білу, зерттеу және үлгілеудің басты құралына айналып отыр.

ГАЖ-технологиялары картографиялық нысандар мен мәліметтер базасының басқару жүйесін біріктіретін компьютерлік платформалардан және түрлі деңгейдегі бағдарламалар жиынтығынан құрады.

Географияда кеңінен қолданылатын арнайы ГАЖ-технологияларының бірі – Ресей Ғылым академиясы География институтының геоақпараттық зерттеу орталығы өзірлеген ГеоГраф ГИС (ГАЖ) бағдарламасы. Ол кеңістікке байланған ақпаратты құрастыру, редакциялау, сактау, бейнелеу және талдау функцияларын атқаруға негізделген.

Ең алғашқы нұсқалары XX ғасырдың 90-жылдары таралып, содан бері жетілдірілу сатыларынан өтіп келеді. Бағдарламаның кең ауқымды графикалық мүмкіндіктері кез келген картаны дәл өрі нақты құрастыруға сұранысты қанағаттандыра алады.

Қолданушының сұранысын толық қанағаттандыра алатын нүктелік, сзызықтық, және аудандық шартты белгілер жиынтығының, кеңістіктік мәліметтерді (растрлық) түрлендіруге қажетті координата жүйесінің болуы ГеоГраф ГИС бағдарламасының қолданылу аясын кенейтеді. Фылым мен бизнес, білім беру мен басқару жүйелері, экологиялық және көліктік бақылау, мұнай-газ индустриясы, жерді пайдалану және кадастр, тұрмыстық қызмет көрсету, төтенше жағдайлар, өскер мен тәртіп сақтау ұйымдары, басқа да шаруашылықтың түрлі салалары осы бағдарламаны өз қажетіне кеңінен қолданады. Оны интернет жүйесінен белгіленген бағасы бойынша көшіріп алып, тұрақты түрде жұмыс жасауға болады (9-сурет).




9-сурет. ГеоГраф ГИС бағдарламасын іске қосу тетігі



Интернет жүйесі арқылы ГеоГраф ГИС бағдарламасы платформасымен, оның негізгі қолданылу аясымен таныс.

ГеоГраф ГИС бағдарламасы үш типтегі нысандармен жұмыс жасайды (10-сурет). Бірінші нысан – кеңістіктік мәліметтерді беретін қабаттар, олар мемлекеттік шекара, көл немесе ғарыштық фотосурет болуы мүмкін. Ол векторлық та, растрлық та сипатта беріледі. Әрбір қабаттың атрибуттық сипаттамалары кесте түрінде бірге беріледі. Ол өз тарапынан мәліметтерге талдау жасау мүмкіндігін арттырады. Екінші нысан – кеңістіктік мәліметтерді дәл бейнелейтін карталар мен макеттер жиынтығы.



10-сурет. ГеоГраф ГИС – бірнеше картамен қатар жұмыс жасау

Бағдарлама көмегімен мәліметтерді толықтыруға, өзгертуге, соның нәтижесінде бірнеше карта жасап шығаруға, оларға талдау жасауға мүмкіндік беріледі. Үшінші нысан – мәліметтерге манипуляция (турлі сипаттағы өзгерістер жасау) жүргізу тәсілдері. Манипуляция көмегімен карта мазмұнын толықтыратын диаграмма, картограмма, кесте, блок-диаграммалар қосуға, картаның дизайнын өзгертуге, форматын аудастыратын өрекеттер жиынтығын жасауға болады.

MapInfo Professional – АҚШ-тың MapInfo Corporation фирмасы жасап шығарған бағдарлама дүниежүзінде кең тараған ГАЖ-технологияларының бір түрі. MapInfo Professional нақты орны анықталған және кеңістіктік байланысы бар географиялық нысандарды өңдеу және сараптама жасау үшін жасалынған. Бағдарлама көмегімен мынадай өрекеттерді жүзеге асыруға болады:

- географиялық нысандарды өңдеу және анықтау;
- ГАЖ базасында жинақталған деректер қорымен жұмыс жасау;
- геометриялық функциялар атқару: географиялық нысандар арасындағы ауданды, ұзындықты, көлемді, периметрді есептеу;
- кез келген нысандар тобының жанында буферлік (мәліметтер уақытында сақталатын) зона құру;

- SQL-дің (түрлі есептеулер жүргізу) кеңейтілген түрі, бірнеше кестелерді біріктіруге және географиялық жинақтау жүргізуге мүмкіндік береді;
- компьютерлік дизайн және картографиялық құжаттарды шығаруға дайындық жасай алады.

Бұл бағдарлама сонымен қатар қосымша нүктелік картографиялық бейнелер құрастыру, изосызықтар құру, үшөлшемді үлгілер жасау, тік және қиғаш қималарды үлгілеу, шкала, диаграмма жасау, статистикалық ақпаратты сараптау сияқты өрекеттерді де жасай алады (8-кесте).

8-кесте

#### Картографияда қолданылатын компьютерлік бағдарламалар

Картографиядагы компьютерлік бағдарламалар	Қолданылатын орны	Негізгі қызметі	Артықшылығы
Adobe Illustrator	Векторлық графика жасауда кеңінен қолданылады	Түс қанықтығын айқындауға мүмкіндік береді	CorelDRAW бағдарламасымен қатар қолдануға тиімді
CorelDRAW	Векторлық кескіндерді қайта өндөу, түстерді нақтылау және қабаттарды орналастырудан тиімді	Жұмыс жасауды жеңілдететін дайын шаблондардың болуы және жаңа кескіндер жасауга мүмкіндіктің болуы	Бағдарламаны менигеру өтे жеңіл, жылдамдығы жоғары, өтесапалы картографиялық туындылар жасауга болады
Macromedia FreeHand	Үшөлшемді үлгілер жасауда қолданылады	Бейнелеудің қабаттық орналасуын жетілдіреді	Картографиялық туындылардың сапасын жақсартады
Adobe Photoshop	Көсіби фотосуреттер жасауга тиімді	Кескіндердің суретін салу, өндөу, түс қанықтығын күштейту, түрлендіруді жылдамдатады	Растрлық та, векторлық та кескіндермен қатар жұмыс істеуге болады
Corel Painter	Жаңа растрлық кескіндер жасауды және бар кескіндерді қайта өндей алады	Түрлі сипаттағы көркеменер туындыларын жасауға, түрлендіруге мүмкіндік береді	Картографиялық кескіндерді көркем өндеде қолданылады
Corel Photo-Paint	Растрлық кескіндер жасауда кеңінен қолданылады	Corel Painter бағдарламасына өтес жақын, суретшілер үшін өтес тиімді	Барлық операциялар өтес жылдам жүзеге асырылады



Талқылау  
тәкіршілік

7-кестеде келтірілген мәліметтер негізінде аталған бағдарламалардың басым және өлсіз жақтарын салыстырып.


ArcGIS америкалық Езгі компаниясының ГАЖ-технологиялық бағдарламалар топтамасына кіреді. Бұл – географиялық нысандарға негізделген өте ауқымды статистикалық ақпараттарды визуализация жасауға бағытталған бағдарлама. ArcGIS-те шағын жер телімінен бастап, дүниежүзілік карталарға дейінгі түрлі масштабтағы карталарды жасауға және редакциялауға болады (11-сурет).

ArcGIS карта, глобус, географиялық нысандардың түрлі үлгілерін жасауға және өзіндік картографиялық туындыларды құрастыруға мүмкіндік береді.

ГАЖ-технологияларының тұжырымдамасы көпқабатты электронды карталар жасауға негізделеді. Оның тірек қабаты алынған аумақтың географиялық жағдайын сипаттайты, ал қалған өрбір қабат сол аумақтың белгілі бір ерекшелігін айқындауға бағытталады.

ГАЖ-технологияларының басты қызметіне:

- мәліметтерді енгізу және жаңарту;
- мәліметтерді сақтау және өзгерту;
- мәліметтерді талдау;
- мәліметтер мен нәтижелерді қорытындылау және оны таныстыру жатады.



**11-сурет.** ArcGIS – бір аумақтың бірнеше қабатты электронды картасы

ГАЖ-технологиялары ақпаратты негұрлым тиімді сақтау, өңдеу, шешім шығаруға бағыттау және оны басқаруды жақсартудың шараларын қарастырады. Ең басты ерекшелігінің бірі – қоғамды ақпараттандырудың ең басты құралы болып табылады. Сондықтан да ғылымда, өндірісте, білім беру саласында алынған ақпаратты құнделікті іс-өрекеті мен қызмет саласында қолдану мүмкіншілігін арттыру мақсатын көздейді.

Бұғынгі таңда ГАЖ-технологияларының мүмкіншілігі адам өмірі мен шаруашылықты орналастыру және қызмет көрсетудің барлық саласында кеңінен қолданысқа енуде.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. ГАЖ-технологиялары дегеніміз не?
2. Оның қандай басым жақтары бар деп ойлайсыңдар?
3. Бұғынгі таңдағы үлкен сұранысқа ие болып отырған қандай бағдарламаларды білесіңдер?
4. ГеоГраф ГИС бағдарламасының басты қызметі неге бағытталған?
5. MapInfo Professional бағдарламасы қандай өрекеттерді жүзеге асыра алады?
6. ГАЖ-технологияларының қоғам үшін, жеке өз бастарың үшін қандай пайдалы болуы мүмкін деп ойлайсыңдар?

## § 11. ГАЖ-технологияларының басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысы

ГАЖ дегеніміз – табиғатты пайдалануды басқару мен қоршаған ортаны қорғауға қатысты географиялық-картографиялық, бағыттағы кеңістіктік-ақпараттық мәліметтерді жинақтау, өзгерту, оларды тұтынушының талабына сай деңгейде өңдеу және жеткізу мақсатындағы құрделі шаралардың жиынтығынан куралған интерактивті жүйе болып табылады (11-сызбанұсқа).

ГАЖ-технологияның басқа жүйелермен өзара кірігуі ақпаратты кешенді түрде өңдеу мен қолдану мүмкіндігін арттырады.

ГАЖ, ең алдымен, география ғылымы үшін жасалынған жүйе болып саналады. Алайда бұғынгі таңда ол адамның өміріне, оның шаруашылықты үйимдастыруы мен басқару саласының барлық деңгейлерінде кеңінен қолданысқа еніп отыр.

### Бұғынгі сабакта:

- ГАЖ-технологияларының басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысын түсінетін боласыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ГАЖ-технологияларының қолданылу аясы
- ✓ «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының жобасы
- ✓ ГАЖ бағдарламалармен жұмыс жасай алатын мамандар даярлау мәселесі

**ГАЖ және онымен байланысты ғылым салалары**

География

Картография

Қашықтықтан зерделеу

Топография және фотограмметрия

Информатика

Математика және статистика

ГАЖ

**Глоссарий:**

- **Oracle (Oracle Corporation)** – әлемдегі жалпы табысы жөнінен екінші орын иеленетін (Microsoft-тан кейінгі), компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ететін америкалық корпорация.
- **«Цифрлық Қазақстан»** – Қазақстан Республикасындағы цифрлық технологияларды пайдалану арқылы республика экономикасының даму қарқынын жеделдету, бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру және халықтың өмір суру сапасын жақсарту бағдарламасы.

ГАЖ-технологиялары аймақтық басқару, жобалау, құрылыш, өндірісті орналастыру, кадастр қызметі, түрлі деңгейдегі геологиялық зерттеулер мен кен орындарын игеру, ауылшаруашылығын өркендешту, ауа райын бақылау және болжау, экологиялық мониторинг, білім беру мен оны тарату, қорғаныс саласы мен саясат, яғни ақпаратты қеңістікке тарату, оны талдау және бағалау қажеттілігі бар саланың барлығында да қолданылады.

ГАЖ-дың қызметі мынадай төрт технологиялық:

- қоршаған орта және оның сақталуы мен өзгерісі жайлы мәлімет жинақтау;
- мәліметтерді сақтау, тақырыптық сипатта өндеу және оны жеткізуі үйімдастыру;
- мәліметтерді карта масштабына және уақытша байқауға негізделе отырып талдау және үлгілеуді қамтамасыз ету;

– ақпараттардың мәні мен маңызын талдау жасау арқылы белгілі бір шешімдерді ұсыну сияқты өрекеттерді жүзеге асырады.

«Байқау – өлшеу – сипаттау – түсіндіру – шешім ұсыну» өрекеттері ГАЖ қызметінің негізі болып саналады (9-кесте).



ГАЖ қызметінің көмегімен шешілтін жоғарыда аталған міндеттер сен тұратын елкеде шешімін тауып жатыр ма, нақты мысалдар келтір.

## ГАЗДЫРЫМЕКІН ШЕШІЛЕТІН БАСТЫ МІНДЕТТЕР

Кеңістіктік тарауы бойынша	Уақыт өлшемі бойынша	Үйымдастыруышлық және қолданбалы-практикалық маңызы бойынша
<p>1. Жергілікті (ластану көзі).</p> <p>2. Аймақтық (ірі қала немесе географиялық аймақ).</p> <p>3. Фаламдық (аумақтық табиғи-шаруашылық кешені) (Кенді Алтай).</p>	<p>1. Төтенше жағдай, дөл сол уақытта жедел атқаруды қажет етеді.</p> <p>2. Режімдік, ұзақ уақыт жүйелі мониторинг жүргізуі қажет етеді.</p> <p>3. Болжам жасауға негізделген ақпарат өзірлеуді қажет етеді.</p>	<p>1. Кадастрық немесе бағалау ақпараттарын өзірлеуді қажет етеді (жер, су, мұз кадастры).</p> <p>2. Ақпараттық-анықтамалық (библиографиялық, этнографиялық, туристік және т.б.) мәліметтер дайындауды қажет етеді.</p> <p>3. Фылыми зерттеу бағытындағы (физикалық-географиялық, экономикалық-географиялық, әлеуметтік-қоғамдық және т.б.) түрлі сипаттағы ақпараттар жиынтығын өзірлеуді қажет етеді.</p>

ГАЗДАСТЫРЫМАЛЫҚЫНЫҢ ЕҢ БАСТЫ ҚЫЗМЕТІ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫ ЖЕДЕЛДЕТУ ЖӘНЕ БАСҚАРУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ОСЫ ТҮРФЫДАН АЛҒАНДА, ГАЗДАСТЫРЫМАЛЫҚЫН БҰГІНГІ ТАНДА АДАМЗАТТЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ӨТЕҮГЕ ТИСТІ САЛАЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫНА ДА ҚАТЫСЫ БАРДЕП АЙТУҒА ТОЛЫҚ НЕГІЗ БАР.

Атап айтсақ, өкімшілік-аумақтық басқару саласы бойынша:

- елді мекендерді, қалаларды, түрлі нысандарды жобалау;
- инженерлік коммуникациялардың, жер, қала құрылышы, жасыл желек кадастрық жүйелерін жүргізу;
- техногендік-экологиялық сипаттағы төтенше жағдайларға болжам жасау;
- қалалық, көлік маршруттары мен көлік ағынын реттеу және басқару;
- экологиялық мониторинг жүйесін құру және бақылауда ұстау шараларын үйимдастырудың көнен қолданылады.

Телекоммуникация саласында:

- үялдың байланыс және дәстүрлі байланыс жүйелерін басқару;
- антенналар мен ретрансляция жасайтын құрылғылардың қолайлы жерге орналастыру;
- байланыс кабельдерін орналастыру маршруttарына таңдау жасау;
- байланыс жүйелеріне мониторинг жасау және қадағалау;
- жедел диспетчерлік басқаруды үйимдастырудың сияқты іс-шараларды оңтайланырады.

Көлік және логистика саласында:

- автокөлік, теміржол, әуе және су көлігінің инфрақұрылымын реттеу және оның даму бағыттарын айқындау, құбырлардың жүру бағыттарын жобалау;

- көлік парктерінің және логистикалық орталықтардың жұмысын реттеу және қадағалау;
- көліктердің қозғалу бағыттарын реттеу және қадағалау, тиімді маршруттарды таңдау, жүк айналымын реттестіру, оның сандық және сапалық көрсеткіштеріне талдау жасау сияқты аса маңызды жұмыстардың тез өрі оңтайлы жүргізілуіне оң ықпал жасайды.

Сонымен қатар пайдалы қазбаларды барлау, игеру және оларды тасымалдау жұмыстарын ұйымдастыру мен жеделдетуге де барынша қолданылуда.

Өскери іс пен қарулы күштерді орналастыру, төтенше жағдайларды басқару сияқты стратегиялық маңызы бар шараларды ұйымдастыру да ерекше маңызды болып отыр.

*Экология мен қоршаган ортаны қорғау жұмыстары мен ауылшаруашылық саласын ұйымдастыру, оңтайландыру бағытындағы аса маңызды іс-шараларды жүргізу үшін де ГАЗ-технологиялары жетістіктерін қолдану бүтінгі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жобасының басты бағыттарының біріне айналып отыр (10-кесте).*

10-кесте

#### Цифрлық Қазақстан жобасының басты бағыттары

Басты бағыттар	Бірінші бағыт	Екінші бағыт	Үшінші бағыт	Төртінші бағыт
Атқарылатын іс-шаралар	Елді мекендерді кең-жолақты интернетпен қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның транзиттік өлеуетін арттыру	Экономиканың, көлік, логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауылшаруашылығы, электронды сауда салаларына цифрлық технологияның енгізу	Мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру	IT-мамандарды даярлау



Сен тұратын елді мекенде немесе қалада ГАЗ қызметін пайдалану мүмкіншілігі бар ма? Бар болса, қандай салаларда кеңінен қолданысқа ие болып отыр? Нәқты мысалдар көтір.

Цифрлық технологияның ауылшаруашылық саласын дамытуға тигізетін ықпалы өте зор, тек оны тиімді қолдану қажет. Билл Гейтстің Oracle атты компьютерлік бағдарламасы ауылшаруашылық жерінің сапасы мен пайдаланылу мүмкіншілігін санауды уақыт ішінде талдаудан өткізіп, қандай жағдайда екенін нақтылап сипаттап бере алады.

Дәл қазір Қазақстанда егістік пен жайылымдық жердің басым көпшілігі жекеменшіктің қолында және оның көп белгілі пайдаланылмай жатқаны белгілі. Ал атапған бағдарлама сол жер иелерінің кім екенін, жерді қанша уақыттан бері пайдаланбай жатқанын анықтап бере алады. Демек, «Цифрлық Қазақстан» жобасы аясында Oracle бағдарламасы да елімізде қолданысқа енүі өбден мүмкін.

ГАЗ-технологиялары жүйесіндегі картографиялық ақпаратты өндеу қарапайым графикалық өндеуге негізделгендейтін, онымен жұмыс істеу көпшілікке қолжетімді болып келеді. Сондықтан да ГАЗ-технологияның негізгі міндеті карта жасауден шектелмейді, керісінше картографиялық мәліметтерді барынша тиімді пайдалану мақсатын қездейді.

Шетелдік және отандық іс-тәжірибе көрсетіп отырғанында, бұгынғы ГАЗ-технологиялары саласында жұмыс істейтін мамандар тек технологияның қыр-сырын ғана мемгеріп қоймай, қоршаған орта мен қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістер мен заңдылықтардан да хабардар болуы қажет.

Міне, сондықтан да елімізде IT-мамандар даярлау ісі «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы жобасының төртінші бағыты ретінде ерекше атальып отыр. Соның негізінде Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларындағы IT-мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары үлкен сұранысқа ие болуда.

ГАЗ-технологиялары көмегімен алынған өуе-тарыштық фотосуреттерді өндеу негізінде су тасуы, дауылдың басталуы, циклондардың қозғалысы, орман өрттерінің ошақтары және де басқа табиғи-техногендік апаттар туралы ақпараттар таратылыш, олардың кері өсерін шектеуге немесе алдын алуға болады.

ГАЗ-технологияларға негізделген қашықтықтан зерделеу көмегімен пайдалы қазбаларға барлау жасалады. Мысалы, ER Mapper кепсалалы суреттерін өндеу арқылы топырақ қабаттары мен грунттың жоғары минералданған аудандарын айқындауды. Осындағы ірітелген аудандарда одан өрі геологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ондағы пайдалы қазбалардың маңыздылығы анықталады.

*Бұл багыттагы жұмыстарды жеңілдету мақсатында GPS-навигаторлар да кеңінен қолданылады.*



ГАЗ қызметінің GPS-навигаторлар көмегіне сүйеніп, белгілі бір нысанның географиялық орны мен қозғалысына бақылау жасап көр. Бақылау нәтижесін сыйыптастарынмен талқыла.



Бұгінде Жер шарының кез келген нүктесі мен жерге жақын орналасқан тарыш кеңістігіндегі нысандардың орны мен қозғалысы туралы дәл ақпаратты GPS-құрылғылар көмегімен алуға толық мүмкіндік бар.

## Сұрақтар

1. ГАЗ-технологиялары қандай ғылым салаларымен тығыз байланысты?
2. ГАЗ қызметі қандай өрекеттермен сипатталады?
3. Бұгынғы таңдағы ГАЗ көмегіне өте көп сүйенетін қандай салаларды, қызмет түрлерін білесіндер?
4. Сендер тұратын аймақта ГАЗ-технологиялары қандай салада қолданылады?

## § 12. Географиялық деректер базасы

### Бүгінгі сабакта:

- ГАЖ-технологияларының ресурстық негізін түсінетін боласындар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ресурстық ГАЖ
- ✓ деректер базасы
- ✓ картографиялық мәліметтер
- ✓ атрибуттық мәліметтер
- ✓ кеңістіктік үлгілер

Бүгінгі таңда қолданыстағы ГАЖ-технологиялары кеңістікті қамтуына, тақырыптың алуантурлілігіне, қолданылу аясы мен қажеттілігіне байланысты алуан түрлі болып келеді. Соның ішінде Жер туралы ғылымдар үшін ресурстық ГАЖ-дың маңызы өте зор.

Ол Жер шарындағы алуан түрлі географиялық нысандарды жүйелеу, баға беру, қорғау және тиімді пайдалану, олардың өсерінен болатын өзгерістерге болжам жасауға бағытталған.

Ресурстық ГАЖ қалыптастыру үшін бұрыннан бар тақырыптық карталарды негіз етіп алады. Одан кейін бұл карталардың мазмұны сандық негізге көшіріледі. Олардағы ақпараттар жеке қабаттар түрінде деректер базасына (ДБ) енгізіледі.

Кеңістіктік мәліметтер (географиялық) геоакпараттық жүйені мәліметтермен қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Ол белгілі бір тақырыпқа арналған мәліметтердің (жер бедері, геологиялық немесе экологиялық ақпарат, елді мекендер және т.б.) деректер базасында жинақталған сандық форматтағы жүйелі жиынтығы болып саналады.

Деректер базасындағы мәліметтер бірнеше қаладағы бірнеше компьютерде жинақталған болса да, деректер базасын басқару жүйесі (ДББЖ) көмегімен қажетті ақпаратты тауып алып, оны өрі қарай өндeуге, толықтыруға, тасымалдауға толық мүмкіндік беріледі. Бұл мәліметтер таратылатын мәліметтер базасы деп аталады. Мәліметтердің таратылуы мен деректер базасы арасындағы байланыс біртұтас компьютерлік жүйе көмегімен жүзеге асырылады.

ГАЖ-ды құрастыруда географиялық негіз болатын базалық картаны дұрыс таңдай білу керек. Өйткені ол барлық жасалатын ақпараттық қабаттарды түзуде және оларды жүйеге келтіруде басты негіз болып табылады.

Тақырыптық мазмұнына қарай базалық карта ретінде:

- әкімшілік-аумақтық бөліну картасы;
- топографиялық және жалпы географиялық карталар;
- кадастрылық карталар мен пландар;
- жергілікті жердің фотокартасы мен фотосуреттері;
- ландшафттық карталар;
- жерді шаруашылық қажетіне пайдалану карталары таңдалып алынуды мүмкін.


Картографиялық мәліметтер базасындағы ақпараттар мынадай құрылымда болуы қажет:

- анықтамалық мәліметтер (географиялық және басқа координаталық жүйе);
- жер бедері (горизонтальдар, еңкіштік бұрышы, биіктік белгілер);
- гидрография;
- өсімдік жамылғысы (өсімдіктердің басым таралған түрлері);
- گрунттың ерекшелігі, топырақ жамылғысы;
- шекаралар (соның ішінде ерекше қорғауға алғынған қорықтар, ұлттық саябақтар және шаруашылық қажеті үшін пайдаланылатын жерлер);
- көлік жүйесі мен жол-құрылыш ғимараттары;
- елді мекендер, өлеуметтік-мәдени нысандар мен түрлі шаруашылықта қажетті құрылыш нысандары;
- геодезиялық пункттер, белгілер, бағыттауыштар;
- географиялық атаулар қатесіз, нақты берілуі шарт.

Барлық мәліметтер мемлекеттік стандарт талаптарына сай, жікте-мелік кодтар түрінде берілуі тиіс.

ГАЗЖ деректер базасында мәліметтердің екі басты түрі бар.

*Картографиялық мәліметтер* – бұл сандық формада сакталатын мәліметтер жиынтығы. Ол картадагы географиялық нысандарды сипаттайтын. Олар өзінің ерекшелігіне байланысты нүкте, сызық, полигон деп жіктеледі (12-сурет).



12-сурет. Картографиялық мәліметтердің ГАЗЖ деректер базасында берілу түрлері  
(а – нүкте, е – сызық, б – полигон)

Нүктө тек географиялық нысандардың нақты орнын көрсету (ен-дік, бойлық) үшін қолданылады. Сонымен қатар кейбір жекелеген нысандардың нақты орнын көрсету үшін де пайдаланылады.

Сызық бірнеше нүктелерді қосу мақсатында жүргізіледі және тек ұзындық өлшемімен сипатталады. Сызықтық нысандарға жол, құбыр, шекара жатады.

Полигон түйік сызықтармен шектелген аудандарды белгілеу үшін қажет. Полигон кеңістікте орналасуына қарай ұзындығы және енін көрсететін екі өлшемге ие болады. Мысал ретінде топырақтың белгілі бір түрінің таралуын, көлдің, орманның ауданын айтуда болады.

*Атрибуттың* немесе *семантикалық* (грек тілінде «белгілеуші» деген мағына береді) мәліметтер тақырыптық сипаттамалар жиынтығынан тұрады. Ол сипаттамаларда географиялық атаулар, өсімдіктердің түр құрамы, топырақтың құрылымдық ерекшеліктері және нысандардың кеңістіктік және уақыт өлшеміндегі параметрлері туралы ақпараттар берілуі мүмкін.


 ГАЗ қызметінің деректер базасы бойынша бір тақырыптық картадағы атрибуттың мәліметтерге талдау жаса. Ол сипаттамалар жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келеді ме?

Нысандар кеңістіктік, уақыттық және тақырыптық сипаттамасы бойынша бір-бірінен айырмашылық жасайды.

*Кеңістіктік* сипаттама нысандың алдын ала анықталған координата жүйесіндегі орнын анықтауға бағытталған, басты талап – мәліметтердің дәл өрі нақты берілуі.

Картадағы кеңістіктік нысандар *кеңістіктік үлгілер* түрінде сипатталады. Кеңістіктік үлгілерді белгілі бір жүйенің кеңістіктегі орны үш және екіншемді үлгілер түрінде бейнеленуі мүмкін (13-сурет). Мысалы, жер бедерінің таралуы, құрылымдық ерекшелігі, биіктік айырмашылығы. Бұл үлгілерге қарап отырып, дәл сол жерде өзің тұргандай сезінуің мүмкін.

Топографиялық карталар геодезиялық негіз үшін кеңістіктің екіншемді үлгісі болып саналады.



13-сурет. Жер бедері мен гидрографиялық элементтердің үшілшемді үлгісі

**Уақыттық сипаттама** белгілі бір уақыт аралығындағы зерттеу нысанында болған өзгерістерді тіркеу және оны бағалауға бағытталады. Ең басты қойылатын талап – ол мәліметтердің дәл уақытында берілуін қадағалау. Ескірген мәліметтердің ешқандай мәні жоқ.

**Тақырыптық сипаттама** нысанның экономикалық, статистикалық, техникалық және тағы да басқа қасиеттерін ашып көрсетуге бағытталған, басты қойылатын талап – ол мәліметтердің толыққанды болуы.



Географиялық ақпараттық деректер базасы арнаулы бағдарламалар топтасымынан қамтамасыз етіліп, компьютерде өндөлген кеңістіктік, графикалық және сипаттамалық мәліметтердің толық жиынтығы сақталатын жүйе болып табылады.

## Сұрақтар

1. Ресурстық ГАЗ дегеніміз не, ол қайда қолданылады?
2. Деректер базасын басқару жүйесі қандай қызмет атқарады?
3. Тақырыптық мазмұнына қарай базалық карта ретінде қандай карталарды таңдауға болады?
4. ГАЗ деректер базасындағы мәліметтердің қандай басты түрлері бар, олардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар деп ойлайсыңдар?

## Географиялық деректерді визуализациялау

**5-сараландық жұмыс.**

**Арнайы компьютерлік бағдарламалардың (таңдау бойынша) қолданысымен тақырыптық карта-сызбаларды жасау**

### **Әдістемелік нұсқау**

Сабак екі сағатқа арналған.

**Сабактың мақсаты –** компьютерлік бағдарламалар көмегімен тақырыптық карта-сызба құрастыруды үйрену.

### **Тапсырмалар**

1. Microsoft Excel (Microsoft Office Excel) бағдарламасының жұмыс жасау принциптерін еске түсіру. Microsoft Excel (Microsoft Office Excel) бағдарламасы электрондық кесте көмегімен жұмыс жасауға бағытталған. Оның басты мақсаты – графикалық құралдар көмегімен экономикалық-статистикалық есептеулер жүргізу болып табылады. Бағдарлау тілі – VBA (Visual Basic for Application). Microsoft Excel немесе Microsoft Office құрамына кіреді, бүгінгі таңдағы ең қолданбалы мәні жоғары бағдарлама болып саналады.
2. Microsoft Excel (Microsoft Office Excel) бағдарламасын іске қосу. Компьютерде Excel-дің қандай нұсқасы қондырылғанына қарамастан, оны жұмысқа қосу принципі бірізді болып келеді.
3. Жасайтын графикте жұмыс жасауға қажетті легенда шығуы үшін диаграмма үстін басып, «Легенда» деген сөзді шығару қажет. Одан кейін «Свойства» деген үяшықты басып, «Показать легенду» деген жерге белгі қойылады.
4. Диаграммадағы легенданы өзгерту үшін Excel 2010 немесе Excel 2007 нұсқасындағы диаграмма легендасын өзгертіп, диаграмманы ерекшелеп, оның үстін басып тұрып, «Макет» деген үяшыққа бару керек. Ол «Работа с диаграммами» деген блокта орналасқан. Осы өрекеттер көмегімен сол жердегі барлық мүмкіндіктер ішінен өзіңе қажетті параметрлерді таңдай аласың. Осылайша, өз диаграммаң үшін маңызды деген легендадар жиынтығын жасай аласың.
5. Қандай диаграммалар түрін жасап шығаруды өз қалауың бойынша өзің таңдайсың.
6. Жұмыс соында диаграммаларды құрастыру барысында қандай экономикалық-статистикалық есептеулер мен графикалық құрал-жабдықтар қолданғаның туралы шағын хабарлама жасауға болады.

# ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ГЕОЭКОЛОГИЯ

## ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

### Табиғатты пайдалануды реттеу

#### § 13. Табиғатты пайдалану үдерістерін реттеу

Қазіргі заманғы табиғатты пайдалану қандай болуы керек? Тұрақты даму дегеніміз не? Экономикалық дамудың қазіргі моделі, табиғат ресурстарын тұтыну және өндіріс сипаты көп жағдайда тұрақтылыққа алып келмейді. Адамзат экологиялық дағдарыс пен басқа да жаһандық қатерлерге қарсы тұра алатын дамудың жаңа моделін қалыптастыру қажеттілігін түсінді. Дүниежүзілік қауымдастық мойындаған мұндай модель *тұрақты даму* (ТД) деп аталады (12-сызбанұсқа).

#### Бұғынгі сабакта:

- тұрақты даму тұжырымда-масы туралы білесіндер;
- табиғатты пайдалануды реттеу механизмдері мен басқару функцияларын талдауды үйренесіндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ табиғатты пайдалану
- ✓ тұрақты даму
- ✓ табиғатты пайдалануды басқару

12-сызбанұсқа


#### Тұрақты даму тұжырымдамасының қағидаттары

Адам, қоғам  
және табиғат  
арасындағы  
үйлесім

Көршаған  
ортаны ластамай  
және бұзбай  
экономиканы  
дамыту

Еркіндік,  
бейбітшілік  
және  
адамгершілік

Экономикалық  
және  
экологиялық  
даму бірлігін  
тану


**Талқылау  
тақырыбы**

2-3 адамнан бірігіп, топтарға бөлініцдер. Мұғалімнің көмегімен ұсынылған ТД тұжырымдамасының бірін таңдаңдар: Тіршілік өрекетінің барлық салаларын экологияландыру қағидаты; ТД бағдарламаларын қаржыландыру қағидаты; жалпы экологиялық білім беру қағидаты; ТД мақсаттарының бірлік қағидаты; ТД бойынша ақпаратты бақылау және қол жеткізу қағидаты; «халық үшін басқару» қағидаты; болашақ алдындағы жауапкершілік қағидаты.

Ойланып көріндер, онда қандай идеялар бар? Олар қалай жүзеге асырылып жатыр? ТД мақсаттары үшін өз тұжырымдамаларынды ұсыныңдар.

Экологиялық жағдайды қалпына келтіру мақсатында табиғатты пайдалану механизмін қайта қарau үлкен қаржылық шығындар мен материалдық ресурстарды талап етеді, олар қазіргі уақытта өлемнің көптеген елдерінде жеткілікті емес немесе мулдем жоқ.



**XXI ғасырдың күн төртібі 1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында БҮҮ-ның Қоршаған ортаны дамыту жөніндегі конференциясында қарастырылып, Тұрақты даму тұжырымдамасының негізгі ережелері БҮҮ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі халықаралық комиссиясы өзірлеген және ТД жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспарында тұжырымдалған.**

### Глоссарий:

- Тұрақты даму** – халықтың және өндірістің табиғат ресурстарына қажеттілігін сапалы қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, өмір суроортасына әсері аз қофамның экономикалық онтايлы және экологиялық қауіпсіз дамуы.

Проблемаларды шешу және қолайсыз экологиялық жағдайды жақсарту үшін табиғат қорғау қызметіне және жалпы адамзатты дамытуға жаңа тәсілдерді өзірлеу қажет.

**Табиғатты пайдалануды реттеу механизмдері.** Табиғатты пайдалану үдерісін реттеудің басты мақсаты – өндіріс үдерістерінің және шығарылатын өнімнің қоршаған ортаға зиянды әсерін шектейтін нормалар мен талаптардың орындалуын, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, оларды қалпына келтіруді қамтамасыз ету. Табиғатты пайдалануды басқару механизмдері әдістесілдерді, функцияларды және ұйымдастыру құрылымдарын (басқару органдары) қамтиды.

**Басқару әдістері** табиғатты тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында басқарылатын нысандардың жағдайына және қызметіне әсер етеді (13-сызбанусқа).



Бірнеше топқа бөлініцдер. Таңдау бойынша таяу және алыс шетелдерде табиғатты пайдалануды басқарудың әкімшілік, экономикалық және өлеуметтік-психологиялық әдістеріне мысал келтіріндер. Ойланып көріндер, олар неге негізделген? Олар өлемнің басқа елдері үшін қаншалықты қолайлы болуы мүмкін? Постер дайындандар.



Тұрақты дамуды қамтамасыз етүмен байланысты мамандықтарды атаңдар. Сен қандай салада жұмыс істегің келеді? Таңдауынды негізде.



**Табиғатты пайдаланудың басқару функциялары** арнағы қызмет түрлері арқылы жүзеге асырылады, олар экологиялық-экономикалық қатынастарға ықпал етеді. Табиғатты пайдалануда басқарудың барлық салалары мен бөлімдеріне ортақ болатын институционалдық және атқарушылық қызмет түрлері бар (14-сызбанұсқа).



13-сызбанұсқаны талдаңдар. Табиғатты пайдалануды басқарудың қай саласында жұмыс істегілерің келеді? Сендер таңдаған бағыттың маңыздылығы неде? Кесіби қызметте қандай дағдылар қажет болады деп ойлайсындар?



Коршаған ортаны тұрақты дамытушының негізіне қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы бүкіл стратегияны жаһандық, аймақтық және жергілікті деңгейде орындау жатады. Табиғатты пайдалану нормаларын сақтау табиғат пен қоғамның өзара өрекеттестігінің ажырамас белігі.

### Табиғатты пайдалануды басқару функциялары



## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. 4–5 оқушыдан топқа белініңдер. Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Африка, Еуразия, Австралия және Мұхиттың аралдар елдерінің бірін таңдаңдар. Осы елдің табиғатты қорғауга жұмыссаған шығындары бойынша статистикалық материалдарды табындар. Халық игілігіне белінген қаржат санын есептөндөр (100 мың адамға). Диаграмма құрастырыңдар. Талдау жасап, материалды таныстырыңдар.
2. Табиғатты пайдалану үдерістерін реттеуге байланысты заңдар мен заңнамалық актілерді орындаудың, қажет болған жағдайда оларды қатаңдату керектігін өз түсініктерің бойынша түсіндіріңдер.
3. Ауылдық жерлерде және қала жағдайында жерді пайдаланудың басты мәселелерін атандар. Олар немен байланысты?

### § 14. Шаруашылық және тұтыну салаларында табиғатты пайдалану үдерістерін басқару

#### Бұғынғі сабакта:

- шаруашылық және тұтыну салалары бойынша табиғатты пайдалануды реттеу механизмін талдауды үйренесіңдер;
- жерді пайдаланудың заңнамалық тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкестігін анықтауды үйренесіңдер.

Демек, табиғатты тиімді пайдалану табиғат ресурстарын өндіру және қайта өндеумен қатар, оларды жаңғырту немесе қалпына келтіруді,

**Табиғатты пайдалану және экологиялық қауіпсіздік.** Шаруашылықты жүргізу дің кез келген түрі кезінде табиғатты пайдалану стратегиясының негізгі критерийлері – қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану үшін онтайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ оның негізгі кезеңдерінде табиғи-ресурстық әлеуетті қалпына келтіру мен қорғаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету (14-сурет).



14-сурет. Табиғатты пайдаланудың негізгі кезеңдері

табиғи жүйелердің экологиялық тәп-теңдлігін сақтауды және ұтымды өзгертуді көздейді. Бұл қоғам дамуындағы табиғи-ресурстың әлеуетті сақтаудың және экологиялық қауіпсіз табиғатты қорғау технологияларын қолданудың негізі болып табылады. Қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігі талаптары табиғатты тиімді пайдаланудың маңызды ұстанымы болып табылады.

**Жерді пайдалану үдерістерін реттеу.** Жалпы алғанда, табиғатты пайдалану жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады, кейбір ерекше жағдай болмаса, құзыретті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ табиғи нысандарды пайдалануға бекітілген заңды немесе жекетүлғалар тарапынан ерекше рұқсат талап етілмейді. Кез келген адам қоршаған ортаның құқығын бұзбай, көрінішке пайдалын тигізу арқылы толық пайдалануға заңды құқығы бар. Табиғи нысандарды пайдалану құқығы тікелей заңдармен немесе өзге де нормативтік актілермен бекітілген. Кейбір жағдайларда қажет болса табиғи ресурстарды жалпы пайдаланудың шектері мен шарттары белгіленеді (15-сызбанұска).

Қазақстанда жерді пайдалану үдерісі қалай реттелетінін қарастырайық. Біздің республикамызда жер мемлекет меншігіне тиесілі. ҚР Жер кодексінде белгіленген шарттар мен негізdemelerde жер үлескілері жекеменшікте болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Жер кодексі жерді тиімді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жағдайларын, табиғи ортаны сақтау мен жақсарту жолдарын,

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ табиғатты пайдалану кезендери
- ✓ экологиялық қауіпсіздік
- ✓ Жер заңнамасы

### Глоссарий:

- **Экологиялық қауіпсіздік** – экологиялық апаттардың алдын алу кеппілдігін қамтамасыз ететін, табиғи орта және адам үшін қауіпті экологиялық факторлардың әрекетін қауіпсіз деңгейге дейін төмendetін шаралар (заңдық, әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық, медициналық-биологиялық, мәдени-тәрбиелік, техникалық, санитарлық-гигиеналық және т.б.) жиынтығы.

### Жерді пайдаланудың негізгі қағидаттары

- Аумақ тұтастыры, қол сұғылмау және белінбейу
- Жерді табиғи ресурс ретінде, халықтың өмірі мен қызыметінің негізі ретінде сақтау
- Жерді қорғау және тиімді пайдалану

- Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- Жерді мақсатты пайдалану
- Жердің жағдайы мен оның қолжетімдігі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету

- Жерді пайдалану және қорғау жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік тұрғыдан қолдау
- Жерге залал келтіруді боддырмау немесе оның салдарын жою
- Жерді ақылы пайдалану

15-сызбанұса

шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын төң құқықты дамыту үшін жағдай жасауды, жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің жерге деген құқықтарын қорғауды, жер қатынастары саласындағы заңдылықты нығайтуды және басқа да міндеттерді реттейді.

Осылайша, Жер кодексі жалпы табиғатты пайдалану құқығын реттеп, заңнамалық тұрғыдан белгілі бір шектеулер енгізе отырып, мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандырады.



Меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер үлескілерін пайдалану жөніндегі міндеттері мынадай құқықтық аспектілермен анықталады: жерді айқындалған мақсатына сәйкес пайдалану; санитарлық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін өндіріс технологияларын қолдануға, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортага зиян кeltірмеуге, санитарлық-эпидемиологиялық, радиациялық және экологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеуге; жер салығын, жер үлескілерін пайдаланғаны үшін төлемдерді уақытылы талеу; басқа меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарын бұзбауға; топырақтың ластануына, қоқыстануына, тозуына және құнарлылығының нашарлауына, сондай-ақ оны басқа тұлғаларға сату немесе беру мақсатында топырақтың құнарлы қабатын алуга жол бермеуге; орталық үекілді орган агроенергесіпті кешенді дамыту саласындағы үекілді мемлекеттік органдар мен бірлесіп белгіленген төртіппен жүзеге асырылатын топырақты агрохимиялық тексеруден жүргізу үшін жер үлескілеріне қол жеткізуі қамтамасыз ету.

Жекелеген жерлер құрамында жерді жалпы пайдалану құқығы жүзеге асырылатын рекреациялық аумақтар болуы мүмкін.



Қазақстан Республикасының Жер кодексіндегі №126 «Рекреациялық мақсаттағы жерлер» бабымен танысындар. Қандай жерлер рекреациялық деп аталатынын біліндер. Рекреациялық жерлердің құрамы қандай? Жерді пайдаланудың төртібі мен режимі қандай? Сендер тұратын аудандарда рекреациялық жерді пайдаланудың құқықтық аспектілері сакталады ма? Рекреациялық мақсаттағы аумақтарды сактау бойынша шараларды ұсынындар.



Табиғатты пайдаланудың себептері мен тетіктері (механизмі) заңнамалық және нормативтік актілермен айқындалады. Олар табиғи ресурстарды тұтынушылар мен аумақтың меншік иелері арасындағы қатынастарды анықтайды. Аумақтың басты иесі мемлекет және оның халқы.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Төрт топқа бөлініндер. Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, ҚР жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану, ҚР Су кодексінің, ҚР Орман кодексінің, ҚР Экологиялық кодексінің негізгі құқықтық ережелерімен танысып, оларды талданадар. Табиғатты пайдаланудың басты аспектілері туралы таныстырылым жасаңдар.
2. Қазақстан аумағын рекреациялық пайдаланудың карта-сызбасын құрындар.
3. Қосіби қызметтің қандай саласы табиғатты пайдалану нормалары мен ережелерінің орындалуына, оның сапасын бақылауға жауап береді?

**6-сарамандық жұмыс.**

**Адамзаттың және Қазақстанның табиғат ресурстарының негізгі түрлерімен қамтамасыз етілуін бағалау**

**Әдістемелік нұсқау**

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген. 1-сабакта оқушылар мұғалім көмегімен тапсырмаларды орындайды, 2-сабакта жұмыс нәтижелері қорытындыланып, талданады.

**Мақсаты** – аймақтың құрамбөлікті қосымша қамту негізінде табиғатты пайдалану түрлеріне баға беру.

**Тапсырмалар**

- Статистикалық деректерді пайдалана отырып, дүниежүзі және Қазақстанның минералды ресурстарының маңызды түрлерімен қамтамасыз етілуін есептеп, кестені толтырындар. Есептеулер мұнағаформула бойынша жасалады:

$$P = K/\Theta;$$

P – ресурсспен қамтамасыз етілуі (жылдық көрсеткіш);

K – қоры;

Θ – өндіру.

Аймақтар	Қоры, млрд т				Өндіру, млн т				Ресурсспен қамтамасыз етілуі, 2018			
	Мұнай	Көмір	Газ	Темір кені	Мұнай	Көмір	Газ	Темір кені	Мұнай	Көмір	Газ	Темір кені
Дүниежүзі												
Қазақстан												

- Дүниежүзі және Қазақстанның минералды ресурстардың жекелеген түрлерімен қамтамасыз етілуі туралы қорытынды жасандар.
- Қазақстанда соңғы 20 жылда көмірсутек шикізатын өндіру кестесін құрастырындар. Тиісті қорытынды жасандар.
- Қазақстанның ЖІӨ құрылымындағы өндіруші өнеркәсіптің үлесін біліндер.
- Энергетикалық дағдарыс, минералды шикізат тапшылығы, климаттың жаһандық жылдынуы түрғысынан тиімді пайдалану қажеттігін негіздендер.
- Қазақстан экономикасын ресурсқа төуелділікten және ресурсты алмасырудан арылту жолдарын ұсынындар.

## § 15. Мұнай-газ саласындағы табиғатты пайдалануды реттеу механизмі

### Бүгінгі сабакта:

- мұнай-газ саласындағы тәуекелдерді білесіңдер;
- мұнай-газ саласындағы экосаясатпен танысадыңдар;
- мұнай-газ саласындағы табиғатты пайдалануды реттеу механизмін талдауды үйренесіңдер.

Тұрақты жағдайда мұнай-газ саласындағы табиғатты пайдалануды реттеу механизмын талдаудың маңызын анықтап, мұнай-газ саласындағы табиғатты пайдаланудың негативдік жағдайларын және оның қарастырылуын көрсетеміз.



15-сурет. Мұнай-газ саласының экологиялық тәуекелдері



Мұнай-газ саласындағы экологиялық тәуекелдер бойынша бірнеше топқа бөлініцілер. Қазақстанның мұнай-газ өндіруші аймақтарының мысалында саланың қоршаган ортаға және халықтың денсаулығына әсері бойынша таныстырылым мен хабарлама дайынданадар.

### Жетекші үғымдар:

- ✓ экологиялық тәуекелдер
- ✓ экологиялық саясат
- ✓ табиғатты пайдаланудың реттеу тетігі

Мұнай-газ саласы көсіпорындарының қоршаган ортаға тигізетін әсері экологиялық тәуекелдердің туындауына алыш келеді және мұнай-газ саласы көсіпорындарында экологиялық тәуекелдерді басқару қажеттігін анықтайды (16-сызбанұсқа).

## Мұнай-газ саласындағы геоэкологиялық тәуекелдерді бағалау құрылымы



Мұнай-газ саласындағы қызмет түрлері бойынша бірнеше топқа бөлініндер. Саланың ықтимал геоэкологиялық тәуекелдерін атандар.

Мұнай-газ саласы көсіпорындарының ең үлкен қауіп-қатері – мұнайдың сыртқа тәгілу мүмкіндігі, барлау, бұрғылау кезінде мұнай-газ фонтандарының пайда болуы және көмірсутек шикізатының жануы, үңғымалық және техникалық сулардың құйылуы және тәгілуі (16-сурет).



16-сурет. Манғыстау облысындағы Қаламқас мұнай кен орнындағы өрт (25.03.2019 ж.)



Қаламқас кен орнындағы өрттің себебімен және оның салдарымен танысындар.

**Мұнай-газ саласындағы экологиялық саясат.** Қоршаған ортаның қорғау саласындағы көсіпорындар мемлекеттік заңнама талаптарын және халықаралық құқық нормаларын басшылыққа ала отырып, экологиялық саясат шараларын жүзеге асырады. Мұнай-газ саласы

көспорындарының экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнін-дегі іс-шараларды таңдауы мен іске асыруын анықтайтын маңызды факторы – табиғатты тиімді пайдалану және экологиялық төуекелдерді азайту.

Экологиялық саясаттың негізгі бағыттарының қатарына мыналар жатады:

- мұнай мен газ ендірудің қоршаған ортаға теріс өсерін азайту;
- өндірістік нысандардың өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- табиғат қорғау нысандарын салу;
- құбыр жолдарындағы апаттардың алдын алу және олардың зардаптарын жою; 1леспе мұнай газын тиімді пайдалану;
- топырақтың ластануына қарсы күрес және бұзылған жерлерді қалпына келтіру;
- экологиялық білім беру және техникалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- пайдаланылатын құбырлар құрылышының сапасы мен конструкциясының сенімділігін арттыру, мұнай, мұнай өнімдерінің тегілүне қауіп төндіретін құбырлардың кез келген зақымдануы туралы операторға хабарлауды қамтамасыз ететін ерте хабарлаудың электронды автоматтандырылған жүйелерін пайдалану;
- құбырдың ішкі қуысын тазартумен бірге, мұнайды сусыздандыру үшін үш фазалы сепараторларды қолдана отырып, суды алдын ала ағызу қондырғыларын салу.



**Мұнай-газ саласының көспорындарында экологиялық менеджмент және экологиялық төуекелдерді басқару іс-шараларын жүргізу маңызды: су шығынын азайту және құрамында химикаттар мен белсенді заттар бар пласттарға айдалатын судың тегілу қаупін азайту мақсатында қайта және айналымдық сумен жабдықтау жүйелерін енгізу; суды қайта пайдалану, суды жерасты қабаттарына айдау (көрі айдалған су қабаттың қысымды ұстап тұру үшін қажет, пайдаланылған сулармен табиғатты ластау қаупін және қабаттан мұнайды сорып алу салдарынан шегу мен қулау қаупін барынша азайту); автоматты телекамераларды орнату және апаттардың алдын алу, экологиялық қауіппі жағдайларды анықтау және олардың дамуынан болатын теріс салдарын азайту үшін жерсеріктердің ақпаратын пайдалану және қашықтықтан зондтау жүйелерін енгізу; бұргылау қалдықтарын сактау үшін пайдаланылатын аландарды, сондай-ақ мұнаймен ластаңған және бүлінген жерлерді қалпына келтіру.**

Талқылау  
тақырыбы

Альфред Нобель мұнай өнеркәсібінің негізін салушылардың бірі болды. Ол өлемнің Нобель сыйлығы қорының негізін құрайтын өзінің үлкен капиталын дүниежүзіне қалдырыды. Мұнай өнеркәсібі ғасыр бойы мәдениет және өнер қайраткерлерін, бітімгерлер мен академиктерді дамытты. Бірақ сонымен қатар бүкіл өлемге қоршаған ортаны жоюдың қорқынышты қаруларын сыйлады... Бірнеше топқа белініцдер. Аяқталмаған ұсынысты жалғастырындар.

**Мұнай-газ саласындағы табиғатты пайдалануды реттеу механизмі.**  
Мұнай-газ мекемелері қызметінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету төтігі табиғатты пайдалануды реттеудің бірнеше негізгі қағидаттарына негізделеді (17-сызбанұсқа).

17-сызбанұсқа

### Мұнай-газ саласындағы табиғатты пайдалануды реттеу қағидаттары



*Коршаган ортаға антропогендік әсерді төмендету қағидаты.* Мұнай-газ компанияларын дамыту оның қоршаган ортаға тигізетін зиянды әсерін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте компаниялар экологиялық қауіпсіздікке және экологиялық тәуекелдерді басқаруға бірінші кезекте назар аударуы тиіс.

*Экономикалық мақсаттылық қағидаты* мұнай-газ компаниясы өнімділіктің өсуіне үмтүлған кезде табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, қалдықсыз өндіріске және тиімді басқару есебінен үнемдеуге бағытталуы тиіс. Бұл принцип жобалау алдындағы құжаттаманы және жобалау құжаттамасын сапалы дайындау есебінен жаңадан іске қосылатын нысандардың қоршаган ортаға техногендік жүктемені төмендетуінен тұрады.

*Тиімділік қағидаты* табиғи және ресурс үнемдеуші технологияларды енгізуге негізделген табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.

*Кезеңділік қағидаты* өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын жүйелі бақылаудан, сондай-ақ мұнай-газ компаниясы қызметінің аймақтарындағы табиғи ортаның тұрақты экологиялық мониторингінен тұрады.

*Апатсыз өндіріс қағидаты.* Бұл принцип қолданыстағы ең жаңа технологияларды, ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізу есебінен өндіріс көлемін ұлғайту кезінде ластаушы заттар мен қалдықтар

**Глоссарий:**

- **Репортинг** – есепке алу, есеп беру, мәліметтер хабарлау, ақпарат беру, хабарлау.

шығарындыларының, төгінділерінің санын қысқарту және уыттылығын азайту болып табылады.

**Экологиялық ақпараттың жариялышы** қагидаты. Бұл қағидат бойынша компанияның экологиялық қызметі туралы қоғамдық маңызы бар ақпарат ашық болады.

**Әлеуметтік тиімділік қагидаты.** Эстетикалық құндылығы бар табиғи ресурстарды сақтау, компания қызметкерлері мен өндірістік қызмет жүргізетін аудандарда тұратын халықтың психоәлеуметтік өл-ауқатына жәрдемдесу.

**Экологиялық сана қагидаты.** Мұнай-газ компанияларының табиғатты қорғауға арналған шығындары адамның тіршілік ету ортасының сапасын қолдауға және экологиялық тепе-тендіктің барлық деңгейлерін (жергіліктіден ғаламдық деңгейге дейін) сақтауды қоса алғанда, табиғи ресурстың әлеуетті қолдауды қамтамасыз етуге жеткілікті болуы тиіс. Қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде қызметкерлердің құзыреттілік деңгейін үнемі арттырып отыру қажет.

**Бизнестің экологиялық жауапкершілігі қагидаты** қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама шенбөрінен шығатын бағдарламалар мен іс-шараларды еркіті түрде өзірлеу және оларды нақты жүзеге асыру. Мұнай-газ компаниясының экологиялық қауіпсіздігі оның экологиялық жауапкершілігіне тікелей байланысты.



Мұнай-газ саласындағы экологиялық төуекелдерді тиімді басқару жүйесін жетілдіруге де ықпал етеді. Мұнай-газ саласындағы көсіпорындардың экологиялық саясатында экологиялық төуекелдерді сақтандыру және олармен байланысты табиғатты пайдалану көсіпорындарының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және экологиялық төуекелдерді басқарудың ақпараттық жүйелерін құру сияқты іс-шараларда іске асырылатын төуекелдерді беру стратегиялары мен репортинг тұжырымдамасына баса назар аударылуы тиіс.

**Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Экологиялық қауіпті құбылыстарды, құбырлардағы және мұнай-газ кесіпшіліктеріндегі апаттарды жою кезінде шешім қабылдау жылдамдығының маңыздылығын негіздендер.
2. Сендердің тұратын аймақтың жетекші шаруашылық салаларында табиғатты пайдалануды реттеу нұсқаларын ұсыныңдар.
3. Аймақтық және жергілікті атқарушы биліктің қандай органдары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға жауп береді?
4. Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік және тіршілік өрекеті саласындағы мамандар жұмысының маңыздылығын атаңдар.

## § 16. Мемлекеттік және жергілікті табиғатты пайдаланудың заңнамалық аспектілері

**Қазақстан Республикасында табиғатты пайдалануды мемлекеттік реттеу.** Қазақстан Республикасында табиғатты пайдалануды басқаруды Республика Укіметі, министрліктер мен ведомстволар, жергілікті басқару органдары, табиғи ресурстарды пайдаланумен тікелей айналысатын көсіпорындар мен үйымдар жүзеге асырады.

Табиғат пайдалануды басқарудың басты мақсаты – өндіріс үдерістерінің және шығарылатын өнімнің қоршаған ортаға зиянды өсерін шектейтін нормалар мен талаптардың орындалуын қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, оларды қалпына келтіру және қайта өндіру.

Табиғатты қорғауды басқару және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін тиісті ведомстволар құрылды, оған келесі міндеттерді шешу жүктелген:

- табиғатты қорғау қызметін кешенді басқаруды жүзеге асыру;
- табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты өзірлеу және жүргізу, осы саладағы қызметті үйлестіру;
- жерусті және жерасты суларын, атмосфералық ауаны, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, теңіз ортасын және аумақтық сулардың табиғи ресурстарын, континенттік қайранды және экологиялық аймақты, сондай-ақ барлық пайдалы қазбаларды пайдалану мен қорғауды мемлекеттік тұрғыдан бақылау;
- қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды мемлекеттік бағдарламаға енгізу үшін ұсыныстар мен ұсынымдарды дайындау және Укіметке ұсыну, қабылданған бағдарламаны қамтамасыз ету;
- табиғатты пайдаланудың экономикалық механизмін жетілдіру бойынша ұсыныстар өзірлеу, табиғи ресурстарды пайдалануды реттеу және табиғи ортаны ластанудан және басқа да зиянды өсерлерден қорғау бойынша экономикалық нормативтерді, ережелерді, стандарттарды бекіту;
- республикалар мен шаруашылық салаларының өндірігіш күштерін дамыту мен орналастырудың бас сызбаларында мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру, жаңа техника мен технологияларды,

### Бүгінгі сабакта:

- табиғатты пайдаланудың мемлекеттік тұрғыдан реттеудің мақсаты;
- табиғатты пайдалану және тұтыну саласындағы жергілікті органдардың екілдегін білесіндер;
- табиғатты қорғау ұсыныстарын ұсынуды және өзірлеуді үйренесіндер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ табиғатты пайдалануды реттеу
- ✓ жергілікті табиғатты пайдалану
- ✓ табиғатты пайдалануды реттеу тетігі

материалдар мен заттарды өзірлеу кезінде экологиялық нормалардың сақталуын бақылау, сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жағдайына өсөр ететін көсіпорындардың салынуын жөне қайта жаңартылу жобаларын бақылау;

- аумақтық басқару органдарымен бірлесіп өнеркәсіптік жөне тұрмыстық қалдықтарды көмуге жөне жинауға, қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуына, суды пайдалануға жөне атмосфералық ауаны тұтынуға, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жер қойнауын пайдалануға беруге, ағашты кесуді есептік бекітуге жөне шаруашылық қызметтің барлық турлеріне жер бөлуді бақылауды жүзеге асыруға рұқсат беру;
- қорықтарға басшылық етуде жөне аңшаруашылығын жүргізуде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры мен Қызыл кітапты басшылыққа алу;
- халықтың табиғатты қорғау туралы біліктілігін арттыру, азаматтарды табиғатқа ұқыпты қарауға, аялауға шақыру;
- табиғатты қорғау мәселелері бойынша шетелдермен жөне халықаралық үйымдармен ынтымақтастықты жоспарлау жөне жүзеге асыру.

Табиғатты пайдалануды басқарудың қазіргі заманғы жүйесі:

- қоршаған органды ластанудан сақтауға;
- табиғи ресурстарды тұтынуды қысқартуға;
- жаңартылатын табиғи ресурстарды дұрыс пайдалануға;
- қажетті минералды ресурстар қорын қалыптастыруды дамытуға;
- бастапқы табиғи шикізатты тиімді пайдалануға;
- көсіпкерлер үшін экономикалық жағдай жасауға;
- халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған.

**Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған органды қорғау жөне табиғатты пайдалану өкілеттігі.** Қоршаған органды қорғау жөне табиғатты пайдалану саласындағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктері қызметтінің бірқатар турлері бар (18-сызбанұсқа).

18-сызбанұсқа


**Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған органды қорғау жөне табиғатты пайдалану өкілеттігі**

Елді мекендерді абаттандыру жөне кегалдандыру бойынша жұмыстарды үйімдастыру

Елді мекендерді санитарлық тазалауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйімдастыру

Өндіріс жөне тұтыну қалдықтарын сақтау жөне көмүорындарын қалыпты жағдайда үстап тұру

Жергілікті атқарушы органдарға табиғи мұраны қорғау жөне пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізу


**Талқылау  
тәкірыбы**

Сыныпта өздерің тұратын ауданда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі заңнамалық тәртіпте белгіленген табиғатты пайдалану нормаларына қашшалықты сөйкес келетінін талқыландар.



Мемлекеттік және жергілікті табиғатты пайдалану саласындағы заңнамалық аспектілер өрбір жеке алынған аумақтың арнағы салалық құрылымы, табиғат ерекшеліктері және қалыптасқан экологиялық жағдайлары, жердің мөртебесі және оларды пайдалану нормалары арқылы айқындалады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

Бірнеше топқа бөлініцдер. Келесі ұсыныстар мен жобаларды ұсынындар және дайындаңдар.

1. Өздерің тұратын жерді абаттандырудың және көгалданырудың ережелерін өзірлендер – «Таза ауыл» / «Таза аула»
  - Иргелес аумақ (шарбақтан (коршаудан)/үйден көшениң журу бөлігіне дейінгі аумақ) болуы тиіс:
    - ..... жабылмауы тиіс
    - ..... абаттандырылған
    - ..... тазартылған  - Ауланың/үйдің алдыңғы жағы, бұл:
    - ..... таза және үқышты
    - ..... жәнделген және боялған,
    - ..... тақтайшалар көрсетілген және.....
  - Абаттандыру ережелерін бұзғаны үшін..... мөлшерінде.....
2. Елді мекендерді санитарлық тазалауды қамтамасыз ету үшін плакат жасаңдар: «Барлығы сенбілікке», «Тазалық – денсаулық кепілі», «Сенің таза аулаң – біздің таза қала», «Таза аула – тәртіптің айнасы». Тұрғындарды сенбілікке қатысуға шақыратын хабарландыру жазындар. Сенбілік туралы үран жазындар.
3. «Экология иғлігі үшін өндіріс және тұтыну қалдықтары», «Қалдықтар – ол кіріс» плакатының эскизін сыйындар. Мұнда контейнерлерде тұрмыстық қоқыстарды бөлек жинау қажеттігін негіздендер.
4. Жергілікті атқарушы органдарға өздерің тұратын жердің табиғи мұраларын қорғау және пайдалану бойынша бірнеше ұсыныстар жасандар.
5. Табиғатты қорғау саласында жұмыс істеу үшін қандай мамандық алу қажет деп ойлайсындар?

### § 17. Жергілікті күн тәртібі – XXI. Әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тиімділік

**Жергілікті күн тәртібі (ЖКТ) – XXI деңгейінде не? ЖКТ – XXI-де белгілеген көптеген проблемалар мен міндеттер жергілікті деңгейде тиімді шешіледі, сондықтан оларды шешу және орындау жауапкершілігі жергілікті биліктің мойнына жүктеледі.**

#### Бүгінгі сабакта:

- жергілікті күн тәртібі негізінде табиғатты пайдалану мен басқарудың шарттарымен танысадындар.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ ЖКТ – XXI
- ✓ әлеуметтік тиімділік
- ✓ экологиялық тиімділік
- ✓ экономикалық тиімділік

**Глоссарий:**

- **XXI ғасырға арналған жергілікті күн тәртібі (ЖКТ)** – жергілікті деңгейде тұрақты даму қағидаттарын іске асыру жөніндегі бағдарлама халықтың барлық мүдделі топтарымен тығыз байланыста бола отырып, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік маңызды үш құрамбеліктің негізінде әзірленеді; «Фаламдық, деңгейде ойлап, жергілікті тұрғыда әрекет ету» – ЖКТ – XXI ғасырдың негізгі қағидаты.

1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҮҮ-ның Қоршаған орта жөне оны дамыту жөніндегі конференциясында өлемдік кешбасшылар XXI ғасырға арналған күн тәртібі (Agenda XXI) құжатын қабылдады, оның негізгі мақсаты – тұрақты даму қағидаттарын іске асыруға жәрдемдесу.

Күн тәртібінде өрбір аудан мен қала өз кезеңінде бірегей, демек, өркайсысы тұрақты дамуға қол жеткізу үшін өз жоспарын қалыптастыруы тиіс деп айтылған. Ол үшін неғұрлым егжей-тегжейлі жөне жергілікті мәселелерді шешуге бағытталған жергілікті күн тәртібі ұсынылады.

**ЖКТ – XXI идеяларын іске асыру не үшін қажет?** Фаламдық идеялар мен мақсаттарды іске асыру тек жергілікті деңгейде жүргізілетін тиімді жұмыстар арқылы ғана мүмкін болады. Бұл дегеніміз, өрбір жергілікті басқару органы жөне өрбір тұрғын қоғам мен қоршаған орта тұрақтылығына қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияның міндеттерін шешуге қатысуы тиіс. Олар: ресурстарды тиімді пайдалану; қалдықтарды барынша азайту, өндірістің түйік циклдерін енгізу;

ластанудың ең жоғары деңгейі экологиялық жүйелердің ластаушы заттарды сіңіруінің табиғи мүмкіндіктерінен аспауы; биологиялық өртүрліліктің сақталуы; жергілікті ресурстарды пайдалану есебінен қажеттіліктерді қанағаттандыру жүйесінің құрылуы; барлық халықтың экологиялық сапалы азық-түлік пен таза ауызсуға тең қолжетімділікке ие болуы.

Талқылау  
тәжірибе

Қалай ойлайсындар, сендер тұратын ауданда ЖКТ – XXI идеяларын іске асыру қандай әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тиімді нәтиже берер еді? Жауаптардың нәтижелері бойынша топтарға белінідер. Хаборламаларынды дайындаңдар. Болжамдарынды негіздендер.

**ЖКТ – XXI үдерісін іске асыру шарттары.** ЖКТ – XXI мақсаттарына қол жеткізу бойынша өмбебап әдістемелер жок, бірақ осы үдерісті үйимдастыру кезінде ескерілуі қажет бірнеше маңызды шарттар бар (19-сызбанұсқа).

**ЖКТ – XXI үдерісін іске асыру шарттары****1. Жергілікті әкімшілік жұмысында тұрақты даму идеялары мен қаридаттарын пайдалану және оны халық арасына тарату**

Жергілікті биліктің барлық жоспарлары мен жобаларында осы қаридаттар көрініс табуы үшін жергілікті қоғамдастықта тұрақты даму идеяларының халыққа таныстырылуы – ЖКТ – XXI үдерісі нәтижелерінің бірі.

**2. Тұрақты даму қаридаттарын барлық жергілікті жоспарларға, жобаларға, қызметтерге интеграциялау**

Жергілікті органдар қызметінің барлық түрлері дамудың тұрақтылығына сәсіз есеп етеді. Бұл қызмет түрлері стратегиялық жоспарларға бағытталған, онда жоспарларды орындау кезінде тұрақты даму критерийлері қалай есепке алынатыны анық жазылуы тиіс.

**3. Тұрақты даму саласындағы білім деңгейін арттыру**

Бұл жергілікті халықтың ЖКТ – XXI үдерісіне белсенді турде қатысуын болжайды, халық тұрақтылықтың негізгі меселелері мен оларды шешу жолдары туралы, сондай-ақ жергілікті орган басшылық етуі мүмкін іс-әрекеттердің маңыздылығы туралы түсінік алуды тиіс.

**4. ЖКТ – XXI үдерісіне әртүрлі саланың адамдарын жұмылдыру және бірігіп кеңес өткізу**

ЖКТ – XXI үдерісінің негізгі элементтерінің бірі – жергілікті халықтың қатысуы. Алдымен жергілікті билік халықтың түрлі аспектілері бойынша пікірін зерттеуі қажет.

**5. Қоғамның түрлі секторларының іскерлік ынтымақтастыры**

Тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін қажетті күш-жігердің мүмкіндігі өз күштеріне ғана сүйенетін жергілікті биліктің күші мен мүмкіндіктерінен анағұрлым асып туседі.

**6. Жергілікті деңгейде тұрақты дамуга қол жеткізуге бағытталған стратегияларды, іс-қимыл жоспарларын өзірлеу**

ЖКТ – XXI құрудың мақсаты – жергілікті жердің даму стратегиясын дайындау және ол жерден қызыгуышылық танытатын адамдар өз орнын таба алатындей болуды тиіс.

**7. Қол жеткізілген нәтижелер бойынша өлшем, мониторинг, бағалау және есеп жүргізу**

ЖКТ – XXI үдерісінде қол жеткізілген нәтижелерді бағалау ресімін құру ете маңызды.



Жоғарыда ұсынылған ЖКТ – XXI-ді іске асыру әрекеттері жергілікті әкімшілік деңгейінің приоритетіне немесе реттілігіне қарай орналаспаған. Өз аудандарындағы геоэкологиялық, немесе басқа да қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, іс-әрекеттер реттілігінің нұсқасын ұсыныңдар. Нұсқаларынды негіздендер, бір-бірлерінің жұмыстарында бағаландар.



ЖКТ – XXI негізінде тұрақты даму қағидаттары мен жергілікті қоғамдастықтың барлық секторлары мен топтарының ынтымақтастығы жатыр. ЖКТ – XXI үдерісінде экологиялық мәселелерге айтарлықтай көңіл бөлінгеніне қарамастан, басқа да көптеген проблемаларды шешуге негізделген. Бұл ретте экологиялық, өлеуметтік және экономикалық проблемаларды шешуде интеграцияға ерекше назар аударылады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. ЖКТ – XXI жүзеге асыру кезінде өлеуметтік, экологиялық және экономикалық есептің өзара байланысының бірлігі неде? Олардың арасындағы төуелділікті мысалдармен дөлелдендер.
2. ЖКТ – XXI жүзеге асыру үшін өз шарттарынды ұсыныңдар. Олардың қажеттілігін негіздендер.

**7-сарамандық жұмыс.**

**Экономикалық-географиялық негіздеме және экономиканың жергілікті салаларын орналастыруды экологиялық бағалау**

**Әдістемелік нұсқау**

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа арналған. 1-сабакта мұғалімнің жетекшілігімен тапсырмалар орындалады. 2-сабакта жұмыстың нәтижелері қорытындыланып, сыныпта таныстырылым өткізіледі.

**Мақсаты – жергілікті құрамбөлікті қосымша қамту негізінде географиялық саралтама және эксперttік бағалау әдістерін қолдануды үйрену.**

**Тапсырма**

1. Өздерің тұратын ауданды, елді мекенің бірін немесе облыс шегіндегі бір ауданды таңдаңдар. Мамандану саласын анықтаңдар. Өндіріс немесе қызмет көрсету факторларына сүйене отырып, бұл сала сендер тұратын аумақта неге дамығанын зерттеңдер.
2. Жергілікті экологиялық мәселелерді қалыптастыруды мамандану саласының рөлін анықтаңдар. Саланы мамандандыруды жергілікті табиғат жағдайлары қаншалықты ескерілді?
3. Аудандарың үшін экономикалық дамудың балама нұсқаларын ұсыныңдар. Өз ұсыныстарынды негіздендер.
4. Тақырыптық постер дайындаңдар. Сынып алдында өз ойларыңмен бөлісіп, достарыңың жұмысын бағалаңдар.

## Табиғатты қорғау шаралары

### § 18. Табиғатты пайдаланудағы жергілікті басқару

#### Бүгінгі сабакта:

- табиғатты пайдаланудағы жергілікті басқарудың реалін білесіндер;
- табиғатты қорғау шараларының тиімділігіне баға беруді үйренесіндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ табиғатты пайдаланудағы жергілікті басқару
- ✓ тұрақты дамудың жергілікті тұжырымдамасы
- ✓ табиғатты қорғау саласындағы құқықтар мен міндеттер

Коршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануда жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлі. Қазақстанның салыстырмалы турде экологиялық жағдайы шиеленіскең аудандарында жергілікті ландшафттардың экологиялық сыйымдылығы айтарлықтай дәрежеде төмен. Мұндай аймақтарда экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізууді ескере отырып, табиғатты пайдалану құрылымын ішінәр өзгерту, қалдықтарды өңдеу орындарын салу, бұзылған ландшафттарды қалпына келтіру қажет.

Тұрақты даму мақсатына қол жеткізуде республикалық, облыстық, қалалық, аудандық және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының арасында табиғатты пайдалануды басқару саласында үйлесімділік қажет. Бұл ретте, табиғатты тұрақты пайдалануға көшүдің табыстылығы, мемлекеттік стратегия міндеттерінің орындалуы аймақтық 1с-шараларға да тікелей байланысты. Мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру, республикалық және жергілікті мұдделерді үйлестіру және оңтайлы байланыстыру үшін Қазақстан Республикасының аумағы негізгі екі санатқа бөлінеді (20-сызбанұсқа).

20-сызбанұсқа



Аймақтық табиғатты пайдалану стратегиясы жергілікті жағдайлардың ерекшелігін ескере отырып, өрбір аймақ немесе елді мекен үшін тұрақты дамудың өзіндік тұжырымдамасын құруды көздейді. Мысалы, Қостанай облысының астық еgetін аудандары үшін топырақтың су және жел эрозиясына ұшырауына табиғатты тиімді

пайдалану режімін қарастыру қажет, себебі аталып өткен эрозиялар гумус қабатының азауына өкеледі. Кен өндіру аймақтары үшін бұзылған жерлерді қалпына келтіру маңызды рөлге ие.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы өкілеттіктеріне бірқатар маңызды міндеттер кіреді (21-сызбанұсқа).

### Глоссарий:

- Аумақтың экологиялық сыйымдылығы – табиғи ортаның экожүйелердің негізгі функцияларын бұзбай, белгілі бір антропогендік жүктемені қабылдай алу мүмкіндігі.

21-сызбанұсқа


#### Жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілеттіктері

Елді мекендерді абаттандыру және көгалданыру бойынша жұмыстарды үйимдастыру

Елді мекендерді санитарлық тазалаумен қамтамасыз ету жұмыстарын үйимдастыру

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын көму және сақтау орындарын ұстау

Табиғи және басқа да нысандарды қорғау жөнінде ұсыныстар енгізу



Сендер тұратын ауданда табиғатты пайдаланудың қандай түрлері жетекші рөлге ие? Олар табиғатты қорғау нормаларына сай келе ме? Геоэкологиялық жағдайды жақсарту үшін жергілікті атқарушы органға қандай ұсыныс жасар едіндер? Өз ұсыныстарынды негіздендер.

**Табиғатты қорғау үшін біз не істей аламыз?** Халықтың экологиялық қауіпсіздігі, табиғатты ұтымды пайдалану және табиғатты қорғау ісінде құқықтармен қатар, өз міндеттесінде де білу маңызды.



Бірнеше топқа бөлініцдер. Қосымша ақпарат көздерінен ҚР Экологиялық кодексімен (2007 ж., 9 қантар) танысындар.

Жекетүлғалардың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері тақырыбына хабарлама дайындаңдар.

Алғашқы үш топ құқықтар мен міндеттер туралы хабарлама дайындаиды. Төртінші топ өздерінің құқықтарының бұзылуы туралы хабарлама дайындаиды. Бесінші топ жергілікті органдардың табиғатты қорғау саласындағы іс-

### Глоссарий:

- **Аймақ** – бұл республиканың мүддесі үшін құрылған және ол арқылы басқарылатын бірнеше елді мекенді қамтитын республика аумақының белгілі.
- **Елді мекен** – бұл 50 адамнан кем емес адамдардың шаруашылық және өзге де қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан республиканың жинақы қоныстанған аумағының белгілі. Елді мекендер қалалық және ауылдық деп белінеді.

шараларды орындауы туралы мысалдар көлтіреді. Алтының топ қоршаған ортаны қорғау ісінде міндеттерді орындау туралы талдау жүргізеді.



Аймақтық тұрақты даму, тұтас алғанда, тұрақты дамудың маңызды құрамбөлігі. Тұрақты дамудың басты міндеттерінің бірі – биосфераны бұзбайтын, аумақтың (ландшафттардың) экологиялық сыйымдылығының межесінен аспайтын экономиканы қалыптастыру.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- «Фаламдық деңгейде ойлап, жергілікті жерде өрекет ету» атты ұранның мәнін түсіндіріңдер.
- Өмір сүрге экологиялық қауіпсіз аудан қандай болуы тиіс?
- Мектеп жағдайында қандай тиімді табиғат қорғау шараларын ұйымдастыруға болады?
- Өздерің тұратын жерді деңсаулық үшін және өмір сүру үшін қауіпсіз деп атауга бола ма?
- Табиғатты пайдалануды басқарудың аймақтық органдарына барындар. Оның жұмысының басты аспектілерімен танысындар.

### Табиғатты қорғауда жекетүлғаның рөлі

#### § 19. «Экологиялық із» және тұрақты даму

##### Бүгінгі сабакта:

- жекетүлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» есептеуді үйренесіңдер.

Тұрақты дамудың «шегінен шығу» деген не? Тұрақты даму – қазіргі үрпақтың қоршаған ортаның экологиялық сапасы мен қасиеттерін сақтай отырып, өздерінің өмір сүру деңгейін қанағаттандыру және мұндай мүмкіндікті болашақ үрпаққа да қалдыруы қарастырылған алға жылжу моделі (22-сызбанұсқа).

22-сызбанұсқа

#### Тұрақты дамудың маңызды аспектілері

Салауатты  
қоршаған орта

Тұрақты  
биосфера

Азық-түлік,  
су, минералды,  
энергетикалық  
және басқа да  
ресурстарды  
сақтау

Биологиялық  
өртүрлілікті  
сақтау



Бірнеше топқа бөлініндер. 20-сызбанұсқада көрсетілген тұрақты дамудың маңызды аспектілерінің шегінен шығуы қандай болатынын ойлап көріндер. Бұл

ерекшеліктер сендер тұратын ауданда байқала ма? Жауаптарыңды негіздендер. Бір-бірінді бағаландар.

«Шектен шығу» адамзат қоғамының жалпы рұқсат етілген шеңберден шығып кеткенін білдіреді. Бұл – аумақтың сыйымдылық қабілетінің, экожүйелер өлеуетінің, экологиялық жағдайының шеңбері. Қоршаған ортаға түсетін жүктеме осы шекке жеткенде тұрақты даму моделінің (экологиялық, экономикалық, өлеуметтік және т.б.) өміршөндігіне қауіп тәндіреді. Бұл үдеріс жергілікті және аймақтық деңгейде нақты байқалады, онда экологиялық жүктеме тұрақтылықтың жергілікті және аймақтық шегінен асып түседі.

Мәселен, Алматы қаласының ауаға бөлетін ластаушы заттарының көлемі қала экожүйесінде алатын мәлшерден өлдекайда көп болады. Солтустік Қазақстанның тың жерлері топырағының тозуы оның бастапқы қасиеттірінен айырылуына және су мен жел эрозияларына тәзімділігінің төмендеуіне өсер етті. Яғни, топырағы бастапқы сапасынан және құнарлылығынан айырылған. Арада өніріндегі жағдайды жақсартуға арналған жобалық және қаржылық мүмкіндіктер жоқ. Шамадан тыс аулау салдарынан балық популяциясы қалпына келмей, балық ресурстары сарқылуда, балық аулау кемелері айлақтарда тұрып қалған. Атмосфераның жоғарғы қабаты құрамында хлор болғандықтан озон қабатының жұқауры тоқтар емес. Осы проблемалардың барлығында адамның «экологиялық ізі» көрінеді.

«Экологиялық із» концепциясы (ЕІ). ЕІ тұжырымдамасының негізін 1990 жылы Mathis Wackernagel және William Rice (University of British Columbia) салған. Жыл сайын ЕІ «Global Footprint Network» халықаралық үйімі осы көрсеткішті бағалай отырып есеп береді.

Бір адамға тиесілі «экологиялық із» алты көрсеткіштің жиынтығынан тұрады:

- адам тұтынатын дәнді дақылдарды өсіруге арналған егістік алқабының көлемі;
- малшаруашылығы өнімдерін өндіргуге арналған жайылымның ауданы;
- ағаш және қағаз өндіргуге арналған орманның ауданы;
- балық және теңіз өнімдерін өндіргуге арналған теңіз ауданы;
- тұрғын үй мен инфрақұрылымға арналған аудан;

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ тұрақты даму
- ✓ «экологиялық із»
- ✓ тұрақты биосфера

### Глоссарий:

- «Экологиялық із» (ecological footprint) – табиғатқа түскен жүктеменің көрсеткіші. Экологиялық із адамдардың географиялық және өлеуметтік жағдайы бойынша табиғат ресурстарын кім және қанша тұтынатынын көрсетеді, яғни бұл адамның тіршілік ету ортасына әсер ету шарасы. ЕІ біз тұтынатын ресурстарды өндеву және қалдықтарды сақтау үшін қажетті іргелес аумақтың мәлшерін есептеуге мүмкіндік береді.

– энергияны жан басына тұтыну кезінде пайда болатын көмірқышқыл газы шығарындысын абсорбциялауға қажетті орманның ауданы.

«Экологиялық іздің» ғаламшарымыздың қай жерінде орналасқанына қарамастан, осы аудандардың қосындысымен сипатталады (17-сурет).



17-сурет. «Экологиялық іздің» құрамбөлікттері



1966 жылдан бастап табиғи ресурстарға сұраныстың екі есе есүі байқалады. Қазіргі уақытта Жер шары халқы өз қажеттілігі үшін 1,5 ғаламшардың эквивалентін пайдалануда: яғни, біз ресурстарды қалпына келуінен 1,5 есе артық тұтынамыз. Егер біз жер ресурстарын шамадан тыс пайдалануды жалғастыратын болсак, 2030 жылға қарай бізге 2 ғаламшардың баламасы қажет болады.

БАӘ немесе АҚШ халқының орташа «экологиялық ізі» 4,5 «ғаламшарды» құрайды. Жан басына шаққанда ең жоғары экологиялық ізі бар 10 ел: БАӘ, Катар, Дания, Бельгия, АҚШ, Эстония, Канада, Австралия, Ирландия. Қоңғырау елдерде «экологиялық іздің», негізінен, жылжыжайлық газдардың шығарындысынан, егіншілікке және ормандарды кесуге байланысты қоршаған ортаға тигізетін зиянның тұрады.

Экономикалық үнитымактастық және даму үйімінде кіретін елдер өлемдік экологиялық іздің 40%-ы үшін жауапты. БРИК – Бразилия, Ресей, Үндістан және Қытай елдері қаір жан басына шаққандағы көрсеткіш бойынша бай елдерден артта қалып отыр. Егер экономикалық дамудың сол жолымен жүрсе, оларды көп ұзамай басып озуы мүмкін.



Казақстанның өлемдік экологиялық іздегі үлесі қандай деп ойлайсың? Сенің тұратын аймагының экономикасы қандай экологиялық із қалдырудада?

Өзің тұратын ауданда экологиялық ізді азайту жолдарын ұсын.

«Экологиялық іздің» мақсаттарының бірі – адам қызметі мен табиғи ырғактың үздіксіз екенін дөлелдеу. Жыл сайын табиғатқа өсер ету артып келеді. Қоршаған орта өсіп келе жатқан антропогендік жүктемені

көтере алмауда. Табиғат тек оған қолайлы жағдайларда ғана өз ресурстарын белгілі бір қарқынмен қалпына келтіруі мүмкін. Адамзат жыл сайын табиғат ресурстарын шамадан тыс пайдаланып, табиғаттың өз-өзін қалпына келтіруіне мүмкіндік берер емес.

Сондықтан да нақты шаралар істелініп жатқандығынан адамдар хабардар болуы тиіс және экологиялық іздің маңыздылығын туслуі өте қажет.

Экологиялық ізді есептеу ресурстар мен қалдықтардың ағынын анықтауға негізделген. Осыдан кейін аталған ағындар аудан бірліктеріне, ал содан кейін өлемдік гектар бірліктеріне, яғни экологиялық ізді түпкілікті білдіретін бірліктерге ауыстырылады. Бұдан өрі осы өлемдік гектардың барлығы қосылады, бұл жердің қажетті ауданы туралы жалпы мәлімет береді.

Дүниежүзінің дамыған елдеріндегі орташа тұтынушының экологиялық ізі табысы төмен елдердегі тұтынушының тиісті көрсеткішінен 4 есе артық. 18-суретте Халықаралық экономикалық форум мәліметтері негізінде 2030 жылға қарай жекелеген елдерге өндіріс пен тұтыну көлемі кезінде қажет болатын ғаламшарлар саны көрсетілген.



18-сурет. Дүниежүзінің жекелеген елдерінің экологиялық ізи

### Глоссарий:

- «**Экологиялық із»** – табиғатқа күш түсірудің көрсеткіші, жан басына шақындағы өлемдік гектармен өлшенеді.
- «**Өлемдік гектар (Global hectare)**» – бұл өнімділік орташа өлемдік деңгейдегі 1 га аймақтағы биологиялық өнімділік.



18-суретке талдау жасандар. Неге алғашқы бестік елдері үшін алдағы уақытта ғаламшар саны көбірек, тәменгі елдер үшін айтарлықтай аз ғаламшар қажет болады деп ойлайсыңдар? Жауаптарыңды негіздендер. Бір-бірлерінді бағаландар.



Экологиялық ізді тұрақты дамудың индикаторы ретінде қарастыруға болады. «Тұрақты даму» қазіргі үрпакқа тиісті өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге және сонымен қатар адамның өмір сүруі мен болашақ үрпақтың лайықты өмір сүруі үшін маңызды болып табылатын ғаламшардың негізгі экологиялық жүйелерін қорғауга мүмкіндік беретін қоршаган орта мен табигат ресурстарын пайдалану жөніндегі өдіс-төсілдерді болжайды. Тұрақты даму экологиялық іздің көмегімен өлеуметтік-экономикалық дамудың индикаторы ретінде табиғи ресурстарға адами сұраныстың және Адамның даму индексінің шаралары ретінде айқындалуы мүмкін.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тұрақты даму мен экологиялық іздің өзара байланысына мысал келтіріндер.
2. Аумақтың сыйымдылық қабілетіне өсер ететін факторларды атандар.
3. Қ.Ж.Мұстафаевтың «Экологиялық із» мақаласымен танысыңдар. Мақаланы талқылап, қорытынды шығарындар.

### § 20. Су және «экологиялық із»

#### Бүгінгі сабакта:

- суды пайдалану мысалында «экологиялық ізді» есептеуді үйренесіндер.

«Экологиялық із» және сумен қамтамасыз ету. Тұщы су жалпыға ортақ дүниежүзілік ресурс емес. Өйткені тұщы су ресурстары біркелкі таралмаған, жергілікті аймақтарда және жеке су алаптарында ғана қолжетімді (11-кесте). Сондықтан да оларды пайдалану шегі мемлекеттерде өртүрлі.

11-кесте

#### Жер бетіндегі тұщы су ресурстарының аймақтар бойынша таралуы

Өнірлер	Өзен ағыны көлемі		Жан басына шаққанда сумен қамтамасыз етілуі мың м <sup>3</sup> /жыл
	КМ <sup>3</sup> жылданына	%	
Дүниежүзі	47000	100	8
Азия	13190	28,1	4,5
Оңтүстік Америка	10380	22,1	34
Солтүстік Америка	5960	12,7	15
Африка	4225	9,0	6,5
Еуропа	3110	6,6	6
Австралия және Мұхиттың аралдар	1965	4,2	83


Кейбір аймақтарда тұңды судың тапшылығы маусымдық сипатта ие және құрғақ маусым кезінде су жинау мүмкіндігі мен қабілеттіне байланысты. Мұндай аймақтарға дүниежүзіл аумағының 40%-ын құрайтын құрғақ немесе жартылай құрғақ аймақтар кіреді, бұл аймақтар дүниежүзілік су қорының тек 2%-ын ғана пайдаланады. Басқа аймақтарда суды пайдалану шегі жерасты су қабаттарының толығу қарқынымен, қардың еру жылдамдығымен және маусымдық жаңбырдың мөлшерімен анықталады.

Су – тек қана су көзі емес, сонымен қатар су ағыны. Жер бетіндегі, Жер астындағы су қорын пайдалану оның ластану дәрежесімен шектелуі мүмкін.



22 наурыз – Дүниежүзілік су ресурстары күні. Дүниежүзілік су ресурстары күнін еткізуудің басты мақсаты – ауызсу мөселесін шешу үшін шаралар қабылдау. 2005–2015 жылдар аралығы «Су тіршілік үшін» деген атаумен халықаралық онжылдық болып жарияланды. Негізгі мақсаты – адамзатқа біздің ғаламшарымызда өмір сүруі үшін судың аса маңызды екенін түсіндіру.

Су – негізгі ресурстың бірі, оны алмастыру мүмкін емес. Судың азауы азық-түлікке, энергия өндірісіне, балық мөлшеріне және адамның басқа да қажеттіліктеріне шектеу қояды. Өз кезегінде, суды тұтыну кезінде суды тұтыну көлемі мен сапасына байланысты проблемалар туындаиды. Фаламшар ауқымында суды тұтыну динамикасы түрақты өсуде (2-диаграмма).



2-диаграмма. Суды тұтыну динамикасы

### Жетекші ұғымдар:


- ✓ сумен қамтамасыз етілу
- ✓ су тапшылығы
- ✓ су дағдарысы



2-диаграммаға талдау жасандар. 1980 және 2010 жылмен салыстырганда 2025 жылы суды өлемдік тұтыну қанша есеге көбейеді? Бұл немен байланысты? Қандай аймақтарда су тұтынудың айтарлықтай өсуі байқалады? Азия мен Американың қандай елдері судың ең көп мөлшерін тұтынады деп ойлайсыңдар? Неге олай ойлайсыңдар?

Көптеген суды алаптарында суды пайдалану шегінен асып кеткен. Жекелеген кедей және бай елдерде жан басына шаққандағы суды тұтыну мөлшері экологиялық зардаптарға, бағалардың өсуіне және судың қорының сарқылуына байланысты азаюы мүмкін.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, тұщы суды тапшылығы мәселесі XXI ғасырдың ортасына қарай ең өзекті проблемалардың біріне айналады, 2025 жылға қарай дүниежүзіндегі 3,2 млрд халқы судың жетіспеушілігінен зардап шегетін болады (19-сурет).



19-сурет. 2025 жылға қарай судың болжамдық жетіспеушілігі



2025 жылы болжанған суды жетіспеушілігі картасын талдаңдар. Су тапшылығы Азия, Африка және Латын Америкасының қандай елдеріне тең болады? Қазақстандағы жағдайды бағаландар.

Африка құрлығында халық ең тығыз орналасқан ел – Нигерия. Бұл елде ауызсудың жетіспеушілігі нақты байқалуда. Нигерия 2050 жылға қарай өлемдегі ең тығыз орналасқан мемлекеттердің бірі болуы мүмкін. Елдің 60 миллионнан астам халқы судың жетіспеушілігінен

зардап шегуде. 100 миллионнан астам халқы пайдалануға жарамды тазартылған суға қол жеткізе алмауда (20-сурет).



20-сурет. Нигериядағы су тапшылығы – көптеген африкалық елдерге тән құбылыс



Екі топқа белініцдер. Бірінші топ Нигерияның су тапшылығы байқалатын аудандарына су жеткізу жолдарын, ал екінші топ оның санитарлық-гигиеналық сапасын жақсарту жолдарын ұсыныңдар.

Қазіргі уақытта қала халқының 20%-ы және ауыл халқының 75%-ы сапасыз судан зардап шегуде. Жыл сайын судың жетіспеуі мен шамадан тыс ластануынан 22 миллионнан астам бала өлеңді. 500 миллионнан астам адам су тапшылығын сезінеді.

**Су тапшылығы.** Су тапшылығы суды пайдалану мен су ресурстары арасындағы баланстың бұзылуына байланысты туындаиды. Дүниежүзілік судың бағасын анықтаушы WWAP мәліметтері бойынша, су тапшылығы (water stress) – адамдардың және қоршаған ортаның мұқтаждығын қамтамасыз ету үшін қанагаттанарлық деңгейдегі сапалы судың жетіспеуі сезілеттің жағдай. Су тапшылығы су дағдарысынан пайда болады.


Қазіргі уақытта ғаламшардың 1/3 халқы су жағдайы шиеленіскең елдерде тұрады. Болжам бойынша 2025 жылға қарай бұл көрсеткіш 2/3-ге дейін өсүі мүмкін (21-сурет).

### Глоссарий:

- **Су дағдарысы** – ауызсудың қауіпсіз және жеткілікті түрде жетіспеуі салдарынан туындаиды: су айданарының бұзылуы, өзен-көлдердегі су сапасының төмендеуі, сапасыз судан болатын аурулардың көбеюі.




**21-суретті талдаңдар.** Судың қолжетімділігі өртүрлі деңгейдегі елдерге мысал келтіріндер. Олардың себептерін атаңдар. Қазақстан қандай қауіп аймагында орналасқан? Судың қолжетімділігін жақсарту және өздерің тұратын аудандарғы оның санитарлық жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар беріндер.



**21-сурет.** Судың қолжетімділікке тәуекелділігі және санитария (2025 жылға болжам)

Су тапшылығын бағалау үшін су көзінен жиналған су мен жаңарытылған су ресурстарына қолжетімділіктің қатынасы есепке алынады. Егер қатынасы 10%-дан кем болса, су тапшылығы жоқ, 10–20%-ға дейін – су жетіспеушілігі аз, 20–40%-ға дейін су жетіспеушілігі орташа шамадан артық, 40%-дан артса, су тапшылығының жоғары деңгейі байқалады.



**22-сурет.** Дүниежүзі елдеріндегі су тапшылығы (2040 жылға болжам)



22-суреттегі су тапшылығы картасын сипаттаңдар. Қазақстан, Азия жөне Африканың бірқатар елдері су тапшылығы жоғары елдер қатарына жатады. Қандай елдерде су тапшылығының жоғары деңгейі байқалады? Бұл неге байланысты?

2020 жылға қарай Дүниежүзілік кеңестің болжамы бойынша, қолда бар су қорына қарағанда, 17%-та артық су қажет болады. Қазіргі судың қорын дәл осылай тұтынатын болсақ, 2100 жылға қарай адамзат тұщы судың барлық қорын сарқуы мүмкін.



Тұщы судың тапшылығы – Қазақстанның тұрақты дамуын қыннадататын аса өткір экологиялық проблеманың бірі. Қазақстанның көптеген өзендері мен көлдерінің сүйе экологиялық нормага сейкес келмейді. Қалыптастан жағдайдан шығу жолдарын ұсынындар.



Дүниежүзінің көптеген аудандарында су дағдарысы – өзекті проблеманың бірі. Суды тұтынудың тиісті стратегиясын шұғыл қабылдаса, қалыптастан проблеманы шешүге болады. Дүниежүзінің барлық елдерімен келісілген саясатты дамыту жөне оларды жақын арада іске асыру қажет.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Дүниежүзіндегі су тапшылығын жөнү жолдарын ұсынындар. Судағарысының меселесі сендер тұратын аймаққа қаншалықты төн? Сендер оны шешу үшін не ұсына аласындар?
2. Анықтамалық көздерді пайдалана отырып, ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, сукоймалары мен тұрмыста тұщы суды тұтыну диаграммасын құрындар.
3. 1 т астық өндіру үшін 1500 тоннага жуық су қажет, 1 т шитті мақта өсіру үшін 10 000 т су жұмсалады. Қазақстанда мақта мен бидай өсіру кезінде қанша су жұмсалатынын есептөндер (ол үшін бір жылда қанша өнім алынатынын қосымша ақпарат көздерінен табу керек). Суды тиімді пайдалану жолдарын ұсынындар.

**8-сараландық жұмыс.  
Менің «экологиялық ізім»**

**Мақсаты** – жекетүлғаның табиғатты қорғауға бағытталған өмір сүру салтының басты қағидаттарын үсіну.

**1-тапсырма.** Сауданаманың сұрақтарына жауап берे отырып, өзінің жеке экологиялық ізінді өлше.

Сауданама: Менің «экологиялық ізім» қаншалықты үлкен?

### **Жұмысты орындау шарты**

Өзінің экологиялық ізінді есептеу үшін өзінің өмір салтыңа сәйкес таңдау жасап, өрбір тендеуден кейін көрсетілген үпайларды қосу немесе азайту арқылы бағалау қажет.

#### **Сұрақтар:**

##### **Тұрғын үй**

- 1.1. Сенің тұрғын үйіндің аумағы шағын... +7
- 1.2. Үлкен, кең пәтер... +12
- 1.3. Екі отбасына арналған коттедж (жекежай) +23

##### **Энергияны пайдалану**

- 2.1. Үйінді жылтыу үшін мұнай, табиғи газ немесе көмір қолданылады +45
- 2.2. Үйде сен жылы киініп, түнде екі көрпе жамыласың -5
- 2.3. Үйінді жылтыу жүйесін ауа райына байланысты өз бетінше реттей аласың -10
- 2.4. Көшпілігіміз электр энергиясын жанғыш қазба байлықтан аламыз +75
- 2.5. Сен пайдаланатын энергия СЭС-тен немесе басқа да баламалы көздерден (жел, күн) өндіріледі +2
- 2.6. Бөлмеден шығарда өрдайым жарықты өшіріп жүресің -10
- 2.7. Сен өрқашан тұрмыстық құралдарды кезекші режимде қалдырмай өшіресің -10

##### **Көлік**

- 3.1. Мектепке немесе басқа жерге барғанда қоғамдық көлікпен жүресің +3
- 3.2. Сен қарапайым жеңіл автокөлікпен жүресің +40
- 3.3. Сен үлкен және қуатты автомобильмен барасың +75
- 3.4. Мектепке немесе басқа жерге барғанда жаяу жүресің немесе велосипедпен жетесің +3
- 3.5. Демалуға үшақпен үшасың +85

- 3.6. Демалыс кезінде сен пойызбен жүрдің, жол 12 сағатқа дейін +10  
 3.7. Демалысқа пойызбен шығып, жол 12 сағаттан астам уақыт алды +20

### Тамақтану

- 4.1. Жергілікті өндірістің жаңа піскен өнімдерін (нан, жемісжидектер, кекөністер, балық, ет) азық-түлік дүкенінен немесе базардан сатып аласың, олардан түскі ас дайындаимыз +2  
 4.2. Сен тек қыздыруды қажет етегін өнделген өнімдерді, жартылай фабрикаттарды, жаңа мұздатылған дайын тағамдарды, сондай-ақ консервілерді ұнатасың, сонымен бірге қайда өндірілгеніне мән бермейсің +14  
 4.3. Сен көбінесе дайын өнімдерді сатып аласың, бірақ олар үйге жақын жерде дайындалғанын қалайсың +5  
 4.4. Сен аптасына 2-3 рет ет жейсің +50  
 4.5. Сен күніне үш рет ет жейсің +85  
 4.6. Сен вегетариандық тамақты қалайсың +30

### Суды жөне қағазды пайдалану

- 5.1. Ваннаны аптасына бір-екі рет қабылдайсың +2  
 5.2. Сен күн сайын ванна қабылдайсың +14  
 5.3. Ваннаның орнына күнделікті душ қабылдау +4  
 5.4. Белгілі бір уақыт шамасында үй жанындағы жерді суарасың немесе автомобильді су шлангісімен жуасың +4  
 5.5. Егер кітап оқығың келсе, оны өрдайым сатып аласың +2  
 5.6. Кітапты кітапханадан аласың, немесе достарыңмен алмасасың -1  
 5.7. Алдыңғы екі жағдай қайталануы мүмкін  
 5.8. Газетті оқып болған соң лақтырып тастайсың +10  
 5.9. Сен жазылып алған немесе сатып алғатын газеттерді сенен кейін басқа біреу оқиды +55

### Тұрмыстық қалдықтар

- 6.1. Біз көптеген қалдықтар мен қоқыстарды шығарамыз, сондыктан бірден +100  
 6.2. Соңғы айда бір рет бөтелке өткізесің -15  
 6.3. Қоқысты тастай отырып, сен макулатураны қабылдау пунктіне тапсыру үшін кейінге қалдырасың -17  
 6.4. Сен босаған сусындар мен консерві банкілерін өткізесің -10  
 6.5. Сен жеке контейнерге пластикалық қаптаманы тастайсың -8  
 6.6. Сен көбінесе оралып қапталған емес өлшенетін тауарларды аласың, дүкеннен алғынып босаған ыдысты, қораптарды, пакеттерді жөне бөтелкелерді тұрмыста қайта қолдануға тырысасың -15

**6.7. Уй қалдықтарынан компост (жасанды тыңайтқыш – есімдік қалдықтарын сумен араластырып шіріту арқылы жасалған) жасап, өз участкеді тыңайтқыштармен қамтамасыз етесің – 5**

**2-тапсырма.** Қорытындылау.

- Алынған нәтижені 100-ге бөл және сенің барлық қажеттіліктерінді қанағаттандыру үшін қанша гектар жер беті қажет екенін білесің.
- Өзіңің жеке «экологиялық ізіңің» көлемін жалпы ғаламшардың және әртүрлі елдердің орташа шамаларымен салыстыр.
- Егер дүниежүзі халқының барлығы сен сияқты (ЭС көрсеткіші бойынша) өмір сұрсе, қанша ғаламшар қажет болатынын есепте. Ол үшін мына арақатынасты қолдан: Біздің ғаламшарымыз бір адамға 1,9 гектардан бере алады.  
Егер сен жарты миллион және одан да көп халқы бар қалада тұратын болсан, алынған нәтижені 2-ге көбейт.

**Есте сақта!** Бүкіл адамзатқа бір ғаламшар жеткілікті болуы үшін 1 адамға 1,9 га-дан аспайтын жер керек.

Сенің нәтижесі \_\_\_\_\_ га (\_\_\_\_\_ ғаламшар)

**3-тапсырма.** Сыныптың экологиялық ізін өлшеңдер.

**4-тапсырма.** Қорытынды жасаңдар. Экологиялық ізінді қалай азайтуға болатынын белгіле. Ғаламшардың ауқымында адамның қоршаған ортаға жүктемесін азайту жолдарын ұсыныңдар.

## § 21. Суды тұрақты пайдалану

**Суды тұрақты пайдалану.** Суды пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралардың қажеттілігі 2002 жылы дүниежүзілік Тұрақты даму саммитінде қаралды. Су ресурстарын басқаруды интеграциялау (СРБИ) жоспарында және суды пайдаланудың тиімділігін арттыру стратегиясында су пайдаланудың тиімділігіне байланысты екі мәселе белгіленді: шығындарды азайту және суды қайта пайдалану мақсатында сушаруашылығы инфрақұрылымы жұмысының тиімділігін арттыру шараларын жүзеге асыру; су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру және ауызсудың сапасын қорғау.

Дүниежүзілік саммиттің шешіміне сәйкес СРБИ ұлттық жоспарларын өзірлеу және суды пайдаланудың тиімділігін арттыру қажет болды.



«Қазақстандағы СРБИ және суды үнемдеу бойынша ұлттық жоспарды өзірлеу», Біріккен Ұлттар Үйимының Даму бағдарламасының (БҰҮДБ) жобасындағы мәліметтерді қосымша ақпарат көздерінен алындар. Бірнеше топқа бөлініп, мынадай бағыттар бойынша хабарлама дайындандар: Қазақстандағы су заңнамасының қағидаттары; су қорын пайдалану және қорғау саласындағы



23-сурет. Тамшылатып суару

### Бұғынгі сабакта:

- суды тұрақты пайдалану қағидаттарын білесіңдер;
- суды пайдалану мысалында жекетүлғаның өмір сүру салтының басты қағидаттарын ұсына аласыңдар.

### Жетекші үғымдар:

- ✓ суды тұрақты пайдалану
- ✓ суды үнемдеу
- ✓ суды тиімді пайдалану



24-сурет. Суды үнемдеуші қондырмалар

**Глоссарий:**

- Суды тұрақты пайдалану** – қазіргі және болашақ үрпақтың қажеттіліктеріне жауап беретін су айданарының сапалық және сандық жайкүйін қорғаға және жақсартуға бағытталған іс-шараларды жоспарлау, қабылдау және оны мемлекеттік бақылау.

міндеттер; мақсатқа қол жеткізу үшін негізгі басымдықтар; сушаруашылығы саясатының негіздері.

**Суды үнемдеу технологиялары.** Қолда бар су ресурстарын тиімді пайдаланудың бірнеше жолы бар. Тамшылатып суару кезінде су 30–70%-ға үнемделеді және дәстүрлі суаруға қарағанда дақылдың өнімділігі 20–90%-ға дейін артады (23-сурет).

*Әртүрлі сападагы суды пайдалану.* Үй маңындағы үлескілерді суару үшін жаңбырдың суын, өнеркөсіптік мақсатта және егіншаруашылығына ағын суларды пайдалану қажет.

**Үйде суды үнемдеу құрылғысын пайдалану.** Су үнемдеу құрылғылары су шығынын 50%-ға дейін азайтуы мүмкін. Олар техникалық және қаржылық жағынан қолжетімді (24-сурет).

**Су шығынын азайту жолдары.** Құбыр арқылы жіберілген судың шамамен 25%-ы жолда сыртқа ағып кетеді. Жәндеудің ең тиімді

технологиялық тәсілі – арнайы металполимерді пайдаланып жасалған құрсау салу (25-сурет). Бұл құрсаудың материалы арматураланған екі құрамбөліктен тұратын полимерлі шайыр. Мұндай құрсауды ылғалды участекелерге де салуға болады, бұл жерде құбырдың қысымы бірқалыпты болуы маңызыды.

**Жергілікті климатқа сәйкес келетін өсімдіктерді отырызыу.** Климаты ыстық және құрғақ аудандар қосымша суарылады немесе судың көп мөлшерін талап етпейтін өсімдіктер отырызылады.



25-сурет. Құбырдың түйіскен жеріндегі резенке құрсау



**26-сурет.** Қайта пайдалану үшін жинақтаушы резервуарға тазартылған суды бұру сзыбасы



Суды көп қажет ететін ауылшаруашылық дақылдарын атанадар. Қандай дақылдар суарылмайтын егіншілік өдісімен өсіріледі? Ауылшаруашылығында тиімді су тұтыну нұсқаларын ұсыныңдар.

Суды жинау, тазалау және қайта пайдалануда қазіргі заманғы технологияларды пайдалану (26-сурет).

**Қалаларда жаңбыр сүйін жинау.** Фимараттың шатырынан аққан суды су жинау жүйесі арқылы жинап гүлзарларды, көгалдарды, бұталар мен ағаштарды суару арқылы кейбір проблемаларды шешуге болады.



Климаттың ғаламдық жылынусы тау мұздықтары ауданының азауына себеп болды. Қазақстандағы тау мұздықтары ауданының азауы еліміздің шығыс және оңтүстік-шығыс елді мекендерін сумен қамтамасыз ету проблемасын шешуі мүмкін бе?



Су ресурстарын климаттың қалыпты жағдайынсыз тұрақты пайдалану мүмкін емес. Климаттың ғаламдық жылынусы су ортасына да өсер етеді. Мысалы, климаттың өзгеруі жөніндегі Үкіметаралық сараптамалық топтың (МЭГИК) болжамына сейкес ауа температурасының бірнеше градусқа өзгеруі бір өнірлерде өзендер ағынының және сумен қамтамасыз етуідің 10–40%-ға ұлғаюына алып келеді, ал басқаларында олар 10–30%-ға азаяды.

### Сурақтар мен тапсырмалар

1. Сендер тұратын аудандасумен қамтамасыз ету проблемасы қаншалықты өзекті?
2. Қазақстанның траншеекаралық өзендерінің суын пайдалану проблемасын атанадар.
3. Тамшылатыш суару қажеттілігі мен тиімділігін дөлелдендер. Осы өдіс бойынша өз аудандарында қандай дақылдарды өсіруді ұсындар едіндер?
4. Агробизнес және су шаруашылығында жұмыс істеу үшін қандай білім мен дағды қажет?

**9-сараландақ жұмыс.****Экологиялық жағдайлардың құқықтық аспектілері**

**Мақсаты** – тақырыпқа сәйкес эксперттік бағалау өдістерін қолдануды үйрену.

**Тапсырма:** экологиялық жағдайлардың шешімін табындар.

**1-жағдай**

Орталық демалыс саябағының күзетшісі А. деген азаматты қолға түсірді. Азамат А. саябақтың орталық аллеясынан үш түп сирек кездесетін ағаш көшетін қазып алған. Азамат А. езінің саяжай участесіне ағаш отырғызысы келгенін және қала питомниктерінде осындағы сұрыпты ағаш көшеттерін ала алмай жүргенін түсіндірді.

А. деген азаматтың өрекетін қалай саралау керек? Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес бұл азаматқа қандай жаза қолданылуы тиіс?

**2-жағдай**

Мұнайшы Маңғыстау облысында ұңғыманы бүрғылау кезінде 250 л мұнайды сыртқа төгіп алды. Бүрғылаушылар бригадирі бұл туралы ез өкімшілігін дереу хабардар етіп, төгілген мұнайдың ізін жасыра бастады. Алайда олар бұл оқиға туралы облыстық табиғат ресурстары және экология басқармасына хабарламады және оны жасыруға тырысты.

Мұнай өндіру компаниясының өрекетін қалай саралау керек? Оларға Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес қандай жазалау шарасы қолданылуы тиіс?

**3-жағдай**

Жергілікті мөслихаттың шешімі бойынша ауыл шетіне еткомбинатын салу үшін жер телімі белінді. Ауыл тұрғындары мұндай құрылышқа қатаң қарсы болды, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізуге қол жеткізді. Белінген жер участесінде еткомбинатын салуға рұқсат беруге қатысты осы сараптаманың қорытындысы теріс болды. Осыған қарамастан, нысанның құрылышы басталды. Аудандық табиғат қорғау қоғамы жергілікті халықтың өтініші бойынша төрелік сотқа талап-арыз беріп, онда сараптама қорытындысына сүйене отырып, еткомбинатын салу туралы өкімдік шешімінің күшін жоюды сұрады.

Сот қандай шешім қабылдауды тиіс? Жауапты қызметкерлеріне қандай жазалау шарасы қолданылуы тиіс?

#### 4-жадай

Сүт фермасы бірнеше жыл бойы су көздерін, су құбыры коммуникацияларын және жер бедерін малшаруашылығы өнімінің қалдықтарымен ластаған. Зиянды заттар топырақты, сумен жабдықтаушы бау-бақша серіктестігінің артезиан үңғымасын ластады. Оның салдарынан жеміс-жидек көшеттері жойылып, тоғандарға залал келтіріліп, балықтар толығымен тіршілігін жойды. Елді мекенде жел сокқанда жағымсыз иістен тыныс алу мүмкін емес. Прокурор кінәлі лауазымды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартып, бау-бақшалардың мүлкіне және ауыл тұрғындарының рекреациялық аймағына келтірілген залал үшін қажетті соманы өндіріп алу туралы талап қойды.

«Экологиялық қылмыс» үшін жазалау шарасын анықтандар?

#### 5-жадай

Тротуар бойында, мектепке баратын жолда екі үлкен ағаш өсіп тұр. Олардың бірі жаяу жүргіншілер жолына қарай қисайып тұрған болса, екіншісінің жел тұрғанда және қар жауғанда бұтақтары сынып, жерге тиіп жатады.

Проблеманы шешудің тиімді нұсқасын ұсыныңдар.



Сендер тұратын ауданда қандай экологиялық құқықтық жағдайлар жиі кездеседі? Ауданның жергілікті әкімшілігі мен табигатты пайдалануды басқару органдары қандай проблемаларға назар аударғанын қалар едіндер? Сендер оларға жиі жүргінесіңдер ме?



Достарыңа экологиялық жағдайларға байланысты бірнеше үқсас тапсырмалар ұсынып, олардың жауаптарын бағалаңдар.

## § 22. Эко және смарт-сити – болашақ қалалар

### Бүгінгі сабакта:

- табигатты қорғауга бағытталған өмір сұру салты орнықан эко және смарт-ситилеммен танысадыңдар;
- ақылды қалалардың басымдығын анықтайсыңдар;
- ақылды елді мекендер жобасын салуды үйренесіндер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ смарт-қала
- ✓ ақылды қала
- ✓ Smart Grid

**Экоқалалар – болашақ қаласы.** Экоқалаларға қала құрылышының заманауи беталыстары және қоршаған ортаны қорғауды басқарудың жаңа қадамдары тән. Қала аумағы экологиялық санаттар бойынша: қала, шағын қала, округ, тұрғын үй иелігі, ғимарат (экоокруг, экоаудан, экоквартал) болып жіктеледі.


Көптеген зерттеуде экоқала туралы біраз материалдар жинақталып, соған байланысты қалыптасқан ұғымдарға сипаттама беріледі: 1. Экоқала – адамдардың қонысы, ол қалықты өмір сұру сапасымен қамтамасыз етеді және табигат ресурстарын барынша аз пайдаланады. 2. Экоқала – экологиялық таза қала. 3. Экоқала – адамдар тиімді салған

қоныстың ең берік түрі және өздері төуелді болып келетін экожүйелерді немесе биогеохимиялық айналымды бұзбай, өмірдің қолайларден ғейін қамтамасыз ететін қала. 4. Экоқала – экологиялық талаптармен және өлеуметтік-экономикалық жағдайлармен үйлескен қала. 5. Экоқала – тұрғындарына ашық, тұрақты және ресурсты тиімді пайдалануға экономикалық тұрғыдан мүмкіндік беретін, болашақ үрпақ үшін қоршаған орта сияқты жергілікті экология мен ғаламдық қоғамдық игліліктерді қорғайтын және оларға қамқорлық жасайтын қала (Дүниежүзілік Банк берген анықтама).

Қазақстан астанасынан 100 шақырым жерде Смарт-Ақкөл экоқаласы (Smart Aqkol) орналасқан. Бұл – Қазақстандағы толығымен сандық жүйеге көшken алғашқы экоқала. «Ақылды қала» операторлары – IT компаниясы Tengry Lab, «Қазақтелеком» АҚ, ERG, BTL Digital, АЭТК (Ақмола электр тарату компаниясы) және Ақмола облысының өкімдігі.

 Қосымша анықтамалық материалдардан Ақкөл қаласы туралы ақпаратты табындар. Хабарлама дайындандар.

**Эко және смарт-сити жобалары.** Бұкіл әлемде экоқалалардың құрылышы дамуда, сондай-ақ смарт-сити элементтері жоспарланып, енгізілуде. Экологиялық қоныстар құрылышының еуропалық кешбасшылары арасында Дания, Швеция, Ұлыбритания, Германияны атауға болады. Данияда Копенгагеннен басқа, экологиялық қалалар мөртебесінде тағы бес қала бар. Данияда барлық Smart Grid сыйнектары мен таныстырылым жобаларының 22%-ы өткізіледі (27-сурет).



27-сурет. Smart Grid бірыңғай жүйесі

Қытайда 1994 жылдан бастап экоқалаларды салуға басымдық берілуде. Үкімет қалалық орта жағдайында табиғатты қорғау және тұрғын үй секторының энерготиімділігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар шараларды қарастыратын 21 бағдарлама қабылдады.

Ең үлкен жобалардың бірі – Тяньцзинь экоқаласы. Осы жобаның негізінде атмосфералық ауа мен құбыр суының сапасынан бастап, «жасыл» ғимараттардың үлесіне және дөстүрлі емес көздерден алған суды пайдалануға дейінгі тиімділіктің 26 негізгі көрсеткішін қамтитын бас жоспар жасалған.

Сумен жабдықтаудың 50%-ы тұщыландыру және суды екінші рет пайдалану есебінен қамтамасыз етіледі деп болжануда. Жаңа экоқалада тұрмыстық қалдықтардың 60%-ға жуығы қайта өндeуге, электр жүйесін баламалы энергия көздері (жел, күн және геотермаль) арқылы өндірілуғе, ал көлік жүйесі гибридті автомобильдерге негізделетін болады. «Тяньцзинь экоқаласы» жобасын тапсыру 2020 жылдардың ортасына жоспарланған (28-сурет).

Швецияның оңтүстігінде орналасқан Кристианstad – табиғи-энергетикалық ресурстарды және қалдықты төмендету мақсатында

#### Глоссарий:

- Электрмен жабдықтаудағы «ақылды желілер» (ағылш. *Smart Grid*) – энергия өндіру және энергия тұтыну туралы ақпаратты жинау үшін ақпараттық және коммуникациялық желілер мен технологияларды пайдаланатын, тиімді, сенімді, экономикалық жағынан пайдалы, сондай-ақ электр энергиясын өндіру мен бөлудің тұрақтылығын автоматты турде арттыруға мүмкіндік беретін баламалы электр энергиясымен жабдықтау желілері.



**28-сурет.** Тяньцзинь экоқаласы (Tianjin) – Қытай мен Сингапурдің бірлескен жобасы

жоспарлы түрде салынған қаланың жарқын мысалы. «Мұнайсыз өркендеу» («Fossil Fuel Free» бағдарламасы) ауылшаруашылығы және өнеркәсіп қалдықтарынан, сондай-ақ көптеген ағаш қалдықтарынан отын алу арқылы жүзеге асырылады. Қалдықтар мен қоқыстарды өндөу қондырғыларында пайдаланылады. Қалалық жана мәрмай құю стансыларында автобустар мен автокөліктер үшін мұндай отын бензинге қарағанда 20%-та төмен сатылады.



«Smart city» ұғымы алғаш рет қала құрылышы саласында қолданылған жоқ. 1950 жылы белгілі американдық экономист және менеджменттің теоретиги Питер Друкер өзінің «Менеджмент практикасы» жұмысында тиімді басқару шарттарын сипаттау үшін «smart city» терминін алғаш рет қолданды, мұнда: specific – нақты; measurable – өлшенетін; achievable – қолжетімді; realistic – шынайы; timed – уақыт бойынша анықталған. «Smart city» термині қала құрылышы мен даму саласында кейінірек қолданылды.

Смарт-қалаларда энергияны пайдалану тиімділігін және муниципалдық қызметтердің сапасын арттыру үшін түрлі технологиялық тәсілдер қолданылады. Сингапурдің халқы үшін қала құрылышына оңтайлы өмірлік жағдайды таңдауға көмектесіп, тіршілік ортасының өртүрлі жағдайын модельдеуге көмектесетін компьютерлік жүйе

әзірленуде. Сантандер (Испания) – аймақтағы жоғары технологиялы ақылды қалалардың прототипі. Қала Еуропалық комиссиядан муниципалдық қажеттіліктер үшін 12000 датчикті (көшे шамдары, көлік тұрағы) сатып алу үшін 11 млн АҚШ доллары сомасында грант алды. Нидерландта елдің миллиондаған халқына ариналған электромобильдерді жылдам қуаттау инфрақұрылымы салынды. Жол бойында орналасқан стансылардың әрқайсысының күн шатыры бар.

Оңтүстік Кореяда өлемде тенденсі жоқ Нью-Сонгдо қаласы салынуда (29-сурет). Ол басынан бастап «сандақ қала» ретінде жобаланған: электромобильдер мен сутекті қозғалтқыштары бар машиналар бірыңғай қалалық желіге қосылады; пневматикалық қоқыс құбырлары тұрмыстық қоқысты отын өндіретін метан зауытына тікелей жеткізеді; зияткерлік электрондық жол белгілері автокөлік және жолаушылар ағынының тығыздығына байланысты автоматты түрде өзгереді.

Сингапурде салынатын Park Royal Tower ғимаратын (табиғи-энергетикалық ресурстарды пайдаланбайды) ақылды ғимараттың мысалы ретінде атауга болады. Бұл жерде жасанды жарықтандыру, желдету жүйесін энергияның ең аз мөлшерін тұтынады, шатырдағы фотоэлектрлік панельдер ғимаратты энергиямен қамтамасыз етеді. Қоршаған ортаға зиянды өсері өсімдіктер егу арқылы азайтылады және оны суару үшін жаңбыр суы пайдаланылады. Жоба Сингапурдің ең жоғары экологиялық стандарттарына сәйкес келеді (30-сурет).



**29-сурет. Нью-Сонгдо – Оңтүстік Корея сөүлетшілерінің жетістігі**

\*Книга представлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217



30-сурет. Сингапурдегі PARKROYAL on Pickering қонақүйі – заманауи қалалық сөүлөт эталоны

2014 жылы Нұр-Сұлтан Зияткерлік қоғамдастықтар форумының (АҚШ) нұсқасы бойынша әлемнің 21 зияткерлік қаласының тізіміне енді. Бұл бағыттағы қаланың инфрақұрылымын жақсарту бойынша Алматыда да үлкен жұмыстар атқарылуда. Экологиялық жағдайды жақсарту үшін автокөлік қозғалысы жүйесі қайта құрылуда, қалалық жолаушылар көлігі үшін, велокөлік пен самокаттар үшін жолақтар белінді, велосипедтерді жалға беру жүйесі жолға қойылды (31-сурет).



31-сурет. Велотұрақ қаланың халық кеп шоғырланған жерлерінде орналасқан

**Ақылды қалада өмір сүру үшін не істей аламыз?**

**Сен не  
істей алар  
едің?**

**Коршаган  
ортада қол-  
ғабысынды  
тігіс!**

**Осы  
мақсатты  
уста!**

Қалада қоғамдық көлікпен жүріндер және экологиялық көлік түрлерін таңдаңдар. Қауіпсіз тұрғын үйде тұратыныңа көзінді жеткіз. Өйтпесе қоныс аударуды талап етіндер.

Қаланы жоспарлау бойынша шешімдер қабылдау кезінде қоғамдық тыңдалымдарға қатынасындар, тыңдалымдардың қайда және қашан өткізілетінінен хабардар болындар.

Колжетімді және экологиялық қоғамдық орындарды құру және қолдау, табиғи мұраны сақтау үшін өз ойларынды ғанаңдар түрліріп тұрғындар.

Қала аумағын тазалау бойынша акцияларға қатысындар.

Қаланың/ауылдың мәселелері туралы тұрғындардың акпараттандырындар, екім мен жергілікті депутаттардың сайлауына белсенді қатысындар, кандидаттар алдында өзекті міндеттер мен мәселелер қоя біліндер.

Қала мен ауылды басқару қалай жүзеге асырылып жатқандығына белсенді көніл болындар. Сендердің ойларынша ол қандай қала немесе ауыл болуы керек?



**Ақылды елді мекендерде ауаның ластануын және табиғи-энергетикалық ресурстарды пайдалануды болдырмауга мүмкіндік беретін озық технологиялар пайдаланылады. Экологиялық жағынан кемелденген урбожүйе ғана экологиялық тұрақты бола алады (23-сызбанұсқа).**

**Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Смарт және әкоқаланың үқсастығы мен айырмашылығы неде?
2. Смарт және әкоқаладағы экологиялық-экономикалық өзара байланысты сипаттайтын модельдер немен сипатталады?
3. Қалалардың экологиялық тұрақты дамуына бағытталған жасыл құрылышта қандай модельдер қолданылады?
4. «Жылды» және «акылды» үйлерді қалай сипаттауга болады?
5. Қазақстандағы смарт және экосити құрылышының келешегі қандай?
6. Табигатты қорғауга бағытталған өмір сүру салтын қалыптастыруда әкоқалалардың маңызы қандай?
7. Мектеп аумағындағы ЭКО- және смарт алаңы жобасын ұсынындар. Үлдар тобы алаң құрылымын, қыздар – эстетикалық безендіруді ұсынуы тиіс. Жобаларынмен таныстырындар.

# ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗДЕРІ

## Қоршаған ортаның антропогендік өзгеруі

### § 23. Табиғатты пайдалану тұжырымдамасы

*Белтіріктің тәгіндері және табиғатты елемеу*

Талқылау  
тақырыбы

Қыргыз халық жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Жанпида» («Плаха») романы 1980 жылдардың соңында табиғаттың заңын елемеу жеке адамға және бүкіл адамзат қоғамдастығына қауіп тәндіретін апат екендігі ескерту ретінде жазылып, жарыққа шықты. Оқиға

#### Бүгінгі сабакта:

- Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеумен танысадыңдар;
- табиғатты пайдалану тұжырымдамасымен танысадыңдар.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ табиғатты елемеу
- ✓ табиғатқа тұтынушылық көзқарас
- ✓ табиғатты пайдалану тұжырымдамасы

бірін аңшылар атып елтіріпти. Tipi қалғаны – Ақбар мен Тасшайнарғана. Жарапанған қасқырлар апанына жетеді. Алайда бұл жерде де аңшылар масайрап көңіл көтеріп отырғанын көреді. Олардың шұңқырда жатқан күшіктерін Базарбай көріп қапқа салып, өзімен бірге үйіне ала кетеді. Ақбар мен Тасшайнар да Базарбайдың артына түседі. Артына қасқырлардың ергенін көрген Базарбай жол бойындағы Бостанның үйіне кіріп аялдайды. Бостан – роман желісіндегі басты кейіпкерлердің бірі. Тікүшактан ақбекендерді атқанын көрген ол белтіріктерді Базарбайдан сатып алып, апанына апарып тастауды ойлаган, алайда Базарбай сатпады. Адамдардың кесірінен Ақбар мен Тасшайнар бейнесіндегі табиғат үрпактарынан айырылады. Кейінгі кезде қасқырлар адамдарға шаба бастады дегенді есітеді. Бостан себебін түсінсе де, қасқырларды атып тастауга бел буады. Бірақ тек қана арланын ата алды. Абданы бірнеше күн көрінбей кетті. Оңтайлы сөтті күткен қасқыр Бостаннан кек алу үшін оның кішкентай баласын ұрлап өкетеді. Бостан қасқырды қуып жетіп атуға қанша рет өкталса да, баласына оқ тигізіп алам ба деп ата алмады. Ақырында атылған оқ тиген баласы мерт болды. Ызаға булыққан Бостан Базарбайды атып тастайды. Романың соңы осылай аянышты аяқталады.



Қасқырлар мен адамдар арасындағы қоғамдық проблемалар бүгін де өзекті деп айтуға бола ма? Сен қалай ойлайсың, «Жанпида» романының желісі алдын

ала ескерту сияқты. Романды толық оқып, оны ата-аналарыңмен және доста-рыңмен талқыландар.



Қазақстанда 2015 жылы киіктөрдің жаппай қырылуды республика аумағында ақбекен басының күрт азаюна алып келді. 2015 жылдың маусым айының басында еліміздің үш өнірі (Қостанай, Ақтөбе және Ақмола облыстары) аумағында 134 мыңға жуық ақбекен қырылыш қалды, ал 2014 жылы Қазақстандағы ақбекендердің жалпы саны 256,7 мың деп тіркелген.



Ақбекендердің жаппай қырылуды туралы деректерді табындар. Қаскерлердің ақбекендерді атқаны туралы деректерді ақпарат көздеріне жарияланған материалдар арқылы мысал келтіріңдер. Қаскерлікке қарсы қандай курес шаралары қолданылуда?

**Табиғатқа тұтынушылық көзқарас тұжырымдамасы.** Қоғамның табиғатқа деген тұтынушылық көзқарасы ғасырлар бойы қалыптасып, бүгінгі күнде жалғасын табуда. Өсіреле бұл өндіру өнеркәсібі дамыған елдерге қатысты болады. Бұл тұжырымдаманың мәні – адамдар табиғатты белгілі бір қойма ретінде қабылдауы, одан материалдық өндірісті дамыту және қоғамды байыту үшін ресурстар алады. Табиғатқа деген тұтынушылық көзқарастың күтілетін салдары табиғи ортаның уақыт ете келе ластануы, сарқылуды және бұзылуы (24-сызбанұсқа).

24-сызбанұсқа

#### Табиғатқа тұтынушылық көзқарастың салдары



Бірнеше топқа бөлініңдер. Өздерің тұратын жердің, Қазақстанның бір аймағының, дүниежүзінің бір елінің табиғи ортасының ластануы, сарқылуды және бұзылуы туралы мәлімет тауып, мысал келтіріңдер. Табиғатқа тұтынушылық көзқарасты азайту үшін не істей керек?

**Экономикалық даму, қажеттіліктер мен халықты шектеу тұжырымдамалары.** Бұл тұжырымдама табиғат ресурстарының сарқылудына, қоршаған ортаның ластануы және экожүйелердің тозуына жауап ретінде қарастырылады. Бұл тұжырымдаманы жақтаушылар

(американдық ғалым Дж.Форрестер, «Рим клубының» мүшелері, 1968 жылы құрылған үкіметтік емес ғылыми-зерттеу халықаралық бірлестігінің мүшелері және т.б.) экологиялық «коллапстың (куйреу)» болу мүмкіндігіне және осыған байланысты қоғамның жойылу қаупін ескеретін жүйеге сүйенген.

Д. Медоуз және т.б. («Рим клубының» мүшелері және 1972 жылы шығарылған «Пределы роста» кітабының авторлары) адамзаттың қазіргі заманғы даму қарқыны мен бағыттарын сақтай отырып, одан әрі дамуының қолайсыз жақтарының алдын алу үшін бірқатар ұсыныстар жасады:

1. Егер дүниежүзі халқы санының өсуі, индустриялану, қоршаған ортаның ластануы, азық-түлік өнімдері өндірісі және ресурстардың сарқылу үдерістері өзгермейтін болса, өсімнің шегіне таяудағы 100 жыл ішінде қол жеткізілетін болады. Мұндай жағдайда халық саны мен өндіріс көлемінің кенеттен төмендеуіне алып келуі мүмкін.

2. Бұл үдерістерді өзгертуге болады, өзгерту арқылы экологиялық және экономикалық тұрақтылықты орнатып, алыс болашақта да осы қалпында сақтауға болады. Ол үшін жаһандық тепе-тәндіктің жай-куйі әрбір адам өзінің негізгі материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырып, әрі өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік алатындей болуы тиіс.

3. Егер адамзат дамудың бірінші емес, екінші нұсқасын таңдайтын болса, онда ол оны жүзеге асыру үшін неғұрлым тезірек жұмыс істеп бастаса, соғұрлым табысқа жету мүмкіндігіне ие болады.

Бұл тұжырымдама бүкіл әлемде күрт сынға ұшырады. Адамзаттың экономикалық дамуын тәжеуге шақыру құрғақ қиял ретінде қабылданды.

Аталған ғалымдар тобы 20 жылдан кейін осы мәселеге байланысты жаңа зерттеулер жүргізді. Әлемдік деректердің және 20 жылда болған барлық оқиғалардың сараптамасына сүйене отырып, өздерінің негізгі қорытындыларын төмендегідей тұжырымдады:

1. Адамзаттың ресурстардың көптеген маңызды түрлерін пайдалану қарқыны және ластанудың көптеген түрлері рұқсат етілген шамадан асып түседі. Минералды және энергетикалық ресурстарды тоқтаусыз және ретсіз пайдалану, таяудағы онжылдықта тамақ өнімдерін өндіру, энергияны тұтыну және өнеркәсіптік өндіріс көлемі жан басына шаққанда төмендейді.

2. Бұл төмендеу қайтымсыз емес. Оны болдырмау үшін, біріншіден, халық саны мен материалдық тұтыну деңгейінің өсуіне ықпал ететін саясат пен практиканы жан-жақты қайта қарау; екіншіден, материалдық және энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін күрт артыру қажет.

3. Технологиялық жөне экономикалық жағынан орнықты қоғамды күрүға өлі де болады. Ол осы күнгі сан жағынан өсу есебінен барлық проблемаларды шешетін қоғаммен салыстырғанда өлдекайда қолайлы болуы мүмкін. Тұрақты қоғамға көшу мүқият сараланған (қазіргі жөне алыс болашақты есепке ала отырып) жағдайда болады. Ол үшін тек қана өндіріс көлемінің артуына иек артпай, оның сапасына көнділ белгендегі жағдайда іске асады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Табиғатты тиімді пайдалану біздің қолымызда» тақырыбында эссе дайындаңдар.
2. Бірнеше топқа бөлініңдер. Өздерің тұратын аймақта табиғат ресурстарын пайдаланатын жөне қоршаған ортаны ластайтын салалар жоқ болған жағдайдарғы өмір сүрудің тиімді нұсқаларын ұсыныңдар. Достарыңың идеяларын бағалаңдар. Олардың ішінен ең тиімді жөне жақын арада жүзеге асыруға болады дегендерін таңдаңдар.

## § 24. Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістері

Адамның табиғатқа өсер етуі. Бастапқыда адам биоценоздың құрамбөлігімен жөне табиғатпен қарым-қатынаста болды, оның елеулі өсері байқалмады. Табиғат берген шаруашылықтан (терімшілік, аң аулау, балық аулау) өндіруші шаруашылыққа ауысуы (егіншілік, мал өсіру) адамның табиғатқа қатынасы алдымен жергілікті аумақтарға, содан кейін бүкіл өнірлерге өсер ете бастады.

Қазіргі уақытта Жер аумағын игеруде жөне пайдалануда жаңа тәсілдер енгізілуде. Өзер ету деңгейі бойынша бұрын-соңды болмаған теріс антропогендік іс-әрекеттер, өсіреле XX ғасырдың екінші жартысынан бастап пайда болды: табиғат ресурстарының сарқылуы, жерусті суларының ластануы, ормандарды кесу, топырақтың сортаңдануы мен аумақтардың шөлейттенуі, жануарлар мен өсімдіктердің саны мен түрлерінің қысқаруы жөне т.б. Антропогендік іс-әрекеттердің генезисі, таралуы мен ауданы, қолданылу уақыты мен сипаты өртүрлі болуы мүмкін, олар: мақсатты жөне стихиялық, тұра жөне жанама, ұзақ жөне қысқа мерзімді, нүктелік жөне аландық жөне т.б. Экологиялық салдарлар бойынша антропогендік өзер оң жөне теріс бо-

### Бүгінгі сабакта:

- табиғатқа антропогендік өзерлердің түрлерін білесіндер;
- өздерің тұратын аудан табиғатының антропогендік өзгерістерін көресіндер;
- қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеуді үйренесіндер.

### Жетекші ұғымдар:


- ✓ антропогендік өзер
- ✓ қоршаған ортаның антропогендік өзгеруі

### Глоссарий:

- **Қоршаған ортаның өзгеруі** – теріс өзер ету нәтижесінен табиғи нысандар мен кешендер жайкүйінің қайтымы және қайтымсыз өзгеруі.

лып белінеді. Оң өсерлерге табиғи ресурстарды қайта қалпына келтіру, орманды қолдан өсіру, пайдалы қазбаларды өндіретін жерлерді рекультивациялау және т.б. жатқызуға болады. Теріс өсерлерге адамның табиғатты тұншықтыратын өсерлерінің барлық түрлері жатады.

Антрапогендік өсер ету жойқын, тұрақтандырыш және конструктивті болуы мүмкін (32-сурет).



32-сурет. Табиғатқа антропогендік өсер ету түрлері




Әздерің тұратын аудандагы табиғатқа жойқын, тұрақтандырыш және конструктивті өсер ету мысалдарын көлтіріңдер. Бұл өсерлердің дөрежесі қандай? Өсер етудің басым түрін атаңдар.

**Коршаған ортаның антропогендік өзгерістері.** Коршаған орта үздіксіз өзгеріске ұшырайды. Бұл өзгерістер өртүрлі сипатқа ие, өзінің бағыты мен көлемі бойынша өртүрлі, кеңістікте және уақытта біркелкі белінбеген.

Табиғи орта жай-күйінің антропогендік өзгерістері мүлдем басқа ерекшелікке ие, олар соңғы онжылдықта алып техникалардың пайда болуы мен және энергиямен қарулануына байланысты ерекшелене түсті. Антропогендік өзгерістер жекелеген жағдайларда табиғи ортаның орташа жай-күйінің күрт және тез өзгеруіне әкеледі (12-кесте).

12-кесте

#### Коршаған ортаның антропогендік өзгерістері

	Жер беті құрылымының өзгеруі
	Биосфера құрамының, айналымның және оған кіретін заттар балансының өзгеруі

	Жекелеген участеклер мен аймақтардың энергетикалық жөне жылу балансының өзгеруі
	Биоалтуантурліліктегі өзгерістер



Бірнеше топқа бөлініңдер. Қоршаған ортасың антропогендік өзгерістері бойынша таныстырылымдар дайындаңдар. Жергілікті жерден мысал келтіріңдер.



Сыныпта Барри Коммонердің экологиялық заңдарын талқылаңдар: «Барлығы барлығымен байланысты», «Табигат бізден жақсы біледі», «Оңай ештеңе болмайды». Олардың сабак тақырыбымен байланысын табыңдар. Қоршаған ортада болып жатқан шындыққа мысал келтіріңдер.



Қоршаған ортадағы антропогендік өзгерістер алуан түрлі. Ол табигаттың құрамбөліктерінің біріне тікелей әсер ете отырып, басқаларын да жанама түрде өзгерте алады. Бірінші жағдайда да, екінші жағдайда да табиги кешендеңі заттардың айналымы бұзылады, бұл одан өрі географиялық қабықтың бүтіндігін бұзуға әкелуі мүмкін.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- Өздерің тұратын аудандагы антропогендік ландшафттарға мысал келтіріңдер.
- Экожүйенің тұтастығын сақтау қажеттігін негіздендер.
- Өздерің тұратын аймақтағы қоршаған ортасың антропогендік өзгерістері қаншалықты өзектілікке ие? Оларды шешу жолдарын ұсынындар.

### Қоршаған ортасың сапасы

#### § 26. Табигатты пайдаланудың геоэкологиялық аспектілері

**Адамзат қоғамының қоршаған ортамен өзара өрекеттесуінің тарихи аспектілері.** Табиги орта жағдайлары мен адамның іс-өрекетінің арақатынасы табигатты пайдаланудың бірнеше түрлерін қалыптастырды, олардың қалыптасу ерекшеліктері табиги

#### Бұғынгі сабакта:

- табигатты пайдаланудың тарихи аспектілерін білесіңдер;
- табигатты ұтымды пайдаланудың құрылымы мен қағидаттарын түсінесіңдер.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ табиғатты пайдаланудың тарихи аспектілері
- ✓ табиғатты тиімді пайдалану
- ✓ табиғатты пайдалану қағидаттары

және техногендік ландшафттардың өртүрлі қатынасымен, қоғамдық құрылыммен анықталады. Осының барлығы табиғатты пайдалану теориясының тарихи және географиялық аспектілері деп екіге бөлінеді.

Қоғамның белгілі бір сұраныстарына сейкес келетін табиғатты пайдаланудың тарихи типтері тек қана өндірілген өнімнің көлемі бойынша ғана емес, пайдаланылатын энергия көздерінің және басым технологиялардың сипаты бойынша да ерекшеленеді. Осы белгілеріне сейкес табиғатты пайдаланудың үш кезеңі анықталады (33-сурет).



33-сурет. Табиғатты пайдаланудың тарихи кезеңдері



33-суретке зер сала отырып, олардың уақытша аспектілерін және табиғатты пайдаланудың өр кезеңдерінің ерекшеліктерін анықтаңдар. Энергияның басым көздерін және басым өндірістік технологияларды атандар, олардың өркайсысының қоршаган ортаға өсері қандай?

Әрбір тарихи кезеңге табиғатты пайдаланудың белгілі бір тарихи типі сейкес келеді, сонымен бірге өр кезеңге сейкес келетін табиғат жағдайлары географиялық типтерге және тип тармақтарына жіктеледі.

Жер бетінде бір мезгілде экономикалық дамудың өртүрлі сатысы орналасқандықтан, осыған сейкес бір мезгілде табиғатты пайдаланудың да өртүрлі тарихи кезеңдері бар. Жер бетінде қалыптасқан табиғатты пайдалану жүйесі тарихи және географиялық типтердің күрделі мозаикасы болып табылады.



*Табиғатты пайдаланудың өнеркәсіптік-урбанистік түрі (құрамына халық пен өндірістің шоғырлану аймагы болып есептелінетін қалалар мен өнеркәсіптік аймақтар және оларды құрлық арқылы байланыстыратын көлік комму-*

никациялары кіреді) ортасын барлық құрамбөліктерінің айтарлықтай өзгеруімен және жаңады табиғи орта нысандарының үстемдігімен сипатталады, олар бірнеше тур тармақтарына бөлінеді: қалалық, көліктік-енеркесіптік, тау-көнөнеркесібі.

*Табиғатты пайдаланудың ауылшаруашылық түрі* орта құрамбөліктерінің ішінәра өзгеріске ұшырауымен, басымдығымен ерекшеленеді. Олар жерді өндеп айтуға байланысты (ирригациялық-егіншілік және көдімгі егіншілік түрлеріне бөлінеді) және жерді өндеп айтуға байланысты емес түрлерге бөлінеді (шалғынды-шабындық, жайылымдық).

*Табиғатты пайдаланудагы орманшаруашылығы* барлық табиғи зоналардағы орман ландшафттарын біріктіреді, ол адамзат пайдаланатын жерлердің арасында «жабайы» табиғатының үстемдігімен сипатталады. Шартты түрде орманшаруашылығы орман өнеркесібі, су және топыракты қорғау, рекреациялық және санитарлық-гигиеналық түрлерге бөлінеді.

### Глоссарий:

- **Табиғатты пайдалану** – табиғи-ресурстық әлеуетті пайдаланудың барлық формалары және оны сақтаудағы шаралардың жынытыбы. Табиғатты пайдаланудың қамтитын шаралар:
  - табиғат ресурстарын алу және қайта өндеп, оларды қайта жаңырту немесе қайта өсіру;
  - тіршілік ортасының табиғат жағдайларын пайдалану және қорғау;
  - табиғи жүйелердің экологиялық балансын сақтау (қалыпты үстап түру), қалпына келтіру және үтымды өзгерту.

**Табиғатты тиімді пайдаланудың құрылымы мен қағидаттары.** Табиғатты тиімді пайдалану стратегиясына табиғи ресурстарды ғылыми түрғыда зерттеу, кешенді жолмен пайдалану, онда экожүйелердің өзін-өзі реттеу және өзін-өзі қалпына келтіру қабілетінің бұзыла бастаған кезінде табиғи-ресурстық әлеуетті барынша сақтауға қол жеткізуі жатады (13-кесте).

13-кесте

#### Табиғатты тиімді пайдалану құрылымы

Табиғатты тиімді пайдалану			
Зерттеу	Қорғау	Игеру	Түрлендіру
Есепке алу және бағалау, даму барысын болжаяу, басқару және пайдалану жүйесін өзірлеу	Сапасына мен беру	Тиімділігі	Жақсарту және оңтайландыру
	Өнімділігін қалыпты үстап түру және үстемелеу	Өндіру және өндеп айтуға байланысты жаңырту (сандақ және сапалық)	



Бірнеше топқа бөлініцдер. 13-кестеге назар аударындар. Өздерің тұратын жер жағдайына байланысты табиғи ортасын зерттеу, қорғау, игеру және түрлендіруге мысал келтіріндер. Олар табиғатты тиімді пайдалану талаптарына қаншалықты сейкес келеді? Табиғатты тиімді пайдалану жүйесін жақсарту шараларын ұсынындар. Достарыңын жұмысын бағалаңдар.


**Талқылау  
тақырыбы**

Табиғатты тиімді пайдаланудың маңызды қаридаттарымен танысындар (25-сызбанұсқа). Әрбір қаридаттың мөнін қосымша көздерден табындар. Оларды ата-аналарыңымен талқылаپ, маңыздылығын анықтаңдар. Сыныпта олардың ерқайсысы бойынша негізгі қорытындылармен белсіндер.

**25-сызбанұсқа**

### Табиғатты тиімді пайдаланудың маңызды қаридаттары



#### Сұрақтар мен тапсырмалар

- Бірнеше топқа бөлініндер. Ұсынылған геоэкологиялық аспектілердің біріне таныстырылым дайынданадар: урбандалу, энергетика, өнеркәсіп, көлік, ауылшаруашылығы.
- Өздерің тұратын аймақтағы ең өзекті геоэкологиялық меселелерді атандар. Табиғи ортаны онтайландыру жолдарын ұсынындар.

### § 26. Қоршаған ортаның сапасын бағалау

#### Бүгінгі сабакта:

- қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктеуді үйренесіндер;
- қоршаған ортаның сапасын талдай алатын боласындар.

**Қоршаған орта сапасының көрсеткіштері.** Қоршаған ортаны зерттеуде өртүрлі экожүйелердің сапасын зерттейді: судың сапасы, ауаның сапасы, топырақтың сапасы, табиғи жүйелердің динамикалық сапасы және т.б. (26-сызбанұсқа). Олардың барлығы адамның өмір сүру ортасының сапасына өсер етеді.

Адамның өмір сүру ортасының сапасы адамның жеке физикалық және психикалық деңсаулығының кешені, яғни адамның өмір сүру орта-

сының сипаттамалары оның физиологиялық және өлеуметтік-рухани қажеттіліктеріне сәйкес келу дәрежесін қамтамасыз ететін жағдайлардың жиынтығы болып табылады.

Қоршаған табиғи ортаның сапасы деп табиғат пен адам арасындағы зат және энергия алмасу үдерісін тұрақты және өзгеріссіз қамтамасыз ететін оның экологиялық жүйелерінің жай-күйін айтады.

Адамның өмір сүру ортасының сапасы оргаша өмір сүру үзақтығымен, денсаулығымен және адамдардың ауруға шалдығу деңгейімен кешенді турде бейнеленеді.



Ауа, су, топырақ және табиғи жүйелердің динамикалық сапасы үғымдарының анықтамасын табындар. Олар қоршаған ортаның жалпы жағдайына және адам денсаулығына қалай өсер етеді? Олар өзара қалай байланысты? Судың, ауаның, топырақтың және экожүйенің сапасы туралы КР Зандарының баптарын дейектендер.

**Қоршаған ортаның сапасын бағалау нормативтері.** Қоршаған ортасын бағалау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: ауа, су, топырақ қабатының және экожүйенің сапасы т.б. Бағалау үшін негіз ағзаның табиғи бейімделу мүмкіндігі болып табылатын зиянды факторлардың өсерін шектейтін нормативтерді пайдаланады.



Зиянды заттың ағзага өсер етуі кезінде алдымен бейімделу, содан кейін ауырсыну және одан ері сол өсердің қарқындылығын сактай отырып, уытты, канцерогендік, мутагендік, аллергендік, гонадотропты және эмбриотропты өртүрлі патологиялық ауыр өсерлер дамиды. Бұл ауыр өсерлер ауруды тудыруы мүмкін және тіпті елімге екелу мүмкін.

26-сызбанұсқа

Адамның өмір сүру ортасының сапасының көрсеткіштері

Қоршаған орта сапасының нормативтері (27-сызбанұсқа) бірқатар функцияларды орындайды. Олар табиғи ортаға зиянды химиялық, физикалық және биологиялық өсерлердің шекті шамаларын анықтап, атмосфералық ауаның, судың, топырақтың жай-күйін химиялық, физикалық және биологиялық сипаттамалар бойынша бағалауға қолданылады.

Заңнама талаптарына сәйкес белгіленген қоршаған орта сапасының нормативтері оның қолайлы жай-күйін анықтау үшін заңды критерийлердің бірі болып есептелінеді.

### Жетекші үғымдар:

- ✓ қоршаған ортасының сапасы
- ✓ қоршаған ортасы бағалау нормативтері
- ✓ қоршаған орта мониторингі





Бірнеше топқа бөлініндер. Қоршаған орта сапасының нормативтері бойынша хабарламалар дайынданадар. Сендер тұратын елді мекен үшін олардың қайсысы ең маңызды? Сендер тұратын ауданда қандай нормативтер сақталмайды?


**Қоршаған орта сапасының мониторингі.** Экологиялық мониторинг – қоршаған ортаның жай-күйін қадағалаудың, антропогендік және табиғи факторлардың әсерінен қоршаған орта жай-күйінің өзгерістерін бағалаудың және болжаудың кешенді жүйесі (28-сызбанұсқа).



Неге қоршаған орта мониторингі үдерісінің бірізділігін сақтау маңызды? Түсініктерінді дөлелдендер.

Қоршаған ортаны бағалау үшін мониторингтің әртүрлі түрлері қолданылады (29-сызбанұсқа).

### Көршаган ортаның сапасын бағалау әдістері



Бұл жекелеген экожүйелердің және жалпы биосфераның сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін адамдар мен табиғат арасындағы алмасу үдерістерінің өзгеру көрсеткіштері бойынша табиғаттың әртүрлі құрамбөліктерінің жай-күйі, ғаламшар бойынша адамдардың көбею деңгейі және ортаның әртүрлі ластанулардан өздігінен тазартылуы зерттеледі.

Мониторинг – көпдеңгейлі жүйе. Жергілікті, аймақтық, ұлттық және жаһандық деңгейдегі жүйелерге бөлінеді.

**Талқылау тәсілдері** Мониторингтің барлық түрлерін біріктірген жағдайда ғана қоршаган ортаның сапасына объективті және нақты баға беруге болады деп ойлайсындар ма, сыйыптастарыңмен талқыланадар.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- «Қоршаган орта мониторингі деңгейлері» кестесін толтырындар.

Мониторинг түрлері	Бақылау нысандары	Бақылау пункттері
Жергілікті		
Аймақтық		
Ғаламдық (биосфералық)		

- Өздерің тұратын жердегі қоршаган ортаның қай құрамбөлігі тездеп бағалауды талап етеді? Неге, ойланындар. «Жергілікті жердегі табиғаттың құрамбөліктерінің сапасын мониторингілеу» кестесін толтырындар.

Мониторинг нысаны	Мақсаты	Функциялары (қызметі)				
		Міндеттер				
Baқылау	Aнықтау	Саралау (талдау)	Модельдеу (үлгілеу)	Болжам		

- Қоршаган ортаның сапасын бағалау және мониторингілеумен байланысты мамандықтарды атандар.

**10-сараланың жұмыс.**

**Ауадағы зиянды заттардың шекті шамасының шоғырлануын анықтау және олардың адам денсаулығына өсері**

**Мақсаты** – ластанған қоршаған ортаның адам өміріне тигізетін өсеріне баға беру.

Қалалар мен өнеркесіптік орталықтарда ауа өртүрлі химиялық заттар мен қоспаларды шығаратын автокелік пен өнеркесіптік кесіп-орындардың зиянды қалдықтары арқылы қатты ластанған. Олардың өрқайсысы өртүрлі деңгейде адам денсаулығына теріс өсереді.

Барлық ластаушы заттар үшін ауадағы заттардың ШШК (ШМК) (шекті шама концентрациясы немесе шектеулі мөлшер концентрациясы) нормалары бар. Осы нормалардың сақталуын арнайы органдар қадағалауы тиіс және оларды жүйелі түрде бұзған жағдайда белгілі бір санкциялар салынады: айыппұлдан кесіпорынның жабылуына дейін.

Әрбір өзіндік зиянды заттардың қауіптілік класы бар: ол – қауіпті заттарды жіктеуге арналған шартты шама. Ағзаға өсер ету дөрежесін бойынша зиянды заттарды қауіптіліктің төрт класына беледі: I – ете қауіпті заттар; II – қауіптілігі жоғары заттар; III – орташа қауіпті заттар; IV – қауіптілігі аз заттар.

Ауадағы зиянды заттардың концентрациясын анықтау бойынша есептің алгоритмі:

Мысалы,

Ақжайық ауылдың ауасында экологтер концентрацияда фенол мен ацетон буынының болуын анықтады:

ацетон = 0,345 мг/м<sup>3</sup>;

фенол = 0,009 мг/м<sup>3</sup>.

ШШК болу керек:

ШШК<sub>ацетон</sub> = 0,35 мг/м<sup>3</sup>;

ШШК<sub>фенол</sub> = 0,01 мг/м<sup>3</sup>.

**Тапсырма.** Елді мекен ауасындағы фенол мен ацетон буынының құрамын анықтау.

Егер ауада жинақтала (бір-бірімен қосыла алатын заттар) алатын бірнеше заттар болса, онда ауаның сапасы белгіленген нормага сейкес болады, егер де.....

$C_1/\text{ШШК}_1 + C_2/\text{ШШК}_2 + \dots + C_n/\text{ШШК}_n < 1$ ,

Бұл жердегі  $C_1, C_2, \dots, C_n$  – жинақтала алатын улы заттардың концентрациясы;

**Глоссарий:**

- ШШК/ШМК** – атмосфералық ауадағы ластаушы заттың жинақталу және шоғырлану шегі – адамның жұмыс істеу қабілетін төмendetпейтін, өзінің қалыпты сезінүін және санитарлық-тұрмыстық жағдайларын нашарлатпайтын, қазіргі немесе болашақ үрпақта тікелей немесе жанама қолайсыз әсер етпейтін шоғырлану.

- ТШШК** – жергілікті жер (елді мекен) ауасындағы химиялық заттардың шекті рұқсат етілген орташа тәуліктік шоғырлануы, мг/м<sup>3</sup>. Бұл концентрациямен ұзақ жылдар бойы тыныс алған кезде адамға тікелей немесе жанама зиянды әсер етпеудің тиіс.

$\text{ШШК}_1, \text{ШШК}_2, \dots, \text{ШШК}_n$  – улы заттардың шекті шамасының концентрациясы.

Бұл елді мекеннің ауасында жинақтала алатын заттардың ШШК бірлігінен аспауы тиіс дегенді білдіреді.

*Шешімі:*

$$0,345/0,35 + 0,009/0,9 < 1$$

$$0,986 + 0,01 < 1$$

$$0,996 < 1$$

**Қорытынды:** елді мекен ауасындағы фенол мен ацетон буынының құрамы нормативтерден аспайды.



**1-тапсырма.** Өздерің тұратын елді мекеннің аудан немесе облыс орталықтарын таңдаңдар, атмосфералық ауаның ластануын анықтамалық деректерді пайдалана отырып, ең зиянды 3–4 заттың құрамын қосу әсерімен анықтаңдар. ШШК нормасына сәйкес пе немесе артық па? Кестені толтырыңдар.

Елді мекендердің атмосфера ауасындағы кейбір зиянды заттардың ШШК мөлшері

Заттың атауы	Қауіптілік класы	ШШК, мг/м <sup>3</sup>	
		ШШК-нің бір реттік максимумы	ШШК-нің тәуліктік мөлшері
Азот диоксиді			
Азот оксиді			
Сынап			
Ыс			
Құқіртті сутек			
Құқірт диоксиді			
Көміртек диоксиді			

**2-тапсырма.** Анықталған заттар қауіптіліктің қандай класына жатады? Олар қандай ауруларға әкелуі мүмкін?

**3-тапсырма.** Зиянды заттардың ластану көздерін атаңдар. Олар қандай өнімдерді өндірумен байланысты?

## § 27. Экология және денсаулық

### Бұғынгі сабакта:

- ластанған қоршаған ортасынада адам өміріне тигізетін асерін талдайсыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ экологиялық түрғыдан негізделген аурулар
- ✓ денсаулық индикаторлары
- ✓ касіби аурулар

**Экология және денсаулық.** Қоршаған ортасынада жай-күйі адам денсаулығына тікелей әсер етеді. Экологиялық түрғыдан негізделген аурулар қоршаған орта жағдайының индикаторы болып табылады.

Экологиялық себептерден туындаған аурулар қандай да бір аумақтың халқы арасында экологиялық қолайсыздық тудыратын тіршілік ету ортасының зиянды факторларының (химиялық заттардың немесе физикалық факторлардың) әсерінен дамиды.



2000 жылдан астам уақыт бұрын грек дәрігері Гиппократ және басқа ойшылдар қоршаған орта факторлары аурулардың пайда болуына әсер етуі мүмкін деген идеяны айтты. Гиппократ гимнастика, денешынықтыру жаттыгулары, жалу жүру денсаулықты және салауатты өмір салтын сақтағысы келетін өрбір адамның күнделікті түрмисына берік кіру керек екенін айтты.


Барлық экологиялық себептерден туындаған ауруларды екі топқа бөлуге болады. *Табиғи себептердің әсеріне байланысты экологиялық түрғыдан туындаған аурулар (эндемиялық аурулар)* – ауызсудағы, жергілікті тамақ өнімдеріндегі жекелеген элементтердің артық немесе жетіспеуі, экстремалды климаттық жағдайлардың әсері және адам қызметімен байланысты экологиялық түрғыдан туындаған аурулар (немесе *техногендік*).

Экологиялық түрғыдан негізделген факторлар соңғы жылдары өсу үдерісі байқалатын өртүрлі аурулардың (тыныс алу органдарының аурулары, қатерлі ісіктер, жүйке жүйесінің аурулары және қанайналымы жүйесі) көбеюіне себепші болуда (3-диаграмма).



Қазақстанда туберкулезben ауыратындар санының төмендеуі немен байланысты? Неліктен тыныс алу органдары, қатерлі ісіктер, жүйке жүйесі мен қанайналым жүйесі ауруларының өсу үдерісі сақталуда?

Техногендік аурулар екі топқа бөлінеді: 1. Қандай да бір зиянды фактордың ұзақ уақыт бойы әсер етуінен немесе олардың адам ағзасына үйлесімді әсер етуінен туындаған аурулар. Сонымен қатар жалпы деңгеймен және басқа аумақтармен салыстырғанда белгілі аурулармен сырқаттанушылар деңгейінің жоғары болуы. 2. Сыртқы ортадағы табиғатты химиялық немесе физикалық немесе басқа да зиянды факторлардың кенеттен ұлғаюынан (әдетте, авариялар нәтижесінде) пайда болады. Бұл аумақтарда «жана» немесе белгілі аурулардың күрт өсуі (өршуі) байқалады.



3-диаграмма. Қазақстан Республикасы халықының жекелеген ауруларының даму үдерісі

Халықтың денсаулығына өсер ететін ықтимал ластаушылар: елді мекендер ауасының шаңмен, күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, қорғасын, формальдегид, хлор, фторлы сутек, аммиак, қеміртек оксиді, күкіртсүтек және хлорлы сутекпен ластануы. Осы ластаушылардың өркайсысының адам денсаулығына өсері мен таралуының өзіндік ерекшелігі бар (14-кесте).

14-кесте

**Қазақстаниң ірі қалалары мен өнеркәсіп орталықтарының атмосфералық ауасын ластаушылар кестесі**

Ластаушылар	Адам денсаулығы үшін теріс өсер ететін ластаушылар бар қалалар
Шаң-тозаң	Ақтау, Атырау, Жезқазған, Павлодар, Семей, Теміртау, Шымкент, Өскемен
Көміртек оксиді (СО)	Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Павлодар, Семей, Тараз, Шымкент, Өскемен, Орал және Екібастұз
Азот оксиді	Өскемен, Балқаш, Алматы, Қарағанды, Риддер
Күкіртсүтек	Павлодар, Орал, Теміртау
Күкірт оксиді	Глубокое ауылы, Өскемен, Балқаш, Риддер, Жезқазған
Аммиак	Теміртау, Шымкент
Қорғасын	Шымкент, Балқаш, Кентау, Өскемен, Талдықорған, Алматы, Текели
ТОЛ (Тұрақты органикалық ластаушылар)	Шымкент, Алматы, Риддер, Өскемен



Ластаушылар тізімі бойынша бірнеше топқа белініцдер. Олар қандай ауруларға душар етуі мүмкін екендігін анықтаңдар. Ластану көздерін атаңдар.

Тынис алу мүшелерінің ауруы атмосфераға ластаушы заттардың едәуір белілгі шығарылатын және атмосфералық ауасы сапасыз қалалар мен облыстарға тән (Алматы, Өскемен, Алматы қалалары және Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Туркістан, Павлодар, Ақтөбе облыстары).

Бір мезгілде ауада бірнеше химиялық агенттер болған жағдайда адам денсаулығы үшін теріс әсер етуі мүмкін. Ластанудың жалпы жиынтығы иммундық жүйеге әсер етеді және онкологиялық аурулардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Бұл түрғыда ең жоғары ластану байқалған қалалар – Алматы, Өскемен, Шымкент және Риддер.

Кестеде халықтың денсаулығының қоршаған ортаның ластануымен байланыстыратын негізгі төрт топты құрайтын индикаторлар берілген (15-кесте)

15-кесте

**Халық денсаулығының қоршаған ортаның ластануымен  
байланыстыратын индикаторлар кестесі**

1	Қоршаған ортаның ластануы себебінен сырқаттанушылық және өлім-жітім деңгейі	3	Қоршаған ортаның ластануынан халықтың денсаулығына тікелей әсер ететін экономикалық залал
2	Денсаулыққа әсер ететін жанама индикаторлар	4	Халықтың қоршаған ортаның сапасы және аурудың алдын алуы үшін тәлеуге деген дайындығын экономикалық бағалау

**Денсаулық және кесіби қызмет.** Қазақстанның көптеген қалалары мен өнеркәсіп орталықтарында қоршаған ортаның сапасы бойынша қолайсыз жағдай сақталуда. Олар едәуір дөрежеде, өнеркәсіптік кесіпорындардың жұмысымен байланысты әсер етуі өртүрлі болуы мүмкін. Кесіпорындардың жұмысы кейбір кесіби аурулардың туындауына себепші болады (30-сызбанұсқа).

30-сызбанұсқа

**Сыртқы факторлардың әсерінен болатын кесіби аурулардың түрлері**





Медициналық географияның зерттеу нысаны мен пәннің атандар.

Қазақстанда зиянды жұмыста еңбек ететін жұмысшылар саны 300 мыңдан астам, оның ішінде: шу мен дірілдің жоғары деңгейі жағдайында 40%-дан астам; жұмыс аймағының жоғары газдануы мен тозандануы – 35%; қолайсыз температуралық режимде 18% адам жұмыс істейді (16-кесте).

16-кесте

**ҚР өнеркәсіп салалары бойынша көсіби аурушаңдықты белу  
(дереккөзі: «Қарағанды медицина университеті»)**

Өнеркәсіп салалары	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Тау-кен	51,4%	69,5%	62,9%
Көмір	20,6%	17,5%	29,3%
Химия	6,6%	5,7%	4,4%
Құрылым	0,3%	–	0,9%
Денсаулық сақтау	3,1%	1,5%	1,5%
Металлургия	17,5%	0,8%	3,1%
Мұнай-газ	0,3%	–	0,18%

Санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін жағдайларда жұмыс істейтін жұмысшылардың ең көбі өнеркәсіп саласында – 600 мыңдан астам адам, оның ішінде өндіреу өнеркәсібінде – 280 мыңдан астам адам.

Облыстар арасында денсаулыққа зиянды жұмыста, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келмейтін орындарда жұмыс істейтін қызыметкерлердің ең көбі Қарағанды облысында тіркелген.

Жалпы жұмысшылардың санына шаққандағы зиянды жұмыста істейтіндердің көрсеткіші Қарағанды облысында – 40,0%, Павлодар облысында да бұл көрсеткіш – 40,0%, Манғыстау облысында – 39%, Шығыс Қазақстан облысында – 26%, Жамбыл облысында – 24%. Ең аз көрсеткіш Батыс Қазақстан облысында – 5%.

Қазақстанда көсіби аурушаңдық деңгейі 2018 жылы 10 000 жұмысшыға шаққанда 2,34 адамды құрады. Ең жоғары деңгейлер Қарағанды және Павлодар облыстарында орын алуда.



**Корытынды.** Адамның тұрмысы, еңбегі, демалысы, денсаулығы және өлеуметтік жағдайы көбінесе қоршаған ортаниң сапасына байланысты. Халықтың денсаулығы өлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени және антропогендік сипат-

тамаларды қамтитын адам экожүйесінің жай-күйін негұрлым дәл көрсететін көрсеткіш болып табылады. Адам онкологияның бұзылуы өртулардың пайда болуына әкеледі. Осыған байланысты барлық кезеңдерде маңызды мәселелердің бірі халықты зиянды өсерден қорғау жөне адам өмірінің ұзактығын арттыру болды.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- Суретке талдау жасандар. Облыстарды ауру деңгейі бойынша үш топқа бөліндер. Олар үшін онкологиялық аурулардың қандай формасы төн? Деректерді кестеге жазыңдар.



2018 жылғы дерек бойынша Қазақстан облыстарындағы 100 мың адамға шаққандағы қатерлі ісіктің алғашқы белгілері байқалғандардың саны. (Қазақ онкология жөне радиология ғылыми-зерттеу институтының деректері бойынша)

- Казақстан халқының өлім-жітім себептері тізімінде онкологиялық аурулар екінші орында тұр. Елімізде жыл сайын онкологиялық аурулардың алғашқы белгілері байқалғандардың саны 5–8%-ға артуда. Обырдың кеңінен таралған түрлері (2018 жылғы деректер бойынша жоғарыдан темен қарай есептегендеге) сүт безі обыры, әкпе жөне кенірдек қатерлі ісігі, колоректальды обыр, асказан, жатыр мойны, әңеш, қуық безі, бүйрек, аналық без, үйқы безі, эндометрия жөне бауыр қатерлі ісігі. Жоғарыда берілген картасұлбаны талдай отырып, облыстар жөне республикалық багыныстағы қалаларда сырқаттанушылық деңгейі бойынша тиісті қорытынды жасандар. Олардың жоғарылауына техногенездің рөлін атандар. Қатерлі ісік ауруларының алдын алуудың қандай жолдары саған белгілі.

## § 28. Дүниежүзі елдеріндегі қоршаған орта сапасы

**Коршаған ортандың сапасы.** Қоршаған ортандың жай-күйін анықтауда экожүйелердің сапасын зерттеу, судың, ауаның, топырақтың және адамдардың өмір сүру сапасын және табиғи жүйелердің динамикасын білу маңызды. Қоршаған ортандың сапасын бағалау үшін негізі ағзандың табиғи бейімделу мүмкіндігі принципі зиянды факторлардың өсерін шектейтін нормативтер қолданылады (17-кесте).

### Бұғынгі сабакта:

- қоршаған орта сапасының нормаларын билетін боласындар;
- дүниежүзі елдері экологиясының парадокстарын түсінесіндер;
- дүниежүзі елдерін қоршаған ортандың сапасы бойынша жіктеуді үйренесіндер.

17-кесте

Қоршаған орта сапасының нормативтері			
санитарлық-гигиениалық	экологиялық	өндірістік-шаруашылық	уақытша

Қоршаған орта сапасының нормативтері бірнеше функция атқарады: табиғи ортаға зиянды химиялық, физикалық және биологиялық өсерлердің шекті шамаларын белгілейді; атмосфералық ауаның, судың, топырақтың жай-күйін химиялық, физикалық және биологиялық сипаттамалары бойынша бағалайды; оның қолайлы жай-күйін заңды критерийлер арқылы анықтайды.



Бірнеше топқа бөлініңдер. Қоршаған орта сапасының нормативтері бойынша таныстырылым дайындаңдар. Сендер тұратын жерде қоршаған ортандың сапасы экологиялық нормативтерге қаншалықты сыйкес келетінін анықтандар.

**Дамушы және дамыған елдер экологиясының парадокстары.** Соңғы онжылдықтар бойы қазіргі заманың ғаламдық проблемаларының басты орталығы, оның ішінде экологиялық салмақ Азия, Африка және Латын Америкасының дамушы елдеріне ауысада. Бұл елдерде экологиялық жағдай шиеленісүде. «Индустринга дейінгі» ластанимен қатар (шөлгейттену және ормандарды жаппай кесу), ұлтаралық бірлестіктердің басып кіруімен, металлургия және химиялық зауыттарда салу, пайдалы қазбаларды өндіруді ұлғайту және оларды бастапқы өндөу сияқты «үшінші әлем» елдеріне өндірістердің

### Жетекші үғымдар:

- ✓ қоршаған ортандың сапасы
- ✓ экологиялық тиімділік индексі
- ✓ экоқала

### Глоссарий:

- **Қоршаған табиғи ортандың сапасы** – экологиялық жүйенің табиғат пен адам арасындағы зат және энергия алмасу үдерісін тұрақты қамтамасыз етуін және тіршілікті қалпына келтіруі.



34-сурет. Онича қаласы

«экспорттымен» байланысты жаңа ластаушы көздер пайда болуда. Ластанудың жаңа көздері ауылшаруашылығын химияландырудың өсуімен де анықталады. Бақыланбайтын көші-қон ірі қалалар мен агломерацияларда халықтың шоғырлануына алып келді. Дамушы өлемнің ірі қалалары экологиялық проблемалардың ошағына айналды (34-сурет).

Нигерияның Онича қаласында аудағы бөлшектер концентрациясы өлемдегі ең жоғары мәлшер 10 мкм (микрометр), 594 м<sup>3</sup> микрограмма жетті. Дүние жүзілік денсаулықты сақтау үйымы (ДДСҮ) нормалары бойынша бұл көрсеткіш м<sup>3</sup>-ге 20 микрограмманан аспауы тиіс. Бұлай ластану себептері, қысқа мерзім ішінде халықтың күрт өсуі, жаппай қоқыстарды жағу, ашық жерлерде тамақ дайындау, көлік тұтіндері, өнеркәсіптен бөлінген улы тұтіндер мен қоқыстар. Сондай-ақ бұл аймақта су мен топырақ өте қатты ластаған – оларда мышьяк, сынақ, қорғасын, мыс және темірдің үлесі жоғары.

Дамыған елдердің экологиялық жағдайы мұлдем басқа көрініске ие. Экологиялық проблемаларды болдырмай мақсатында экономикалық даму экологияландырылған. Мәселен, қоршаған ортаны қорғауға мемлекет пен монополиялардың шығындары күрт артқан. Тазалау технологиясы мен техника өндірісі жақсы жолға қойылған. Нәтижесінде экоиндустрия мен экобизнес, экологиялық таза өнім нарығы мен экологиялық таза жабдықтар пайда болды. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдар мен үйымдар жүйесі тиісті деңгейде қалыптастырылды. Жекелеген елдер мен өңірлердің экологиялық даму бағдарламалары өзірленуде. Жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық үйлестіру күшіне түсуде.



35-сурет. Осло – нағыз экоқала

Норвегияның астанасы – Осло қаласы орманды төбелермен және көлдермен қоршалған. Осы жасыл қаланың жалпы ауданының 454 км<sup>2</sup>-інің 242 км<sup>2</sup>-і қалың орманмен жабылған. Шын мөнінде, Осло қаласының үштен екі белгі – қоргалған табиғи аймақтар (35-сурет). Қалада табиғатты қорғау заңнамасы табиғи ресурстарды және табиғат сұлұлығын сақтауга бағытталған. Осло аумағында саябақтар мен 343 көл бар. Қалалық үкімет 2020 жылға қарай Осло қаласын көмірсүтектен бейтарап етуге міндеттеме алуда. Органикалық және көріз жүйесі қалдықтарынан биогаз өндіру Ослоның осы мақсатқа қаншалықты жақын екенін растижды. Ослода электрмобилльдер үшін 700-ден астам қоғамдық қуаттау стансылары жолға қойылған.



Қазақстан табиғатты қорғауда халықаралық және аймақтық деңгейде қандай үлес қосатынын ойланындар. ЭКСПО-2017 көрмесінде қандай идеялар басты назарда болды? Сендер тұратын ауданда жаңа идеялар қаншалықты жүзеге асырылуда?

**Экологиялық тиімділік индексі.** Экологиялық тиімділік индексі 2016 жылдың 23 қаңтарындағы Дүниежүзілік экономикалық форумында Йель (Yale Center for Environmental Law and Policy) және Колумбия

### Глоссарий:

- **Экологиялық тиімділік индексі** – әлем мемлекеттерінің экологиялық саясатының көрсеткіштерін сандық бағалау және салыстырмалы талдау әдісі. EPI елдерді өз көрсеткіштеріне сәйкес бірнеше топтарға бөледі. Олар екі топқа топтастырылған: экожүйенің тұрақтылығы және экологиялық денсаулық. 2016 жылы EPI көрсеткіші бойынша, Қазақстан әлемде 69-орынға ие болды (73,29 үпай). Бірінші орында Финляндия (90,68 үпай).


университеттері мен Еуропалық комиссияның бірліккен зерттеу орталығы бірлесіп ұсынды. Бұл индекстің 10 жыл ішіндегі алтыншы есебі болды. Тізім 180 елді қамтыды.

Экологиялық тиімділік индексі бүкіл әлемдегі елдердің экологиялық саясатының табыстырылышының кешенді салыстырмалы көрсеткіші болып есептелінеді. Индекс әдіснамасы мақсатқа жақындау принципіне негізделген. Әрбір көрсеткіште нәтиже шкала бойынша елдің жағдайына байланысты есептеледі, төменгі шкала осы көрсеткіш бойынша дамуы нашар елді белгілейтін болса, жоғарғысы мақсатқа жақындаған елді көрсетеді. Мақсат ретінде халықаралық шарттарда, халықаралық ұйымдардың ұсынымдарында немесе сарапшылардың қорытындыларында тіркелген көрсеткіштер пайдаланылады. Егер мемлекет мақсатқа жетсе немесе одан асып кетсе, онда ол осы көрсеткіш бойынша жүз балл үпай алады (36-сурет).

 37-суретке талдау жасандар. Экологиялық тиімділігі жоғары, орташа және төмен көрсеткіштері бар елдерді жазындар. Неге Африка мен Азия елдері экологиялық тиімділік деңгейі орташа елдерге жатады деп ойлайсындар? Қазақстан экологиялық тиімділіктің қандай деңгейіне жатады?

2016 жылдың индексі экологиялық тиімділіктің тарихи дамуын бағалауға мүмкіндік берді. Откен жылдардың деректеріне 2016 жылдың индексін есептеу әдісін қолдана отырып, индекс авторлары «Тарихи EPI» дайындағы.

Бұл ағымдағы нәтижені 10 жыл бұрын болуы мүмкін барлық индикаторлар бойынша салыстыруға мүмкіндік берді. Егер ағымдағы және



36-сурет. Дүниежүзі елдерінің экологиялық тиімділік индексі

«Тарихи ЕPI» көрсеткіштерін соңғы онжылдықтағымен салыстырсақ, біршама заңдылықтарды байқауға болады. Дамыған елдердің көпшілігі 2016 жылғы есепте салыстырмалы турде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді, бірақ үлкен өзгерістер көрсете алмады (18-кесте).

18-кесте

## Дүниежүзі елдерінің экологиялық тиімділік индексі (2016 ж.)

№, орны	Мемлекет	Балл (ұпай)	10 жылдағы өзгеріс, % есебімен
1	Финляндия	90,68	3,19
2	Исландия	90,51	6,91
3	Швеция	90,43	5,58
4	Дания	89,21	4,98
5	Словения	88,98	12,15
6	Испания	88,91	10,01
7	Португалия	88,63	10,88
8	Эстония	88,59	5,91
9	Мальта	88,48	11,62
10	Франция	88,20	8,70
69	Қазақстан	73,29	25,80



Дүниежүзі елдерінің экологиялық тиімділік индексі кестесін пайдаланып, деңгелерге сызықтық диаграммасын сый. Анықтамалардан осы елдердегі халықтың орташа өмір сүру үзактығы көрсеткіштерін тап. Екі көрсеткіш арасындағы тәуелділікті анықта.

Дүниежүзіндегі экологиялық ең таза елдердің рейтингін жыл саяын Йель университеті жанындағы экологиялық саясат жөне құқық орталығы (Yale Center for Environmental Law and Policy) жасайды.

Экологиялық тиімділікті зерттеу қоршаған табиғи органдар, жайкүйі мен оның экологиялық жүйелерінің өміршендігі, биологиялық алуантүрлілікті сақтау, климаттың өзгеруіне қарсы өрекет ету, халық денсаулығының жай-күйі, экономикалық іс-өрекет тәжірибесі мен оның қоршаған ортаға жүктемесінің дөрежесі, сондай-ақ экология саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін көрсететін 10 санатта 22 көрсеткіш негізінде экология жөне табиғи ресурстарды басқару жағдайы түрфысынан елдің жетістіктерін салыстырады.




Неге рейтингте Қазақстан экологиялық таза елдердің арасында 101-орында (19-кесте)? Қазақстанның рейтингін көтеру үшін қандай шаралар қабылдау қажет?

## Дүниежүзіндегі ең экологиялық таза елдер

№, орны	Мемлекет	Индекс
1	Швейцария	87.42
2	Франция	83.95
3	Дания	81.60
4	Малта	80.90
5	Швеция	80.51
6	Ұлыбритания	79.89
7	Люксембург	79.12
8	Австрия	78.97
9	Ирландия	78.77
10	Финляндия	78.64
101	Қазақстан	54.56

Дүниежүзіндең экологиялық ең таза елдерімен қатар, әлемнің экологиялық жағдайы нашар елдерінде рейтингі де жасалды (37-сурет). Болжам бойынша, елдер рейтингі 2025 жылға қарай өзгереді. Бірінші орынға Қытай, одан кейін АҚШ пен Үндістан шығады.



37-сурет. Дүниежүзі елдері арасындағы lastanu деңгейі төмен және жоғары елдер



Дүниежүзі елдерін қоршаган ортаның ластану деңгейі бойынша бөліндер (ең аз ластанған, орташа ластанған, негұрлым ластанған). Оларды дөптерге жазындар. Өлемнің ең ластанған елдерінің басты себептерін анықтандар.



Өлемнің тұстастай алғанда, кейбір экологиялық мәселелер бойынша көрсеткіштері жақсарады, ал кейбір мәселелер бойынша айтарлықтай нашарлау байқалады. Прогресс байқалып отырган мәселелердің арасында «Денсаулыққа өсірі», «Ауызсуга қол жеткізу» және «Тазалық сақтау» да бар. Алайда «Ауа сапасы» санатында көрсеткіштер төмендеуде. Экономикалық даму кейбір экологиялық көрсеткіштердің жақсауруына өсір етумен қатар, жаңа экологиялық қауіптердің пайда болуына да өсір етуі мүмкін. Ауа мен су көрсеткіштері осы қарма-қайшылықтың бар екендігін көрсетеді. Елдер байыған сайын тазалықты дамытуға инвестицияны көбірек бөледі. Бұл сумен берілетін аурулардан болатын өлім санының қысқауруына алып келеді.

Ауаның ластануы – жаһандық проблема. Қытай мен Үндістан сияқты экономикасы қарқынды дамып келе жатқан елдерде көрсеткіш жоғары, ал дамыған немесе нашар дамыған мемлекеттерде төмен. 3,5 миллиардтан астам адам немесе өлем халқының жартысы Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімі қауіпсіз деп санайтын деңгейден төмен елдерде тұрады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлемдегі қоршаган орта сапасының кеңістіктік аспектіңі неде?
2. Экономикалық дамуды экологияландырудың артықшылықтарын атаңдар?
3. Экологиялық қауіпсіз өлем, қала, өндіріс деп неңі түсінеміз?
4. Қазақстандағы экоурбанистика дамуының болашағы қандай? Экоурбанист мамандығы қаншалықты маңызды?

## § 29. Дүниежүзі халқының саны геоэкологиялық фактор ретінде

**Фаламшар халқының жылдам өсуі.** Адамзат пайда болғалы бері халықтың өсуі жалғасуда және ол табиғи үдеріс. Жаңа деуірдің басында дүниежүзі халқы 250–300 миллионға жетті. Бұл үдеріс одан өрі де жалғасты, бірақ өсім өртүрлі себептерге байланысты (соғыстар, эпидемиялар, аштық) баяулаған уақыттары да болды.

XIX ғасырдың басында халық саны 1 миллиардқа жетті. Бірақ кейіннен өрбір миллиард адамға жету аралығы біртіндең қысқара бастады. XX ғасырдың соңында келесі миллиардқа жету аралығы 12 жылға созылды.


### Бүгінгі сабакта:

- қоршаган ортаның антропогендік взгерістеріне ықпал ететін факторларды талдауды үйренесіндер.

### Жетекші үзимдар:

- ✓ халықтың тез өсуі
- ✓ алеуметтік-экономикалық фактор
- ✓ геоэкологиялық проблемалар

Қазіргі уақытта халық санының өсуі біршама бәсекедеді. 2019 жылдың басында әлем халқының саны 7,5 миллиардтан асты. 2100 жылға дейін ғаламшар халқының өсу үдерісі болады деп болжануда, содан кейін оның құлдырауы басталады. БҮҮ болжамы бойынша, 2050 жылға қарай Жер халқының саны 9,5–9,6 млрд адамнан асады, ал 2100 жылға қарай шамамен 11 миллиардқа жетеді деп болжануда. Алайда, дүниежүзінің әртүрлі елдерінде халық санының өсу болжамы әртүрлі мәнді көрсетуде (4-диаграмма).



4-диаграмма. Дүниежүзі аймақтары халқының саны болжам бойынша




4-диаграмманы талдаңдар. Халық санының жалпы тәмендеу үдерісі немен байланысты болуы мүмкін деп ойлайсыңдар? Қоршаған орта үшін қаншалықты оңтайлы болуы мүмкін? Қандай аймақтарда халықтың саны едеуір сақталады? Ол аймақтарда геоэкологиялық проблемалар қаншалықты шиеленіске туседі?

Аймақтық жоспарда бұл көрсеткіштерде айырмашылық өте жоғары. Дүниежүзі халқының өсуіне негізгі үлес қосушылар бұрынғыша туу деңгейі жоғары елдер болмақшы: олар Латын Америкасының даму деңгейі тәмен елдері, Африка және Азия мемлекеттері деп болжануда

(4-диаграмма). Өсім өсірпесе Сахарадан оңтүстікте орналасқан және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде байқалады. Бұл үдеріс баяу дамитын табиғи экожүйелерге (ормандар, саванналар, көлдер, өзендер, жануарлар популяциялары) қосымша жүктеме жасайды.



5-диаграмманы талдай отырып, болашақта дамушы елдерде халық саны динамикасының салыстырмалы жоғары көрсеткіші неге сақталатынын ойланыңдар. Осы үдерісті ескере отырып, экологиялық және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін осы елдердің басшылығы қандай шұғыл іс-шаралар қабылдауды қажет?



5-диаграмма. 1950 жылдан 2050 жылға дейінгі кезеңдегі дамыған және дамушы елдер санының динамикасы (млрд адам)

Нигерия мысалында халықтың тұрақты өсуі неге әкелуі мүмкін? 1950 жылы ел халқының саны 36 млн адамды құрады. 2000 жылы 125 млн адамға дейін есті. 2019 жылдың басында халық саны 200 млн адамнан асты. 2100 жылы халық 1 млрд адамнан асусы мүмкін.

Нигерия аштық пен қоршаған ортаның құлдырауынан зардал шегегін көптеген елдерге жарқын мысал бола алады. Ресурстары шектеулі және табиғаты тозған, шектелген кеңістіктегі халықтың қарқынды өсуі үнемі бірқалыпты жалғасуы мүмкін емес.

Дамыған елдерде халық саны тұрақты болады немесе кеші-кон есебінен сәлғана үлғаюы мүмкін. Қазіргі уақытта халық санының баяу өсуі байқалатын аймақтар да бар, бірақ болашақта олардың өсімінің төмендеуі болжанып отыр, бұл – Кариб аймағы, Ресей, Жапония және

Оңтүстік Америка елдері. Мысалы, болжам бойынша, Жапонияда тек 30 млн адам тұратын болады, Латвияда халық 30%-та қысқарады (ЮНФПА деректері). Мұндай үдеріс, негізінен, экономикалық даму деңгейі жоғары 34 мемлекетте байқалады.

**Дүниежүзі халқының саны геоэкологиялық фактор ретінде.** Халық саны қоғамның тамақтануға, киімге, тұрғын үйге және тіршілікті қамтамасыз етудің басқа да ресурстарына деген жиынтық қажеттігін алдын ала анықтайды. Жыл сайын табиғи жүйелерге антропогендік жүктеме артады, олардың тозуы байқалады, табиғи ресурстарды пайдалану өсуде және соның салдарынан елеулі және көптеген геоэкологиялық проблемалар туындейды. Осылайша, халық саны маңызды геоэкологиялық факторға айналады.




Адамзат жылына шамамен 100 Гт (гигатонна) (100·10<sup>-6</sup>) шикізатты өндірілі, шикізатты өндіру үдерісінде 100 Гт тау жынысын жылжытады. Шикізатты өндеу кезінде 1000 гигатоннаға дейін су және қуаты 10 тераватқа (10·10<sup>-12</sup>) дейінгі энергия пайдаланылады. Бұл үдерістердің барлығы антропогендік. Шикізатты өндеу үдерістері қоршаган ортанды ластайды. Адам өзі алатын шикізаттың 2%-ын ғана пайдаланады, ал қалғандары үйіндер.

Неліктен өндірілетін шикізат массасының жалпы көрсеткіші ете тәмен деп ойлайсындар? Өздерің тұратын аймақта өндірілетін шикізат массасының көрсеткіші тәмен енеркесіп салаларын атаңдар. Олармен қандай геоэкологиялық проблемалар байланысты? Аз қалдықты технологияға мысал келтіріндер.

Дамыған елдерде бастапқы және өндөлген табиғи ресурстарды пайдаланудың көрсеткіші жоғары екені белгілі. Швейцария халқының орташа тұтыну деңгейі Сомали халқының тұтыну деңгейінен шамамен 40 есе артық. Дамыған елдерде, дамушы елдерге қарағанда, халықтың жан басына шакқандағы ауага және суға ластағыштарды жіберуі басымырақ, ресурсты кебірек пайдаланады.

Тұтыну деңгейінің біркелкі болмауы – қоғамдық және саяси шиеленіс пен қақтығыстардың себепшісі, сондықтан да жаһандық экологиялық қауіпсіздік факторы болып есептелінеді.

Экосфераға ( $\Theta$ ) әлеуметтік-экономикалық үдерістердің өсері үш негізгі факторға сүйенген: халық ( $X$ ), тұтыну ( $T$ ) және техникалық прогресс ( $T$ ):



Осы құрамбөліктердің өркайсысы, өз кезегінде, көптеген нақты факторлардың жиынтығы. Олардың арасындағы ең маңыздысы әлеуметтік-

экономикалық фактордың негізіне демографиялық көрсеткіштер жатады, олар, сайып келгенде, геоэкологиялық салдарларға әкеп соқтырады.

 31-сызбанұсқаны талдау. Өздерің тұратын аумақтың геоэкологиялық проблемаларының әлеуметтік-экономикалық факторларына мысал келтіріндер.

31-сызбанұсқа

### Геоэкологиялық проблемалардың әлеуметтік-экономикалық факторлары



 Халық саны маңызды геоэкологиялық факторға жатады. Бұл ретте жақсы өмір сүргүре деген табиғи ниет салдарынан адамдардың қажеттілігі олардың санының есүін басып озады. Халық санының есу қарқыны негұрлым көп болған сайын, согұрлым жердің экожүйесіне түсетін жүктеме күшті болады, оның табиғи ресурстары қарқынды пайдаланылады және олар тезірек таусылады.

#### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жер шары халқының жиі шоғырланған аймақтарының картасын талдау. Оларда халықтың тығыздығы қандай? Олардың ерқайсысына қандай геоэкологиялық проблемалар тән? Бұл айырмашылықтар неге байланысты туындаған?



Жер шары халқының тығыз шоғырланған аймақтары

2. Өздерің тұратын жердің табигатына антропогендік жүктемені азайту жолдарын ұсынындар. Оның маңыздылығын дөледдендер.
3. Қоршаған ортаның ластануына байланысты халық денсаулығының нашарлауы түрғысынан ауыл өмір салтының артықшылығын атандар.

### § 30. Экожүйенің гомеостазы – табигаттағы тепе-тендік көрсеткіші

#### Бүгінгі сабакта:

- экожүйенің гомеостазы не екенін білесіндер;
- гомеостаз механизмдерін көресіндер;
- тұратын жерлеріндегі гомеостаз экожүйесін қолдау жолдарын ұсынуды үйренесіндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ экожүйенің гомеостазы
- ✓ экожүйенің тұрақтылығы
- ✓ экожүйенің тұтастығы

**Экожүйенің гомеостазы.** Қоршаған ортада, қоғам мен табигаттың өзара өрекеттесуінде әртүрлі құрамбөліктер арасында көптеген байланыстар бар. Олар тікелей және көрі болуы мүмкін.

Жер осінің көлбеу орналасуы жер бетін біркелкі қызыдырмайды, осыған байланысты атмосфераның меридиналды айналымы пайда болады. Осытің еңкіштігі негұрлым жоғары болған сайын, жер беті соғұрлым біркелкі қызыбайды. Осыған сәйкес айналым қарқынды жүреді. Бұл – тікелей байланыстың үлгісі.

Көрі байланыс үлгісін қарастырайық.

Ауа температурасы жоғары болған сайын, фотосинтез үдерісі негұрлым қарқынды жүреді. Бұл есімдіктердің көмірқышқыл газын көбірек сіңіруіне өсер етеді. Демек, жылыштайды өсері азаяды, нәтижесінде ауа температурасы төмендейді.



«Гомеостаз» терминін алғаш рет 1926 жылы американдық физиолог Уолтер Кеннон (1871–1945) ұсынды. Экологиядағы экожүйенің гомеостазы концепциясын американдық ботаник, есімдіктер экологі және миколог Фредерик Клементс (1874–1945) езірледі.


Гомеостаз жасушалардан бастап биосфераға дейінгі барлық жүйелерге тән. Экожүйедегі гомеостаз экожүйелердің өзін-өзі жаңарту және өзін-өзі реттеу үдерістерін қамтамасыз ететін, үзак уақыт бойы экожүйелердің динамикалық тепе-тендігін қолдайтын механизм болып есептелінеді.

Гомеостаздың негізінде кері байланыс қағидаты жатыр. Кері байланыс қағидаты популяцияның тығыздығы азық-тұлік қорына төуелділігі мысалында жақсы байқалады (6-диаграмма).

Мысалы, даладағы кеміргіштердің саны көп болмаған жағдайда олардың өркайсысы өзіне және өз үрпағына жеткілікті тамақ пен ынғайлы баспана таба алады. Бұл жағдайда орта кедергісің жоғары емес және кеміргіштердің саны жыртқыш аңдардың болуына қарамастан артады. Кеміргіштер санының артуы түлкі үшін аң аулауды және өз күшіктерін коректендеруді жөндейтеді. Нәтижесінде жыртқыштардың саны өседі. Бұл кері байланысқа мысал болады.

Алайда кеміргіштер санының шамадан тыс көбеюінен жемшөп, баспана саны азаяды және жыртқыштық, яғни орта кедергісі күшнейеді. Нәтижесінде кеміргіштердің саны төмендейді. Жыртқыштар үшін аң аулау қыынға соғады, қорек жетіспеу салдарынан олардың саны азаяды. Бұл кері теріс байланыс, мысалы, ол ауытқуларды қалпына келтіріп және экожүйені бастапқы күйге қайтарады.

Биомасса популяциясының саны  
(шартты бірлік)



6-диаграмма. Биоценоздың қоректік байланыс арқылы өзін-өзі реттеуі

### Глоссарий:

- Гомеостаз (ежелгі грек. бірдей, үқсас; + қалыпты, тұрақты) – өзін-өзі реттеу механизмі, жүйенің динамикалық тепе-тендікті қолдауға бағытталған үйлестірілген реакциялар арқылы өзінің ішкі жай-күйінің тұрақтылығын сақтау қабілеті. Жүйенің өзін жаңғыруға, жоғалған тепе-тендікті қалпына келтіруге, сыртқы ортаның кедергісін еңсеруге үмтілілік.



Тұрғылықты жерлеріңің экожүйесіндегі гомеостаздың антропогендік өсер нәтижесінен бұзылуына мысал келтіріндер. Ойланып көріндер, бұл үдеріс қашан басталды? Одан өрі даму болжамы қандай? Мәселені шешу жолдарын үсініңдер.

Кейбір жағдайларда кері байланыс бұзылуы мүмкін. Мысалы, кеміргіштерді адамдар аулай бастағаннан немесе олардың басым белігі химиялық реагенттермен егіс алқабын өндегеннен кейін өліп қалды. Осында жағдайда жүйе тепе-тендігінің бұзылуы орын алады. Абиотикалық факторлар да кедергі келтіруі мүмкін. Құрғақшылық өсімдіктердің өнімділігін тәмендетеді және кеміргіштер үшін қоректі шектейді, бұл жыртқыш андарға едеуір кері өсерін тигізеді.

Кеміргіштердің жаппай жойылуы кезінде экожүйе кері теріс байланыс арқылы ауытқуларды қалпына келтіре алмайды. Мұндай жағдайда жүйе тіршілігін тоқтатады.



Экожүйелер уақыт пен кеңістікте негұрлым курделірек болған сайын, соғұрлым тұрақты болады, ол ағзалар мен қоректік байланыстардың көп болуына байланысты. Сондықтан түрлердің көптігі экожүйелердің тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді (Әшби заңы).

Тұратын жерлеріндегі экожүйенің бұзылуына мысал келтіріндер. Ол қаншалықты бұзылды деп ойлайсыңдар? Бұл жерде адамның іс-өрекеті қандай рөл атқарады?

**Табиғат гомеостазын қалай қолдауға болады?** Адам қоғамының ғылым мен техникадағы барлық жетістіктеріне қарамастан, өмір сүру ресурстарына, яғни ауаға, суға, тағамға, энергияның әртурлі түрлеріне мүқтаж. Адамның өмір сүруі биосфераның теріс антропогендік өсерлерге бейімделу мүмкіндігін реттеуші механизмдерді сақтау арқылы ғана жүзеге асады.

Көршаган органды сақтау үшін ғаламшарымыздың тіршілікті қамтамасыз ететін табиғи жүйелердің өзін-өзі реттеу механизмдерін сақтауға, табиғатта қалыптасқан экологиялық тепе-тендікті үстап тұруға үмтүлу қажет. Бұл тек ластану деңгейін тәмендету және табиғат ресурстарын үнемді пайдалану арқылы ғана орындала бермейді. Табиғаттың тепе-тендігін сақтау – адамның табиғат алдындағы басты міндеттерінің бірі. Ол үшін адамдарда табиғат алдындағы жауапкершілікті сезінуі керек, сонымен бірге жоғары деңгейдегі экологиялық мәдениеттілік қалыптасуы керек (32-сызбанұсқа).



Бірнеше топқа белініңдер. Табиғатта гомеостазды сақтау жолдарының бірін таңдаңдар. Хабарлама дайындаңдар. Оның маңыздылығын негіздендер.



Адамзат ғаламшардың барлық аумақтарын игере отырып, алуантүрліліктің азаюна өсер етуде. Осы арқылы ол табиғаттың сыртқы өсерлерге қарсы тұру және бастапқы күйге оралу қабілетін одан өрі бұзады. Табиғат алдында, экологиялық тепе-тендікті және оның тұтастығын сақтау қағидаттарына негізделген, негұрлым жоғары моральдық жауапкершілік қажет.

## Табигат гомеостазының қолдау жолдары

Сандық көрсеткіштерден сапалық деңгейге кешу

Тұтынушы қоғамдастықтан  
идеологиялық қоғамға кешуМенталдылықтың табигатқа құқықты  
беру позициясына ауысуы

Табигатты пайдаланудың экоорталық түрі

Экологиялық мәдениет

Экологиялық білім беру



Экотехнология

Этноэкология

Экоэнергия

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Аумақтың өлеуетті сыйымдылығы деп нені түсінесіндер? Табигатты пайдаланудың өртурлі тесілдері арқылы оны ұлғайту жолдарын үсініңдер.
2. Экожүйенің экологиялық механизмдерін қолдау қажеттігін негіздендер.
3. Экожүйенің тұрақтылығы мен тұтастыры арасындағы взара байланысты тағындар.

### § 31. Тұрақты аймақтың дамудың геоэкологиялық индикаторлары

**Геоэкологиялық индикаторлар.** Еліміздің геоэкологиялық жағдайын, тұтастай алғанда, экожүйені бағалау үшін оның жай-күйінің белгілі бір көрсеткіштері қажет. Осы факторларды интеграциялайтын тиесті индикаторлардың болуы маңызды.



Біз белгіленген мақсатқа жетуді түсінуіміз үшін нені өлшеуіміз керек? Тұрақты даму индикаторлары бойынша жергілікті жердің геоэкологиялық жағдайын бағалауга болады деп ойлайсың ба?

**Бұғынғі сабакта:**

- геоэкологиялық индикаторлардың рөлін білесіндер;
- Эыдұ ЮНЕП жүйесінің индикаторларының анықтайсындар;
- тұрақты дамуды бағалауды үйренесіндер.

Елімізде антропогендік іс-әрекеттердің нәтижесінде болып жаткан өзгерістерді анықтау жөне бағалау үшін геоэкологиялық индикаторлар мен индекстерді өзірлеу қажеттігі туыннады. Бұл қажеттілік БҮҰ-

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ геоэкологиялық индикатор
- ✓ тұрақты даму критерийлері

ның Рио-де-Жанейродағы Қоршаған орта және оның дамуы жөніндегі конференцияда (1992 ж.) айтылған болатын. Нәтижесінде геоэкологиялық ақпаратты жинақтайдын, бірбірімен тығыз байланысқан үш индикаторға бөлінген тұжырымдама әзірленді: қоршаған ортаға жүктеме индикаторы, жағдайын анықтайдын индикатор және жай-күйінің өзгерісіне реакция беретін индикаторлар.

Бұл тәсіл салыстырмалы қарапайым мәселелерге негізделген: қоршаған орта және табигат ресурстарының жай-күйі не болып жатыр? Неге бұлай болып жатыр? Қоғам бұл өзгерістерге қандай жауап беруде? Жай-күйін анықтайдын индикаторлар бірінші сұраққа, екінші жүктеме индикаторлары екінші сұраққа, жай-күйінің өзгерісіне реакция беретін индикаторлар үшінші сұраққа жауап береді.

Дүниежүзілік банк – тұрақты даму индикаторы бойынша өлемдік көшбасшы. Дүниежүзілік Банктің жылдық баяндамасында айтылған «өлемдік даму индикаторы» («The World Development Indicators») БҮҰ қойған мақсаттарға – экономикалық өсуге және кедейлікпен күресуге қарай жылжуды бағалауға мүмкіндік береді. Барлық көрсеткіштер 6 бөлімге топтастырылған: жалпы, халық, қоршаған орта, экономика, мемлекет, нарық.

Өлемдік ресурстар институтында орындалған ұжымдық жұмыстың авторлары (АҚШ, 1995 ж.) төрт негізгі геоэкологиялық индексті әзірлеуді ұсынды (33-сызбанұсқа).

33-сызбанұсқа





АКШ ғалымдары жоғарыда ұсынылған индикаторларды таңдағанына қандай себеп болғанын ойланыңдар. Индикаторлар бойынша қоршаган ортаниң жайкүйін зерттеу жүйелілігінің логикалық тізбегін құрындар.

20-кестеде Экономикалық даму және ынтымақтастық үйімі (ЭЫДҮ) мен БҮҮ-ның Қоршаган орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) ұсынған ықтимал геоэкологиялық индикаторлар көлтіріледі.

20-кесте

#### Геоэкологиялық индикаторлар (аймақтық)

Проблема	Жүктеме/қысым индексі	Жай-күйінің индексі	Ден қою/реакция индексі
Эвтрофикация	N, P-дің суга және топыраққа түсүі	N, P-дің шоғырлануы БПК шамасы	Арналарды тазарту, күрделі салым
Ацидификация	Түсімдер: SOx, NOx, NH <sub>3</sub>	Жиналу, шоғырлану	Күрделі салым, халықаралық көлісімдер
Ұлы заттар мен улануы	Қоршаган ортаға түсетін түсімдер	Шоғырлануы	Күрделі салым
Қалалық ортаниң сапасы	NOx, SOx, органикалық заттар эмиссиясы	NOx, SOx, органикалық заттардың шоғырлануы	Көлік түрлерін жаңғыруту, күрделі салым
Биологиялық алуантүрлілік	Экожүйелердің антропогендік трансформациясы (тасымалдануы)	Түрлердің салыстырмалы түрде молдығы	Қорғауға алғынған аумақтар
Қалдықтар	Қалдықтардың пайда болуы	Жерасты сулары мен топырактың сапасы	Өндеудің жылдамдығы, күрделі салым
Су ресурсы	Су жинау көлемі, пайдалану қарқындылығы	Сұраныстың тұтынуга қатынасы, сапасы	Суды экономдау, суга тәлем жасау
Орман ресурсы	Пайдалану қарқындылығы	Кесу/өсім қатынасы. Ормандардың жойылу көлемі	Орманшаруашылығының сапасын арттыру
Балық ресурсы	Аулау	Балық қорының тұрақтылығы	Балық аулау квотасы
Топырактың тозуы	Жерді пайдаланудағы езгерістер	Құнарлы қабаттың жойылуы	Қорғау және қалпына келтіру

Талқылау  
тақырыбы

ЭЫДҮ индикаторлар жүйесі «қысым-жай-күй-реакция» құрылымының негізінде өзірленді. Неге олай деп ойлайсың?



Кестеден өздерің тұратын ауданда бірінші кезекте бағалауға жататын қоршаған орта проблемасын тандаңдар. Тандау себебін түсіндіріңдер.

**Жергілікті жердің даму көрсеткіштері мен индикаторлары.** Тұрақты дамуды айқындау үшін әлеуметтік және экономикалық индикаторлардың көрсеткіштерін де пайдалануға болады.

Тұрақты даму тұжырымдамасы капиталдың төрт түрінен (табиғи, материалдық-қаржылық, адами және әлеуметтік) тұратын елдің немесе тұастай әлемнің жиынтық байлығы азаймауы тиіс деп болжайды.

Зерттеудің осы саласында геоэкологиялық индикаторлардың да, тұрақты даму индикаторларының да үлкен жиынтығы ұсынылады. Алайда проблемалардың күрделілігіне байланысты бір немесе бірнеше қолайлыш өмбебап индикаторлар мен көрсеткіштерді, өсіреле тұрақты дамуды өзірге таба алмай отыр.

Мысалы, жапониялық С.Мураи өзіrlenген елдің жай-куйі индикаторларының және тұрақты даму көрсеткіштерінің жүйесін (21-кесте) ұсынады. Ол тұрақты дамудың негізгі индикаторларының ықтимал жиынтығы туралы түсінік береді. Тұрақты даму көрсеткіштерін бағалау кезінде басқа елдер үшін индикаторлар жиынтығының толықтығы мен репрезентативтігі, сондай-ақ көрсеткіштердің приоритеті талап етіледі.

21-кесте

#### Тұрақты даму критерийлері, С.Мураи (Жапония)

Даму индикаторлары	Тұрақты жағдай	Қыын жағдай	Жойқын жағдай
1 Халықтың табиғи есімі	<0,5% жылyna	1,0–1,5% жылyna	>2,0% жылyna
2 Жыл ішіндегі жалпы үлттық өнім	3% <ЖҮӨ <5%	8% <ЖҮӨ <10%	ЖҮӨ >10% ЖҮӨ <0%
3 Ормансыздану	<0,1% жылyna	0,5–1,0% жылyna	>1% жылyna
4 Салыстырмалы түрдегі орманның ауданы	>30%	15–20%	<10%
5 Жыртылатын жердің ауданы	>0,3 га/адам	0,15–0,2 га/адам	<0,1 га/адам
6 Өз астығымен қамтамасыз ету	>90%	60–70%	<50%
7 Қала халқының тығыздығы	<50 га/адам	100–150 га/адам	>200 га/адам
8 Қала халқының саны			
<0,5 млн адам	>1 млн адам	>10 млн адам	



Бірнеше топқа белініңдер, өздерінің тұрақты даму индикаторларынды тандаңдар. Анықтама көздерінен олардың өркәйсісі бойынша мәліметтерді табындар. Даму көрсеткіштерін анықтаңдар (тұрақты жағдай, қыын жағдай, жойқын жағдай). Қазақстан Республикасының масштабында (№1, 2, 3, 4, 5, 6

индикаторлары) қала халқының тығыздығы мен санын өздерің тұратын қала-лардың бірі – Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент немесе облыс орталығы, барлық алынған мәліметтерді кестеге толтырындар. Таныстырылым дайындаңдар. Қорытынды шығарындар.



**Қорытынды.** Алынған зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы қолданыстағы нормалар мен стандарттарға сейкес іріктелген репрезентативтік деректердің үлкен көлемін пайдаланумен, бастапқы материалды өндөу мен талдаудың қазіргі заманғы статистикалық өдістерін қолданумен, аумақтардың геоэкологиялық көрсеткіштерін интегралдық бағалау өдістемесін өзірлеу кезінде қабылданған жорамалдар мен шектеулерді нақты дөлелдеумен; сондай-ақ, басқа авторлар алған нәтижелерімен келісумен қамтамасыз етілуі тиіс.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сендер қалай ойлайсындар, неге халықтың өсуі жылына 2,0%-ға артса, С.Мураидың өзірлемесі бойынша Жапония үшін бұл жойқын болып саналады? Бұл көрсеткішті өздерің тұратын жерге байланысты алуға бола ма?
2. Ормансыздану индикаторының және қала халқы санының маңыздылығын негіздендер.
3. Геоэколог қандай ғылыми практикалық жұмыстарды орындаиды?

## 11-сараландық жұмыс.

**Аумақтың қауіпті химиялық затпен зақымдануы  
мүмкін ауданын анықтау**

**Мақсаты** – қоршаған орта сапасын практикалық зерттеу арқылы анықтау.

Сабакта 2 сағат бөлінген.

**Тапсырманы орындау үшін мысал.** 2018 жылдың 10 сөүірінде сағат 12:00-де Ақжар қаласында азот тыңайтқыштарын өндіретін зауытта АХҚЗ (сығымдалған күйдегі аммиак) шығарындысымен апат болды. Цистернаның сыйымдылығы – 5 т. Жел жылдамдығы – 1 м/с, жаппай бұлттылық.

**Тапсырма.** Бастапқы бұлт (Q<sub>s1</sub>) бойынша АХҚЗ мен химиялық зақымдануы мүмкін аймақтың ауданын есептеу.



Алғашқы бұлт пайда болатын ТЖ-ның бірінші түрі

(Алғашқы бұлт апат кезінде АХҚЗ-ның қарқынды булануы есебінен пайда болады):

$$Q_{s1} = K_1 \times K_3 \times K_5 \times K_7 \times Q_o,$$

$K_1$  сығымдалған газ үшін = 1;

$K_3$  қысыммен тұрған аммиак үшін = 0,04;

$K_5$  изотермия үшін = 0,23;

$K_7$  сығымдалған газ үшін = 1;

$$Q_o = 5.$$

Ескерту:  $K_1, K_3, \dots$  (РД 52.04.253-90 химиялық қауіпті нысандар мен көліктегі апattар (қираулар) кезінде күшті өсер ететін улы заттармен зақымдану ауқымын болжау әдістемесі).


**Шешімі:**

$$Q_{s1} = 1 \times 0,04 \times 0,23 \times 1 \times 5 = 0,046 \text{ т};$$

$$Q_{s1} = 0,046 \text{ т} (0,05 \text{ т}).$$

Желдің жыл- дамдығы, м/с	АХҚЗ зақымдануы мүмкін аймақтың таралу ауданы, км, АХҚЗ-ның эквивалентті мөлшері үшін, т								
	0,05	0,1	0,5	1	3	5	10	20	50
1 м жөне одан аз	0,85	1,25	3,16	4,75	9,18	12,53	19,20	29,56	52,67

**Жауабы.** Желдің жылдамдығы 1 м/с болғанда зақымдануы мүмкін аймақтың ауданы ( $\Gamma$ ) 850 метрге жетеді.



Зақымдануы мүмкін аймақтың ауданы жөне бастапқы бұлттың ХТС-тен бастағандағы қозғалыс бағытының сыйбасы. ХТС (химиялық тазаланған су).

Қалай ойлайсың, неге ХТС-пен зақымдану аймағы шеңбер түрінде көрінеді?

**1-тапсырма.** Бастапқы бұлт ( $Q_{\text{э}_1}$ ) бойынша химиялық зақымдануы мүмкін аймақтың ауданын есептеу. АХҚЗ (аммиак, сыйымдалған күйде). Цистернаның сыйымдылығы – 10 т. Жел жылдамдығы – 1 м/с, жаппай бұлттылық.


**2-тапсырма.** Шығыс жөне Батыс желдері болып тұрғанда ХТС-тен басталған бастапқы бұлттың қозғалыс бағытының сыйбасын сыйындар.

**3-тапсырма.** Қандай өнеркәсіп пен тұрмыс салаларында аммиак қолданылады? Аммиак несімен қауіпті?

**4-тапсырма.** Сендер тұратын ауданда ХТС-ті пайдаланатын жөне сақталатын химиялық қауіпті нысандардың бар-жоғын біліндер.


**5-тапсырма.** Құшті өсер ететін улы заттармен зақымдану аймағында жөне одан шыққаннан кейін қолданылатын бірінші кезектегі іс-кимылдарды атаңдар.

**6-тапсырма.** 30 т хлор төгілуі кезінде зақымдау ауданын талдау. Атмосфераның әртүрлі жағдайы қалай жөне неге (конвекция, изотермия, инверсия) ХТС-тің аумақ бойынша таралуына өсер етеді деп ойлайсындар?



30 т хлор төгіліүі кезіндегі закымдау ауданы

**7-тапсырма.** Күшті өсер ететін улы заттарды жүктыру аймағынан адамдар мен жануарларды эвакуациялау бағытын дәптерге сыйындар. Ұсыныстарынды негіздендер.



Химиялық затпен закымдану аймағының терендігі

## § 32. Экологиялық менеджмент

**Экологиялық менеджмент.** Экологиялық менеджмент дегеніміз – қазіргі заманғы өндірісті және қызмет көрсету саласын басқару үдерісі. Яғни, қоршаған ортаны қорғай отырып, өндіріс пен қызмет көрсету саласының үйлесімді жағдайдағы тиімділігін арттыру, оның ішінде адамның тіршілік ету ортасын қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.

Экологиялық менеджмент стратегиясы – «адам-биосфера» жүйесін дамытудың ғылыми негізделген бағыты. Ол табиғат пен қоғамның коэволюциясына (экожүйеде өзара әрекеттесетін биологиялық түрлердің бірлескен эволюциясы) әкеледі, оның негізінде қоршаған ортаның сапасын басқару өзірленеді (38-сурет).

Экологиялық менеджменттің негізгі құралдары: экологиялық сараптама және қоршаған табиғи ортага әсерді бағалау; экологиялық аудит; экологиялық бақылау; экологиялық сертификаттау; экологиялық есеп; экологиялық мониторинг; экологиялық таңбалау және жарнама.

**Экологиялық менеджменттің субъектілері мен нысандары.** Экологиялық менеджменттің негізгі мақсаты – өңірлік және облыстық, сондай-ақ аудандық, кенттік, ведомстволық және көсіпорындар арасында экономикалық және экологиялық мүдде түрфысынан келісім жасау (34-сызбанұсқа).

Табиғи ортаның сапасын анықтау және оны қорғау қызметтің жекелеген түріне жатпайды, ол экологиялық менеджменттегі табиғатты пайдалану жүйесінің құрамдас бөлігі болып есептеледі.



Бірнеше топқа бөлініндер. Экологиялық менеджменттің мүдделері бойынша хабарлама дайындаңдар.

### Бүгінгі сабакта:

- қоршаған орта сапасын қамтамасыз ететін экологиялық менеджмент туралы ұғым аласындар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ экологиялық менеджмент
- ✓ экологиялық менеджменттің субъектілері мен нысандары
- ✓ экологиялық аудит



38-сурет. Табиғат пен қоғамның коэволюциясы

### Глоссарий:

- **Экологиялық менеджмент жүйесі** – жалпы менеджмент жүйесінің бір белгілі. Негізгі қызметі – енгізу, іске асыру, талдау және қолдау үшін қажетті ұйымдастыруыштық құрылымды, жоспарлауды, жаупкершілікті бөлуді, практикалық әдістерді, рәсімдерді, үдерістер мен ресурстарды қамти-тын экологиялық саясаты әзірлеу.



Экологиялық менеджменттің субъектілеріне сонымен бірге қоршаған ортаны қорғау ісіне ортақ құзыреттілігі бар мемлекеттік органдар, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі арнайы уәкілетті органдар, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары жатады.

Көспорын деңгейінде басқару субъектілері – табиғатты пайдалану қызметтері немесе жекелеген қызметкерлер. Бұл органдардың әртурлі құзыреті мен қызмет ету ерекшеліктері бар, бірақ басқарудың барлық әдістерін белгілі бір дәрежеде, соның ішінде табиғатты пайдаланудың экономикалық тетігін құрайтын экономикалық әдісті де пайдаланады.

Қоршаған ортаның сапа мәселелерімен айналысатын басқару субъектілеріне, табиғатты қорғау және табиғатты пайдалануды бақылау мәселелерімен айналысатын органдар кіреді.

Арнайы құзырет органдарына, табиғатты қорғау қызметтерін орындауға уәкілеттілігі бар құрылымдар жатады. Арнайы құзырет органдары үш түрге бөлінеді (35-сызбанұсқа).

#### Экологиялық менеджменттің арнайы құзырет органдары



Экологиялық менеджменттің арнайы құзыреттілігі бар органдардың қызметі туралы хабарлама дайындаңдар.

Басқару нысандарына барлық табиғатты пайдаланушылар (тұтынушылар), қызмет түріне немесе бағытына қарамастан заңды және жекетүлғалар жатады.

Субъектілер мен нысандарды басқару арасындағы байланыс пен қатынас, табиғатты пайдалану және табиғи ортаны қорғау үдерісінде екі өдіспен құрылады: ұсынған нормативтік құқықтық актілер негізінде және олардың арасындағы шарттар негізінде.

**Өндірістегі экологиялық менеджмент.** Өндірістегі экологиялық менеджмент – қоршаған ортаға тигізетін өсері ескерілген жағдайда экономикалық даму барысын тиімді басқаратын тетігі бар жүйе. Экологиялық менеджмент үш кезеңге бөлінеді (36-сызбанұсқа).

36-сызбанұсқа



Жаңа көсіпорынды салу, ескісін қайта жаңарту немесе жаңғырту туралы шешім қабылдаған кезде экономиканы экологияландыру қағидатын сақтау қажет.

**Жылдам талдау жасау** – қолда бар жобалардың көптеген нұсқалары арасынан таңдалап алынған өндірістің моделін тез арада тестілеу.

**Экологиялық бизнес-жоспар (жоба).** Жобаға дейінгі сатыдағы жылдам талдаудың деректері экологиялық бизнес-жоспарды қалыптастыру жөніндегі бағдарламаға айналады. Бизнес-жоспар көсіпорынның күшті және өлсіз жақтарын, сондай-ақ мүмкіндіктер мен болуы ықтимал қауіптерін зерттейді.



Бірнеше топқа белініцдер. Өздерің тұратын ауданның экономикасын дамытуға арналған жеке бизнес-жобаны өзірлендер. Төмендегі сыйба бойынша өздерінің бизнес-жобаларынды негіздеу кезіндегі іс-әрекеттерінді көрсетіңдер. Басқа топтардың жобаларын бағаландар. Табиғатты сақтау тұрғысынан ең жақсы жобаны таңдаңдар.

### Глоссарий:

- Экономиканы экологияландыру** – өндіріс мақсаттарын сақтай отырып, көсіпорынның қоршаған ортаға өсерін (оның сапасын қалпына келтіру шеңберінде) төмендетуге бағытталған басқарушылық, технологиялық, қаржылық-экономикалық, іс-шаралардың жиынтығы. Осы кезеңде барлық өмірлік циклдегі өнімнің қауіпсіздік сыйбасын әзірлеу.
- Жылдам талдау жасау** – бұл кесте немесе тиісті параметрлер жиынтығы бар матрица, олардың талдау нәтижесі (балмен) алдағы уақытта реконструкция немесе модернизация жасаудың бағытын алдын ала таңдауға мүмкіндік береді.

Шешім шығару	Шешімді қабылдау	Жоспарлау	Болжам жасау	Есептеу	Мотивация (ынталандыру)	Ұйымдастыру	Бақылау
→	→	→	→	→	→	→	→



Экологиялық менеджменттің маңызды міндегі – қоршаган орта үшін қауіпті болдырмау немесе алдын алу. Менеджер-экологтің қағидаты «қоршаган ортаның шығындары етелуі тиіс!» деген ұранмен айқындалады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- Тұргылықты жерде жүргізілуі қажет экологиялық аудитке мысал келтіріндер. Ұсыныстарыңа дөлелдеме жасаңдар.
- Бірнеше топқа белініндер. Тауарлардың (өлемнің жекелеген елдері, органикалық ауылшаруашылық өнімдері, буып-тую туралы ақпарат, экологиялық тауарлар, тамақ өнімдері, электр техникасы, экологиялық қауіпсіздік және т.б.) экологиялық таңбалануы бойынша таныстырылым дайындандар.
- Экологиялық менеджмент саласында жұмыс істеймін деп елеестетіндер. Агротуризм, экотуризм немесе таңдау бойынша этнотуризм мысалында ауылдық жерлердегі экологиялық жағдайды жақсарту жолдарын ұсыныңдар.

### § 33. Тұрақты дамуға көшу

#### Бүгінгі сабакта:

- тұрақты дамуға көшудегі проблемалар туралы білітін боласындар;
- тұрақты даму үдерістерін талдауды үйренесіндер;
- Қазақстанның даму тұжырымдамасын анықтайсыңдар.

#### Жетекші үғымдар:

- ✓ тұрақты дамуға көшу
- ✓ өтпелі кезең
- ✓ тұрақты даму тұжырымдамасы

Дүниежүзінің даму факторлары және тұрақты дамуға көшу проблемасы. Фаламшар халқының өсуі, табиғи ресурстарға қажеттіліктің артуы және өнеркәсіптік өндірістің қарқыны өлемді тұрақты емес даму үдерісіне өкеліп соқтыруы мүмкін. Халықтың және өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқыны Жердің фаламдық әкожүйесінің қазіргі өндіру өлеуетіне, оның сыйымдылығына, мүмкіншілігіне сай келе бермейді.

Бұкіл фаламшар халқының қарапайым қажеттіліктерін қанағаттандыру және өмір сүруге қолайлы жағдай жасау – ол бірінші кезекте шешуді талап ететін маңызды проблеманың бірі. Экологиялық және демографиялық апаттардың пайда болуының басты себептерінің бірі ретінде аштық, кедейшлік, ауру мен жұмыссыздықты атауға болады, олар, екінішке орай, бүгінде өлемнің бірқатар елдерінде өдеттегі құбылысқа айналған. Бұл үдерістер дүниежүзіндегі тұрақты экологиялық және экономикалық дамуды тежеуде.

Физикалық апаттардың пайда болуының басты себептерінің бірі ретінде аштық, кедейшлік, ауру мен жұмыссыздықты атауға болады, олар, екінішке орай, бүгінде өлемнің бірқатар елдерінде өдеттегі құбылысқа айналған. Бұл үдерістер дүниежүзіндегі тұрақты экологиялық және экономикалық дамуды тежеуде.



39-сурет. Дүниежүзінің тұрақты даму факторлары

Рим клубының аясында әлемдік дамудың негізгі факторлары ес-керілген ғаламдық даму моделі өзірленді, ол демографиялық, ин-дустрологиялық, қоршаған орта ластануының есуі (экологиялық), аштық (әлеуметтік) сияқты проблемаларды шешіп, тұрақты дамуды айқын-дайды деп күтілуде (39-сурет).

 Бірнеше топқа бөлініцдер. Топ үшін тұрақты даму факторларының бірін таңдандар. Неге ол ең маңызды болып есептелінеді? Тұрақты дамудың қандай факторы сендер тұратын аудан үшін аса маңызды? Тұрақты дамудың бұлардан басқа қандай факторларын өздерің ұсына аласындар?



Геоэкология және табиғатты пайдалану саласындағы көрнекті ғалым Г.Н.Голубев қазіргі заманғы ғаламдық өзгерістер ете қысқа мерзім ішінде шамамен 100–200 жыл арасында салыстырмалы түрде санаулы ғана елді мекендер мен қоршаған ортасы аса өзгеріске ұшырай қоймаган табиғи ортадан антропогендік жолмен қарқынды өзгергенін, яғни халық тығызы қоныстанған экосфераға көшкенін айтты. Адамзат экосфераны бақылаусыз және ойланbastan пайдалану стратегиясын жалғастыра алмайды, ейткені оның тұрақты дамуының шегі бар. Өнгіме адамның өтпелі кезеңдегі қоғамының өмір сүруі туралы болып отыр немесе ол жаңа өмір сүруді үйренеді, яғни адамзатқа экосфера беретін мүмкіндіктер шегінде немесе ол толық ыдырауга дейін азып-тозады.

**Өтпелі кезең – тұрақты дамуға көшу кезеңі.** Тұрақты дамуға көшу үшін жалпыөлемдік маңызы бар бірнеше өзара байланысты өтпелі үдерістердің жүзеге асыру үсінілады (37-сызбанұсқа).

37-сызбанұсқа


### Дүниежүзілік өтпелі үдерістің құрамбөлікттері



Косымша ақпарат көздерінен Г.Н.Голубевтің «Геоэкология, өтпелі кезеңдердің өзіне тән ерекшеліктері» атты материалымен танысындар. Сыныпта олардың маңыздылығын талқыландар. Тұрақты дамуға көшу жөнө оған қол жеткізу жолдары мәселесі бойынша өз пікірлерімен бөлісіндер.

Өтпелі кезең стратегиясының құрамбөлікттері өзара байланысты ғана емес, сондай-ақ оларды жүзеге асыру ғаламдық геоэкологиялық дағдарысты еңсеру үшін қажетті шарт болып табылады.

Жалпыөлемдік, ғаламдық өтпелі үдерістерге деген қажеттілік экосфераның антропогендік трансформациясының үлғаюына қарай күштейтін болады. Сонымен бірге тұрақты кезең факторларының құрамбөлікттері арасындағы өзара төуелділік артады (7-диаграмма).



7-диаграмма. Тұрақты даму факторлары динамикасының жалпыөлемдік үдерістері



7-диаграммаға назар аударындар. Тұрақты даму факторларының өрбір динамикасының үдерістерін сипаттаңдар. Өзара тығыз байланысатын құрамбөліктерді табындар. Тұрақты дамудың себеп-салдарлық байланыстарының логикалық сызыбасын құрындар.

1	2	3	4	5

Қазіргі қоғам қоршаған табиғи ортаны сақтау заңына сәйкес қазіргі және болашақ үрпақтың мұдделерін қорғайтындаидамуға тұрақты және ұзақмерзімді сипат береді алады.

**Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасы.** Үлт көшбасшысы Н.Назарбаев Қазақстан Республикасы үшін тұрақты дамуға көшу ең маңызды мәселелердің бірі екенін атап айтты. Табиғат ресурстарын пайдалану есебінен экономиканың өсуі тек қана бір кезеңде тиімді болуы мүмкін.

Тұрақты даму Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет. Тұрақты даму қағидаты Қазақстанның әлемдегі бөсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының негізіне енгізілген.

Қазақстан Республикасының 2007–2024 жылдарға арналған Тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасы дамудың экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және саяси факторлары интеграцияланған және Қазақстан халқының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бірыңғай үдеріс ретінде қаралған.



Қазақстан БҮҰ Тұрақты даму бойынша комиссиясының, «Еуропа үшін қоршаған орта» және «Азия үшін қоршаған орта және тұрақты даму» үдерістерінің, Дүниежүзілік көсіпкерлік кеңесінің тұрақты даму үшін әнірлік еуразиялық желісінің белсенді мүшесі болып табылады.

Республика аймақтарының экономикалық және әлеуметтік жағдайларында елеулі алшақтық сақталуда. Демографиялық ахуал және ел халқының денсаулығы өзекті проблемалардың біріне жатады, бұл тұрғыда халық арасында құқықтық, экономикалық, экологиялық сауаттылықтың салыстырмалы түрде төмен деңгейі байқалады. Бұл кедергілерді еңсеру Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшу жолындағы басты кезеңдік міндеті болуы тиіс.

Тұжырымдаманың мақсаты – ұзақмерзімді дамуда өмір сүру сапасын арттыру және елдің бөсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасын дамытудың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық


жөне саяси аспектілерінің терең-тәндігіне қол жеткізу, сондай-ақ бірқатар маңызды міндеттерді шешу (38-сызбанұсқа).

38-сызбанұсқа

## Тұрақты даму саласындағы ҚР-дың міндеті



Қазақстан Республикасы 2030 жылы тұтыну мен өндірістің жоғарғы шегіне жеткен кезде тұрақты дамуға көшеді деген болжам бар (8-диаграмма).



8-диаграмма. Өндіру мен тұтынудың болжамды моделі жөне Қазақстанда ресурстарды пайдаланудың тиімділігі



Суретке назар салып, өз қорытындыларынды жасаңдар.



Экологиялық проблемаларды түсіну мемлекеттік реттеу деңгейінде де, шаруашылықты жүргізуі субъектілер, жеке тұлға деңгейінде де көрініс тапқан. Табиғи капиталды үнемді пайдалану және оны қалпына келтіру мақсатында өндірістік үдерістер мен бизнесті жүргізу өдістерін қайта құру қажеттілігі барлық салада қолдау табуда. Тұрақты даму қағидаттарына сүйенетін экономиканы жүргізуің және табиғатқа қарым-қатынастың жаңа моделі пайдалады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өздерің тұратын ауданның және дүниежүзінің тұрақты дамуына өсер ететін факторлар мен үдерістерді дөptерге жазындар.



2. Сендердің аймақтарының тұрақты дамуында қандай қызындықтар кездеседі?
3. Тұрақты даму саласындағы маман қандай білімдерге ие болуы керек? Ол мамандық қаншалықты маңызды?

**12-сараландық жұмыс.****«Қазақстан және тұрақты экологиялық даму» әсесі**

**Мақсаты – Қазақстанда қоршаған орта сапасын жақсарту.**

**1-тапсырма.** Бірнеше топқа белініңдер. «Қазақстан және тұрақты экологиялық даму» тақырыбы бойынша әссе дайындау үшін сұрақтардың бірін таңдаңдар.

1. Қазақстанның тұрақты экологиялық дамуға көшу қажеттілігі<sup>1</sup>.
2. Тұрақты экологиялық дамуға көшудің халықаралық контекстіндегі Қазақстанның міндеттемелері мен басымдықтары.
3. Қазақстанның тұрақты дамуының экономикалық аспектілері мен экологиялық басымдықтары.
4. «Үрпақ алдындағы міндет»: өлеуметтік, экономикалық, экологиялық.
5. Қазақстанның тұрақты даму индикаторларын талдау.
6. Қазақстанның экологиялық негізгі құрамбөліктері: су және көміртектің жағдайы.
7. Қазақстанның ғаламдық экологиялық игіліктерді сақтауы.
8. Галамдық жылыну: экологиялық, саяси немесе экономикалық проблемалар. Проблемаларды шешудің қазақстандық жолы.

**Әдістемелік нұсқаулар**

Әсseedе 3–4 бет болуы тиіс.

- Осы мәселе бойынша жазылған үстанышмадар дәйексөздермен, сілтемелермен, статистикалық деректермен, оқулық және арнайы әдебиеттер арқылы дәлелденуі керек.
- Өз ой-пікірінді және таңдалған тақырып бойынша пікірінді сынып алдында талқыла. Достарыңың жұмысын бағала.

## § 34. Аймақтық тұрақты экологиялық даму

**Тұрақты дамудың маңызы.** Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршебеңдігі мен экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету. Фаламшар халқының жартысынан астамы қалаларда тұрады. Қалаларда зияткерлік қызмет, сауда, ғылым және мәдениет, экономика және өлеуметтік даму орталықтары шоғырланған. Жақсы өмір сүруді қалаған адамдардың қалаларға көшүү жыл сайын артуда. Өсіп келе жатқан қала халқының салдарынан көптеген проблемалар туындейді: қала халқының көбеюі, өлеуметтік теңсіздік, тұрғын үйдің жетіспеуі, инфрақұрылымның тозуы, ресурстарды тиімділік пайдалану, қалдықтардың жиналуы.

\* Бұғандегі адамзаттың жартысы – 3,5 млрд адам қалаларда тұрады. Болжам бойынша 5 млрд адам 2030 жылға қарай қалаларда өмір сүретін болады.

\* Таяудағы онжылдықта қалалар есімінің шамамен 95%-ы дамушы елдер есебінен жүзеге асады.

\* Бұғандегі қалалардың тығыз қоныстанған шеткі инфрақұрылымы нашар дамыған аудандарында («трушоба») 883 млн адам тұрады. Олардың көпшілігі Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне тән үрдіс.

\* Дүниежүзі қалаларының жалпы ауданы құрлықтың тек 3%-ынғана құрайды, алайда оларға энергияны тұтынудың 60–80% және көмірқышқыл газын шығарудың 75%-ы тиесілі.

\* Урбандалудың қарқынды дамуы тұщы су қорына, көріз жүйелерінің жұмысына, өмір сүру ортасына және қоғамдық деңсаулық сақтау жүйесіне теріс әсер етеді.

\* 2016 жылы халықтың 90%-ы ДДҰ белгілеген қауіпсіздік стандартына сай келмейтін ауамен тыныс алған. Ол 4,2 млн адамның өліміне алып келді. Өлемдегі қала халқының жартысынан астамы ДДҰ нормасына сай келмейтін ауамен тыныс алуда.

### Бұғандегі сабакта:

- аймақтық тұрақты экологиялық даму мысалында табиғатты қорғауға бағытталған өмір сүру салтының қағидаттарын анықтауды үйренесіндер;
- аймақтық тұрақты экологиялық дамуды сараптау және жаңа жолдарын ұсынуды үйренесіндер.

### Жетекші үғымдар:

- ✓ тұрақты дамудың маңызы
- ✓ аймақтық тұрақты даму

Талқылау  
тақырыбы

Алматы – Қазақстанның ең ірі және әдемі қалаларының бірі. Қала сұлупығымен бірге, өте қауіпті экологиялық жағдайымен де танымал. Қаланың 2 млн халқы сыйымдылық нормасынан 4 есе артық. Осындай проблемалар соңғы жылдары Нұр-Сұлтан қаласында да пайда болды. Негізгі себептерін атаңдар. Сендер қаланың экологиялық жағдайын жақсарту үшін қандай идеялар ұсынар едіңдер?



«Мен кез келген қаланың екі-үш жыл ішінде өмір сүру сапасын жақсарта алатынына шын жүрекten сенемін». Бұл – бразилиялық сөүлетші және мемлекет қайраткері, Куритиба қаласының аты айналған мәрі Жайме Лернердің айтқан сөзі. Сендердің ойларыңша екі-үш жыл ішінде экология мен өмір сүру сапасын жақсартуға бола ма? Бұл қашшалықты мүмкін? Бұған не кедергі болуы мүмкін? Сендердің өрекеттерің қандай болмақ?

**Аймақтық тұрақты даму.** Экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу стратегиясы жекелеген елдер үшін де, өртүрлі өңірлер үшін де өржакты болуы мүмкін. Мысалы, ірі қалаларда олардың потенциалды сыйымдылығымен (агломерациялар мен облыс орталықтары) салыстырғанда халық санына көбірек назар аудару қажет. Пайдалы қазбалар өндіру мен ауылшаруашылығы аудандарында қалпына келмейтін ресурстарды өндіру көлемі мен экожүйелердің қалпына келу қабілеті арасындағы тепе-тендікке мән беру керек. Өнеркәсіп орталықтарында ортаның ластануына қарсы шаралар ұйымдастырылуы

39-сызбануңса



тиіс. Жоғарыда аталғандармен қатар ресурстарды, сондай-ақ тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін (су, электр энергиясы және т.б.) тұтыну деңгейін төмендетуге де басты назар аудару қажет (39-сызбанұсқа).



1. Бірнеше топқа белініцдер. Тұрақты даму принциптерінің бірін таңдаң, оның маңыздылығын анықтаңдар. Өздерің тұратын аудандағы тұрақты дамудың басым стратегиясын атаңдар.
2. Альберт Эйнштейн өзінің цитатасында нені көзделді? «Пайда болған проблеманы дөл сол кездегі деңгейде шешу мүмкін емес. Оны шешу үшін проблемадан бір саты жоғары деңгейге ету керек».

Қазіргі заманғы зерттеулер халық қоныстанған аумақтардың экологиялық тұрақтылығы оның материалдық әл-ауқатының деңгейіне байланысты емес екенін көрсетті. Экологияға байланысты пайда болған аса маңызды факторлардың басымына экономикалық көрсеткіштер өсер етпейді. Экологиялық тұрақтылыққа теріс өсер ету жағдайы тек электр энергиясын тұтынуға, өнеркәсіптік шығарындылардың көлеміне, автокөлік пен тұрғын үй секторындағы шығарындыларға қатысты анықталған.


Қоныстанған аумақтардың экологиялық тұрақтылығы техниканың дамуына және халық саны мен тығыздығының есүіне қарай занда түрде төмендейді, ал адам мен табиғаттың үйлесімде тіршілік етуін қамтамасыз ету үшін ол артуы тиіс. Қазіргі кездегі жаппай урбандалу деңгейінде қалалардағы экологиялық тұрақтылықты ұстап тұру және қолдау өзекті проблеманың біріне айналды. Урбандалу еңбек өнімділігі мен адамдардың өмір сүру деңгейінің жоғарылауын қамтамасыз етуге қабілетті, алайда өртүрлі экологиялық қауіптілікті тудырып, оған дейін істелген көптеген шаралардың жұмысын жоққа шығаруы мүмкін. Кейбір мемлекеттер бұғынғы күні экономикалық есу мен өмір сүру сапасын қоршаған орта мен табиғи ресурстарға нұксан келтірмей тұрақты экологиялық дамуды арттыруға үмтүлуда.

Қоғамдағы урбандалу үдерісі тұрақты үлгайып жатқаны баршамызға белгілі. Мәселен, 1950 жылы дүниежүзі халқының 30%-ы қалаларда тұрса, 2014 жылы олардың 54%-ы қала аумағында. Болжам бойынша 2050 жылға қарай әлемнің барлық халқының 66%-ы қалаларда өмір сүретін болады. Сонымен қатар 2050 жылға дейін қала халқы Азия мен Африка көбірек артпақ (9-диаграмма).



Азия, Африка және Латын Америкасының ірі қалаларының экологиялық жағдайы туралы ақпарат дайындандар. Бұл қалаларда экология проблемалары қаншалықты күрделенуі мүмкін?

10 млн адамнан астам халқы бар мегаполистер мен ірі агломерациялардың саны 2025 жылға қарай 21-ден 29-ға дейін артады. Олар қала халқының небері 10%-ын құрайтын болуы мүмкін, қала халқының есімі мегаполистердің есебінен емес, шағын қалалардың өсуінен, яғни



9-диаграмма. Дүниежүзі аймақтарындағы қала халқының ұлғаюы

500 000-нан аз халқы бар қалалардың өсу есебінен болады. Мұндай урбандалу бақыланбайтын сипатқа ие болуы мүмкін, кейбір қалалар ауданы бойынша қысқаған кезде тез урбандалу деп аталатын модельдің есебінен қала орталықтарында халық тығыз орналасып, бейберекет есім байқалатын болады.

Қала бір мезетте қоршаған ортаға теріс өсер етуші және зиян шегуші рөлін атқарады. Қоршаған ортадағы өзгерістер халықтың өмір сүру сапасына тікелей өсер ететіндіктен, зиян шегушілер қалаларда көбірек. Олар өлемдік энергияның шамамен 75%-ын пайдаланады және жылыжайлық шығарындылардың 80%-ын өндіреді. Бұл ретте қаланың құрылымы саласы елеулі теріс рөл атқарады. Дүниежүзінде барлық энергетикалық және материалдық ресурстардың 40%-ы ғимараттарды салу және пайдалану үшін қолданылады, жылыжайлық газдар шығарындыларының 40%-ы құрылымы және оны пайдаланудың өсерінен болса, барлық қалдықтардың жалпы санының 40%-ы құрылыштарды салу және бұзу нәтижесінде жинақталады.

Бүгінде тұрақты даму проблемалары аймақтарда өзекті проблемалары біріне айналды. Қалалар қоршаған ортандың жай-күйіне кері өсер ететіндіктен, экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу мақсатында «Тұрақты даму тұжырымдамасын» қолдану қалалар үшін ерекше маңызды болып отыр.

Қазақстанда қалаларға қоныс аудару, ірі қалаларға шофырлану үдерісі белен әлуда (10-диаграмма), миллионер қалалар пайда болып, олардың ауданы, халық саны ұлғаюда. Елімізде үш миллионер қала бар.



10-диаграмма. Казақстан халқының өсу динамикасы, млн адам



10-диаграмманы талдандар. Өздерің тұратын аймақтағы қала халқының өсу себептерін табындар. Оnda халықтың өсіумен қандай экологиялық проблемалар туындауды мүмкін? Аумаққа түсетін жүктемені азайту жолдарын ұсынындар.



Тұрақты даму ұғымы және стратегиясы, ең алдымен, ұлттық және аймақтық деңгейде практикалық тұрғыдан өзірлеуді қажет етеді. Алайда қабылданған стратегиялар жалпылама және теориялық сипатқа ие, өзірге олар елеулі жетістіктерге қол жеткізді деп айту қын. Осы курделі проблемаларды шешу жөніндегі стратегиялар ежей-тегжейлі, нақты қаралып, сонымен бірге жедел іске асырылуда.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қоныстанған аумақтарды дамытууды жоспарлаудың рөлі қандай?
2. Қала аумағын жоспарлаудың басты мақсаты неге?
3. Экологиялық тұрақты жоспарлау кезінде ескерілетін қала экожүйесінің жағдайы қалай сипатталуы керек?
4. Экологиялық-экономикалық өзара байланысты қалыптастыратын модельдер несімен сипатталады?
5. Өздеріңің тұрғылықты аудандарының аумағының сыйымдылығына өсер ететін факторларды атандар.

### 13-сараландық жұмыс. Геоэкологиялық жобалау

Маңдаты – бұзылған аумактарды қалпына келтіру бойынша жобаларды ұсыну.

**1-тапсырма.** Бірнеше топқа белініңдер.

**2-тапсырма.** Ландшафттың сөүлет теориясын, бүлінген жерлерді жобалау және қайта өндеде әдістемесін зерттендер.


**3-тапсырма.** Талғар өзені алқабының участкесін немесе бұзылған аумактарды (мәдени антропогендік ландшафттарды) қалпына келтіру жобасының эскизін жасаңдар.

**4-тапсырма.** Жобаларды таныстырыңдар.

Топтың жұмысын бағаландар. Үздік жобаны таңдаңдар.



Алматы облысы, Талғар өзеніндегі күм-қырышықтас карьері (2019 ж.)



Өндірістік карьер

# IV бөлім

# ГЕОЭКОНОМИКА

## ГЕОЭКОНОМИКА НЕГІЗДЕРІ

### Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті

#### § 35. Қазақстан экономикасының салалық құрылымы

**Экономика құрылымы.** Экономика – бірнеше деңгейі (секторы) бар күрделі жүйе. Барлық деңгейлер бір-бірімен тығыз байланысты және өзара тәуелді болады. Әрбір деңгей ел экономикасының функционалдық секторларын құрай отырып, өзінің белгілі бір функциясын орындауды (40-сызбанұсқа). Экономиканың құрылымдық саясаты үлттық экономиканың қазіргі заманғы прогрессивті және тиімді құрылымын қалыптастыруды көздейді. Экономика құрылымы салалардың, аймақтардың, өндіріс құралдары мен тұтыну заттары өндірісінің арақатынасын көрсетеді.

#### Бұлғаңға сабакта:

- ел экономикасының секторларын білесіндер;
- Қазақстанның ЖІӨ құрылымын түсінесіндер;
- Қазақстан шаруашылығының салалық құрылымын талдауды үйренесіндер.

#### Жетекші үғымдар:

- ✓ экономика секторлары
- ✓ жалпы ішкі өнім
- ✓ жалпы аймақтық өнім

40-сызбанұсқа

#### Экономика секторлары

- |                                     |  |
|-------------------------------------|--|
| <b>Экономиканың төрттік секторы</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Басқару және ғылым</li> <li>• Қаржы</li> </ul>              |
| <b>Экономиканың үштік секторы</b>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қызмет көрсету, көлік</li> <li>• Сауда, байланыс</li> </ul> |
| <b>Экономиканың екінші секторы</b>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Өндөуші және қайта өңдейтін өнеркәсіп</li> </ul>            |
| <b>Экономиканың бірнеше секторы</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Табигатты алғашқы пайдаланатын салалар</li> </ul>           |



Бірнеше топқа бөлініңдер. Өздерің тұратын аудандагы өндірістік және өндірістік емес салаларды атаңдар. Ойланып көріндер, өздерің тұратын ауданда не себепті осы сала дамыған? Болашақта қандай салада жұмыс істегілерің келеді және не себепті? Өздерің тұратын ауданда қандай саланы дамытқыларың келеді?


Бұл үшін қажетті жағдайлар жасалған ба? Егер жасалған болса, олар қандай? Жасалмаса, оған не кедергі болып тұр?

Жекелеген аймақтарда шаруашылық салаларын дамытуға олардың мамандандыруын айқындайтын бірқатар факторлар елеулі рөл атқарады.

 Шаруашылық салаларын орналастыру факторларын еске алындар. Өздерің тұратын аудандарда шаруашылық салаларының дамуына ықпал еткен басты факторларды атаңдар.

Сыртқы сауда мүмкіндіктерін және қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануды ескере отырып, халық пен көсіпорындардың сұранысын барынша қанағаттандыру шарты орындалғанда ғана экономиканың құрылымы тиімді деп есептелетін болады. Алайда осы жағдайларға сейкес келетін салалар мен өндірістер жиынтығын дұрыс деп біржакты жауап айтудың көмекшілігінде қазақстандық экономиканың құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі 38%-ды, қызмет көрсету 56%-ды құрайды (11-диаграмма).

**Қазіргі Қазақстан экономикасының құрылымы.** Қазақстан – аграрлы-индустриялық ел, бұл экономиканың өсуі, негізінен, аграрлық сектор мен сейкес келетін өнеркәсіпті дамыту есебінен болып отыр. Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі 38%-ды, қызмет көрсету 56%-ды құрайды (11-диаграмма).



11-диаграмма. Қазақстанның ЖІӨ құрылымы (2018 ж.)

Республиканың әрбір ірі қаласы мен жеке облысы өзінің экономикалық құрылымымен ерекшеленіп, елдің жалпы ішкі өніміне өз үлесін қосуда.

Олардың әрқайсысының үлесі жалпы аймақтық өніммен (ЖАӨ) анықталады. 2018 жылы ЖАӨ-нің ең жоғары көрсеткіштерін Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары, Атырау облысы көрсетті. Республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың әрқайсысында экономиканың өзіндік құрылымы қалыптасқан.



Анықтамалық материалдарды пайдалана отырып, республикалық маңызы бар қалалар, сөндер тұратын облыстың немесе қаланың ЖАӘ құрылымының бағаналы диаграммасын құрындар. Өздерің тұратын жердегі экономиканың жетекші салаларын атаңдар. Олардың даму себептерін көрсетіңдер.



Қазақстан өлемдегі бөсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіруі үшін өндірісті технологиялық жағынан жаңарту, заңнамалық базаны жетілдіру, экономика құрылымында сапалы ілгерілеу, сондай-ақ адами капиталды дамыту қажет.

Осының барлығы үлттық экономиканың ерекшеліктерін ескере отырып, жаңғыртудың жеке нұсқасын қалыптастыруды және іске асыруды көздейді. Бұл Қазақстанға жаһандану жағдайында өлемдік нарықта белсенді және тең құқылы қатысушы болуға мүмкіндік береді.

### Сурақтар мен тапсырмалар

1. Өздерің тұратын ауданның Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму картасына енгізілген шаруашылық салаларын атаңдар.
2. Қазақстанның ЖІӨ құрылымын Еуропаның дамыған елдерінің бірінің ЖІӨ-сімен салыстырыңдар.

## § 36–37. Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуы

### Қазақстан экономикасын аймақтандыру.

Аймақтың өлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қабылданып жатқан аймақтық саясат негізі белгілі бір модельден тұрады. Экономикалық дамуды тиімді іске асыру, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану, жалпы алғанда, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға өкелетін аймақтың өлеуметтік-экономикалық даму деңгейін тәсестіру мүмкіндігі аймақтық саясат моделін таңдауға байланысты. Аймақтардың табысты дамуы – елдің экономикалық өсуінің маңызды құралы.

Қазақстанның аймақтық саясаты үзак үақыт бойы мемлекеттік бюджеттен дотация жолымен аймақтардағы сәйкесіздіктерді тәсестіруге үмтүлды, жыл сайын сәйкесіздік тұрақты түрде өсу үстінде болды. Республика аймақтарын дотациялық дамыту стратегиясы көптеген өлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді жасанды тәсестіруге алып келді, бул, тұтастай алғанда, нарықтық экономиканың өлшемдері мен қағидаттарына сәйкес келмеді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының

### Бүгінгі сабакта:

- экономиканы аймақтандыру стратегиясын білесіндер;
- аймақтың экономикалық дамуын түсінесіндер;
- Қазақстан аймақтары шаруашылығының салалық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштерін салыстырып таңдауды үйренесіндер.

### Жетекші үғымдар:

- ✓ экономиканы аймақтандыру
- ✓ жалпы ішкі өнім
- ✓ жалпы аймақтық өнім

аумақтық дамуының мемлекеттік стратегиясын қабылдаумен іске асырылған неғұрлым пәрменді аймақтық саясатты өзірлеу қажеттігі туындал отыр.



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде өзірленген» Аймақтарды дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының негізгі бағыттарымен танысындар.

Аймақтық саясаттың базалық идеологиясы ретінде экономикалық есу орталықтарын дамытудың ұтымды үйлесімдігі, аумақтық шоғырлануы және басқарылатын урбандалу, сондай-ақ хаб және сөүлелік (орталықтан жан-жакқа бағытталған дамыту) қағидалы бойынша макроаймақтық дамуға негізделген үйлесімдіктің даму стратегиясы ұсынылды. Бағдарламада жекелеген аймақтар шеңберінде де, тұтастай ел шеңберінде де экономикалық даму орталықтарын қалыптастыру, ерекшеліктеріне сәйкес аймақтарды дамытуда мемлекеттік қолдау көрсету қарастырылған.

Әрбір аймақ өзіндік табигат жағдайларымен және табиғи ресурстарымен ерекшеленеді, олардың өрқайсысында аймақтың шаруашылық құрылымы мен мамандануын айқындайтын өзінің экономикалық және әлеуметтік жағдайлары бар. Экономиканы аймақтандыру және тауарлар мен қызметтердің өлемдік нарығын жаһандандыру жағдайында аймақтар бөсекелестіктің дербес субъектілеріне айналды.



41-сызбанұсқага назар аударындар. Сендер тұратын аймақ үшін макроаймақтық даму принципінің қайсысы тиімді? Ұсыныстарыңды негіздендер. Өздерің тұратын жердің экономикасын дамыту жолын ұсынындар.

**Қазақстанның экономикалық даму көрсеткіштері.** Әлеуметтік-экономикалық өлеует – экономиканың негізгі ұфымдарының бірі, ол ел экономикасының өртүрлі салаларының нақты жағдайы мен даму перспективаларын, өндіргіш күштердің даму деңгейін көрсетеді, осылайша, республиканың тұтастай бөсекеге қабілеттігін айқындайды. Экономикалық дамуының және экономикалық өлеуетінің нақты көрсеткішін жалпы ішкі өнім көрсетеді (ЖІӨ). Қазақстанның ЖІӨ есімі 2018 жылы 4,1%-ды құрады; экономикалық дамудың негізгі факторларына жоғары инвестициялық және тұтынушылық сұраныс, сондай-ақ экономиканың базалық салаларындағы өндірістік белсенділік жатады (12-диаграмма).

Жылдық инфляция 5,3%-ды құрады. Экономикалық дамуда негізгі рөл негізгі капиталға салынған инвестицияларға тиесілі болды.

### Глоссарий:

- **Аймақтандыры** – билік құзыреттерін қайта бөлу, функцияларды мемлекеттік органдардан алып, аймақтық деңгейге беру, үлттық деңгейде шешім қабылдау үдерісінде аймақтардың жаңа рөліне жауап беретін жаңа институционалдық нысандардың пайда болуы және дамуы.

## Қазақстанның макроaimактық дамуның хаб және сөүлелік көрсеткіштері

**КР аумактық-кеңістіктегі**  
үйнімдастыру баласы, ірі қалаларда  
некоторые даму негізі бар жана экономика

Нұр-Сұлтан  
Алматы  
Шымкент  
Ақтөбе  
Өскемен

**Кластерді**  
қалыптастыру  
және дамыту

Ел экономика-  
сының басты  
салаларында  
жоғары  
технологиялық  
өндіріске көшу

Тыңғыз коньстантаган  
жерлерде агломера-  
цияны қалыптастыру  
(КР аумактық үйнімда-  
стырудаты басым болыт)

Калаларды белсенді дамыта-  
рып, агломера-  
циялық дамуға көшу

Хаб принципіне сүйе не  
отырып, макроaimак-  
шеберінде көлік,  
логистикалық инфра-  
жүйелімді дамыту

Аумактық негізгі ре-  
сурсна негізделген

Каржы, адами,  
инновациялық, та-  
биги, экологиялық  
және мәдениет  
орталығы

Аймактардың дамыған  
жерлерінде терминал-  
ды инфрақұрылым-  
ды және менеджмент  
сарапасын дамыту

**Хаб-калалар**

Негізгі жүйелік -  
жетекші технология-  
ларды, капиталды  
және ресурсты өзіне  
жинақтай алған  
орталықка айналуы  
тиіс

Ерекшеленген  
экономикалық  
торалттар ішкі  
экономикалық  
кеңістіктің  
тұтас бірлігін  
қалыптастырыды

Дүниежүзілік  
денгейдегі қызмет  
корсетуге ету, соның  
ішінде адами кали-  
талды дайындау

Мегаполистермен  
Еуразиялық кеңістік  
алясында бесекелесуі



12-диаграмма. Қазақстанның ЖКИ және экономика салаларының өсу серпіні



13-диаграммада талдау жасандар. 2018 жылғы ЖКИ өсіміндегі шикізат емес сектордың үлесі қалай өзгерді? Оның өсуіне не себеп болды? Сендер тұратын ауданда экономиканың қандай секторы басым?

13-диаграммада Дүниежүзілік Банктің 2020 жылға дейінгі Қазақстан экономикасының өсу көрсеткіштері берілген. Сондай-ақ ЖКИ-нің өсуі мен Қазақстан экономикасының өсуін төмендететін және мүмкін болатын төуекелдер үшін ұсынымдар берілді.



13-диаграмма. Дүниежүзілік Банктің деректері бойынша Қазақстан экономикасының өсуі



Дүниежүзілік Банктің деректері бойынша Қазақстанның ЖКИ-сінің болжамды өсуін талда. 2019 жөне 2020 жылдары ЖКИ-нің құлдырауы немен байланысты болады деп ойлайсыңыз?

**Жалпы ішкі өнім.** 2018 жылдың 9 айында Қазақстанның ЖКИ 39 767,1 млрд теңгені құрады. 2017 жылмен салыстырғанда 4,1%-ға өсken. ЖАӘ өндірісінде Алматы қаласының үлесінде (ең жоғарғы көрсеткіш) – 18,9%, үлесі азы Солтүстік Қазақстан облысы – 2,1% (22-кесте).

## 2018 жылдың 9 айындағы жалпы аймақтық өнім

Облыстар және республикалық маңызы бар қалалар	Аймақтық жалпы өнім				
	Млрд теңге	ЖІӨ үлесі, % есебімен	2017 жылмен салыстырғандағы физикалық индекс көлемі (ФИК)	Жан басына шаққанда, мың теңге	Жан басына шаққандағы ЖАӨ реттілігі
Ақмола	1 074,9	2,7	101,7	1 454,0	13
Ақтөбе	1 935,3	4,9	103,9	2 244,9	8
Алматы	1 912,2	4,8	102,7	944,2	15
Атырау	4 911,6	12,4	112,5	7 850,9	1
БҚО	2 000,7	5,0	99,5	3 083,3	5
Жамбыл	972,2	2,4	106,6	868,0	16
Қарағанды	3 162,4	8,0	104,7	2 291,8	6
Қостанай	1 386,6	3,5	110,3	1 585,3	10
Қызылорда	1 223,4	3,1	97,7	1 553,8	11
Маңғыстау	2 369,8	6,0	101,1	3 554,0	4
Павлодар	1 724,1	4,2	102,6	2 285,4	7
СҚО	821,2	2,1	104,8	1 474,0	12
Түркістан	1 103,9	2,8	103,9	559,5	17
ШҚО	2 317,8	5,8	106,2	1 677,2	9
Нұр-Сұлтан қ.	3 975,8	10,0	99,1	3 802,0	3
Алматы қ.	7 533,9	18,9	102,6	4 133,7	2
Шымкент қ.	1 341,4	3,4	107,6	1 366,9	14

ЖАӨ өсімінің жоғары қарқыны Атырау (12,5%-ға) және Қостанай (10,3% -ға) облыстарында және Шымкент қаласында (7,6% -ға) байқалды. ЖАӨ өсу қарқынының төмендеуі Қызылорда облысында (97,7%), Нұр-Сұлтан қаласында (99,1%) және Батыс Қазақстан облысында (99,5%) байқалды. Республика бойынша жан басына шаққандағы ЖАӨ 2 179,5 мың теңгені құрады. Аймақтар бойынша 1-орынды – Атырау облысы (7 850,9 мың теңге), соңғы орында – Түркістан облысы (559,5 мың теңге).




Қазақстан аймақтары мен республикалық маңызды қалалар бойынша 8 топқа бөліндер. Аймақтардың және ЖІӨ-дегі ЖАӨ-нің үлесі және жан басына шаққандағы көрсеткіштері бойынша жеке топтарға бөліндер. Деректерді өндөу нәтижелері бойынша диаграмма құрындар. Оларды басқа топтардың нәтижелімен салыстырындар. Тиісті қорытынды шығарындар. Таныстырылым дайындаудар.

Аймақтардың дамуы туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімді экономикалық индикатор (МЭИ) да қажет. Бұл индикатор ЖІӨ-нің 60%-дан астамын құрайтын ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылым, сауда, көлік және байланыс базалық салалары бойынша шығарылым индекстерінің өзгеруіне негізделеді және жеделдікті қамтамасыз етеді деп есептеледі.

2018 жылы қарқынды даму Шымкент қаласы (16,4%-ға), Атырау (14,5%-ға), Қостанай (8,9%-ға) және Шығыс Қазақстан (8,2%-ға) облыстарында байқалды. Ал төмендеу Нұр-Сұлтан қаласында (95,8%), Батыс Қазақстан (97,7%) және Қызылорда (98,0%) облыстарында байқалды.

Өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 2018 жылы 27,6 трлн болды, физикалық индекс көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 104,1%. Өнеркәсіп өнімін өндіру көлемінің едөуір өсуі Атырау (110,6%), Шығыс Қазақстан (109,3%) және Қостанай (108,3%) облыстарында байқалды.



14-диаграмма. Облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша өнеркәсіп өнімі көлемінің өзгеруі



14-диаграмманы талдандар. Неге Атырау, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында өнеркесіп өндірілу көлемі жоғары? Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының көшбасшылардан қалыс қалу себебін түсіндіріндер.

Жекелеген облыстарда өнеркесіп өнімін өндіру көлемінің төмендеуі байқалды. Мұнай ұнғымаларының сарқылуына байланысты мұнайды өндіру Қызылорда облысында 93,1%-та төмендеді. Соңғы 6 жылда мұнай өндіру 5 млн т-ға жуық қысқарды (2013 жылы – 11 млн т, 2018 жылы – 6,3 млн т).

Батыс Қазақстан облысында 95,7%-та төмендеді. Тау-кен өнеркесібінде шикі мұнай өндіру көлемінің 3,5%-та төмендеуі есебінен 4,6%-та төмендеді, оның себебі: төмендеу қабаттардағы су деңгейінің жоғары болуына байланысты ұнғымалардың өнімділігінің төмен болуы. Түркістан облысында 97,3%-та төмендеді. Уран кенін өндіруді қысқарту есебінен тау-кен өнеркесібі 5,8%-та, электрмен жабдықтау, газ, бу және ауаны конденсациялау 3,5%-та, электр энергиясын өндіру 2,9%-та азайды.



Аймақтық даму экономикалық қатынастардың қалыптасқан жүйесін білдіреді, ол арқылы ұлттық кіріс аумақтардың экономикалық және өлеуметтік дамына белінеді. Қазіргі жағдайда аймақтардың рөлі күшіне түсіде, бұл экономикалық және өлеуметтік үдерістерді аймақтандырумен байланысты. Осы реформалардың нәтижесінде аумақтардың экономикалық және өлеуметтік даму деңгейі тәсестіріледі. Бұл үдерістердің басты құрамбөліктері – аймақтық саясат, аймақтық бюджеттер мен инвестициялар.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстан экономикасын аймақтандыру саясаты немен байланысты?
2. Экономиканы аймақтандыру ерқашан оң нәтижелерге алғыш келеді ме?
3. Соңғы жылдары сөндердің түрғылықты аудандарының экономикасында қандай өзгерістер байқалды?
4. Республиканың ЖАӘ-дегі жекелеген облыстардың артта қалуы немен байланысты?

### § 38. Экономикалық-географиялық аудандастырудың теориясы мен практикасы

**Аудандастырудың теориясы мен практикасы.** Экономикалық аудандастыру шаруашылықты аумақтық үйымдастыруды оңтайландыру үшін пайдаланылатын ғылыми зерттеу әдісі ретінде қарастырылады.

Экономикалық аудандастырудың мәні еңбектің аумақтық белінүүнің объективті заңдылығына, шаруашылықтың кешенді дамына және өндірістік күштердің тере-төң орналасуына көніл беліп, еңбек белінісін жеке

#### Бүгінгі сабакта:

- аудандастырудың теориясы мен тәжірибесін білесіндер;
- экономикалық аудандардың қалыптасу жағдайларымен танысадындар;
- экономикалық аудандардың мамандануын сипаттауды үйренесіндер.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ аудандастыру
- ✓ мамандандыру
- ✓ экономикалық аудан

**Глоссарий:**

- Аудандастыру** – мемлекетті бір-бірінен экономикалық-географиялық жағдайымен, табиғи ресурстарымен, мамандандырылуымен, өндірістің өзара байланысымен және т.б. ерекшеліктерімен ерекшеленетін аудандарға белу.



Аумақты аудандастырудың жалпы және жеке өдістерімен танысындар. Олар қандай мақсатта жүргізіледі? Оларға мысал келтіріндер.

Аудандастырудың негізгі функциясы – аумақ туралы ақпаратты ретке келтіру, оны терең түсіну және аудандар туралы тұтас түсінік қалыптастыру үшін ақпаратты синтездеу, «аудан бейнесін» құру.

Экономикалық аудандастыру – аудандық жоспарлаудың, мемлекеттік аймақтық экономикалық саясатты өзірлеудің, аймақтардың шаруашылығын мамандандырудың және кешенді дамытуды жетілдірудің, перспективада өнірлердің дамуын болжаудың негізі болып есептелінеді.

Экономикалық аудандастырудың негізгі түрлері – *салалық* және *интегралдық*. Интегралдық аудандастыру салалық аудандастыруға қарағанда барлық шаруашылықты біртұтас қамтиды. Салалық аудандастыру тек бір немесе бірнеше саланың (мұнай-газ немесе металлургия, агроенеркесін кешені, көлік торабы және т.б.) мұдделерін ескеруді көздейді. Салалық аудандастырудың арасында жеке факторлар немесе басқа да көрсеткіштер бойынша да аудандарға бөлінеді (42-сызбанұсқа).

Экономикалық ауданның басты белгілері – шаруашылықтың мамандануы мен кешенділігі және интегралдық аудандарды қалыптастыруды шоғырландырушы рөл атқаратын ірі орталықтың болуы. Мұндай орталық көптеген ғылыми зерттеулерде ядро деп аталады. Аудандастыру, негізінен, төрт бірлікке бөлінеді (43-сызбанұсқа).

Экономикалық мамандандырылған аудандарды қалыптастыру шарттары. Экономикалық аудандастырудың нәтижесі – аумақтық еңбек бөлінісіне негізделген экономикалық аудандарға белу және жекелеген аумақтарды өнімдердің белгілі бір түрлерін өндіруге, қызметтердің белгілі бір түрлерін көрсетуге мамандандыру. Экономикалық аудан-

таксондарға (бірліктерге), ғылыми негіздерге сүйене отырып аудандастыру.

Аудандастыру практикасында *тұтас* және *тораптық*; жалпы және жеке аумақтарға бөлу қолданылады. Тұтас (біртекті) аудандастыру барлық аумақты қамтиды, бөлінген аймақтар арасында бос кеңістік болмайды. Мысалы, өкімшілік-аумақтық, бөлініс, физикалық-географиялық аудандастыру және т.б. Тораптық аудандастыру кезінде белгілі бір табиғи немесе экономикалық құбылыстар айқын көрсетілген орталықтар (тораптар) және оларға іргелес кеңістіктер белінеді. Бұл жағдайда аумақтардың экономикалық, өлеуметтік, экологиялық және басқа да ерекшеліктері нақты көрсетіледі.

## Салалық аудандастыру факторлары



дарды құруда табиғи жағдайлар мен ресурстар негізгі рөл атқарады, бірақ өрқашан айқындаушы бола алмайды.

Ауданның артықшылықтары дәл осы кезде өндіріске қажет жағдайда (географиялық жағдай, табиғи ресурстар, еңбек ресурстары, қаржы ресурстары, инфрақұрылым және т.б.) өнімге немесе қызметтерге (сұраныс) мүқтаждықты сезінетін аудандар (елдер, өңірлер, облыстар) болуы тиіс. Өнімді өндіруге және тұтынушыға жеткізуғе арналған шығындар басқа аудандардан төмен болуы тиіс. Ол үшін аудан осы өнімді ішкі тұтынудан артық өндіруі тиіс.



Практикалық қажеттіліктер үшін өртүрлі иерархиялық деңгейде аумақтық жүйелерді зерттеу неғұрлым өзекті болуда: макро-мезо-микроаудандастыру (44-сызбанұсқа).

**Аудандастырудың иерархиялық деңгейлері****Макроаудандастыру**

Мемлекет шеңберінде шаруашылықтың мамандануымен ерекшеленетін ірі экономикалық аудандарды бөлу, яғни жалпы мемлекеттік еңбек бөлінісінде басым рөл атқарады

**Мезоаудандастыру**

Мемлекет шеңберінде шаруашылықтың мамандануымен ерекшеленетін ірі экономикалық аудандарды бөлу, яғни жалпы мемлекеттік еңбек бөлінісінде басым рөл атқарады

**Микроаудандастыру**

Өкімшілік облыстардың жекелеген тәмемгі өкімшілік аудандарға бөлінуі. Жекелеген жағдайларда шағын аудандарға белгілі бір немесе өзге белгілер (тау, шипажайлық, тау, шекара жөне т.б.) бойынша бірнеше тәмемгі өкімшілік аудандар біріктірілуі мүмкін.



Өздерің тұратын экономикалық аудандың (республикалық бағыныстағы қала) микроаудандастыру құрылымымен танысындар. Олардың мамандану саласын атаңдар. Сендер тұратын аудандың мамандану факторларын атаңдар.

**Қазақстанның экономикалық аудандары.** Экономикалық аудандастырудың негізі КСРО құрамында болған кезде қаланған. Бес экономикалық ауданға бөлінді.



Бес топқа бөлініңдер. Қазақстанның экономикалық аудандары бойынша таныстырылым дайындаңдар.

Қазіргі жағдайда өндірістік күштерді тиімді аумақтық үйімдестірудың негізінде аумақтық үдерістер жатыр. Соңғылардың арасында, ең алдымен, аумақтық (аймақтық) саралау жөне аумақтық (өнірлік) интеграция үдерістерін атап өткен жөн. Экономикалық аудандар шаруашылықтың аумақтық құрылымын жетілдірудің негізі болып табылады, бұл республика экономикасындағы трансформациялық үдерістер жағдайында маңызды рөл атқарады. Алайда бірқатар проблемалар да бар. Барлық экономикалық аудандарда жұмыс істеп тұрған кесіпорындарды техникалық қайта жараптандыру жөне еңбек өнімділігін арттыру проблемалары сакталуда. Соңғы жылдары аймақтық дамудың мемлекеттік бағдарламалары өнірлердің экономикалық дамуын теңестіруге түрткі болды.

**Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Сендердің экономикалық аудандарың алыс жөне жақын шетелдермен интеграциялық үдерістеріне мысал келтіріңдер.
2. Қазақстан аумағының экономикалық бөлінісінің құрылымын одан өрі өзгерту мүмкін бе? Бұған не себеп болуы мүмкін?

## § 39. Инвестициялық тартымдылық – Қазақстан экономикасының даму тетігі

**Инвестициялық саясат.** Интеграцияның, жаһанданудың және бөсекелестіктің қазіргі жағдайында экономиканың нақты секторларына инвестиция қыю проблемасы өте өзекті. Инвестициялық тартымдылық дегеніміз – инвестордың қандай да бір нысан таңдауына өсер ететін белгілі бір шарттарының болуы. Инвестициялық тартымдылықтың негізгі көрсеткіші ретінде оның инвестициялық климаты басты рөл атқарады (45-сызбанұсқа).

### Бүгінгі сабакта:

- инвестициялық тартымдылық теориясын білесіндер;
- Қазақстан экономикасына инвестициялардың рөлін түсінесіндер;
- Қазақстан аймақтары шаруашылығын инвестициялар арқылы дамыту мүмкіндігін талдайсындар.

45-сызбанұсқа



Инвестициялық ахуалды бағалау үшін неғұрлым қолайлыш және қолайсыз факторларды анықтау керек (40-сурет).



Бизнес-климат. Тиімді ЭГЖ. Дамыған инфрақұрылым. Энергиямен қамтамасыз ету. Тұтынушылық алеует. Пайдалы қазбалардың өртүрлілігі. Білікті кадрлар. Саяси және өлеуметтік тұрақтылық. Қолайлыш экологиялық жағдайлар

40-сурет. Инвестицияларды дамыту үшін оң және теріс факторлар



Сендер тұратын аймақтағы инвестицияларды дамыту үшін қолайлыш факторларды атандар. Қандай факторлар кедергі келтіруі мүмкін?

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ инвестиция
- ✓ инвестициялық климат
- ✓ инвестор

Инвестициялық тартымдылық мемлекет деңгейінде, өртүрлі деңгейдегі және әкімші-

лік бағыныстырылғаты аймақтар деңгейінде де болуы мүмкін (46-сызбанұса). Бұл олардың бәсекеге қабілеттілігіне де өсер етеді.


46-сызбанұса



**Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы.** 2018 жылы «Doing Business» рейтингіне сәйкес, Қазақстан инвестициялық тартымдылық өлшемі бойынша өлемнің 190 елінің ішінде 36-орында болды.



Жылдар бойынша шетелдік инвестициялық ағын (млрд АҚШ доллары)



41-сурет. 2005–2017 жылдардағы Қазақстан экономикасына жетекші инвесторлардың инвестициялар ағыны (млрд АҚШ доллары)

41-суретте 2005–2017 жылдардағы Қазақстан экономикасына жетекші инвесторлардың инвестициялар ағыны көрсетілген.



2019 жылғы 1 қантарда Қазақстан Республикасының сыртқы қарызы \$158,8 млрд болды, бұл ЖІӨ-нің 93,1%-ын құрайды. Республиканың сыртқы борышының құрылымымен танысындар. Сыртқы қарызыды азайту және тоқтату үшін мемлекетке не істеге керек деп ойлайсындар?

Талданып отырған кезеңде ірі инвестор Нидерланд Корольдігі Қазақстан экономикасына \$77,9 млрд инвестиция салған, екінші орында – АҚШ, үшінші орында – Швейцария. Шетелдік инвестициялар мен Қазақстан экономикасын қайта бағдарлаудың арқасында жан басына шакқандағы ЖІӨ көрсеткіші 1994 жылы \$735,9-дан 2017 жылы \$8,8 мыңға дейін – 12 есеге үлгайды.



Дүниежүзінің басты аймақтарына сейкес бірнеше топқа белініндер. Өздерің таңдаған аймақтан бір немесе екі инвесторды таңдаңдар. Экономиканың қандай салаларына инвестициялар жүзеге асырылған?

Шетелдік инвестиациялардың ең көп көлемі көсіби, ғылыми және техникалық қызметке, өнеркәсіптің тау-кен өндіру және өндіреу секторына бағытталды. Қаржы институттарына, сақтаңдыру қызметіне, құрылышқа аз мөлшерде белінді (23-кесте).

23-кесте

#### 2005–2017 жылдардағы Қазақстан экономикасының салалары бойынша жұмсалған инвестициялар (млрд АҚШ доллары)

Сала	Үлесі	Инвестиция мөлшері
Көсіби, ғылыми және техникалық қызметтер	33%	\$87,2 млрд
Тау-кен өнеркәсібі	28,7%	\$76 млрд
Өндіреу өнеркәсібі	13,4%	\$35,5 млрд
Сауда	9,4%	\$24,7 млрд
Қаржы және сақтаңдыру қызметі	4,8%	\$12,6 млрд
Құрылыш	3,4%	\$9,1 млрд
Басқалар	7,3%	



Сендер қалай ойлайсындар, неге шетелдік инвесторлар өндіруші секторға капитал салуды жән санайды? Қосымша құны жоғары өнімдерді өндіруге инвестиация тарту жолдарын ұсынындар.



2005–2017 жылдар аралығында Қазақстаннан тікелей шетелге жіберілген инвестиация ағыны 62 млрд АҚШ долларын құрады. Анықтамалық деректер мен сараптама көздерінен өлемнің қай елдеріне Қазақстан Республикасы көбірек инвестиация салғанын табындар.



Шетелдік капиталды тарту Қазақстан экономикасын дамытудың стратегиялық міндеттеріне жатады. Бұл үдерісте қаржы ресурстарына, қазіргі заманғы технологияларға, басқару дағдыларына, инновациялық тауарлар мен қызметтерге қол жеткізуі қамтамасыз ететін, сондай-ақ отандық жөне аймақтық экономиканың бөсекеге қабиlettesігін арттыруға тікелей ықпал ететін тікелей инвестициялар ерекше рөл атқарады. Бұл ретте қайта өңдеу секторын дамытуға, қызметтер мен жаңа технологиялар секторына шетелдік инвесторлар қаражатының құйылуын ынталандыру қажет.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шетелдік капитал салынған Қазақстанның ірі көсіпорындарын атандар. Олар кімге тиесілі? Ол жердегі Қазақстанның үлесі қандай? Сендер тұратын аймақта қандай бірлескен компаниялар бар?
2. Шикізат нарығына шетелдік инвестицияларды құюды азайту жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі нeden туындалы?

## 14-сараланың жұмыс.

**Аймақтың экономикалық және инвестициялық өлеуетін бағалау**


Маңсаты – бағалау өдістерін пайдаланып, Қазақстан аймақтарының экономикалық және инвестициялық өлеуетін бағалауды үйрену.

**1-тапсырма.** Интегралдық өдісте 5 балдық жүйе бойынша өз аймақтарыңың экономикалық өлеуетін басқа аймақпен салыстыра отырып бағаландар. Жиынтық кестені толтырыңдар. Тиісті қорытындылар жасандар.

Аймақтың атауы	Аймақтың экономикалық өлеуеті									
	Географиялық орны	Табиги ресурстары	Еңбек ресурсы	Көлік жағдайы	Тұтыну-шылық	Инновациялық	Өндірістік	Инфрақұрылымдық	Туристік	Экологиялық

**2-тапсырма.** Өз аймақтарыңың инвестициялық өлеуетіне талдау жасандар. Анықтама көздерінен аймақтың негізгі капиталына түскен инвестициялар бойынша деректерді табыңдар. Сызбанұсқаны дәптерлеріңе сыйып толтырыңдар.

### Аймақтың инвестициялық өлеуеті



- *Ресурстық құрамбөлік* – географиялық және геоэкономикалық жағдай, ресурстық база, экономикалық өлеует.
- *Операциялық құрамбөлік* – инвестицияларды тарту өдістері, инвестицияларды басқару жүйесі.
- *Имидждік құрамбөлік* – өлеуетті инвесторлардың аймақ туралы көзқарасы, олардың аймақтағы инвестициялық жобалардың табысты болуына қатысты шаралары.

**3-тапсырма.** «Менің аймағымның инновациялық өлеуеті» тақырыбына постер құрастырыңдар.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Қолайлы географиялық орны  
Шикізат көзіне және нарыққа шығаруға жақындығы  
Ауылшаруашылық әлеуетінің ауқымдылығы  
Көлік-коммуникация желісінің жеткіліктілігі  
Коршаған ортаның экологиялық тазалығы

Аймақты шаруашылықтың ертүрлі саласы бойынша инвестиция тартуға қолайлы етеді.

Сұтті және тауарлы малшаруашылығы

Бағбандық және кекенішшаруашылығы

Өндіруші өнеркәсіп

Санаториялыш-шиапажайлы шаруашылық

Менің аймағымның инновациялық әлеуеті «постерінің макеті»

## § 40. Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуын тәсестіру

Аумақтық дамудың өркелкілігі. Аумақтық экономикалық даму тәсіздігіне, ең алдымен, өлеуметтік-экономикалық даму қарқынындағы аймақтық тәсіздік, өмір сүру деңгейі, жұмыспен қамтудағы, жұмыссызың деңгейіндегі айырмашылықтар, қоршаған ортаны сауықтыру, шағын және орта бизнесті дамыту жағдайындағы мүмкіндіктер тәндігі және т.б. жатады.

Аймақтардың өркелкі дамуының бірқатар себептерін атап өтуге болады, олар аймақтық саясатты жүргізуде ескерілуі қажет: табиғи-климаттық жағдайлардағы айырмашылықтар; ресурстардың шикізат базасы; экономикалық және физикалық-географиялық жағдай; көлік қатынасы; демографиялық факторлар; өндірістік өлеует және басқалар.

Аймақтық саясаттың маңызды міндеттерінің бірі – өлеуметтік қақтығыстардың пайда болуына негіз болатын тәсіздікті барынша азайту, ол, тұастай алғанда, елдің, оның жекелеген беліктерінің даму қарқынын темендедеді.

### Аймақтық тәсестіру элементтері



Аймақтық өділпеттілік экономикалық қызметтің нәтижелерін бөлуді болжайды, бұл ретте барлық өңірдің халқы өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін азды-көпті тәң мүмкіндіктерге ие болады. Аймақтық тиімділікпен есү нұктелерін (полюстерді) ынталандыруды және алынған нәтижелерді нақты сол аймаққа байланысты бөлуді болжайды (47-сызбанусқа).

Өздерің тұратын аймақ үшін өлеуметтік-экономикалық тәсестіру нысандарын ұсыныңдар. Ұсыныстарындағы негіздендер.

Аймақтың өлеуметтік-экономикалық дамуының басым мақсаттары ретінде аймақтық саясатты жүргізуінде тиімділігі, экономикалық есү қарқыны, халықтың жұмыспен қамтылуы, жалақы көрсеткіші, адамдардың өмір сүру деңгейі, өмір сүру ұзақтығы, денсаулығы, білім


### Бүгінгі сабакта:

- аймақтық тәсестіру шарттары туралы білесіндер;
- аймақтарды тәсестіру жолдарын түсінесіндер;
- Қазақстан аймақтарын тәсестіру бойынша өз идеяларынды ұсынуды үйренисіндер

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ аймақтық дамудың біркелкі еместігі
- ✓ тәсестіру саясаты
- ✓ адами дамуының индексі

## Аймақтарды тәсестірудегі әлеуметтік-экономикалық саясат



беру сапасы, мәдени өмірді байыту, бизнестің жаңа түрлерін тарту, бар бизнесті кеңейту, шағын бизнесті дамыту, өнеркәсіпті қалыптастыру, өндіріс пен табыстың өсуі, қызмет көрсету саласын қолға алу, аймақ халқының жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру сияқты көрсеткіштер пайдаланылады. Бұл ретте басты міндет – басты көрсеткіштер бойынша басып озу емес, экономикалық және әлеуметтік даму деңгейіндегі алшактықты еңсеру. Қоғамдың жағдайларда ішкі көші-қон дәл осындағы алшактыққа өсер етеді.

**Тәсестіру саясаты.** Қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін тәсестірудің ең қолайлы нұсқасы азаматтардың тұратын жеріне қарамастан, мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды заңнамалық бекіту болар еді. Бұл стандарттар, біріншіден, халықтың кедейленуіне тоқсаяуыл болып, екіншіден, билікті Франция мен Германиядағы сияқты халықтың әл-

ауқатының деңгейіне жауапты болуга мәжбүр етер еді. Мемлекеттік аймақтық саясатты құруға негіз болатын екі төсілді қарастырайық (24-кесте).

24-кесте

Мемлекеттік аймақтық саясатты құру төсілдері	
Аймақтардың даму деңгейлерін «теңестіру саясаты» (Германия)	«Өсу полюстерінің теориясы» (Франция)

Германиядағы «теңестіру саясаты» – басқа аймақтар есебінен жекелеген аймақтарды жедел дамыту мақсатында белгілі бір кезеңге республикалық бюджет қаражатын олардың пайдасына қайта бөлу. Оны қайта бөлудің объективті негізіне экологиялық апартар, экономикалық депрессия, қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлар және т.б. жатады.

«Өсу полюстері теориясының» француздық мәні – өндірістің негізгі факторлары – капитал мен жұмыс күшіне өсер ете алғын «өсу полюстерін» құру. «Аймақтық өсу полюсі» – бұл белгілі бір аумақта орналасқан және өзінің ықпалымен барлық аймағында экономикалық қызметті жандандыруға қабілетті дамушы және кеңейтілетін салалардың жиынтығы. «Өсу полюстерінің» құрылуды ғылыми-техникалық прогресті қарқынды енгізу үшін қолайлы жағдайлар кезінде неғұрлым серпінді салаларға жататын жетекші өнеркәсіп немесе қызмет көрсету саласы болған кездеған орын алады.

**Аймақтық дамуды жергілікті басқару әдістері.** Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасындағы сәйкесіздіктерді шешу үшін теңестірудің мемлекеттік аймақтық саясатын жүргізу – заман талабы. Мемлекет аймақтық саясатқа араласқанда өлеуметтік және саяси мәселелерді шешуге (өлеуметтік әділлік, еліміздің интеграциясы және т.б.) бағытталуы тиіс. Экономикалық проблемаларды шешуде нарықтың рөлі жоғары, бірақ сәйкесіздікті күшейтеді. Сонымен қатар аймақтық саясат, өлеуметтік-саяси мақсаттардың басымдығына қарамастан, тек экономика арқылыған орекет ете алады. Теңестіруші аймақтық саясат, қаражатты неғұрлым дамыған аймақтан нашар дамыған аймақтарға қарай қайта бөлмей теңестіру мүмкін емес. Қайта бөлінген қаражат нашар дамыған аймақтың дамуына мүмкіндік беретіндей болуы тиіс, сонымен бірге донор аймақтың әрі қарай дамуына кедегі болмайтындей болуы қажет.




Аймақтарды теңестіру стратегиясын талқыландар. Проблемалы аймақтарды, облыстарды, аудандарды, ауылдық округтерді аумақтық әділлік пен саяси тұрақтылық үшін және аймақтар мен жалпы республиканың экономикалық тиімділігі үшін қолайлы аймақтарды қолдау.

Кез келген деңгейдегі жергілікті билік органдары облыстың, қаланың, ауданның, ауылдың округтің екі негізгі қызметін орындауы тиесі: халыққа және кәсіпорындарға қызмет көрсету (жолдарды тиісті деңгейде ұстап түру, су, жылу, энергиямен жабдықтау, қоқысты жинау, саябақтарды, демалыс орындарын тазалау және т.б.) және ведомство-лық бағынысты аумақтың өлеуметтік-экономикалық дамуын басқару.

Өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері адам дамуының индексіне (АДИ) әсер етеді. 2018 жылы АДИ бойынша Қазақстан әлем елдері арасында 58-орын алды.



15-диаграммаға талдау жасаңдар. АДИ көрсеткішін қалай анықтайды? Өлеуметтік-экономикалық дамудың қандай факторлары Қазақстанда АДИ көрсеткішінің өсуіне әсер етті? Өздерің тұратын облыстың, қаланың АДИ көрсеткіші қандай? Көрсеткіштерді басқа аймақтармен салыстырыңдар. Тиісті қорытынды жасаңдар. Өздерің тұратын аймақтың АДИ көрсеткішін арттыру жолдарын ұсыныңдар.



15-диаграмма. Қазақстанның АДИ динамикасы

Дамуды басқару стратегиялардың, бағдарламалардың, нақты іс-кимылдар мен бір реттік басқару шешімдерінің әртүрлі спектрінің көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Олар арқылы жергілікті өкімшілік аймақ экономикасының дамуын ынталандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, салық базасын ұлғайтуға, экономикалық белсенедліліктің белгілі бір түрлері үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге үмтүллады:

жергілікті өкімшілікті ынталандыру, қолдау және экономикалық даму барысына ықпал ету өдістері аймақтық іскерлік белсенділікті дамыту үшін қолайлы жалпы жағдайлар жасау, аймақ өкімшілігі мен бизнестің кооперациясы.



Өткен материалды түйіндендер. Өткен тақырыпты қорытындылап таныстырылым дайындаңдар.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- Адамдардың өмір сүруі үшін тұрақты дамуды және қолайлы ортаны қамтамасыз ету мен аймақтардың тәсестірліуін қалай сөйкестендіру керек?
- Енбек және табиги-шикізат ресурстарын тиімді пайдалану аймақтарды тәсестіруде қандай рөл атқарады?

### § 41. Мамандану және диверсификация – аймақтық экономиканың потенциалы

**Аймақтық мамандану және диверсификация.** Аймақтық экономикалық дамуы айтарлықтай дәрежеде экономикалық қызмет түрлерінің жиынтығына байланысты. Әрбір аймақ – елдің экономикалық кеңістігі шеңберінде өзінің аумағында өз өнімімен тек өз қажеттіліктерін ғана емес, сондай-ақ елдің басқа аймақтарының сұраныстарын қанағаттандыратын және бірқатар жағдайларда өнімді басқа елдерге экспорттайдын өндірістердің нақты түрлерінің шоғырланаудың білдіретін өзіндік мамандануы бар құрылым.

Аймақтық экономикада нақты бір салаға маманданған аумақтар немесе диверсификацияланған (әртараптану) аудандар қалыптасады. Демек, аймақ қызметінің көрсеткіштерінің өсуі, қызметтік мамандану немесе диверсификациялау есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін. Мамандану және әртараптану, әдетте, төрт түрге бөлінеді (25-кесте).



Сен тұратын аймақ үшін экономиканы әртараптандырудың және маманданудың қандай түрлері тән?

#### Бүгінгі сабакта:

- мамандандыру мен диверсификацияның түрлерін білесіндер;
- диверсификацияның бағыттарын түсінесіндер;
- Қазақстан аймақтарының экономикалық даму алеуетін анықтауды үйренесіндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ аймақтық мамандану
- ✓ диверсификация
- ✓ аймақтық экономиканың алеуеті

## Диверсификация мен мамандандыру түрлері

Диверсификация	Мамандандыру
Тауарлық	
Нарыққа бірқатар түрлі өнімдер мен қызметтерді сату	Нарыққа басым түрде бір өнім немесе қызметтерді өткізу
Нарықтық	
Бірқатар нарықта жұмыс жасау	Нарықтың бір түрінде жұмыс жасау
Өндірістік	
Өндірістік қызмет пен қызметтердің бірнеше түрін бір мезгілде жүргізу	Басым түрде өндірістік қызметтің немесе қызметтің бір түрін жүргізу
Басқару (функционалды)	
Басқару қызметінің бірнеше түрін бір мезгілде жүзеге асыру	Басқарушылық қызметтің мамандандырылған түрлерін жүзеге асыру

**Глоссарий:**

- **Диверсификация** (diversificatio лат.) – шығарылатын өнімнің ассортиментін кеңейту және өткізу нарықтарын қайта бағдарлау, өндірістің тиімділігін арттыру, экономикалық пайда алу, банкроттықты болдырмау мақсатында өндірістің жаңа түрлерін игеру

Аймақты мамандандыру жалпымен мемлекеттік баланста айтарлықтай үлеске ие болатын өнімді немесе қызметті тиімді өндіруге мүмкіндік береді және өнім арзан болады. Өнімді немесе қызметті арзандату аумақтың қолайлы экономикалық және табигат жағдайлары есебінен жүргізіледі. Бұл ретте жоғары экономикалық нәтижеге қол жеткізуде аймақтық экономиканың өлеуетін құрайтын мамандандың басты салалары аса маңызды аудан құрушы рөлін атқарады.

Аймақтың мамандануы ішкі және сыртқы болып екіге белгінеді. Ишкі функция аймақтың шаруашылық кешенінде жоғары маңызы бар аймақтық экономиканың қандай да бір немесе бірнеше салаларының басым дамуынан көрінеді.

Аймақтың мамандануының сыртқы функциясы тек аймақтық қажеттіліктерді қанағаттандыруға ғана емес, сондай-ақ оларды басқа аймақтарда іске асыруға бағытталған тауарлар мен қызметтер өндірісінің көлемі және құрылымымен айқындалады.

Диверсификация (әртаратандыру) дегеніміз – шығарылатын өнімдер мен қызметтердің ассортиментін кеңейтуді және өнімді өткізуде нарықтың бағамын анықтау және оған бейімделу, өндірістің тиімділігін арттыру, экономикалық пайда алу мақсатында өндірістің жаңа түрлерін игеруді білдіреді (48-сызбанұсқа).

**Өндірісті және қызметтерді экономикада  
өртараптандыру нысандары**



Өндірісті және қызметтерді өртараптандыру нысандары бойынша (тікелей, кері, өнімді кеңейту, географиялық кеңейту) бірнеше топқа бөлініндер. Олардың ерекшелігі мен артықшылықтарын анықтаңдар.

**Аймақтық маманданудың функциясы.** Аймақтық маманданудың функциясы аймақтық шаруашылық кешенінде жоғары маңызы бар экономика салаларының басым дамуынан көрінеді. Тарихи қалыптасқан құрылым және үдемелі индустримальы-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны (УИИДМБ) іске асыру негізінде айқындалған өндеу өнеркесібінің аймақтық маманданудын (облыстар мен республикалық бағыныстағы қалалар деңгейінде) қарастырайық.

**Ақмола облысы** – азық-түлік, құрылыш материалдары өндірісі, түсті металлургия, теміржол және ауылшаруашылығы машиналарын жасау.

**Ақтөбе облысы** – түсті және қара металлургия, мұнай-газ өндеу, өнеркесіп үшін химикаттар, құрылыш материалдары, тамақ өнімдері өндірісі.

**Алматы облысы** – тамақ өнімдерін, электр жабдықтарын, негізгі фармацевтикалық өнімдерді, құрылыш материалдарын, киімдер, жиһаздарды өндіру.

**Атырау облысы** – мұнай-газ химиясы, өнеркесіпке арналған химикаттар өндірісі,

**Глоссарий:**

- **Аймақ** – кәсіпорындар мен үйімдар арасындағы байланыс жүйесі қалыптасқан және бір-біріне тәуелді ел аумағының бір белгі; экономикалық аудан, облыс, аудан, табиғи немесе тарихи қалыптасқан экономикалық-географиялық жағдайлардың жиынтығымен ерекшеленетін аймақ.

- **Аймақтық жүйенің әлеуеті** – аймақтық ішкі және сыртқы функцияларды орындау мүмкіндігі.

мұнай өндіреу және мұнай өндіру өнеркесібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі, құрылым материалдарын өндіру, тамақ өнімдерін өндіру.

*Батыс Қазақстан облысы* – машиналар мен жабдықтарды, құрылым материалдарын, тамақ өнімдерін өндіру.

*Жамбыл облысы* – өнеркесіпке арналған химикаттар өндірісі, агротехника, қара metallurgия, құрылым материалдары, тамақ өнімдері, былғары және оған қатысты өнімдер өндірісі.

*Қарғанда облысы* – қара және түсті metallurgия, өнеркесіпке арналған химикаттар өндірісі, тау-кен өнеркесібіне арналған машиналар мен жабдықтар, электр жабдықтары, құрылым материалдары, тамақ өнімдері өндірісі.

*Қостанай облысы* – қара metallurgия, тамақ өнімдерін, автокөлік құралдарын, ауылшаруашылығы техникасын өндіру.

*Қызылорда облысы* – құрылым материалдарын өндіру, тамақ өнімдерін өндіру, мұнай өндіру өнеркесібі, уран өндіру.

*Манғыстау облысы* – мұнай өндіреу, мұнай химиясы, газ өндіреу, мұнай өндіреу және мұнай өндіру өнеркесібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі, тамақ өнімдерін өндіру.

*Түркістан облысы* – тамақ өнімдерін өндіру, женіл өнеркесіп, құрылым материалдарын өндіру, қара metallurgия, электр жабдықтары.

*Павлодар облысы* – қара және түсті metallurgия, мұнай өндіреу, теміржол техникасын, өнеркесіпке арналған химикаттар, азық-түлік өнімдерін өндіру.

*Солтүстік Қазақстан облысы* – машина жасау (мұнай өндіреу және мұнай өндіру өнеркесібіне, теміржол көлігіне, энергетикаға арналған жабдықтар), тамақ өнімдерін өндіру.

*Шығыс Қазақстан облысы* – түсті metallurgия, автокөлік құралдарын, ауылшаруашылығы техникасын, электр жабдықтарын, бекіту арматурасын, құрылым материалдарын, азық-түлік өнімдерін өндіру.

*Нұр-Сұлтан қаласы* – азық-түлік, теміржол техникасы, электр жабдықтары өндірісі, құрылым материалдары өндірісі.

*Алматы қаласы* – тамақ өнімдерін, электр жабдықтарын, мұнай өндіреу және мұнай өндіру өнеркесібіне арналған машиналар мен жабдықтарды, тау-кен өндіру өнеркесібіне арналған машиналар мен жабдықтарды өндіру, құрылым материалдарын, негізгі фармацевтикалық өнімдерді, жиһаздарды өндіру.

*Шымкент қаласы* – тамақ өнімдерін, электр жабдықтарын өндіру, мұнай өндіреу, құрылым материалдарын өндіру, фармацевтикалық өнімдерді шығару, мақта-қағаз өндірісі.

 Нарықтық экономика жағдайында аймақтардың өлеуетін өсіру шарттарының бірі – оны тауар нарығына шығу стратегиясы ретінде өртараптандыру, сол

арқылы жаңа нарықтарға шығуды арттыру. Әртараптандыру стратегиясы басқа фирмамен бірігу немесе жаңа көсіпорын құру жолымен іске асырылады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өзің тұратын аймақтың экономикасын әртараптандыру қажеттілігі қанша-лықты маңызды?
2. Республиканың көршілес облыстарымен салыстырғанда өз облыстарының өлеуеті қандай артықшылықтарға ие?
3. «Қазақстаниң табиғи-ауылшаруашылық аудандастыру картасын» тауыш талдаңдар. Өз облысың мен экономикалық ауданыңа қандай мамандану сала-лары тән? Олардың одан өрі даму перспективалары қандай?

**15-сараланың жұмыс.**

**Аймақтың даму өлеуетіне SWOT арқылы талдау жасау**

**Мақсаты** – талдау негізінде Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуындағы кедергілерді жою жөнінде ұсыныстар өзірлеу.

SWOT-талдау (Strength, Weakness, Opportunities, Threats) – талдаудың кең таралған және қарапайым түрлерінің бірі. Оның көмегімен аймақтың дамуына ықпал ететін ішкі және сыртқы факторларды анықтауға болады. Үнемі жетілдіріліп, өзгеріп отыратын нарықтық жағдайларға бейімделіп отыру қажет екендігі маңызды. Сондықтан аймақты дамыту жөнінде ұсыныстар енгізбес бұрын күшті және әлсіз жақтарын, даму үшін қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерін анықтау қажет.

Дұрыс жүргізілген SWOT-талдаудың нәтижесінде алдағы уақытта аймақтың даму стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін мәліметтерді алуға болады. Аймақтың SWOT-талдауы барлық жағдайларды төрт фактор бойынша бағалауға мүмкіндік береді:

**S – strength (күшті жақтары).** Сен тұратын аймақтың бәсекелестік қабілеті.

**W – weakness (әлсіз жақтары).** Аймақтың дамуын қынданататын ішкі факторлар мен проблемалар оның болашағына өсер етуі және бәсекелестік қабілетін тәмендетуі мүмкін.

**O – opportunities (мүмкіндіктері).** Аймақтың дамуына оқ өсер ететін сыртқы факторлар пайдаланылуы тиіс.

**T – threats (қауіптер, қауіп-қатерлер).** Аймақтың одан әрі дамуына теріс өсер етуі мүмкін болашақтағы сыртқы және ішкі жағымсыз факторлар, оқиғалар немесе өзгерістер.

 **1-тапсырма.** Кестеге сәйкес өз аймақтарының даму өлеуетіне SWOT-талдау жасандар. Талдаудың барлық факторларын дөлелдендер және негіздендер.

S – strength (күшті жақтары)	W – weakness (әлсіз жақтары)
-	-
-	-
-	-
-	-
-	-
-	-
O – opportunities (мүмкіндіктері)	T – threats (қауіптер, қауіп-қатерлер)
-	-
-	-
-	-
-	-
-	-
-	-



**2-тапсырма.** Жүргізілген SWOT-талдау нәтижелері бойынша даму стратегиясын және өздерің тұратын аймақтың экономикалық даму кедергілерін жою бойынша шешімдерді өзірлендер.

Стратегиялар	
Даму стратегиясы	Кедергіні жою стратегиясы



**3-тапсырма.** Аймақтың экономикалық даму кедергілерін жою жөніндегі даму стратегиялары мен шешімдеріне постер дайындаңдар және таныстырындар. Оларды сыншыпта талқыланадар. Олардың ішінен ең болашағы зор жұмысты таңдаңдар.

## Геоэкономикалық даму стратегиялары

### § 42. Қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтер өндірісі

#### Бүгінгі сабакта:


- қосылған құны жоғары тауарлар өндірісінің артықшылығын талдайсыңдар;
- бизнестік өндірістік міндеттерін шешуді үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ құны және бағасы
- ✓ пайда
- ✓ жоғары қосылған құн

Тауарлар мен қызметтердің құны мен бағасы. Бағаны белгілеу – тауарлар мен қызметтерді өндірушілердің алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі. Дәл осы баға белгілі бір өнім нарығындағы істің мәнжайын және көсіпорынның тиімділік деңгейін көрсетеді. Егер өнімді белгіленген баға бойынша сату мүмкін болса, бұл бағаны белгілеу стратегиясы дұрыс таңдалғанын, өнім (қызмет) нарығындағы орны дұрыс анықталғанын білдіреді.

Өндірушінің тауарды немесе қызметтерді өндіруге жұмысашан еңбек шығындары (ақылой және физикалық энергия) оның құнын анықтайды. Тауар мен қызметтерді өндіруге көп еңбек жұмсалған сайын соғурлым қымбат болады. Баға – сатушы сізге тауар беруге белгілеген нақты сома. Іс жүзінде бұл – зат немесе қызмет құнының ақшалай баламасы. Бағаның қалыптасу негізінде айырбастау үдерісі жатыр, яғни адам өз өнімін айырбастауға дайын. Сондықтан тауардың немесе қызметтің бағасы мен құнын шатастырмау керек (42-сурет).



Кұны – тауарды және қызметті өндіруге және откізуға ақшалай кететін шығындар

Баға – сатушы сатуға, ал сатып алушы тауар мен қызмет бірлігін сатып алуға дайын ақша саны

42-сурет. Баға және құн ұғымының арақатынасы

Өндірілген өнімнің құнымен оны өндіруге жұмсалған материалдық шығынның (шикізат, энергия, материалдар, амортизациялық аударымдар және т.б.) және басқа ұйымдардың қызмет құны арасындағы айырмашылық қосылған құндың құрайды.


Өнімнің және қызметтердің өзіндік құны – көсіпорын қызметінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Өнімнің өзіндік құны көсіпорынның пайда табуымен, рентабельділігімен, олардың экономикалық тиімділігімен байланысты. Өнімнің өзіндік құны бойынша техника мен технологияны, еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігі анықталады.

**Табыс қосылған құн.** Соңғы өнімнің құнын есептеу үшін экономистер қосылған құн ұғымын пайдаланады. Қосылған құн өндірілген өнімнің және қызметтердің құны мен өндірістің тұтынылған материалдық құралдарының (шикізат, энергия, материалдар және т.б.) және басқа үйымдардың қызметтерінің құны арасындағы айырмашылығы. Әрбір ұйым белгілі бір пайдамен жұмыс істеуге тырысады. Пайда өндірушіде тауар мен қызметтерді өндіру және өткізу шығындары етелгеннен кейін қалады (49-сызбанұсқа).

### Глоссарий:

- **Тауар** – сатуға арналған еңбек өнімі.
- **Тауардың қасиеттері** – адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; басқа тауарларға алмасу.
- **Қызмет (сервис, service)** – бір тарап екінші тарапқа ұсына алатын кез келген қызмет немесе жұмыс.


49-сызбанұсқа



Қосылған құн нормасы (ҚҚН) қосылған құнды (ҚҚ) өнімді сатудан түскен түсімге (СТТ) бөлумен анықталады:

$$(ҚҚН) = (\bar{Q}Q / СТТ) \times 100\%.$$

43-суретте нанның өзіндік құнын қалыптастыру құрылымы көрсетілген және ол наң өндіру үдерісінің мысалында соңғы өнімнің құнын елшеу үшін неге пайдаланылуы мүмкін?



43-сурет. Нан бағасының өзіндік құнын қалыптастыру



1 кг томат пастасының көтерме сату бағасын және бөлшек сауда бағасын анықтаймыз; тауардың өзіндік құны – 250 теңге; кесіпорының күтілетін пайдасы – 25%; акциздік алым (шығындар) – 5%; ҚҚН – 20%; еткізу үйымдарының шығындары – 7%; сауда үстеме бағасы – 10%. Бағаны анықтау баға белгілеудің келесі тетігінен шыгарылады:

$K_{\text{сб}} = \Theta_{\text{к}} + K_{\text{п}}$ ;  $C_{\text{б}} = \Theta_{\text{к}} + A_{\text{а}}$ ;  $B_{\text{сб}} = C_{\text{б}} + K_{\text{КН}} + \Theta_{\text{ш}} + Y_{\text{б}}$ ,  
мұнда  $K_{\text{сб}}$  – көтерме сауда баға;  $\Theta_{\text{к}}$  – өнімнің толық өзіндік құны;  $K_{\text{п}}$  – кесіпорының күтілетін пайдасы;  $C_{\text{б}}$  – сату бағасы;  $A_{\text{а}}$  – акциздік алым;  $B_{\text{сб}}$  – бөлшек сауда баға;  $K_{\text{КН}}$  – қосылған құн салыны;  $\Theta_{\text{ш}}$  – еткізу үйымдарының шығындары;  $Y_{\text{б}}$  – сауда үстеме бағасы.

Тапсырманың шешімі:  $\Theta_{\text{к}} = 250$  теңге.  $K_{\text{п}} = 25\% = 62,50$  теңге.  $A_{\text{а}} = 5\% = 12,5$  теңге.  $K_{\text{КН}} = 20\% = 50$  теңге.  $\Theta_{\text{ш}} = 7\% = 17,5$  теңге.  $Y_{\text{б}} = 10\% = 25$  теңге.  $K_{\text{сб}} = \Theta_{\text{к}} + K_{\text{п}} = 250 + 62,50 = 312,50$  теңге.  $K_{\text{сб}} = \Theta_{\text{к}} + K_{\text{п}} + A_{\text{а}} = 312,50 + 12,50 = 325$  теңге.

$B_{\text{сб}} = K_{\text{сб}} + K_{\text{КН}} + A_{\text{а}} + \Theta_{\text{ш}} = 325 + 50 + 17,5 + 25 = 417,50$  теңге.

**Қосылған құны жоғары тауарлар өндірісі.** Экономикалық үдерістердің қазіргі заманғы жүйесінде ғылымның, инновациялар мен технологиялардың үлесі – әлеуметтік-экономикалық дамудың шешуші факторы. Инновациялық қызмет бағыттарының бірі – қосылған құнның үлесі бар өнім өндірілетін жоғары технологиялық салаларды дамыту.

Жоғары технологиялық өнім өндірісі елдердің ғылыми-техникалық потенциалын дамытумен тікелей байланысты, бұл олардың бессекеге қабілеттігін арттыруға мүмкіндік береді және тұрақты өсуді қамтамасыз етеді (50-сызбанұсқа). Өндірістің фрагментациясы және мамандану сияқты үдерістердің дамуына байланысты өлемдік экономиканың негізгі элементі – құнды құрудың жаһандық тізбектері пайда болды.

50-сызбанұсқа

#### Экономика моделінің және қосылған құнның арақатынасы



Сенің тұратын аймағында экономика мен қосылған құнның қандай модель орын алған?

107-кесте жекелеген тауарлар бойынша дүниежүзілік сауданың жалпы көлемінің 30%-дан астам жиынтығы тиесілі қосылған құны жоғары тауар өндірушілер мен өлемдік көшбасшылар көрсетілген.

**Дүниежүзілік сауданың жалпы көлеміндегі қосылған құны жоғары, жетекші өнім өндірушілердің үлесі, 2015 ж.**



26-кестені талда. Сен қалай ойлайсын, бірқатар Еуропа елдері, АҚШ және Қытай қосылған құны жоғары тауарлар өндірісі бойынша көшбасшы болып табылатындығына не себеп болды?

**Өте қызықты! Үстеме бағасы жоғары тауарлар топтамасы**

**Сусындар.** Сусындардың ең жоғары маржиналдық тауарлардың бірі болып табылатыны туралы тәжірибелі ритейлер мен қоғамдық тамақтану кесіпорындарының иелері біледі. Мәселен, сапалы жай ауызсудың литрінің құны 15 теңгеден аспайды, ал бүгінгі күні нарықта орташа бағасы 150 теңге. Қоғамдық тамақтану кесіпорындарындағы сатылатын сусындар да дәл осылай. Сусындардың бағасы бірнеше есе артуы мүмкін. Азық-түлік дүкенінің ассортиментіне ыстық шай немесе кофе, коктейльдер немесе сергітетін сусындар енгізе отырып, жақсы пайда табуға болады.

**Ыстық кофе** – бұл дәмхана мен мейрамханалар мәзіріндегі ең жоғары маржиналдық позициялардың бірі. 300–400% үстеме бағамен сатуға болады. Оған қосымша ұсынылатын пісіру және десерттер есебінен (әртүрлі пончиктер, маффиндер, топпингтері бар вафли) қорытынды баға 600%-ға дейін өседі. Бизнес кез келген бюджетке форматтардың көптігімен тартымды (шагын сауда нұктесі, мобильді кофеханалар, вендингтік саудамен және т.б. айналысуға болады), сондай-ақ кофені тұтынудың есіп келе жатқандығына да байланысты.

**Попкорн.** Бүгінгі күні ең үлкен үстеме бағасы бар он тауарға попкорн сияқты танымал өнімдер кіреді. Мысалы, попкорн құрғақ жү-

гері дөндері үшін шикізат құны дайын ыстық попкорн құнынан он есе төмен. Тек екі асқасық «шикізат» сізге дайын өнімнің литр көлемін бере алады. Попкорнның үстеме бағасы орта есеппен 600–700%-ды құрайды және 1500%-ға жетеді. Бұл ретте шығын өте аз. Бұл бизнесті попкорн аппараты бар шағын сауда нұктесінен бастауға болады.

**Тұтті мақта.** Тұтті мақтаны сату шамадан тыс күш-жігер немесе шеберлікті талап етпейді. Сонымен қатар тұтті мақтаның 4000%-дан асатын өте қарапайым үстеме бағасы бар. Егер жаңа сырғылған шырындар мен тағамдармен бірге мақтаны сатса, бірнеше есе артық пайда табуға болады.



Қосылған құны жоғары өнімдер мен қызметтерді өндіру, егер рентабельділік пен оны өндірудің езіндік құнындағы тұрақты шығындар үлесінің арақатынасы өнім/қызмет рентабельділігі мен ауыстырылатын өнімнің қосылған құнының аз үлесімен тұрақты шығындар үлесінің арақатынасынан асып түсетін болса, көсіпорынның салалық төуекелін төмendetуі мүмкін. Қосылған құны жоғары өнім шығару өндірісті тұрақты дамыту факторларының бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстанның инновациялық-индустриялық даму бағдарламасында қосылған құны жоғары тауарлар өндірісінің стратегиясы қалай көрсетілген?
2. Сендер тұратын аймақтағы қосылған құны жоғары тауарлар өндірісін тәжійтін кедергілер мен қызындықтарды атаңдар.
3. Сендер қалай ойлайсындар, маркетолог маманы қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтерді жылжытуға қаншалықты жәрдем көрсете алады?


## 16-сараланың жұмыс.

### Қосылған құны жоғары өнімдер мен қызметтердің аймақтық өндірісінің бизнес-жоспары

**Мақсаты** – Қазақстан аймақтарында қосымша құны жоғары өнімдер мен қызметтерді өндіру жөнінде бизнес-идеяларды негіздеу.

**1-тапсырма.** Қазақстанның Ресейден импорттайтын азық-түлік тауарларының құрылымын талдау. Сен тұратын аймақта осы өнімдерді өндіру үшін шикізат базасы бар ма? Сен тұратын аймақта қосылған құны жоғары қандай азық-түлік тауарларын өндіруге және басқа мемлекеттерге экспорттауға болады? Алдағы уақытта да Ресейден және басқа елдерден бірқатар азық-түлік өнімдерін сатып алу төуелділігі неге сақталады деп ойлайсың? Сен тұратын аймақта өз шикізатын терең өндеу есебінен азық-түлік өнімдерінің импорттын төмендету бойынша идеяларды ұсынындар.

#### Ресейден қосылған құны жоғары азық-түлік тауарларының экспорты (2016/2015 ж. қантар-шілде, мың тонна)



**2-тапсырма.** Аймақта қосылған құны жоғары өнімдер мен қызметтерді өндірудің бизнес-жоспарын жасаңдар. Экономикасы шикізатты өндіруге бағытталған аймақтарда шикізатты терең өндеу

идеясын ұсыну. Iрі қалаларда тамақтану, түрмистық қызмет көрсету және көлік саласында қызмет көрсету бойынша идеялар. Туристік-рекреациялық аймақтарда демалыс және ойын-сауық саласын дамытуға арналған өз ойың.

**З-тапсырма.** Бизнес-жоспарыңды таныстыр. Оны достарыңмен талқыла. Ең табысты және іске асырылатын бизнес-идеяны танда.

### *Бизнес үшін бизнес-жоспар құру*

Сапалы бизнес-жоспар құру – бизнестің маңызды кезеңдерінің бірі, ол кейіннен табысқа немесе сөтсіздікке ұшыратуы мүмкін. Бизнес-жоспармен таныспай түрып, бірде-бір инвестор жобаға өз ақшасын салмайды. Сондықтан барынша объективті көрініс алу үшін бизнес-жоспарда қауіптерді, төуекелдерді және сөтсіздік ықтималдығын қоса алғанда, жобаның барлық егжей-тегжейлері ескерілуі тиіс.

#### *Стандартты бизнес-жоспар:*

- кіріспе белімі (бизнес-идеяны негіздеу);
- сен тұратын аймақта өндіру және ұсыну жоспарланған тауарлар немесе қызметтер тізімі;
- маркетингтік стратегияны тандау және маркетингтік жоспар құру;
- тауардың және қызметтің соңғы тұтынушыға дейінгі қозғалысын көрсететін өндірістік және жұмыс үдерістері;
- бәсекеге қабілеттілігі;
- мүмкін болатын төуекелдер;
- күтілетін нәтижелер.

#### *Бәсекелестерді талдау*

Жеке бизнесті нәлден бастау – бұл, ең алдымен, нарыққа енген және өз позицияларын берік нығайтуға үлгерген негізгі ойыншылардың күшті және өлсіз жақтарын бағалауға мүмкіндік беретін маркетингтік зерттеудің бір белігін білдіретін бәсекелестерді талдау. Бұл кезең үшін бәсекелестер өнімдерінің ассортиментін, олардың баға саясатын, жалпы даму стратегиясын және ұзақмерзімді, қысқамерзімді перспективада олардың жұмысының нәтижелерін бағалауды мүкият зерделеу керек.

#### *Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау*

Қызметкерлерді жинаған кезде олардың жұмыстың көп белігін орындастынын және түпкі нәтиже олардың құзыретіне тікелей байланысты болатынын әрдайым есте сақтау қажет. Қызметкерлерді жалдау кезінде олардың көсібілігіне, біліктілігіне және тәжірибесіне назар аудару керек.

#### *Жарнама*

Бастапқы кезеңде ең басты міндет – компания туралы, сенің өнімің және қызметің туралы халық білуі тиіс, сондықтан алғашқы уақытта жарнама беру керек. Оған қоса, бірнеше акция жасау немесе бонустық бағдарламаны іске қажет.

## Әдістемелік нұсқау

Сарамандық сабак 2 сағатқа арналған. 1-сабакта мұғалімнің жетекшілігімен тапсырмалар топтық, жоба ретінде орындалады. 2-сабакта жұмыс нәтижелері қорытындыланып, таныстырылым өткізіледі.

Тапсырмалар орындау үшін сынның оқушылары бірнеше топтарға бөлінеді.

## § 43. Қазақстанның арнағы экономикалық аймақтары мен технопарктары

### Бүгінгі сабакта:

- АЭА мен технопарктардің экономиканы дамытудағы рөлін білесіндер;
- Қазақстанның АЭА мен технопарктардің қызметтің түсінесіндер;
- Қосымша құны жоғары өнімдерді және қызметтерді өндіру мақсатында технопарктарді дамыту қажеттілігін оқып-үйренисіндер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ арнағы экономикалық аймақ
- ✓ технопарк
- ✓ бизнес-инкубатор

**Арнағы экономикалық аймақтар (АЭА) және технопарктар.** Инновациялық идеялардың дамуын ынталандыру – елдің экономикалық дамуының негізгі факторларының бірі. Отандық экономиканың бәсекелестігін қалыптастыру және арттыру үшін женілдік берілген экономикалық аймақтарды құру қажет. Бұл аумақтардың ерекшелігі: женілдетілген салық салу, қарапайым кедендей ресімдер мен штедлік және отандық көспікерлердің бизнес жүргізуі үшін ең қолайлы жағдайлар жасау, ішкі экономика мен сыртқы сауданы дамытуға жәрдемдесу.




Ресми бөлінген экономикалық аумақтар 1973 жылы Киотода (Жапония) кедендей ресімдерді оқылату және үйлестіру жөніндегі халықаралық конвенцияда бекітілді.

АЭА құру үшін оларға белгілі бір жағдайлар қажет (51-сызбанұсқа).

51-сызбанұсқа

### АЭА құруға қажетті жағдай



AEA құрудың өлемдік тәжірибесінде неғұрлым кең таралған аумақтардың бірнеше түрі бар (52-сызбанұсқа).

## Арнайы экономикалық аймақтар қызметі



АЭА қызметі бойынша ұлдар мен қыздар болып екі топқа бөлініңдер. Қыздар өндірістің қызмет көрсету саласы, ал ұлдар қызмет түрлері туралы хабарлама дайындаңдар.

Кеп жағдайда АЭА орта және шағын бизнесті көтеру, аймақтық экономика мен өмір сүру деңгейін теңестіру, аймақтағы ресурстарды тиімді пайдалану, шетелдік инвестицияларды тарту, тауарлар мен қызметтер өндірісі үшін инновациялық технологиялар алу; жана жұмыс орындарын құру, өсірсек жоғары білікті кадрлар үшін; импортты алмастыру, экспорттық базаны қалыптастыру; менеджменттің жаңа тәсілдері мен әдістерін, заңнамалық және салық модельдерін сыйнектан өткізу, жаңа жүйелерді басқару дағдыларын пысықтау, жоғары білікті кадрларды даярлау үшін құрылады.

АЭА бірқатар қағидаттар негізінде құрылады, олар: болашақ өнімді жинақтауға қажетті материалдарды өкелуге және өндірілген тауарларды өкетуге кеден баждарының болмауы; салықтық жеңілдіктер; шетелдік инвесторларға тиесілі мүлікті төркілеудің және менишкtenудің кез келген түріне мемлекеттік кепілдіктер; АЭА аумағында қызметін жүзеге асыратын компаниялар үшін өртүрлі сипаттағы жеңілдіктер мен артықшылықтар жиынтығы; транзакциялардың барлық түрлері үшін конвертациялық валютаны еркін пайдалану.

**Технопарктер** – инновациялық жобалар іске асырылатын ғылыми, технологиялық және техникалық базалардың жиынтығы. Бұл жерде ғылыми-зерттеу институттарының жетістіктері мен бастамалары, индустрия нысандары, іскерлік орталықтар, көрме алаңдары, оқу орындары, сондай-ақ нысандарға қызмет көрсететін мекемелер бірігіп

**Глоссарий:**

- Арнайы (еркін) экономикалық аймақ** – кеңендік бақылаудың болмауы мүмкін немесе қарапайым тексерілетін және елеулі салық жеңілдіктері ерекше шарттар белгіленетін ел аумағының бір бөлігі.
- Технопарк** – инновациялық жобаларды іске асыруға арналған аумақтық, ғылыми, технологиялық және техникалық база.
- Бизнес-инкубатор** – идеяны өзірлеуден бастап оны коммерцияланыруға дейінгі барлық даму кезеңдерінде жас қасіпкерлердің жобаларын қолдаумен айналысатын үйим.

жұмыс жасайды. Кейбір елдерде технопарктер АЭА аумағында орналастырылады.

Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктарі. Қазақстанда 10 арнайы экономикалық аймақ және 10 индустримальды аймақ (ИА) жұмыс істейді. Олар экономиканың түрлі салаларында: химия және мұнай-газ химиясы, металлургия өнеркәсібі, әқпараттық-коммуникациялық технологиялар, тоқыма, логистика, туризм қолданылды. АЭА аумағында 80-нен астам өндіріс бар. АЭА және ИА шеңберінде индустрияландыру субъектілерін мемлекет тараپынан қолдау жүзеге асырылады (44-сурет).

Қазақстандық технопарктар республикада бар ғылыми-техникалық өлеуетті, қаржылық, және еңбек ресурстарын пайдалана отырып, ел экономикасын болашақ бөсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге ықпал етуі тиіс жаңа салаларды құруға бағытталған. Сонымен қатар бұл өлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, сондай-ақ жалпы мемлекеттің экономикалық өсуінің тұрақты қарқынына қол жеткізуғе ықпал ететін болады.

Қазақстанның көптеген технопарктарі ғылыми мекемелер мен білікті кадрлары бар ірі қалалар және өнеркәсіп орталықтарында шо-



44-сурет. Қазақстан Республикасының АЭА-сы

тырланған. Олар: «Бурабай» АЭА, «Павлодар» АЭА, «Астана – жана қала» АЭА, «Сарыарқа» АЭА, «Үлттық индустрисалды мұнай химиясы технопаркі» АЭА, «Ақтау теңіз порты» АЭА, «Тараз химиялық паркі» АЭА, «Оңтүстік» АЭА, «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА, «Инновациялық технология паркі» АЭА.

 Өздерің тұратын аймақтағы АЭА және технопарктардің қызметі бойынша хабарлама дайындаандар. Кескін картада Қазақстанның АЭА-сын (арнайы экономикалық аймақтарын) түсіріндер. Олардың мамандануын белгілеңдер.

Қазақстанның технопарктардің көбісі бизнес-инкубаторлар. Олардың негізгі қызметі – өнеркәсіптік өндіріс (тамақ өнімдері, киім тігу, жиназ өндіру, қолөнер және сувенир өндіру) және қызмет көрсету саласы (оқыту, консалтинг және құрылыш-жөндеу жұмыстары). Тек шағын белгігі ғана (2%-дан астамы) технологиялық бизнеспен айналысады.

### Талқылау тақырыбы

Бизнес-инкубатордың басты міндеті – жоғары технологиялық компанияларды идея пайда болған сetteн бастап қолдау көрсетіп, дамуна көмектесу. Алайда, қазақстанның технопарктер ұсынатын негізгі қызметтер мыналар: өндірістік және өкімшілік аландарды жалға беру; технологиялық жабдықтарды жалға беруді үйімдастыру; жалпы коммуналдық және коммуникациялық қызметтер көрсету. Қазақстанның бизнес-инкубаторлардың функционалдық рөлін түбегейлі арттыру үшін не қажет? Өз ойларыңды эссе түрінде ресімдеңдер.



Арнайы экономикалық аймақтар мен технопарктарді құрудың нақты тұжырымдалған мақсаттары болған кезде аймақтың экономикалық көрсеткіштерінің едеуір өсуі, инвестициялық тартымдылықтың артуы, жана жұмыс орындарының құрылуы мүмкін. Олардың менеджментін жаңғыртуды жүргізу, нормативтік құқықтық базаны жақсарту, құқықтық тетікті жетілдіру қажет.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары мен технопарктарінің Батыс Еуропа, АҚШ және Жапония елдерінің арнайы аумақтарынан айырмашылығы неде?
2. Бизнес-жобаларды коммерциаландыру дегенді қалай түсіндіңдер? Сендер тұратын аймақтың экономикасы үшін оның өзектілігі қандай?
3. Анықтамалықтар мен талдау мөліметтерінен АЭА және өз аймақтарының технопарктарі жұмысының тімділігімен танысындар.
4. Қазақстанның ЕА-на (ерекше экономикалық аудан) қандай өндіріс және қызмет көрсету саласының мамандары қажет деп ойлайсындар?

## 17-сарамандық жұмыс.

### «Аймақ» стартап-жобасы

**Мақсаты** – аймақтарды экономикалық түрғыда дамыту жөнінде стратегиялық жоба ұсыну.

Стартап – мұлдем жаңа идеяға негізделген, бұрын ешкім қолданбаған инновациялық жоба. Жоба өмірдің кез келген саласында жасалуы мүмкін: медицина, сауда, көлік, қызмет көрсету және басқа да салаларда.

#### Тапсырмалар

1. Бірнеше топқа бөлініцдер.
2. Стартап құру технологиясымен танысындар.
3. Аймақтық технопаркке немесе бизнес-инкубаторға арналған стартап ұсынындар, оны коммерцияландыру мүмкіндігін анықтаңдар.
4. Стартаптың мақсатын негіздендер.
5. Өз стартаптарыңа атау беріңдер.
6. Стартап ұранын таңдаңдар.
7. Стартап эмблемасын сыйындар.
8. Стартапты таныстырындар.
9. Басқа топтардың стартаптарын бағалаңдар.
10. Үздік стартапты таңдаңдар.

#### Әдістемелік нұсқау

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа арналған. 1-сабакта топ бойынша сыйныпта тапсырмалар орындалады. 2-сабакта жұмыс нәтижелері қорытындыланып, таныстырылым өткізіледі.

Үлдар тобы өндірістік стартаптарды дамыту бойынша, қыздар қызмет көрсету саласы бойынша стартап жобаларды ұсынуы тиіс.

## § 44. Қазақстанның кластерлік бастамалары

**Кластерлік даму тұжырымдамасы.** Кластерлік даму теориясының негізін қалаушы – американдық экономист Майкл Юджин Портер, бұл проблеманы өлемнің өртүрлі елдеріндегі 100-ден астам саланың бәсекелестік үстанымдарын зерттеу арқылы негізделген. М.Портер халықаралық масштабта бір саладағы бәсекеге қабілетті фирмалар, әдетте, өртүрлі мемлекеттер мен аймақтар бойынша жүйесіз шашыраңқы емес, бір өнірде шоғырланатынына назар аударды.

Кластерде аумақтық шоғырлануға байланысты турақты фирмааралық ынтымақтастық дамуда. Соның нәтижесінде «үздік тәжірибелер» – жаңа технологиялар, басқару практикалары мен жетістіктері өртүрлі арналар бойынша тез таратылады. Кластердің аумақтық құрылымының элементтері кластердің ядросы, кластерлік аймақ, инфрақұрылым, ұйымдастыру-басқару ұйымы болып бөлінеді (45-сурет).



4 топқа белініцдер. Кластердің аумақтық құрылымы мен оны басқарудың функционалдық ерекшеліктерін анықтандар.



45-сурет. Кластердің құрылымы

Кластердің артықшылығы – оның ауқымының тиімділігінде. Мәселен, «кластер ядросын» құрайтын бірнеше ірі компаниялар бірыңғай жинақтауыштарға, қызмет көрсету түрлеріне тиісті біліктіліктері жұмыс күшіне, белгілі бір бағытта аумақтық шоғырла-

### Бүгінгі сабакта:

- кластерлік даму тұжырымдамасын білесіндер;
- Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде кластерлік стратегиялық бастамаларды оқып-үйренесіндер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ кластер
- ✓ кластерлік бастама
- ✓ кластерлік модель

### Глоссарий:

- **Кластер** – белгілі бір салада жұмыс істейтін және аймақтық бәсекеге қабілеттікіті бірлесіп қамтамасыз ететін, географиялық жағынан көршілес өзара байланысты компаниялар (жеткізушилер, өндірушілер, қосалқы мердігерлер) және олармен байланысты ұйымдар (білім беру орындары, басқару органдары, инфрақұрылымдық компаниялар) тобы.

нұына сұраныс туғыздады. Олар да, өз кезегінде, айналасына аумақтық шоғырланған «кластерлік ядроларды» қалыптастыруға тырысады. Қарқынды жұмыс істейтін кластерлер аймақтың бөсекеге қабілеттігін жоғарылатады. Іс жүзінде түрлі кластерлік модельдер бар (53-сызбанұса).

53-сызбанұса

### Кластерлік модельдер

#### Аймақтық кластерлердің түрлері



Сен тұратын аймақта кластердің қандай моделі бар? Оны құрудың алғышарттары мен қажеттілігін ата.

54-сызбанұса

### Кластер төрттігінің жынытығы



54-сызбанұсқада кластердің кеңістіктік, негізгі, өндірістік және басым ерекшеліктері көрсетілген төрттік жиынтығы берілген.


 Кластердің шоғырлануы, бөсекелестігі, коопeraçãoсы, бөсекеге қабілеттілігі ұғымдарына анықтама бер.

**Қазақстанның кластерлері.** Қазақстанның кластерлік бастамасы әлемдік нарықта бөсекелестікті арттыратын қосылған құны мен ғылымды қажетсінүі жоғары деңгейдегі жаңа өндірістер мен қызметтердің құрылудымен байланысты. Кластерлік төсілдің артықшылығы республикада жоғары технологиялық және инновациялық бизнесі дамытуға, ведомствоаралық және салааралық өзара іс-қимылды нығайтуға бағдарлануында (46-сурет).

 Қазақстанда кластерлерді құру экономиканың басым секторларында: туризм, тамақ өнеркәсібі, мұнай-газ машиналарын жасау, тоқыма өнеркәсібі, көлік логистикасы, металургия, құрылымдары сияқты 7 пилоттық кластерді құру, дамыту жөніндегі жоспарлар қалыптасқан және ол 2005 жылдан бастап бекітілген.

### Кластердің қазақстанның бастамасы

### Өкімшілкітің және бизнесің бастамасы



46-сурет. Қазақстанның кластерлері

Қазақстанның қазіргі аймақтық кластерлері 46-суретте көрсетілген. Олардың бір белгі кластерлік бастама негізінде, басқалары аймақтық әкімдіктер мен бизнес қоғамдастықтарының бастамасы ретінде құрылған.



Қазақстан кластерлерінің картасын талданадар. Олардың орналасуының ерекшеліктерін анықтаңдар. Өз аймақтарының кластерлерін атандар.



Өз аймағың үшін жаңа кластерлік бастамаларды ұсын.

2013 жылы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі перспективалы үлттық кластерлерін қалыптастыру тұжырымдамасы бекітілді, онда «болашақ экономикасы» секторында өлеуетті үлттық кластерлер анықталды.

#### *Өлеуетті кластерлер:*

1. Мұнай мен газды өндіру және өндіре технологияларының кластері («Үлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА).
2. Металлургия кластері («Сарыарқа» АЭА).
3. Машина жасау кластері («Сарыарқа» АЭА).
4. Химия өнеркәсібі кластері (АЭА «Тараз», «Павлодар»).
5. Туристік кластер («Бурабай» АЭА, Алматы қ.).
6. Жеңіл өнеркәсіп кластері («Оңтүстік» АЭА).
7. Агроенеркәсіптік кешен кластері (Солтүстік Қазақстан).
8. Қалік-логистикалық кластер («Қорғас» АЭА, «Ақтау теңіз порты», «Астана – жаңа қала»).
9. Баламалы энергетика кластері («Астана – жаңа қала» АЭА).

Кластерлерді дамытудың ұсынылған болашағы зор бағыттарының ішінен 2020 жылға қарай 5-тен аспайтын үлттық кластер айқындалатын болады.

**«Болашақтың экономикасы» секторындағы кластерлер.** «Болашақтың экономикасы» кластерлерінің мақсаты – елде бұрын болмаған ғылымды қажетсінетін өндірістер мен экономика секторын, жаңа технологияларың құзыреттерді куру, инновациялық серпілісті қамтамасыз ету негізінде елдің әлемдік нарықта жаңа бәсекелестік артықшылықтарын (білім кластері, әлемдік технологиялық аутсорсинг) қалыптастыру.

Бұл бағытта «болашақтың экономикасы» секторын қалыптастыру және экономиканың дәстүрлі секторларында инновацияларды енгізу жолымен жаңа бірегей білімдер мен нарықтарды дамыту қамтамасыз етілетін болады.

1. «Назарбаев Университеті» ӘУБ (Әкімшілік үйымдастыру білімі) (өмір туралы ғылымдар, медицина, жаңа материалдар өндірісінде маманданған материалтану, перспективалы технологиилар мен дизайн, 3-Д принтинг, энергия үнемдейтін технологиилар, биотехнология), орналасыру аумағы – Нұр-Сұлтан қаласы.

2. «Инновациялық технологиялар паркі» (ақпараттық-коммуникациялық технологиилар, перспективалы технологиилар және дизайн). «Алатау технопаркі» АЭА, орналастыру аумағы – Алматы.



Жаңа кластерлік саясатты іске асыру дамудың инновациялық моделінің және үлттық экономиканың жаңа бөсекелестік артықшылықтарының негізін құруға, экономиканың, шағын және орта көсіпкерліктің базалық және жаңа секторларының басекеге қабілеттілігін арттыруға, аймактардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сендер тұратын аймақта кластерлік бастаманың рөлі неде?
2. Рухани жаңғыру идеясын іске асыруда тұган өлкелерінің туристік кластерлерінің рөлін сипаттандар.

**18-саралық жұмыс.****«Аймақаралық және аймақтық кластер» алгоритмі**

**Мақсаты** – Қазақстан аймақтарын экономикалық дамытудағы кластерлік стратегиялардың идеяларын ұсыну.

«Аймақтық кластер» алгоритмі – кластер идеясының мағыналық бірліктерін белгілі алуды, өзара байланысты және өзара шарттастырылған үдерістердің дұрыс құрылған логикалық тізбегі түрінде оларды белгілі бір тәртіппен графикалық ресімдеуді білдіреді.

**1-тапсырма.** Шағын топ құрып, жаңа аймақаралық және аймақтық кластер құру жөніндегі идеяны тандау немесе қолданыстағы кластерлердің тиімділігін жақсарту бойынша ұсыныстар жасау.

**2-тапсырма.** Кластерге инновациялық атап беру.

**3-тапсырма.** SmartArt графикалық элементі негізінде кластер алгоритмінің моделін құру.

Кластер моделін құру кезінде оны іске асыру үдерісінің басты блоктарын ұстану қажет, бұл – өнім берушіден тұтынушыға дейін барлық қатысушылардың тауарлары мен қызметтерін өндірудің өзара тиімді үдерісінің бірынғай түйік жүйесі.

1-блок	2-блок	3-блок	
Басталуы/ кластердің баста- луы	Өндіріс/кластер үдерісі	Кластерді іске асыру және аяқтау	
Жеткізуши	Өндіріс	Логистика	Тұтынушылар
→	→	→	→
↓	←	←	←

**4-тапсырма.** Құрылған кластердің моделін таныстыру. Кластердің жетекші идеяларын атап өту.

**5-тапсырма.** Басқа топтар кластерлерінің модельдерін бағалау және олардың арасынан үздігін тандау.

Кластерлермен жұмыс барысында келесі ережелерді ұстану қажет:

- ойна келгендерді жазудан қорықпау, қиял және түйсікке ерік беру;

- уақыт немесе идеялар аяқталғанша жұмысты жалғастыру;

- мүмкіндігінше көп байланыстар құруға тырысу.

Әртүрлі тақырыптарды зерттей отырып, әртүрлі кластер құрастыруға болады.

## § 45. Импортты алмастыру отандық өндірушілердің қолдау шартты ретінде

**Импортты алмастыру.** Импортты алмастыру – үлттық экономиканы қолдау мен дамытушың, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құрудың маңызды экономикалық тетігі, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту тәсілі (55-сызбанұсқа).

Өлемдік тәжірибе көрсеткендегі, қаржат пен күш-жігерді жергілікті перспективалы өндірістік бағыттарға салу арқылы, барлық қатысушы тараптардың мүдделерін ескере отырып, пайда табуға болады.

55-сызбанұсқа

### Бұғынгі сабакта:

- импортты алмастыру стратегиясын білесіндер;
- Қазақстан өнімдерінің нарықтағы танымалдығының қалыптастыратын импортты алмастыру стратегиясымен танысадындар.

### Жетекші үғымдар:

- ✓ импортты алмастыру
- ✓ тауар айналымы
- ✓ отандық өнім

#### Импортты алмастырудың маңыздылығы



### Глоссарий:

- **Импортты алмастыру** – үлттық экономикадағы үдеріс, жұмыс істеу барысында елде осы мемлекет өндірушілерінің күшімен қажетті өнім өндіріледі.

Импортты алмастыру саясатының өрі мемлекеттің отандық өндірушінің қолдауы негізінде несиелер бойынша тәмендетілген пайыздық мөлшерлемелер түрінде өртүрлі женілдіктер, субсидиялар және басқа да шаралар енгізіледі (47-сурет).



47-сурет. Импортты алмастыру механизмы



Казақстандық өндірушілердің өнімдері (тауарлары) мен қызметтері республикада және одан тыс жерлерде үлкен сұранысқа ие танымал өнім немесе қызмет түрлеріне бірнеше мысал келтіріндер.



«Импортқа тыйым салу» үлттық қауіпсіздікті қорғау үшін қолданылатын кұрал ретінде бұрыннан белгілі. XVII–XVIII ғасырларда (меркантилизм дәуірі) мемлекеттер өз өндірісін жолға қоюға тырысты, сондықтан да кейбір тауарларды өкелуге тыйым салынды. Мысалы, XVIII ғасырда Англияда жібек матараптар, ленталар мен шілтерлер, қару-жаарақ, аяққиім, ыдыс-аяқ және басқа да бүйімдарды өкелуге тыйым салынды. Бұл жағдайда өзінде де контрабанда немесе сыйбайлар жемқорлық қоғамында жеке лицензия алу есебінен занды іс жүзінде өрдайым айналып оту мүмкін болды.


Импортты алмастыру стратегиясын іске асыру кезінде көп жағдайда орта және шағын бизнес көсіпорындарына сенім шарты жасалынады.



Сен қалай ойлайсың, сен тұратын аймақтың қандай шағын және орта бизнес көсіпорындары жергілікті тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін мемлекет тараапынан көмекке мүқтаж?


**Есінде сақта!** Импортты алмастыру жақсы өндірістік қуаты бар және бағасына сәйкес сапалы өнім шығаруға қабілетті, бәсекелестікке қабілеті бар көсіпорындар құрған жағдайда мүмкін болады. Егер де жаңа технологиялардың дамуына мүмкіндік беріліп және қосымша өндіріс орындары ашылған жағдайда, болашақта импорттың төмендеуі мүмкін.

**Қазақстанның тауар айналымы.** 2013–2018 жылдар аралығында Қазақстанның тауар айналымы 2 есеге төмендеді. 2016 жылы Қазақстанның тауар айналымының көрсеткіші ең төменгі мәнге жетті және 61 млрд АҚШ долларын құрады, 2013 жылы 128 млрд болатын. 2016 жылдан бастап есім ете мардымсыз болды (16-диаграмма). Тауарларды шығарудың ауытқуына бірінші кезекте осы кезеңде еткен үлттық валютаның девальвациясы өсер етті.



16-диаграмма. Қазақстанның тауар айналымы  
(2013–2018 жылдары мың АҚШ доллары)

2017 жылдан бастап осы күнге дейін ақшалай мәнде импорттың өсуі байқалады. Қазақстанның жалпы тауар айналымындағы импорттың үлесі шамамен 40%-ды немесе 20 млрд АҚШ долларын құрады. Қалған 60% – экспорт. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасында (СЭҚ ТН) мемлекеттің классификаторына сәйкес импорт және экспорт тауарларының 21 санаты бар. Бұл санаттарда Қазақстанға өкелінетін немесе өкетілетін барлық тауарлар енгізілген. Тауарлардың 7 санатына шамамен барлық импорттың 80%-ы (20 млрд АҚШ доллары) тиесілі (17-диаграмма). Қалған басқа тауарлар 20%-ды құрайды (4 млрд АҚШ доллары).



17-диаграмма. Тауарлардың санаттары бойынша импорттық тауарлардың құрылымы (2018 жылдың 9 айында, мың АҚШ доллары)



17-диаграмманы талдап, Қазақстан экономикасының шетелдік тауарларға төуелдігі туралы тиісті қорытынды жасандар.



Қазақстанға келетін импорттық тауарлардың арасындағы басымы – агаш бүйімдары және агаш – 56%, көлік – 50%, машиналар мен жабдықтар – 22%, тоқыма – 18%, алғашқы өнімдер – 13%, пластмассалар – 11%. Аталған тізімнен қандай импорттық тауарлардың үлесін импортты алмастыру есебінен төмендетуге болады? Қандай тауарлар импорттың басымдығын сақтайды? Неліктен?

Отандық өнім өндірушілер үлесінің төмен болу себебі өндірістік кесіпорындардың санына тікелей байланысты. 2018 жылдың сонында Қазақстанда өртүрлі профильдегі 426 мыңдан астам мекеме тіркелді. Оның ішінде өндірістік мекеме саны 21 мыңдан сол асады. Бұл Қазақстандағы барлық мекемелердің 5%-ы ғана. Олардың 17%-ы тамак

өнімдерін өндірумен, 14%-ы өзге де металл емес өнімдерді өндірумен айналысады. 11,6%-ы – машиналарды жөндеу және орнату көсіпорындары.



Отандық экономиканың тауар құрылымында дамудың өртулі элементтері болуы тиіс. Бұл ретте отандық өндірушілерді барынша қолдау қажет. Өнгіме өртулі: ноу-хау, патенттер, технологиялық жабдықтар туралы. «Қазақстанда жасалған» маркасымен шыгарылған тауарлар ішкі және сыртқы нарықта бөсекелестікке шыдас беруі үшін оның алға жылжына қолайлы жағдай жасалуы керек.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- Импортты алмастыруды қолдаудың басты саясаты мен идеясын белгілендер.
- Қазақстаниң бірқатар қалаларында шыгарылатын жеңіл автомобилдер, электрпойыздары мен жолаушылар вагоны импортты алмастыру стратегиясына сәйкес келеді деп есептеуге бола ма?
- Өздерің тұратын аймақтағы өндіріс салаларында қазақстандық өнімдер үлесін арттыру жолдарын ұсыныңдар.

## § 46. Бренд-менеджмент – тауарлар мен қызметтерді танымал ету шарты

### Бұғынға сабакта:

- бренд-менеджмент идеясын белсіндер;
- Қазақстан өнімдерінің танымалдығын арттыру мақсатында бренд-менеджментті қолдану жағдаймен танысасыңдар;
- өздеріңін болашақ өнімдерің мен қызметтеріңін брендін құруды үйренесіндер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ бренд-менеджмент
- ✓ брендті басқару
- ✓ пиар-компания


**Бренд-менеджмент.** Брендинг немесе бренд-менеджмент – компанияның сауда маркасы (бренд), тұтынушыға әсер ететінін бақылауға көмектесетін, нарықтағы марканың қабылдаудын, имиджін басқаруға көмектесетін үдеріс. Бренд-менеджменттің негізгі мақсаты – сауда маркасының құндылығын арттыру (brand value), құшті және тұрақты бренд құру (48-сурет).




«Бренд-менеджмент» термині алғаш рет 1931 жылы пайда болды, ол кезде Procter&Gamble қызметкері Нейл Мак Элрой өзінің қызметтік жазбасында жаңа лауазымдарды құруды ұсынды.

Бренд-менеджмент маңызды стратегиялық активтерді – маркаларды басқарады, олар бүкіл компанияның таза активтеріне қарағанда бағасы жоғары болуы мүмкін.

Брендинг өнім туралы тұрақты жақсы көзқарасты қалыптастыру – клиенттерді өзіне тарта білу және нарықта ол тауарды ажырата білуіне жағдай жасау. Оңтайлы ойластырылған бренд саясаты – тауар мен қызметті жылжытудың және табыстың тұрақты көзі (49-сурет).



48-сурет. Күшті табысты бренд факторлары



49-сурет. Жеке брендтің мүмкіндігі

Бренд компания, қызмет, өнім немесе жекетүлға ретінде сипатталуы мүмкін. Брендинг компаниядан бастау алуы керек. Табыс бренд стратегиясына байланысты: компанияның басты құндылықтары қандай? Ол не үшін жасалды? Өнімнің бірегей немесе ерекше болуы үшін қандай жұмыстар атқарылды? Сатудың ерекше ұсыныстары қандай? Сатып алушылар кімдер, тауар кімге арналған?

Брендингтің ең табысты бағыттарының бірі – тауарлық брендинг. Бұл жағдайда компания емес, тауардың бір түрі жылжиды. Компанияның әртүрлі өнімдері үшін бірнеше бренд қолданылуы мүмкін. Дұрыс брендингтің арқасында компания ерекше танымалдыққа ие болды.

Қызмет көрсету брендингіне белгілі бір қызмет немесе қызметтер кешені жылжытылады.

Брендинг – бұл адамдардың сенің компанияң туралы көзқарасы. Бұл не, қалай және неге?

Брендингке өлемдегі ең ірі компания Apple мысал бола алады (50-сурет).

Apple жасаған барлық заттар компанияны бренд ретінде сипаттайтыны. Олар әртүрлі және қызықты өнімдер шығарады.

### Глоссарий:

- Бренд-менеджмент (brand management)** – тауар маркасын құру барысында негізделген, тексерілген, көпқұрылымды және бақыланатын іс-шаралар кешені. Іске асыру үшін қаптаманың дизайнын әзірлеу, жарнамалау, өткізуі ынталандыру бағытында акциялар өткізу керек. Яғни, нарықтағы барлық тәсілдерді қолдану.
- Брендті басқару** – жұмысалған ресурстар тұрғысынан алғанда, тауардың, марканың сатып алушының есінде қалатында және сату кезінде пайда түсірудің негұрлым тиімді тәсілін табу.



50-сурет. Apple брендінгі – мінсіз брендинг үлгісі

Білмейтіндер үшін, Apple – өлемдегі ең ірі технологиялық компаниялардың бірі, ол электрониканы өндіреді және сатады: ноутбуктер, телефондар, теледидарлар және т.б. Apple компаниясын Стив Джобс пен Стив Возняк 1976 жылы сөүірде құрды. Қазіргі таңда өлемдегі ең танымал трансұлттық корпорациялардың бірі.

Apple-дің барлық бренді – бірегейлікті қолдау және сатып алушы алдында компанияның құндылығын арттыру үшін есептелген. Жасау, сату үшін нарықтың және сұраныстың барлық тәсілдері қолданылады, өнімнің ерекше атаулары – iPhone, iPad, iMac. Apple сауда маркасын қарапайым сөзбен де сипаттауға болады: «Жұмыс істейтін тамаша дизайн».

Apple өкілдерінің тауарды таныстыруды және компания жариялайтын бейнероликтер, өнімді іске қосқанға дейінгі таныстырылымының өзі ерекше. Олар клиентпен ашық байланыс орнатып, өнім туралы керемет ой қалдырады.

Егер сенің кезінді байлаپ, Apple кенесіне апарып, таңғышты алып тастаса, кез алдында ашық дисплейлер, аппақ жып-жылтыр корпустар, тамаша конфигурациялы компьютерлер мен стильді гаджеттерді көресің. Сен қайда келгенінді бірден түсінесін.

Бұл – брендінг. Apple клиенттері компанияны бірнеше себептермен таңдайды. Адамдар техника нарығында ұсынылған ең заманауи және ең жақсысын қалайды, сондай-ақ сыртқы дизайны әдемі және сапалы жұмыс істейтінін таңдайды. Компания тіпті қантамаларға да мүқият мән береді. Олар ашылады және иісі ерекше.

Apple – тамаша брендінг үлгісі. Олар брендті құрды және кез келген тауарына осы үлгіні пайдаланған. Осындай көзқарасты ұзақ жылдар бойы қалыптастырып келеді.

Counterpoint сарапшыларының зерттеулері бойынша, Apple 2017 жылды телефон сатылымы нарығының 80%-дан астамын иеленді. Қалған компанияларда құлдырау байқалса, Apple компаниясында көрісінше өрлеу байқалды. Неге олай болды, қалай ойлайсындар?

Брендингтің салдарынан тұтынушыларда Apple-ден жылда бір жаңалықты күту өдеге айналған. Компанияның бренд стратегиясы – күткен жаңалықтардың шеңберінен шығып, одан да жақсы өнім шығару.

**Үздік брендинг үшін кеңес.** Бренд құрамына логотип, атауы, фирмалық дизайн (стиль), тұтынушының өнім туралы түсінігі, тауардың немесе қызметтің эмоциялық сипаттамасы, ұран кіреді (56-сызбанұсқа).


56-сызбанұсқа



Тек логотиптің суретін салып «бұл менің брендім» деп айту қате болады. Логотип дизайны – брендтің бір бөлігі ғана. Және өте аз мәлімет. Дегенмен логотип өнім мен қызметтерді жылжытуда маңызды орын алады.

Логотип түсін таңдағанда компанияның даралығын қандай түс көрсететіні маңызды. Мысалы, егер сенің компанияң ойын-сауықпен айналысса, түс креативті және жарқын болуы керек. Логотипте сары немесе сары қызығылт түсті пайдалану ұсынылады.

Өлемнің үздік брендтерінің логотиптері туралы статистика өте қызықты. Өзірлеу кезінде ескерілуі қажет негізгі сөттер 18-диаграммада көрсетілген.



18-диаграмма. Үздік 100 өлемдік брендтің түстері



Алдыңғы қатарлы шетелдік және отандық компаниялардың логотиптеріне қарандар. Саған қайсысы үнайды және үнамайды?

Атауы – брэндингтің маңызды элементі. Атауы бірнеше негізгі критерийлерге жауап беретіндегі болуы керек (57-сызбанұсқа).

57-сызбанұсқа



*Логотиптің формасы* адамдарға психологиялық тұрғыдан өсер етеді. Белгілі бір формалар арқылы қажетті сезімдер мен эмоцияларды тудыруға болады. Мысалы, квадрат қалыпты және тұрақтылықты, үшбұрыш күш пен білімді бейнелейді. Логотиптің қажетті түрін қалай таңдауға болады? Logowiks суретінде негізгі логотиптердің формалары көрсетілген. Өндіріс немесе қызмет көрсету ерекшеліктеріне байланысты олардың ішінен лайықтысын таңдауға болады (51-сурет).



Әлемнің жетекші компанияларының логотиптерін талдау. Олардың бірегейлігі неде? Қазақстандық өндірушілер логотиптерінің нысандарын қарастырыңдар. Олар күру критерийлеріне қаншалықты сейкес келеді?

Әріпті таңдау – логотип дизайнының маңызды аспектілерінің бірі. Дұрыс таңдалған шрифт сендердің компанияларының артықшылығын көрсетеді. Оқылуы нашар логотипті жасаудың мүлдем қажеті жоқ. Көптеген тартымды әріптер арасынан жаңа логотипті дәл таба білу керек.

**Логотип жасау құралдары.** Оны 3 жолмен жасауға болады: графикалық бағдарлама арқылы (Adobe Illustrator, Adobe Photoshop) өз бетінше логотип жасау, логотиптердің онлайн генераторы (Zillion-Designs) арқылы жасау, сонымен бірге онлайн-құралды (Logaster.ru) немесе осыған үқсас басқа да бағдарламаларды пайдалануға болады.

			Дәңгелек. Қауымдастық, бірлік, достық
			Шенбер. Берік, табандылық
			Дога. Икемділік. Бейімделу
			Квадрат. Қалыпты, тұрақтылық
			Ушбұрыш. Күш, білім
			Вертикальды сзызық. Шыдамды, мықты
			Горизонтальды сзызық. Тыныштық

51-сурет. Логотип формалары

Талқылау  
тақырыбы

Казақстанның тауарлар мен қызметтердің пиар-компаниялары деңгейін талқыландар.



Бренд – бұл жай ғана құрамдастар жиынтығы емес, атауы, ұраны, логотипі, фирмалық стилі, жарнама сипаты, брендбук, этикетка және қаптамасы және т.б. бар өнім. Бренд нарыққа көдімгідей өсерт ететін күш бар. Бұл күш бренд туралы билетін, брендке сенетін және брендке сенімді адамдар санының үлгауымен өсуде. Қазақстанның тауарлар мен қызмет түрлерін танымал ету баға мен салага тікелей төуелді. Егер бұл шарттар орындалса, отандық өнім мен қызметтерді ел ішінде және одан тыс жерлерде сатуға болады.

## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстанның тауарлар мен қызметтерді танымал етуге бренд-менеджменттің қажеттігін негіздендер.
2. Қазақстанның тауарлар мен қызметтерді танымал етуге ықпал ететін сыртқы және ішкі факторларды атандар.
3. Сендердің тұратын жерлеріндегі тауарлары мен қызметтері Қазақстанда және одан тыс жерлерде қаншалықты танымал?
4. Бренд-менеджмент саласындағы маманың функционалдық міндеттерін атандар.

## 19-сараландық жұмыс.

### Жергілікті өнімнің жарнамасы және қызметтері

**Мақсаты** – Қазақстан өнімдерінің танымалдылығын арттыру және шығармашылық идеяларды ұсыну.

#### 1-тапсырма. Бірнеше топқа бөлініндер.

– Аймақтық тауардың немесе қызметтің жарнама бағдарламасын езірлендер.

- Логотипін, ұранын, атауын және дизайннын жасандар.

- Бренд сөүлетінің (архитектурасының) түрін таңдау және негіздеу, сенің көзқарасың бойынша, болашақтағы компанияға қажет болады.


- Брендинг технологиясын таңдау және негіздеу. Оның ерекшелігі неде?

- Позициялау принципін таңдау және негіздеу.

- Брендтің айрықша белгілерін көрсетіндер.

#### 2-тапсырма. Дайындалған материалды таныстырыңыздар.

**3-тапсырма.** Басқа топтардың жұмысын бағалаңдар. Үздік жарнамалық жобаны таңдаңдар.



## ГЕОСАЯСАТ НЕГІЗДЕРІ

## Заманауи геосаяси үдерістер

## § 47. Қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістер

Әлемнің геосаяси бейнесі және геоясаси үдерістер. 10-сыныптағы география пәнін оқып-үйрену барысында геосаясаттың мемлекеттік стратегиялық әлеуетіне ықпал ететін факторларды тұтас бірлікте зерттейтін ғылым екендігімен таныстындар. Ол әлемнің геосаяси бейнесін, яғни геосаяси кеңістіктің сипаты мен ондағы әртүрлі күштердің арасалмағын зерттейді.

Әлемнің геосаяси бейнесі геосаяси үдерістердің ықпалынан ұдайы өзгеріске түсіп тұрады. Бұл мемлекеттік шекаралардың өзгерістеріне ғана емес, геосаяси күштердің арасалмағының өзгеруіне де байланысты болады. Геосаяси үдерістер әлемдік құрылымның қайта белінуіне, яғни ірі саяси күштердің ықпал аймақтарының шекараларының өзгеруіне алыш келеді. Мұндай үдерістер қатарына дүниежүзінің саяси картасын өзгертетін ірі аймақтық және дүниежүзілік соғыстарды жатқызуға болады. Мысалы, XX ғасырдағы екі дүниежүзілік соғыс көптеген аймақтар мен елдерді қамтыды (26-кесте).

26-кесте

## Дүниежүзілік соғыстар геосаяси үдерістер ретінде

	Бірінші дүниежүзілік соғыс	Екінші дүниежүзілік соғыс
1	2	3
Ұзақтығы	4 жылдан астам	6 жылға жуық
Соғыстың ауқымы	14 мемлекеттің аумағында соғыс қымылдары жүрді, 33 мемлекет қатысты.	61 мемлекет
Қатысқан ескер саны	70 млн адам	110 млн адам
Қайтыс болғандар саны	9,4 млн адам	50 млн адам

1	2	3
Басты нәтижелері	Версаль келісімі негізінде Аустрия-Венгрия, Осман, Герман және Ресей империялары ыдырап, 10 жаңа мемлекет пайда болды.	Германия, Жапония, Италия отарларынан айырылды, дүниежүзі 2 идеологиялық жүйеге (капиталистік және социалистік) бөлінді, 2 ескери-саяси блок (НАТО, Варшава шартты) қалыптасты.

Геосаяси шешімдер әлемдік экономикаға орасан зор нүксан келтіреді: қашшама үлкен еңбекпен және шығынмен бірлесіп салынған нысандар (инфрақұрылымдық нысандар) күш қолданылатын жанжалдар мен киқілжіндердің нысанасы болып отыр.

Сонымен, геосаяси үдерістер нәтижесінде сандық және сапалық өзгерістер болады. Сандық өзгерістерге елдер санының артуы немесе кемуі, мемлекет аумағының кеңістіктік өсуі немесе қысқаруы, шекаралардың өзгерістері және т.б. жатады. Сапалық өзгерістер, ең алдымен, мемлекеттің экономикалық, әскери қуатынан, саяси беделінің төмендеуі немесе артуынан көрінеді.

**Геосаяси үдерістер және әлем дамуы.** Қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістер әлемнің қазіргі дамуын анықтауда. Әртүрлі саладағы ылғалдаулар геосаяси үдерістерге ықпалын тигізеді. Мысалы, қазіргі заманғы технологиялар мемлекеттің кеңістікті бақылау формаларын (саяси, әскери, экономикалық, өркениеттік, коммуникациялық, ақпараттық) да өзгертті.

Қазіргі дүниенің даму тенденцияларына жаһандануды, антиглобализмді, көпполюсті әлем құруды атап айтуда болады (57-сызба-нұсқа).

Сонымен, дүниежүзінің геосаяси кеңістігіне қарама-қайшылықты үдерістер төн болады: жаһандану және антиглобализм. Алғашқысы әлемнің көптеген салалар (экономикалық, әлеуметтік және т.б.) бойынша ынтымақтасып, тұтасуын көрсетсе, екіншісі жаһандануға қарсы қозғалысты білдіреді. Өйткені жаһанданудың оң өзгерістерімен қатар, кері салдарлары да бар:

1) жаһандану үлттық және әлемдік экономикалық дамудың әркелкілігі мен тұрақсыздығын одан әрі күшайте түседі;

### Глоссарий:

- **Әлемнің геосаяси бейнесі** – белгілі бір аумақтарға иелік етіп, бақылауда ұстайтын күштердің геосаясат субъектілерінің өзіндік арақатынасы.
- **Геосаяси үдеріс** – саяси күштер мен аумақтардың өзара қарым-қатынастарына ықпал ететін геосаяси көрсеткіштердің аймақтық және дүниежүзілік деңгейдегі өзгерістері.
- **Көпполюсті әлем** – мұмкіндіктері жағынан парапар, бір-біріне ықпал жасауға ұмтылмайтын көптеген күш (саяси, әскери, экономикалық және мәдени) орталықтарынан тұратын әлем құрылымының моделі.

## Қазіргі дүниенің даму тенденциялары



- 2) жаһандану мемлекеттің макроэкономикалық реттеуші рөлін шектейді және мемлекеттің ішкі және сыртқы экономикалық байланыстарға ықпал ету құралдарын өзгертеді;
- 3) жаһандану өrtүрлі салалардағы кері сыртқы өсерлердің жаппай таралуына жағдай жасайды.

Қазіргі дүниедегі жаһандану қарқыны өлемді ғаламдық деңгейде басқару қажеттілігін ойластыруға мәжбүр етеді. Қазіргі кездің өзінде халықаралық деңгейдегі үйымдар көмегімен жүзеге асатын дүниежүзілік қаржы және экономикалық салаларды ғаламдық басқару элементтері орын алған. Көп жағдайда елдер арасындағы теңсіздіктерді жою, адамзат болашағына қатысты проблемаларды шешу бағытындағы шараларды үйлестіру, үкіметаралық үйымдардың қызметін үйлестіру халықаралық үйымдар арқылы жүзеге асады.

«Жаһандану халықаралық және аймақтық, жеке, технологиялық және т.б. еңбек белінісі түрлерімен қатар, «өлемдік міндеттердің жүйесі» деп аталатын үғымды тузырды. Мұнда еңбекке қатысты жаңа ынталылық пен уәждер пайда болып, бірлесіп жүзеге асырылатын инфрақұрылымдық жобаларды, ерекше өндірісті, ашылған жағалықтарды және т.б. бүкілөлемдік игілік ретінде көздің қарашығындаңай сақтауга бағытталған жаңа сананың қалыптасуы жүріп жатыр. Бірақ мұның бері өзінен-өзі болып жатқан жок, мұнда жаңа жауапкершілік, өмірдің жаңа философиясы, оның мөнінің жаңа құпиясы жатыр» (Ә.Г.Кочетов).

Қазіргі кезеңде әрбір мемлекет саяси проблеманы өзінің ұлттық мұдделері, ұлттық қауіпсіздігі тұрғысында шешуді көздейді, одан кейін барып қана «жалпыөлемдік мұдделерді» ажыратада бастайды. Қазіргі кезеңде жаһанданумен қатар, дамуға кері өсер ететін жікшілдік, лаңкестік төрізді құбылыстар байқалады.

Қазіргі дүниенің аса маңызды геосаяси үдерістерінің бірі – *көпполюсті өлемнің қалыптаса бастауы*. Сендер 10-сыныптағы география оқулығынан XX ғасырдың екінші жартысында американдық геосаясатшы С.Коэн ұсынған көпполюсті өлемнің геосаяси үлгісімен танысқан

болатынсыңдар. Галым бүкіл өлемді екі геостратегиялық облыс (сауда дамыған теңіз маңы және Еуропалық құрлыш өлемі) пен шеткі геосаяси аймақта белгенді. Ал оның қалыптасуына аймақтық интеграцияның біртіндеп жетекші геосаяси деңгейге жетуі себепші болады. Көпполності өлемнің басты ерекшеліктері 58-сызбанұсқада берілген.

58-сызбанұсқа

### Көпполності өлемнің ерекшеліктері

Көпполностік модель ғаламдық сипатта болады

Ірі елдердің өлемдік үстемдігі жойылады

Күш полюстерінің өзара экономикалық, мәдени ынтымақтастыры

Өлемдік үстемдікке таласу қаупі тәмендейді

Әркениеттер арасындағы бейбіт бәсекелестік

Көпполностік өлемнің өділетті, үйлесімді құрылымы

Көпполності өлем ғаламдық деңгейдегі өділетті және үйлесімді құрылым болып табылады. Бұл құрылымда шағын орталықтардың дербестігі жойылып, жапсарлас ірі әркениеттердің біріне кірігеді. Осы жағдайда бүкіл дүниежүзіне ықпал ете алатын санаулы ірі державалардың басымдығы жойылуы тиіс. Басымдыққа ие болып отырган қуатты мемлекеттердің ықпалы азайып, басқалармен санасуға мәжбур болады. Осылайша, өлемдік үстемдік үшін жергілікті және ғаламдық деңгейде соғыстың басталу қаупі тәмендейді. Әртүрлі күш полюстерінің өзара байланысы мен ықпалдастығы артады және олар келісімсіз бір-бірінің ішкі ісіне қол сұқпайды. Көпполності өлемнің орталықтары қызметін атқаратын әркениеттер арасында бейбіт бәсекелестік орнап, сыртқы саясаттағы таңдау мүмкіндігі сақталады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлемнің геосаяси бейнесін сендер қалай сипаттар едіндер?
2. 26-кестенің деректерін талдау негізінде және тарих пәнінен алған білімдерінді пайдаланып, дүниежүзілік соғыстардың геосаяси үдерістер қатарына жататынын дөлелден, өз мысалдарынды ұсыныңдар.
3. Дүниежүзілік қаржы ағындарын ғаламдық басқару қандай халықаралық үйимдар арқылы жүзеге асады?
4. 55-сызбанұсқаны талдау негізінде көпполності өлемнің қалыптасабастағанының дөлелдерін тауып, сипаттап беріңдер.



Оқулық мәтінін пайдалана отырып, «Қазақстанға жаһанданудың оң және теріс есерлері» тақырыбында эссе дайындаңдар.

## 20-сараландық жұмыс.

### Әлемдегі қазіргі заманғы геосаяси үдерістер

**Мақсаты** – компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы тақырыптық карта-сызба құрастырып, қазіргі заманың геосаяси үдерістерін түсіндіруді үйрену.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** 1. Интернетке қосылған, графикалық Paint бағдарламасы орнатылған компьютер.

2. Дүниежүзінің саяси картасы, кескін карта, сизу құралдары, түрлі түсті қарындаштар (балама вариант).

#### Тапсырмалар

1. Интернеттен дүниежүзінің кескін картасын тегін жүктеп алу және оны Paint бағдарламасынан ашылған файлға көшіру және сақтау.
2. Кескін картага бағдарламадағы көркемдеу элементтерін пайдаланып, жасыл түспен қазіргі дүниедегі ірі геосаяси күштерді (АҚШ, Еуропалық Одак, Қытай, Ресей) белгілеңдер.
3. Қызыл түсті үзік сзықтармен елдер арасындағы даулы аудандарды, танылмаған мемлекеттерді белгілеңдер.
4. Сары түспен саяси тұрақсыздық төн елдерді белгілеңдер.
5. Көк түсті дәңгелектермен соңғы жылдары лаңкестік оқиғалары тіркелген елдерді белгілеңдер.
6. Қара түсті дәңгелектермен ядролық қаруға ие мемлекеттерді белгілеңдер.
7. Дайындалған «Әлемдегі қазіргі заманғы геосаяси үдерістер» карта-сызбасының негізінде қазіргі кезеңдегі геосаяси үдерістер туралы талдау жасаңдар.

#### Әдістемелік нұсқау

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа арналған. 1-сабакта мұғалімнің көмегімен тапсырмалар орындалады. 2-сабакта жұмыстың нәтижелері қорытындыланып, сыйынта таныстырылым өткізіледі. Карта-сызбаны жасау Paint бағдарламасындағы көркемдеу элементтерінің көмегімен жүзеге асырылады. Сарамандық жұмысты қағаз түріндегі кескін картага түрлі түсті бояулар көмегімен де орындауга болады. Ол үшін дүниежүзінің саяси картасын пайдалану қажет.

Ең алдымен, электрондық немесе қағаз түріндегі кескін картага жасыл түспен қазіргі дүниедегі ірі геосаяси күштер болып саналатын АҚШ, Еуропалық Одак, Қытай, Ресейдің аумағын бояндар.

Келесі кезеңде қызыл түсті үзік сзықтармен елдер арасындағы даулы аудандарды, танылмаған мемлекеттердің аумақтарын белгілеңдер.

Мысалы: Үндістан мен Пәкістан аралығындағы Кашмир штаты, Батыс Сахара, Фолкленд аралдары, Солтустік Кипр, Газа секторы, Иордан өзенінің батыс жағалауы, Тайвань, Оңтүстік Куриль аралдары, Абхазия, Оңтүстік Осетия және т.б.

Сары түспен саяси тұрақсыздық тән елдерді (Сомали, Йемен, Сирия, Ауғанстан, Орталық Африка Республикасы, Гаити, Нигер, Мали, Зимбабве және т.б.) белгілендер. Қек түсті дәңгелектермен соңғы жылдары лаңкестік оқиғалары тіркелген елдерді (Ұлыбритания, АҚШ, Испания, Сирия, Кения, Ауғанстан, Швеция, Турция, Иран, Египет, Испания, Ресей, Мали, Шри-Ланка, Жаңа Зеландия, Үндістан, Колумбия, Филиппин, Финляндия, Сомали, Ирак) белгілендер.

Қара сары түсті дәңгелектермен ядролық қаруға ие мемлекеттерді (АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция, Қытай, Үндістан, Пәкістан, Корей Халық Демократиялық Республикасы) белгілендер.

## Қазақстанның геосаяси жағдайы

### § 48. Қазақстанның геосаяси жағдайы


**Қазақстанның геосаяси жағдайының ерекшеліктері.** Өлемдік аренада Қазақстан беделді геосаяси тұлғаға айналды, бұған ел ішіндегі саяси жағдайдың тұрақтылығы, халықаралық беделі мен ықпалының жоғарылауы, Орталық Азия аймағындағы саяси «салмағының» артуы, әлемдік экономикадағы орны ықпал етеді. Қазақстанның геосаяси жағдайын сипаттайтын маңызды факторлар қатарына қолайлы географиялық орнын да жатқызуға болады (52-сурет).

#### Бүгінгі сабакта:

- Қазақстанның геосаяси жағдайына кешенді баға беруді үйренесіндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ бітімгерлік



52-сурет. Қазақстанның геосаяси жағдайы

Геосаяси түрғыдан алғанда, Қазақстанның Еуразияның орталығындағы орны аса қолайлы деп есептеледі. ХХ ғасырда саясаткер Хэлфорд Дж. Маккиндер ұсынған геосаяси концепцияда Еуразия құрлығының орталығы бүкіл әлемді бақылау жасауға қолайлы географиялық плацдарм ретінде сипатталған.

#### Глоссарий:

- **Бітімгерлік** – қоғамда барынша жанжалсыз қарым-қатынастарды орнатуға бағытталған іс-әрекеттер.

Бұл аймақты ғалым хартленд (ағылшынша – «өлемнің жүрегі») деп атаған. Сондықтан Қазақстанның хартленд аумағындағы орны оның геосаяси маңызын арттырады. Ел аумағы Еуропа мен Азияның аралығында орналасқандықтан транзиттік аумақ ретінде дамуға жаңа мүмкіндіктер алады. Қазіргі кезде осы мүмкіндіктерді пайдаланып, Еуропа мен Азияны жалғастыратын көлік дәліздері жасалынған. Мысалы, Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізінің 2787 км бөлігі Қазақстан аумағы арқылы өтеді.



Қазақстан өнірлерін дамытуда халықаралық көлік дәліздерінің рөлі қандай?

*Қазақстан әлемдегі аса маңызды геосаяси қүштер болып саналатын Ресей және Қытаймен шектеседі.* Әлемдегі жер көлемі жөнінен ең ірі ел Ресеймен құрлықтық шекараларының ұзындығы 7591 км, бұл дүниежүзі бойынша ең ұзын үздіксіз құрлықтық шекара деп есептеледі. Ортақ шекаралардың ұзақтығы екі елдің экономикалық байланыстарына оң ықпал етеді, Ресей халықаралық аренада еліміздің басты өріптесінің бірі саналады. Екі ел Еуразиялық Экономикалық Одак (ЕЭО) құрамына енеді. Қазақстанның әлемдегі халық саны ең көп, экономикалық қуатты ел Қытаймен шекараласуы екіжақты ынтымақтастыққа жол ашады. Қазақстан, Ресей, Қытай Шанхай ынтымақтастығы үйімі шеңберінде аймақтық қауіпсіздік мәселелерін шешуде.

Қазақстан аса маңызды әлемдік геосаяси күш болып табылатын Ислам әлеміне жапсарлас мемлекеттермен (Өзбекстан, Қыргыз Республикасы және Түрікменстан) құрлықтық шекарасы бар. Каспий теңізі алабы геосаяси түрғыдан маңызды аймақтардың бірі саналады. Еліміздің Каспий теңізі алабындағы мұдделері Өзіrbайжан, Ресей, Түрікменстан, Иранмен қарым-қатынастарды реттеуге ықпал етті. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға Қазақстан, Өзіrbайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан президенттері 2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында өткен Бесінші Каспий саммиті барысында қол қойды.



Каспий маңы алабындағы мемлекеттермен тату көршілік қарым-қатынастар орнату Атырау және Маңғыстау облыстарының экономикасына қалай әсер етуі мүмкін?

Қазақстан – жер көлемі жөнінен әлемдегі аса ірі елдердің бірі. Бұл, өз кезегінде, еліміздің геосаяси позицияларына оң ықпал ететін фактор болып есептеледі. Жер қойнауының аса маңызды стратегиялық шикізаттарға (мұнай, табиғи газ, қара және түсті металл кендері, уран және т.б.) бай болуы елдің әлемдік нарықтағы орнын анықтайды. Бұл елдің маңызды геоэкономикалық орнын ғана емес, геосаяси салмағын да арттыра түседі.

Ел ішіндегі саяси тұрақтылық, көршілес елдермен аймақтық интеграцияның тереңдей түсіі, экономиканың инновациялық даму жолын таңдауы, ұзақ жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламаларының болуы, халықаралық деңгейдегі бітімгерлік саясатын ұстануы Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне кепл болып, тұрақты дамуына ықпал етеді.

**Қазақстанның бітімгерлік саясаты.** Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайының нығаюына халықаралық деңгейдегі бітімгерлік саясаты да оң ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жасаған аса ірі қадамы Семей ядролық полигонының жабылуы болды. Сол кезеңде ядролық қару-жарактың қуаты жөнінен өлемде 4-орында тұрган жас тәуелсіз мемлекет осы жойқын құштен өз еркімен бас тартты: Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойды.

Қазақстан БҮҮ мүшесі ретінде ядросыз өлем құру мәселесіне арналған халықаралық форумдар өткізді. 2011 жылы 12 қазанды Астана қаласында БҮҮ Жалпыға ортақ ядролық қаруызы өлем жөніндегі декларациясы қабылданды.

Еліміздің атомдық өлемге енгізген тағы да бір қауіпсіздік бастамасы Қазақстан мен Халықаралық атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы келісім болды. Ол Астанада 2015 жылдың 27 тамызында жүзеге асты. 2016 жылы 31 наурызда Вашингтондағы ядролық қауіпсіздік жөніндегі төртінші саммит алаңында Н. Назарбаев «Өлем. XXI ғасыр» Манифесін ұсынды.

Сириядағы жағдайды реттеуге қатысты еліміз астанасында 2017-2018 жылдары 10-нан астам келіссөздер жүргізілді. Халықаралық сарапшылардың бағамы бойынша, Қазақстанның бітімгерлік саясаты Сириядағы жағдайдың тұрақталуына, мудделі жақтардың бейбіт жолмен көптеген түйткілді мәселелерді талдап, шешім қабылдауына мүмкіндік берілді.



Сонымен, Қазақстанның геосаяси жағдайын ұтымды деп бағалауға болады. Біздің еліміздің шекараларындағы геосаяси құштердің тепе-тендігінің бұзылуығана белгілі бір қауіп-қатерге алып келуі мүмкін.

### Сұрақтар мен талсырмалар

1. Қазақстанның Еуразияның орталығындағы қолайлы геосаяси жағдайы оның экономикалық және мәдени дамуына қалай ықпал етеді? Жауаптарынды нақты мысалдармен толықтырыңдар.
2. Еліміздің Еуропа мен Азия аралығындағы орнының қолайлы жақтарын сендер қалай сипаттар едіндер?
3. Қазақстанның аймақтық интеграцияны дамытуының геосаяси маңызы қандай деп түсінесіндер?
4. Қаспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның қабылдануының аймақтық қауіпсіздік үшін маңызы бар ма?

5. Оқулық мөтінін пайдаланып, Қазақстанның геосаяси жағдайын таңдау бойынша алған бір мемлекеттің геосаяси жағдайымен салыстырындар. Салыстыру нәтижелерін төмөндегі кестеге толтырындар:

Көрсеткіштер	Қазақстан	Екі ел
Географиялық орынының ерекшелігі	Еуразияның орталық бөлігінде орналасқан, Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шыға алмайды	
Географиялық орынының қолайлы жақтары	Еуропа мен Азия аралығында орналасуы	
***	***	



1. Қазақстан жерінің ауданы, көршілес мемлекеттер, шекараларының ұзындықтары туралы деректерді пайдаланып, кескін картада «Қазақстанның шекаралары» деп аталатын инфографика дайындаңдар.
2. 55-суретті талдау жасау негізінде «Қазақстанның геосаяси жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтары» тақырыбында эссе дайындаңдар.

## Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі

### § 49. Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар

#### Бұғынғы сабакта:

– Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторлармен танысып, оларды анықтауды менгересіндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ұлттық мұдделер
- ✓ ұлттық қауіпсіздік
- ✓ геосаяси қауіпсіздік

**Ұлттық қауіпсіздік.** Қазіргі кезде көпполюсті өлемнің қалыптасуы жүріп жатыр. Бұл жағдайда әр мемлекеттің мұдделері оның халықаралық деңгейдегі сыртқы саясатын анықтап береді. Қазақстанның ұлттық мұдделері, ең алдымен, мемлекеттің аумақтық біртұтастығын, саяси тәуелсіздігі мен басқару жүйесін сақтауды қамтиды. Сонымен қатар шетелдерде ел азаматтарының қауіпсіздігін қорғау, мемлекеттің беделін қолдау да ұлттық мұдделер қатарына жатады.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне ықпал ететін ең басты сыртқы фактор – үшінші дүниежүзілік соғыс қаупі. Аймақта ірі жанжал бола қалса, екі ірі ядролық мемлекет (Ресей, Қытай) аралығында жатуы Қазақстан үшін қолайсыз салдарларға алып келуі мүмкін. Орталық Азия мемлекеттері арасындағы шешілмеген мәселелердің болуы әскери қақтығыстарға себепші болу қаупі бар. Аймақтың саяси жағдайы тұрақсыз аумақтармен (Ауғанстан) шектесуі мемлекет аумағын лаңкестерден, есірткі саудасынан, діни экстремизмнен қорғауды қажет етеді.

Аймақ елдері арасындағы даму деңгейлерінің алшақтығы, экономикалық көшіл-қонның арту салдарлары да сыртқы қауіп-қатерге жатады. Дүниежүзі бойынша байқалатын Батыс пен Шығыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің қарама-қайшылықтары аймақтың деңгейде де өзіндік көрініс табады. Сыртқы қауіп-қатерлердің Қазақстанның ұлттық мұдделеріне тікелей қатысы болмауы да мүмкін, бірақ оларды ескермейу елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетіне әсер етеді.

Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі. Мемлекеттің геосаяси қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің бөлігі болып табылады. Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне сыртқы және ішкі факторлар ықпал етеді (59-сызбанұска).

59-сызбанұска

#### Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар

Басқа мемлекеттердің мұдделерімен қарама-қайшылықтардың пайдада болуы

Ел ішінді және аймақшылік қауіп-қатерлердің қалыптасуы

Өлемдегі ірі геосаяси күштердің ел мұдделеріне қарсы өрекеттері

Ел ішінде және ғаламдық деңгейде экономикалық жағдайлары нашарлауы

Геосаяси қауіпсіздікті сактаудың басты мақсаты – мемлекеттің геосаяси мұдделерін (аумағы, саяси, экономикалық және ақпараттық кеңістігі) қорғауды қамтамасыз ету. Геосаяси қауіпсіздіктің нысандары 60-сызбанұсада көрсетілген.

60-сызбанұса



Қазақстанның ұлттық және геосаяси қауіпсіздігі заңнамалық негізде бекітілген. 2012 жылы 6 қаңтарда қабылданған «Қазақстан

221

**Глоссарий:**

- **Ұлттық мұдделер** – біртұтас ұлттық мемлекеттің аса маңызды мақсаттары мен міндеттері.
- **Ұлттық қауіпсіздік** – мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғалу жағдайы.
- **Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету** – ел халқының қалыпты тіршілігін қамтамасыз етуге, қауіп-қатерлерді жоюға бағытталған саяси, экономикалық, әлеуметтік, денсаулық сақтау, әскери және құқықтық шаралдың жиынтығы.
- **Геосаяси қауіпсіздік** – мемлекеттің геосаяси мұдделерінің қорғалу деңгейі.

Республикасының ұлттық қауіпсіздігі тура-лы» Заңда мемлекеттің халықаралық қауіп-сіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің аясына мынадай мәселелер енгізілген:

1) жаһандық бейбітшілік тәртібін қалыптастыру мәселелерінде Қазақстанның рөлін нығайту;

2) Қазақстанның геосаяси айналасында ұжымдық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қалыптастыру мен нығайту;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мұдделеріне сай келетін халықаралық ұйымдар мен форумдарға қатысу;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес елден тыс жерлерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларға қатысу;

5) қажет болған жағдайларда шекаралас мемлекеттермен бірлесіп, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелерді шешу;

6) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мұдделеріне сай келетін халықаралық шарттар жасасу көзделген.



Қазақстанның халықаралық деңгейдегі бітімгерлік саясаты оның геосаяси қауіпсіздігіне қалай ықпал етуі мүмкін?

**Қазақстан және лаңкестік қауіп-қатері.** Еліміздің геосаяси қауіпсіздігін қамтамасыз етуде лаңкестікке қарсы тұру басым бағыттардың бірі болып саналады. Қазақстан лаңкестіктің барлық түрлері мен көріністерін қатаң айыптайды және лаңкестікпен куресте өлемдік қауымдастықтың бірлесе өрекет етуін қолдайды. Еліміз лаңкестікпен курес туралы барлық халықаралық конвенцияларға қосылған (27-кесте).

27-кесте

P/c	Атауы	Қабылданған орыны, мерзімі	Қосылу мерзімі
1	2	3	4
1	Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз өрекеттермен курес туралы конвенция	Монреаль, 1971	1994
2	Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсететін өуежайлардағы заңсыз зорлық өрекеттермен курес туралы хаттама	Монреаль, 1971, 1988 (жетілдірілген)	1994

1	2	3	4
3	Өве кемелерін заңсыз басып алушмен курес туралы конвенция	Гаага, 1970	1994
4	Өве кемелерінің бортында жасалатын қылмыс пен басқа да бірқатар өрекеттер туралы конвенция	Токио, 1963	1994
5	Пластикалық жарылғыш заттарды, оларды табу мақсатында таңбалашу туралы конвенция	Монреаль, 1991	1994
6	Халықаралық қорғаудағы тұлғаларға, соның ішінде дипломатиялық, агенттерге қарсы қылмыстың алдын алу және жазалау туралы конвенция	Нью-Йорк, 1973	1996
7	Адамдарды кепілдікке басып алушмен курес туралы халықаралық конвенция	Нью-Йорк, 1979	1996
8	Бомбалық, лаңқестікпен курес туралы халықаралық конвенция	Нью-Йорк, 1998	2002
9	Лаңқестікті қаржыландырумен курес туралы халықаралық конвенция	Нью-Йорк, 2000	2002
10	Теңіз кеме қатынастарының қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз өрекеттермен курес туралы конвенция	Рим, 1988	2003
11	Континенталдық шельфте орналасқан стационарлық платформа қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз өрекеттермен курес туралы хаттама	Рим, 1988	2003
12	Ядролық материалды физикалық қорғау туралы конвенция	Вена, 1980	2004
13	Ядролық, лаңқестік өрекеттерімен курес туралы конвенция	Нью-Йорк, 2005	2005

Қазақстан лаңқестікке қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық, халықаралық құқықтың барлық нормаларына сай жүзеге асырылуы тиіс деп санайды. Қазақстан лаңқестік пен экстремизмге қарсы курес саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайтуды қөздейді. Қазақстан ТМД, Шанхай ынтымақтастығы үйімі, Ұжымдық қауіпсіздік шарты үйімі сияқты аймақтық үйімдардың мүшесі болып табылады.

2003 жылы ҚР Президентінің бұйрығымен лаңқестікпен, діни экстремизммен күресте барлық күштер құрылымының тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Лаңқестікке қарсы орталық құрылды. Бұл орталыққа барлық арнайы, құқық қорғау және басқа да мекемелердің лаңқестікпен курес сияқты жұмысын үйлестіру міндеті жүктеліп отыр.

Халықаралық лаңқестік және экстремизммен курес мемлекеттердің барлық деңгейдегі (ғаламдық, аймақтық және екіжақты) өрекеттестігін талап ететіндігін ескере отырып, Қазақстан атаптамыш салада бірқатар

халықаралық және мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге қол қойды.

Қазақстан аумағында лаңкестік үйымдарға тыйым салынған. Үйымдардың жарғылық мақсаттары мен қызметі ҚР Конституциясы мен Зандарына және ҚР қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға қары келетін болса және Орталық Азия аймағы мемлекеттеріндегі жағдайды тұрақсыздандыру қаупін төндіретін жағдайда лаңкестік болып танылады. Қазақстанда осындай 11 үйимның қызметіне тыйым салынған: «Аль-Каида», «Асбат аль-Ансар», «Мұсылман бауырлар», «Боз Гурд», «Орталық Азия моджахедтерінің жамааты», «Өзбекстанның ислам қозғалысы», «Шығыс Түркістанның ислам партиясы», «Құрттер халық конгресі», «Лагикар-и-Тайба», «Талибан» және «Әлеуметтік реформалар қогамы».

Сонымен қатар Азия құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мөселелерінің саяси шешімі Азиядағы Әрекеттестік пен сенім шаралары кеңесін (АӘСШК) шақыру туралы Қазақстанның бастамасымен байланысты. Оның саммиттері 2002 және 2006 жылдары Алматы қаласында өтті. АӘСШК шеңберінде өткен жоғарғы деңгейдегі кездесулер Азиядағы қауіпсіздіктің тиімді механизмін құрудың маңызды қадам болды. 2002 жылы «Лаңкестікті жою және өркениеттер арасындағы диалогке жәрдем беру туралы» декларациясының және 2004 жылы «Сенім шаралары каталогінің» қабылдануымен осы саладағы ынтымақтастық одан әрі терендептілген және жүйелік сипатта ие болуда. Біздің еліміз халықаралық қауымдастықтың лаңкестікке қары күрестегі жігерін іс жүзінде қолдайды және көпжакты ынтымақтастық пен әрекеттестікті дамытады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көпполюсті өлем жағдайында үлттық мүдделерді сақтаудың қандай маңызы бар?
2. Қазақстанның үлттық қауіпсіздігіне Орталық Азия аумағындағы саяси жағдайдың өзгеруі қалай ықпал етуі мүмкін?
3. Аймақтағы мемлекеттердің экономикалық даму деңгейлерінің өркелкі болуы жаңжалдарға алып келуі мүмкін бе?
4. 59-сызбанұсқаны талдау негізінде Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне өсер ететін факторлардың өркайсысының мағынасын талдап, нақты мысалдар келтіріндер.
5. 60-сызбанұсқаны геосаяси қауіпсіздік нысандарының бірін таңдап алып, оны қорғаудың қаншалықты маңызды екенін нақты мысалдармен дөлелдеуге тырысындар.



«Қазақстанда лаңкестік қауіп-қатерімен курес және оның алдын алу шаралары» тақырыбында эссе дайындал, сыншылтастарыңмен белісіндер.

## 21-сараланың жұмыс. «Қазақстан қауіпсіз өлемде» жобасы

**Мақсаты** – модельдеу әдістерін қолдануды негізге ала отырып Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшету жөнінде ұсыныстарды өзірлеу.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** дүниежүзінің саяси картасы, кескін карта, сизу құралдары, түрлі түсті қарындаштар.

### Тапсырмалар

1. Кескін картага Қазақстанның шекараларын қызыл түспен белгілендер. Қоршалес мемлекеттердің атауларын жазындар.
2. Қазақстанмен бірге аймақтық интеграциялық үйымдарға енетін мемлекеттердің аумағын ашық жасыл түспен бояп шығындар.
3. Қазақстан шекараларына жақын орналасқан саяси жағдайы тұрақсыз аумақтарды қызыл жүлдізша түрінде белгілеп көрсетіндер.
4. Қазақстан шекараларының бақылауға қын бөліктегін (білік таулы аудандар, су айдындары) сары түсті жүлдізшалармен белгілендер.
5. Карта-сызбаны талдау және оқулық мәтінін пайдалану негізінде Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшету жөнінде ұсыныстар тізбесін жасандар.

### Әдістемелік нұсқаулық

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа арналған. 1-сабакта мұғалімнің көмегімен тапсырмалар орындалады. 2-сабакта жұмыстың нәтижелері қорытындыланып, сыйнапта таныстырылым өткізіледі.

Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін модельдеу кескін картада жүзеге асырылады. Дүниежүзінің саяси картасын пайдалана отырып, кескін картага Қазақстанның шекараларын қызыл түспен айқындаңып белгілеп аласындар. Еліміз астанасын қызыл нүкте түрінде белгілеп, атауын жазасындар. Қара түсті қаламмен көршілес мемлекеттердің атауларын жазындар.

Қазақстанмен бірге аймақтық интеграциялық үйымдарға енетін мемлекеттердің аумағын ашық жасыл түспен бояп шығындар. Ол үшін оқулық қосымшасындағы Шанхай ынтымақтастығы үйымының, Үжымдық қауіпсіздік көлісім үйымдарының құрамымен танысып шығындар.

Қазақстан шекараларына жақын орналасқан саяси жағдайы тұрақсыз аумақтарды (Ауғанстан, Пекістан, Үндістан) қызыл жүлдізша түрінде белгілеп көрсетіндер.

Қазақстан шекараларының бакылауға қын бөліктерін (білік таулы аудандар, су айдындары) сары түсті жүлдізшалармен белгілендер. Ол үшін Қазақстанның физикалық картасын пайдалану қажет.

Карта-сызбаны талдау және окулық мөтінін пайдалану, Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшету жөнінде ұсыныстар тізбесін жасандар. Ұсыныстарында қазіргі кездегі жағдайды талдау ғана емес, болашақ қауіп-қатерлерді де ескеруге тырысындар.

## Қазақстанның геосаяси интеграциясы

### § 50. Қазақстанның халықаралық және аймақтық үйымдармен байланыстары

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңында Қазақстанның БҮҰ, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары көнесті, Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі шарт үйимы, Шанхай ынтымақтастығы үйимы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйимы, Ислам ынтымақтастығы үйимы, Туркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы көнесті және басқа да халықаралық үйимдардың мүшесі ретіндегі басты міндеттері анықталған (61-сызбанұсқа).

#### Бүгінгі сабакта:

- Қазақстанның дүниежүзілік және аймақтық үйимдармен байланыстарын оқып-үйреніп, оларды күштейту жолдарымен танысадындар.

61-сызбанұсқа



Халықаралық үйимдар құрамында Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын қалай ілгерілетуге болады?

**Біріккен Үлттар Үйимі.** Қазақстан 1992 жылдан бері БҮҰ мүшесі ретінде үйимның жарғысының мақсаттары мен міндеттеріне, халықаралық құқықтың нормалары мен қафидаларына шынайы берілгендейдін көрсете білді.

Қазақстанның БҮҰ ҚҚ-дегі қызметі елдер арасындағы сенім мен диалогті нығайтуға, ядросыз өлемді құру және халықаралық құқық нормаларын сақтай отырып, қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеу-

ге бағытталған. Бұл түрғыда Қазақстан шиеленістер мен зорлықты тоқтату бойынша бірлескен өрекеттер алгоритмін қамтыған «Әлем. ХХІ ғасыр» Манифесін жүзеге асыруды көздеуде.

Қазақстан әлем қауымдастығын лаңкестікке қарсы өрекеттер жасау үшін бірігүте дәйекті түрде шақырып отыр. Қазақстан БҮҰ Қауіпсіздік Кеңесінің үш аса жауапты санкциялық комитеттерін басқарды: ДАИШ және «Аль-Каидамен» күрес жөнінде, «Талибан» қозғалысы мен Ауғанстан бойынша, сондай-ақ «Аш-Шабаб» лаңкестік топ белсенді өрекеттер жасап отырған Сомали және Эритрея бойынша. БҮҰ ҚҚ шеңберінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2015 жылы БҮҰ Бас Ассамблеясының 70-сессиясында алға шығарған лаңкестікке қарсы бастамалары белсенді ілгерілетіліп келеді.

Қазақстан өзінің жауапты бітімгер мәртебесін бекіте білді. Мемлекет басшысының жоғары абырайы арқасында ел астанасы сирияаралық келіссөздердің өткізу орны болып табылды. Женева форматына толықтыру ретінде астаналық үдеріс Сирияданы атысты тоқтатуға елеулі үлес қосқан тиімді диалог алаңына айналды. Астаналық формат қазіргі сириялық қақтығыстағы ең ұзак атыстың тоқтауына өкелді, «тұрақтандыру» деп аталатын 4 аймақтың құрылтуына ыңғайлы жағдай тудырды.

Қазақстанның БҮҰ ҚҚ-ге сайлануы Орталық Азияның жетістігі деп танылады. Бұл өңір алғашқы рет әлемдік саясат пен экономиканың өзекті проблемалары талқыланатын осыншалықты абырайлы алаңда өкілеттігін орнатып отыр. Еліміз Орталық Азия мемлекеттерінің мұдделерін қорғауға бейілділігін сақтай отырып, өніріміздің мәселелерін Ауғанстандағы жағдай өсерімен қарауға шақырып отыр. Қазақстан Орталық Азияда барлық қызығушылық танытқан елдердің мұдделерін үйлесімді қиоласуы негізінде аумақтық бейбітшілік, қауіпсіздік, ынтымақтастық және даму аймағы моделін қалыптастырып, қолдану мүмкін болатынына сенім артады.

**Тәуелсіз Елдер Достастығымен байланыстары.** Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекет болып табылмайды, ол өзінің барлық мүшелерінің егеменді тенденцияне негізделген. 1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында 11 егеменді мемлекет (Грузияны қоспағанда) басшылары құрамындағы барлық мемлекеттер теңқұқықты негізде ТМД құру туралы Келісім хаттамасына қол қойды. Кездесуге қатысушылар ішкі және сыртқы саясаттың өртүрлі сапаларында ынтымақтастыққа бейімділігін растайтын, бұрынғы КСР Одағының халықаралық міндеттемелерін орындауға кепілдік жариялайтын Алматы Декларациясын қабылдады. 1993 жылдың желтоқсанында Достастыққа Грузия қосылды, ал 2009 жылғы 18 тамызда атаптап бірлестіктен шықты. Түрікменстан ТМД-ның қауымдастырылған мүшесі болып табылады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында саяси өзара қатынас Сыртқы істер министрлерінің кеңесі арқылы іске асады, оның шеңберінде көпдеңгейлі консультациялар сияқты ынтымақтастық нысаны жұмыс істейді. Достастық шеңберінде қыр көрсетулер мен қауіптерге дең қою мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық және үйымдастырушылық механизмдері құрылды. Олардың іс жүзінде іске асуы үшін қылмысқа, лаңкестік пен экстремизмнің басқа белгілеріне, есірткі заттарының заңсыз айналымына, заңсыз көші-қонға және адам саудасына қарсы күрестің біріккен шараларының мемлекетаралық орта мерзімді бағдарламалары қабылданады. ТМД мүше мемлекеттердің қазіргі заманғы сын-тегеуріндер мен қауіптерге қарсы іс-қимылдар бойынша ынтымақтастықты реттейтін халықаралық құқықтық құжаттарға қатысуын ресімдеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

**Шанхай ынтымақтастық үйымымен байланыстары.** Шанхай ынтымақтастық үйымы (ШЫҰ) 2001 жылы Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Қытай, Ресей және Тәжікстан басшылары Шекара аймағындағы өскери саладағы сенім шараларын нығайту туралы келісім (Шанхай қаласы, 1996 ж.) мен Шекара аймағындағы өскери күштерді өзара қысқарту туралы келісімге (Мәскеу қаласы, 1997 ж.) қол қойғаннан кейін қалыптасқан «Шанхай бестігі» негізінде құрылды.

Шанхай ынтымақтастық үйымы қандай да бір елге қарсы бағытталған өскери блок немесе жабық альянс емес, ол – кең халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған, құрамы кеңейтілуге ашық үйим. Қазіргі кезде ШЫҰ (байқаушы және диалог бойынша әріптес мемлекеттермен бірге) – халық саны 3 миллиардтан астам (әлем халқының 44%-та



53-сурет. ШЫҰ мүше мемлекеттердің басшылары Астана кеңесінде

жүйесі). Үйім құрамына БҮҮ Қауіпсіздік Қеңесінің екі тұрақты мүшесі (Қытай және Ресей), өлемдегі халық саны ең көп екі мемлекет (Үндістан және Қытай) кіреді.

ШЫУ-ның негізгі мақсаты – өңірдегі бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қолдау, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту. Қазақстан – ШЫУ форматындағы ең беделді мүше мемлекеттердің бірі. Үйімның мүшесі болуы Қазақстанның аймақтағы үстанымын арттырып, мүше мемлекеттер арасында өзара сенім мен түсінушілікті нығайтуға жәрдем көрсетуде.

**Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (АЭХА).** Аталған үйім 1955 жылы 3 желтоқсандағы БҮҮ шешімімен 1957 жылы БҮҮ жүйесіндегі төуелсіз үкіметаралық үйім ретінде құрылды. Қазақстан Республикасы 1994 жылғы 14 ақпандың АЭХА мүшеллігіне қабылданды. 1994 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Республикасы мен АЭХА арасындағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісімге қол қойылды.

Кепілдіктерді қолдану туралы келісімге сәйкес, Қазақстандағы барлық ядролық қызмет АЭХА кепілдіктерімен орындалады. Тұрақты негізде Қазақстанның ядролық нысандарында АЭХА тексерістері өткізіледі. Олардың мақсаты – мемлекет ресми түрде мәлімдеген ядролық материалдардың саны мен ядролық іс-өрекетті тексеру және растау.

Қазақстанның өтініші бойынша 1993–1994 жылдары бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аймағындағы радиациялық жағдайды зерттеу үшін АЭХА үйімдастырылған халықаралық сараптамалық топтардың миссиялары өткізілді. Миссиялардың нәтижесінде 1998 жылды «Қазақстанның Семей ядролық полигонындағы радиациялық жағдайлар: алдын ала бағалар мен кейінгі зерттеу бойынша ұсынымдар» тақырыбында АЭХА есебі жарияланды.

2008 жылды «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ мен АЭХА «Ядролық материалдардың есебі мен бақылауы, физикалық қорғау, экспорттық және кедендейтік бақылау. Ядролық материалдарды сейкестендірудің жаңа өдістері» бірлескен жобасын іске асыруды бастады.

Қазақстан АЭХА-мен техникалық ынтымақтастық бағдарламасы аясында белсенді қарым-қатынас жасауда ядролық белімдерді басқару, ядролық және молекулалық өдістерді пайдалану арқылы бидай мен жүгері сұрыптарын жетілдіру, Шығыс Қазақстандағы №2 онкологиялық орталығында ядролық медицина белімін құру, сондай-ақ радиоэкологиялық мониторингті қолдау салаларындағы ұлттық жобалар іске асырылады. Бұдан басқа, Қазақстан 50-ге жуық өнірлік, сондай-ақ өңіраралық жобалардың іске асырылуына атсалысада. Қазақстанның АЭХА-мен өзара байланыстары жаңа технологияларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2010 жылы АЭХА-мен бірге Семей ядролық полигоны аумағының бөлігін шаруашылық айналымына беру бойынша жоба іске асырыла бастады. Полигон алғып жатқан аумақтың (18,5 мың км<sup>2</sup>) біраз бөлігін қауіпсіз шаруашылық айналымға беру үшін Қазақстан алдында АЭХА екілдерімен және халықаралық сарапшыларымен жердің қаншалықты зардап шеккенін бағалау үшін қазақстандық деректерді растау міндеті тұр.

**Еуропалық Одақ.** Еуропалық Одақ Қазақстанның ең негізгі саяси және экономикалық өріптестерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ (ЕО) арасында дипломатиялық қарым-қатынастар 1993 жылғы 2 ақпанда орнатылған болатын.

Қазақстан мен ЕО арасындағы қарым-қатынастардың құқықтық негізі 1999 жылы шілдеде күшіне енген өріптестік және ынтымақтастық туралы келісім болып табылады. Сонымен қатар 2015 жылды 21 желтоқсанда Астанада Қеңейтілген өріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Аталған құжат ҚР мен ЕО арасындағы қарым-қатынастың одан өрі дамуына ықпалын тигізді.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында ЕО-ның сенімді және жауапты энергетикалық өріптесіретінде орнықты. Қазақстан Ресей және Норвегиядан кейінгі ОПЕК-ке мүші емес елдер ішіндегі Еуропага энергия тасымалдаушы үшінші ірі ел, Германияға көлемі бойынша энергия ресурстарыны тасымалдаушы төртінші ел болып табылады. Қазақстан ЕО-мен стратегиялық энергиялық диалогті одан өрі нығайтуға мүдделі, оның құқықтық негізі Энергетика саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум және Ядролық энергияны бейбіт мақсаттарда пайдалану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім болып табылады.

Қазақстан Еуропалық Одақпен визалық режимін жеңілдету саласында ынтымақтасуда. Осыған орай, дипломатиялық және қызметтік паспорт иелерін визалық талаптардан босату және ҚР мен ЕО кейір санаттағы азаматтық паспорт иелеріне виза ресімін жеңілдету жөнінде келісімдерге қол қою мәселесі жүргізілуде. Аймақтық жоспарда екі жақ Орталық Азияда ЕО стратегиясы шеңберінде 1с-өрекет етеді (2007 ж. қолданысқа енді). Сыртқы істер министрлері деңгейінде – «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» форматында жыл сайынғы диалог орнатылған. Қазақстан Еуропалық Одақтың «ЕО – ОА» жоғары деңгейлі қауіпсіздік мәселелері бойынша диалогті орнату жөніндегі бастамасына қолдау көрсетті.

**Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйымымен байланыстары.** Қазақстан 1992 жылды Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйымына (ЕҚЫҰ) қатысушы мемлекет мөртебесін алды. Қазақстан 2010 жылды ЕҚЫҰ төрағасы больш сайланып, Нұр-Сұлтанда ЕҚЫҰ саммиті өтті.

Ынтымақтастық үйим қызметінің барлық үш өлшемі бойынша жүргізілуде: әскери-саяси, экономикалық-экологиялық, гуманитарлық және ЕҚЫҰ орталық институттарымен өзара қарым-қатынас.

Әскери-саяси бағытта ҚР еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сенім шарапаларын күшетуге, «со-зылмалы қактығыстарды» реттеуге қатысты жан-жақты қолдауды жалғастыруда.

ЕҚЫҰ-ның экономикалық-экологиялық бағытында Азия мен Еуропаны біріктіретін трансконтиненталды көліктік дәліздерді дамыту Қазақстан үшін маңызды басымдық болып қалуда. Қоршаган органды қорғау саласында, соның ішінде Арал проблемасын шешуде және Орталық Азиядағы су ресурстарын тиімді басқаруда ЕҚЫҰ өлеуетін пайдалану бойынша жұмыстар жалғастырылуда.

Адами өлшемде Қазақстан үшін тәзімсіздік пен кемесітушіліктің барлық формаларына қарсы күрес, толеранттылық, адам құқықтарын қорғау, заң үстемдігі, сот жүйесінің тәуелсіздігі, гендерлік тепе-тендікті ілгерілету және адам саудасына қарсы күрес сияқты мәселелер маңызды болып қалуда.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстан аймақтық және галамдық сипаттағы шешімдерді өзірлеу мен кабылдауда неліктен үлттық мұдделерді ескеруі қажет деп ойлайсындар? Үлттық мұдделер мен халықаралық ынтымақтастықтың қайши келетін түстары болуы мүмкін бе?
2. Қазақстан үшін аймақтық және халықаралық үйымдарға мүше болудың қандай тиімді жақтары бар?



1. Сыныптастарыңмен бірге Н.Назарбаевтың «Өлем. ХХI ғасыр» Манифесімен танысып, құжаттағы қауіпсіздікті сақтауға қатысты басты идеяларды талдандар. Талдау нәтижесін қысқаша хабарлама түрінде баяндап беріндер.
2. Төмендегі тақырыптардың біріне (таңдау бойынша) эссе дайындандар:
  - халықаралық лаңқестік қаупі және онымен күрес жолдары;
  - Қазақстанның бітімгерлік қызметі;
  - ЕО-мен ынтымақтастықты күшету Қазақстанға не береді?
  - ЕҚЫҰ шеңберіндегі Қазақстанның іс-өрекеттері.

**22-сараландық жұмыс.****Қазақстанның геосаяси ынтымақтастығын арттыру**

**Мақсаты –** Қазақстанның дүниежүзі елдерімен, дүниежүзілік және аймақтық ұйымдармен байланыстарын күшету жөнінде ұсыныстар өзірлеу.

**Тапсырмалар**

1-шығармашылық жоба. Қазақстанның Орталық Азия елдерімен (таңдау бойынша) байланыстарын күшету жөнінде ұсыныстар өзірлеу.

2-шығармашылық жоба. Қазақстанның Еуропалық Одақ елдерімен (таңдау бойынша) байланыстарын күшету жөнінде ұсыныстар өзірлеу.

3-шығармашылық жоба. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымымен байланыстарын күшету жөнінде ұсыныстар өзірлеу.

4-шығармашылық жоба. Қазақстанның Шанхай ынтымақтастығы Ұйымымен байланыстарын күшету жөнінде ұсыныстар өзірлеу.

**Әдістемелік нұсқаулық**

Сарамандық жұмысты орындау үшін сыйып оқушылары өз еріктегімен 4 топқа бөлінеді. Әр топ 1 шығармашылық тапсырманы таңдалады. Сарамандық жұмыс 2 сағатқа арналған. 1-сабакта мұғалімнің көмегімен тапсырмалар орындалады. Жұмысты орындау барысында эксперttік бағалау, модельдеу әдістерін қолдану шарт.

2-сабакта жұмыстың нәтижелері қорытындыланып, сыйыпта таныстырылым өткізіледі. Қазақстанның дүниежүзі елдерімен байланыстарын күшету жөнінде ұсыныстар өзірлеу мына төртіппен жүргізіледі:

- алдымен жеке ел таңдалап алынады;
- аталған елмен Қазақстанның қазіргі кезеңдегі байланыстары;
- екіжақты байланыстарындағы шешілмеген мәселелер;
- екіжақты байланыстарды жетілдіру мүмкіндіктерін зерттеу;
- Қазақстанның аталған елмен байланыстарын күшету жөнінде ұсыныстар өзірлеу және оларды нақты дәлелдермен негізден, таныстыру.

Қазақстанның дүниежүзілік және аймақтық ұйымдармен байланыстарын күшету жөнінде ұсыныстар өзірлеу мына төртіппен жүргізіледі:

- аталған үйымға Қазақстанның мүшелік ету тарихы және қызмет бағыттары;
- үйыммен байланыстарды күшету Қазақстанға қандай басымдықтар беретінін анықтау;
- үйым шеңберінде Қазақстан атқара алатын шаралардың тізбесін құрастыру;
- Қазақстанның аталған үйыммен байланыстарын күшету жөнінде ұсыныстар өзірлеу және оларды нақты дәлелдермен негізден, таныстыру.



## ДҮНИЕЖҰЗІ АЙМАҚТАРЫ

## Дүниежұзі елдерін аймақтарға аудандастырудың қолданбалы аспектілері

## § 51–52. Дүниежұзін аймақтарға аудандастырудың қаридаттары мен сызбалары

Дүниежұзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігі. ХХ ғасырдың басында географтар алуан түрлі экономикалық және әлеуметтік-географиялық ақпаратты жинақтау мен жүйелеудің жолдарын іздестіру бағытында зерттеулер жүргізді. Нәтижесінде географиялық зерттеу нысандарының бірі «географиялық деректер бір-бірімен заңдылықтар негізінде байланысқан ерекше кешен» болып табылатын аймақ екендігі белгілі болды.

Географияда аймақтарды жіктеу аудандастыру ұғымымен байланысты. Аудандастыру – географиядағы кеңістіктік талдаудың аса маңызды әдісі. Географиядағы аудандастырудың маңызын химиядағы Менделеевтің периодтық кестесімен немесе К.Линнейдің өсімдіктер жіктемесімен қатар қоюға болады. Аудандастыру арқылы ірі кеңістіктер өзіндік белгілері бар бөліктерге жіктеледі. Дүниежұзі алуан түрлі табиғат жағдайларымен сипатталатын, тарихи, экономикалық, мәдени ерекшеліктерге ие аумақтардан тұрады. Жалпы алғанда, аймақ Жер шарында кездесетін құбылыстардың күрделі кешендерінің кеңістіктік ұштасуы болып табылады. Аймақтың біркелкілігі осы бөліп алғынған географиялық кеңістіктегі нысандар мен құбылыстарды немесе олардың ұштасуын сипаттауға қажетті көрсеткіштер негізінде анықталады. Осы тұрғыдан жер бетінің кез келген бір бөлігін, аумағын, олардың алып жатқан ауданына қарамастан, аймақ деп қарастыруға болады.

Дүниежұзін аймақтарға аудандастырудың қажеттілігі мына себептермен түсіндіріледі:

## Бүгінгі сабакта:

- дүниежұзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер көлтіру арқылы түсіндіруді үрненесіңдер.

## Глоссарий:

- **Аймақ** – басқа аумақтардан бірқатар белгілері бойынша айырмашылық жасайтын және оны құрайтын элементтер біртұтастырымен, өзара байланысуымен сипатталатын үлкен аумақ.

- ғылыми зерттеулерде дүниежүзін аймақтарға жіктеу олардың ерекшеліктерін танып білуге көмектеседі;
- халықаралық салыстыруларды аймақтар негізінде жүргізу қолайлы болады;
- күнделікті өмірде дүниежүзі аймақтарының ерекшеліктерін, құрамын, географиялық орнын білу адамның дүниетанымын көңітеді.

Аймақ аймақтану ғылымының зерттеу нысаны болып табылады. XIX ғасырда Ф.Ратцель ғылымға «мәдени зоналар», «өмір сүру кеңістігі» үғымдарын енгізді. Галымның бұл идеялары Жер шарында табиғат жағдайлары түрліше аймақтардың өзіндік тарихи-мәдени бейнесі қалыптасатыны туралы Ілімге негіз болды.

Қазіргі заманғы аймақтану парадигмасын американдық географ Ричард Хартшорн негіздеген. Географияның басты мақсаты жекелеген аумақтардың ерекшеліктерін танып білу деп үғынған ғалым жер бетінің аумақтық жіктелуіне басты назар аударған.

Американдық экономист Уолтер Айзард жетекшілік еткен ғалымдар тобы аймақтану ғылымының дамуына негіз салған болатын. Осыған дейін географияның сипаттаушы ғылым ретіндегі маңызы бірінші орынға қойылса, XX ғасырдың екінші жартысында географиядағы «сандық революция» нәтижесінде талдамалық зерттеулер басым бола бастады. Географиядағы кеңістіктік талдаудың ғылыми мектебін қалыптастырған ғалымдар арасында У.Айзардтың аймақтық дамуға қатысты идеялары жоғары бағаланды. Ғалым экономикалық аймақтарды қоршаған ортамен байланыстыру өрекетін жасап, аймақтық талдауды әлеуметтік және экологиялық жүйелермен үштастыра жүргізді.

Пайда болған кезден бастап кешенді сипат алған аймақтану саласы өртүрлі ғылым салаларындағы (география, экономика, әлеуметтану) жетістіктер негізінде тиімді аймақтық талдама жасауға мүмкіндік берді.



### *Қалай аймақтануши бола аласын?*

Өлемнің көптеген университеттерінде, соның ішінде Қазақстанда «Аймақтану» мамандығы бойынша білім алуға болады. Аймақтанушиның көсібі іс-өрекеті дүниежүзінің аймақтарын кешенді түрде танып білуге бағытталған. Аймақтанушылар өзі маманданған аймақтар бойынша мемлекеттік үйімдарда, ғылыми және білім беру мекемелерінде зерттеуші, сарашы және кеңесші қызметін атқара алады.

Қазіргі ғылымдар түрғысында «аймақ» үғымын белгілі бір жүйе ретінде түсіну басым болып отыр. Жүйе ретінде аймақ мынадай негізгі белгілерімен сипатталады (62-сызбанұсқа).

**Аймақтарды жіктеу қағидаттары мен сызбалары.** Аймақтарды жіктеуде алуан түрлі критерийлер мен белгілер жүйесі қолданылады. Сол себепті ғылыми әдебиеттерде аймақтардың ондаған категориялары ажыратылады. Бұл қағидаттарды аймақтандыру қағидаттары

**Аймақтың жүйе ретіндегі негізгі белгілері**

Аймақ қоршаған ортамен өзара байланыста болады

Аймақтың жүйе ретінде ішкі ерекшеліктері қалыптасады

Аймақ біргұтастырымен, яғни ішкі бірлігімен сипатталады

Аймақ — құрамбөліктердің жай ғана жиынтығы емес, өзара байланыстардың нетижесі

Аймақта белгілі бір тұрақтылықты қамтамасыз ететін, жүйенің негізгі көрсеткіштері сақталатын тепе-тендік болады

Аймақ кешенді сипатта болады

деп атайды. Аймақтарға жіктеу қағидаттарын өмбебап, өркениеттік, мәдени-тарихи, геотарихи, саяси-географиялық және т.б. деп бөлуге болады.

Жалпы алғанда, дүниежүзін аймақтарға жіктеуде сәйкесіздіктер байқалады. Мысалы, АҚШ-тың географиялық мектебінде орын алған «өмбебап жіктеу» аталған жіктеме бойынша дүниежүзі 20 аймаққа белінген, ал геотарихи жіктеу 13 аймақты қамтиды (28-кесте).

28-кесте

**Дүниежүзін аймақтарға жіктеу үлгілерін салыстыру**

Дүние бөліктепі	Дүние бөліктепінің аймақтарға жіктелуі				
	АҚШ географиялық мектебі (өмбебап жіктеу)	ММУ географтары (өркениеттік жіктеу)	Ю.Н.Гладкий (мәдени-тарихи жіктеу)	Ресей География институты (геотарихи жіктеу)	
1	2	3	4	5	
Еуропа	1. Батыс Еуропа 2. Солтүстік Еуропа 3. Оңтүстік Еуропа 4. Шығыс Еуропа 5. Британ аралдары	1. Батыс Еуропа 2. Орталық-Шығыс Еуропа  3. Ресей-Еуразиялық	1. Батыс Еуропа  2. Посткенес-тік аймақ	1.Батыс Еуропа 2. Шығыс Еуропа  3. Ресей 4. Алдыңғы Азия және Балқан	

1	2	3	4	5
Азия	Таяу Шығыс Орта Азия Оңтүстік Азия Шығыс Азия Оңтүстік-Шығыс Азия Жапония	4. Оңтүстік Азия 5. Оңтүстік- Шығыс Азия 6. Шығыс Азия	3. Шығыс Азия 4. Оңтүстік Азия 5. Оңтүстік- Шығыс Азия	5.Оңтүстік Азия 6. Үндіқытай және аралдық Азия 7. Шығыс Азия 8. Орталық Азия
Африка	Сахаралық Аф- рика Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка	7. Орта Шығыс пен Солтүстік Африка	6. Оңтүстік- Батыс Азия және Солтүстік Африка	9. Таяу Шығыс және Солтүстік Африка
		8. Сахарадан оңтүстікке қарайғы Аф- рика	7. Сахарадан оңтүстікке қарайғы Аф- рика	10. Сахарадан оңтүстікке қарайғы Аф- рика
Америка	Солтүстік Аме- рика Орталық Аме- рика Оңтүстік Аме- рика	9. Солтүстік Америка 10. Латын Америкасы	8.Ағылшын- саксондық Америка 9.Латын Аме- рикасы	11. Ағылшын- саксондық Америка 12. Латын Америкасы
Басқа аймақтар	Ресей Австралия және Жаңа Зеландия Тынықмұхиттық аймағы Полюстер	11. Австралия	10. Австра- лия және Мұхиттық аралдар	13. Австра- лия және Мұхиттық аралдар

Әрбір аймақ өзіндік географиялық сипатта ие, бұл табиғат жағдайларының алуантүрлілігімен ғана емес, тарихи даму кезеңдерімен де, халық пен шаруашылықтың орналасу ерекшеліктерімен де түсінілдіріледі.

Тарихи кезеңдердегі өзіндік даму жолдары бар тарихи-мәдени аймақтардың шекаралары өркениеттер қалыптасуының ежелгі салынуда анықталған және физикалық-географиялық аймақтар шекараларына сейкес келеді. Табиғат жағдайлары салыстырмалы түрде біртекті болатын осы аймақтарда этностардың заттық және рухани мәдениеті, рухани құндылықтарының жүйесі, үлттық сипаты қалыптасқан. Халықтардың көші-қонына, дін мен философиялық ілімдердің таралуына, аумақтың шаруашылық игерілуіне немесе отар-

лануына қарамастан, мәдени аймақтардың бастапқы шекаралары онша езгермеген күйінде сақталған.

Аймақ – дүниежүзлік шаруашылықтағы ең ірі аумақтық түзілім, ол бір аумақта орналасқан, ортақ белгілері бойынша біріктірілген елдер тобынан тұрады. Дүниежүзі аймақтарына сипаттама беруде олардың «экономикалық қеңістігін», яғни шаруашылық байланыстарының аумақтық жиынтығын талдаудың маңызы зор. Әрбір аймақтың қазіргі өлемдегі орнын оның табиғи-ресурстық және еңбек өлеуеті, шаруашылығының ауқымы, мамандануы мен даму деңгейі, сондай-ақ оның дүниежүзлік шаруашылық қатынастарындағы орны анықтап береді. Дүниежүзлік шаруашылық құрамында жеті негізгі немесе басты аймақтар жіктеледі: Солтүстік Америка, Латын Америкасы, Африка, Австралия және Мұхиттық аралдар, Төңөлсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Шетелдік (ТМД елдері тұрғысында) Еуропа мен Азия.

БҮҰ ұсынған аудандастыру бойынша, бүкіл өлем 7 геотарихи аймақта бөлінеді: Еуропалық, Араб-мұсылман, Үнділік, Қыыр Шығыстық, тропиктік-африкалық, солтүстік американалық, латын американалық. Жер шарын тарихи-мәдени аудандастыру негізінен мәдени, шаруашылық дәстүрлер алынады. Осыған сәйкес, қазіргі кезде 14 тарихи-мәдени провинциялар ажыратылады: батыс еуропалық, шығыс еуропалық, шығыс азиялық, оңтүстік-шығыс азиялық, оңтүстік-батыс азиялық, орта азиялық-қазақстандық, орталық азиялық, кавказдық, сібірлік, солтүстік африкалық, тропиктік африкалық, солтүстік американалық, латын американалық, мұхиттық. Провинциялар, өз кезегінде, облыстарға, ал олар аудандарға жіктеледі.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Дүниежүзін аймақтарға аудандастырудың география ғылымы үшін маңызы қандай?
  2. Құнделікті өмірде адамдар үшін ірі аймақтардың аттарын білу не үшін керек?
  3. 10-сыныптағы алған білімдеріңе сүйене отырып, аймақтарды жіктеудің саяси-географиялық және мәдени-тарихи қагидаттарын талдаңдар.
-  1. 63-сызбанұсқаны талдау негізінде өздерің таңдал алған дүниежүзі аймағының (Азия, Америка, Африка) жүйе ретіндегі ерекшеліктеріне мысалдар келтіріңдер. Жауаптарыңды төмендегі кестеге жазындар.

	Көрсеткіштер	Аймақтың жүйе ретіндегі сипаттамасы
	1	2
1	Аймақ қоршаған ортамен өзара байланыста болады	Азияның табигатына оны қоршап жатқан мұхиттар ықпал етеді. Азия халқының орналасуы мен құрамына табиғи, тарихи, саяси, экономикалық және т.б. факторлар ықпал еткен

	1	2
2	Аймақта ішкі ерекшеліктер қалыптасады	
3	Аймақ біртұастығымен, яғни ішкі бірлігімен сипатталады	
4	Аймақ – құрамбөліктердің жайғана жиынтығы емес, өзара байланыстардың нәтижесі	
5	Аймақта белгілі бір тұрақтылықты қамтамасыз ететін, жүйенің негізгі көрсеткіштері сақталатын тепе-тәндік болады	
6	Аймақ кешенді сипатта болады	

2. Кестедегі өздерің таңдаң алған аймақтарға жіктеу үлгісін талдау негізінде басты ерекшеліктерін анықтандар. Жауаптарыңды төменде берілген кесте үлгісінде жазыңдар.

**Мәдени-тарихи жіктеу негізінде анықталған  
аймақтардың басты ерекшеліктері**

	Аймақ атауы	Басты ерекшелігі
1	Батыс Еуропа	Бұл аймақ – қазіргі заманғы батыс өркениетінің қалыптасқан аумағы
2	Посткөнестік аймақ	Бұл аймақта бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған, кейіннен төуелсіздігін алған, өтпелі экономика тән мемлекеттер орналасқан
*	***	***

**23-сараландық жұмыс.**

**Жаһандану жағдайында тарихи-мәдени аймақтардың  
өзгеруін болжау**

**Мақсаты** – жаһандану жағдайында тарихи-мәдени аймақтардың өзгеруін зерттеу арқылы болжауды үйрену.

**Керекті құрал-жабдықтар:** дүниежүзінің саяси картасы, халықтығыздығының картасы, БҮҰ шығарған «World Population Prospects 2019» анықтамалығының электрондық нұсқасы.

**Тапсырмалар**

1. Таңдал алынған тарихи-мәдени аймақтың құрамын, елдердің мемлекеттік құрылымын, халық санын, демографиялық көрсеткіштерін, ұлттық құрамы туралы деректерді жинақтаңдар.
2. Анықтамалықтың деректерін пайдаланып, аймақтың халқына қатысты болжамдық материалдарды талдаң, өзгерістерді (халқының азайып немесе көбейіп бара жатқаны және т.б.) зерттеңдер.
3. Қосымша материалдар негізінде аймаққа жаһандану қалай ықпал ететінін анықтаңдар.
4. Жоба нәтижелеріне шығармашылық түрде таныстырылым жасандар.

**Әдістемелік нұсқаулық**

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа арналған. 1-сабакта мұғалімнің көмегімен тапсырмалар орындалады. 2-сабакта жұмыстың нәтижелері қорытындыланып, сыныпта таныстырылым өткізіледі.

Жобаны орындау үшін сынып оқушылары өз еріктерімен 4–5 оқушыдан тұратын топтарға бөлінеді. Өр топ мына аймақтардың бірін таңдал алады: Еуропа мен Солтүстік Америка, Араб-мұсылман әлемі (Солтүстік Африка мен Батыс Азия, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия, Тропикалық (Сахарадан оңтүстікке қарайғы) Африка, Австралия, Мұхиттың аралдар, Латын Америкасы мен Кариб алабы.

Келесі кезеңде ұсынылған құрал-жабдықтарды пайдаланып, таңдал алынған тарихи-мәдени аймаққа қандай елдер енетінін, бұл елдердің мемлекеттік құрылымын, 2019 жылдың басындағы халық санын, туу мен өлім көрсеткіштерін, ұлттық құрамы, халықтығыздығы туралы деректерді жинақтау қажет.

Ұсынылған анықтамалықтың деректері негізінде аймақ халқының болжамдық өзгерістерін талдаңдар. Бұл анықтамалықта аймақтың демографиялық көрсеткіштерінің 2050, 2100 жылдарға арналған болжамы берілген.

Келесі кезеңде қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, аймаққа жаһандану қалай ықпал етіп жатқанын талдаңдар. Мысалы, жаһанданудың аймақ экономикасына, білім саласына, адамдардың өмір салтына ықпалы туралы жасауға тырысу қажет.

Жобаның нәтижелеріне шығармашылық түрде таныстырылым жасау қажет. Яғни, таныстырылымда өртүрлі кестелер, диаграммалар, инфографика мен модельдерді пайдаланған дұрыс.

## Дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстанның орны


### § 53. Фарыштық түсірлімнен Қазақстанның жерсеріктен түсірілген картасына дейін

**Фарыштан түсірілген суреттер.** Бұгінгі күні жерсеріктік түсірлім технологиялары дамығандығы сондай, жерсеріктік түсірлімдердің көмегімен ғаламшардың кез келген бұрышын көруге, зерттеуге мүмкіндік бар. Ғаламшарымыздың қандай ғажайып көркем екендігін Халықаралық фарыш стансының (XFC) камерасымен онлайн арқылы көруге болады.

Жер бетіне және Қазақстан аумағына біртінде жақындана отырып, альыс фарыштан алынған Жердің таңғажайып фотосуреттерін қарастырайық. «Күн жүйесінің портреттері» сериясында 6 млрд км-ден астам қашықтықтан «Вояд Жер-1» (Автоматты ғаламшарараптың стансы) түсірген Жердің бірегей суреттерінің бірі бар (54-сурет).



Карл Эдвард Саган (1934–1996) – американцы астроном, астрофизик ғалым. Карл Саганиң ұсынысы бойынша 1990 жылдың 14 ақпанында NASA «Вояд Жер-1» аппаратының көмегімен Жердің суретін түсірді. Бұл сурет «Бозарған кегілдір нүкте» деген атауға ие болды.



54-сурет. 6 млрд км қашықтықтағы Жер ғаламшары 1990 жылы 14 ақпан күні автоматты зонд «Вояд Жер» түсірген

«Бұл нүктеге тағы бір рет қараңызшы», – деді К.Саган, бұл ғаламшар – Жер. Ол біздің ортақ үйіміз. Сен бір кездері естіген, білетін, көрген адамдар, осы күнге дейін өмір сүрген адамдар осы нүктенің

#### Бұгінгі сабакта:

- жерсеріктен түсірілген суреттердің мүмкіндіктерін білесіндер;
- Жер ғаламшарының әртүрлі қашықтықтар мен нүктелерден түсірілген суретін көресіндер;
- онлайн карталармен жұмыс істеуді үйренесіндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ Фарыштық түсірлім
- ✓ Жерсеріктік түсірлімі
- ✓ дүниежүзінің Жерсеріктік онлайн картасы

ішінде тұршылқ етті. Біздің ғаламшарымыз – айналасын ғарыштық қарандылық түмшалаған жалғыз жүрген шаңың түйіршігі».

Марстан қарағанда Жер тұнгі аспандағы кезекті «жұлдыз» сияқты көрінеді. Марсқа қонғаннан кейін шамамен екі ай өткен соң, «марсоход Spirit» кішкентай нүкте сияқты көрінетін Жердің суретін жасады. НАСА мәліметтері бойынша, бұл – «Айдың шегінен тыс басқа ғаламшардың бетінен жасалған Жердің алғашқы суреті». 2004 жылы 9 наурыз күні марсоходтың Spirit Mars Exploration Rover бағдарламасы арқылы туғырлғен.

Бұл – 2015 жылы 12 қазан күні Lunar Reconnaissance Orbiter (LRO, Ай орбиталды зонасы), «Аполлон-8» ғарышкемесінен туғырлғен атақты «Жердің шығуы» суреті (55-сурет).



55-сурет. «Жердің шығуы»

«Goddard» ғарыштық ұшулар орталығында бүгінгі таңдағы Жердің ең үздік жоғары сапалы суреттерінің бірі жарияланды (56-сурет).



56-сурет. Жерсеріктен туғырлғен Жердің суреті

Еуразияның әдемі суреті «Канопус-В» Жер серігінен туғырлғен болатын. NASA-ның аэроғарыш және ғарыш кеңістігін зерттеу жөніндегі Үлттық басқармасы Қазақстанға, Орталық Азия мен Қазақстанның ғарыштан туғырлғен бірқатар суреттерін сыйға тартты (57-сурет). Бұл

суретте Қазақстан көлдерінің бейнесі мен аумақтық жер бедерінің ерекшеліктері айқын көрінеді.



**57-сурет.** Фарыштан түсірілген Қазақстан және  
Орталық Азияның көрінісі

**Жерсеріктен түсірілген дүниежүзінің картасы.** Заманауи технологиялар ең жоғары сапамен өлемнің жерсеріктік онлайн картасын жасады. Мұндай карталардың көмегімен ғаламшардың кез келген нүктесін табуға болады. Ол Қазақстан аумағы бойынша накты бағдар алуға, өз үйінді немесе көшенді көруге, кез келген аумақтың ауданын есептеуге, екі нүкте арасындағы маршрутты өлшеуге немесе сыйзуға және т.б. мүмкіндік береді. Жақындау арқылы өлемнің жерсерік картасы көшелерді, жекелеген үйлерді және көрікті жерді егжей-тегжейлі зерттеуге қолжетімді. Жерсеріктен өлем картасы өдеттегі карта режіміне оңай ауысады. Жерсеріктік карта – виртуалды саяхатшының таптырмас құралының бірі.

#### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Осы тақырыптың басты идеясын анықтандар.
2. «Қазақстан Farыш Сапары «ҮК» АҚ-ның қандай геоенімдерін нысандардың физикалық-географиялық орналасуын сипаттау үшін пайдалануға болады?
3. Қазақстанның қандай университеттерінде Farыштың суреттермен жұмыс істеу саласында білім алуға болады?

#### § 54. Мемлекеттердің географиялық жағдайы: мүмкіндіктер мен қатерлер

Географиялық жағдай үғымы бүкіл географиялық ғылымдар жүйесі үшін маңызды болып есептелінеді. Нысанның орналасқан жерін анықтау оны карта бойынша табуға және сипаттауға ғана емес, сонымен қатар осы нысанның жеке қасиеттерін түсіндіруге және оның географиялық жағдайына байланысты дамуын болжауға мүмкіндік береді.

#### Бұғынғі сабакта:

- географиялық жағдайдың түрлерін білесіндер;
- географиялық жағдайдың қасиеттерін түсінесіндер;
- географиялық жағдайды бағалауды үйренесіндер.



Географиялық жағдайды сипаттаудың классикалық жоспарын эконом-географ Н.Н.Баранский ұсынды. Ол: «Географиялық жағдайы үлкен әдістемелік мәнге ие кез келген ареалдың алатын орны (мемлекет, облыс, қала және т.б.), географиялық еңбек бөлінісі жүйесінде едеуір дөрежеде географиялық жағдаймен анықталады», – деді.

Іс жүзінде географиялық жағдайды сипаттаудың бірнеше түрі бар (63-сызбанұсқа). Олардың әрқайсысы өз рөлін анықтай отырып, мемлекеттің жай-күйі мен дамуының жекелеген аспекттеріне елеулі өсер етеді.

63-сызбанұсқа

### Географиялық жағдайдың түрлері



Казақстанның ерекшеліктерін басым түрде айқындайтын географиялық жағдайды атандар: табигат жағдайының ерекшелігі, ресурстардың болуы, интеграциясы, экономиканың дамуы, геоэкологиясы. Оларға мысалдар келтіріндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ географиялық жағдай
- ✓ географиялық жағдайдың тарихи өзгеріштігі
- ✓ географиялық жағдайының өлеуеті
- ✓ географиялық жағдайына байланысты қарым-қатынас

Географиялық жағдай нысанның ерекшелігін көрсететін фактор болып есептелінеді, сол арқылы географиялық нысанның көптеген қасиеттерін анықтайты, тарихи түрғыдан алатын болсақ, уақыт өте келе оның географиялық жағдайы өзгеруі мүмкін, өлеуеті анықталады, сондықтан да нысанның тек қана географиялық жағдайын білу жеткіліксіз, ол аумактың конфигурациясы шекараларымен де тығыз байланысты (29-кесте).

29-кесте

#### ӘГЖ қасиеті

Экономикалық-географиялық жағдайдың қасиеттері			
Даралығы	Тарихи өзгеріштігі	Өлеуеті	Географиялық жағдайына байланысты қарым-қатынас
Бірдей ӘГЖ болмайды. Әр-бір ӘГЖ қайталаңбайды және бірегей.	Экономикалық-географиялық, тарихи, өлеуметтік-экономикалық жағдайлар өзгереді.	Экономикалық-географиялық жағдайдың тиімділігі өрдайым іске асырыла бермейді	Тиімділік, тілектестік, бейтараптылық, қауіптілік.

Географиялық жағдай барлық уақытта елдің дамуын айқындаушы фактор болып есептеліне бермейді. Ол экономиканың қарқынды дамуына немесе баяу дамуына өсер етуі мүмкін.



Елдің немесе аймақтың экономикалық-географиялық жағдайының өрдайым тиімді болмайтынына мысалдар келтіріндер. Бұған не кедергі болуы мүмкін?

Аумақты қамтуы бойынша ЭГЖ-нің үш деңгейі ерекшеленеді: макро-жағдай, мезожағдай, микрожағдай (64-сызбанұсқа).

64-сызбанұсқа

### Аумақты қамту бойынша ЭГЖ деңгейлері

#### Макрожағдай (Макроденгей)

Жаһандық орналасуы. Материктерге, мұхиттарға, әлемдік сауда жолдарына және т.б. қатысты өлем картасындағы елдің орналасу жағдайы.

#### Мезожағдай (Мезоденгей)

Дүние балқтеріне және материкке байланысты орналасуы. Дүниежүзі аймақтарына, мемлекеттер тобына, ірі табиғи нысандарға байланысты орналасу жағдайы.

#### Микрожағдай (Микроденгей)

Жергілікті жағдайы Айналасына қатысты жағдай; көршілес елдерге, физикалық-географиялық нысандарға және т.б.



65-сызбанұсқаға назар аударындар. ЭГЖ деңгейінің қайсысы Қазақстанның қазіргі экономикасының дамуына елеулі өсер етеді?



Географиялық жағдай – мемлекетті сипаттау жоспарындағы бірінші тармагы. Елдің географиялық жағдайын сипаттау мемлекеттің орналасқан жеріне байланысты (материк, дүние білігі) болуы керек. Белгілі бір географиялық жағдайдың сипаттамасын таңдау қолданбалы және теориялық, аспектілермен, міндеттермен анықталады. Елтану бағытында мемлекеттердің физикалық-географиялық, тарихи-географиялық және геосаяси аймақтардағы және зерттеулердегі жағдайын анықтау маңызды.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- Панама мемлекеті туралы айтқанда Панама каналы деп ойлап қалады, неге? Гибралтар бұғазы туралы өңгіме болғанда қандай ассоциациялар естерінде түседі?
- Африка құрлығының бірқатар елдері айтарлықтай табиғи ресурстарға ие және Дүниежүзілік мұхит суларына шыға алады. Алайда экономикалық даму деңгейі олардың өлеуеттік мүмкіндіктеріне сойкес келмейді. Бұл немен байланысты?
- Қазақстан Республикасы аса ірі елдің бірі болғанымен, Дүниежүзілік мұхиттар мен теңіздерге тікелей шыға алмайды. Бұл кемшілікті қалай оңтайландыруда?
- Қазақстанның теңізге және Дүниежүзілік мұхитқа шыға алмайтын елдер арасындағы саясатымен танысындар. Саясаттың басты идеяларын атаңдар.

**24-сараландық жұмыс.**  
**Жерсеріктік онлайн картада Қазақстанның географиялық орнын анықтау**

**Мақсаты** – Қазақстанның өлем кеңістігіндегі орнын анықтауды үйрену.

**Онлайн картаның мүмкіндіктері.** Өлем онлайн картасы – көптеген тарыш түсірілмдерін бір суретке жинақтаған жерсеріктен түсірілген фотосурет.

Ең ұзақ арақашықтықтан түсіргенде аумақтың макроденгейде, мезоденгейде және микроденгейде орналасуы көрінеді. Жақын арақашықтықтан түсіргенде өлемнің жерсеріктік картасы Жер бедерінің, жерусті суларының егжей-тегжейлі ерекшеліктерін, көшелерді, жеке үйлер мен құрылыштарды және т.б. зерттеуге мүмкіндік береді.

**Карта бойынша нүктелердің географиялық координаталарын анықтау.** Бұл қосымша Жердегі географиялық координаталарды карталармен анықтауға арналған. Бағдарлама таңдалған нүктедегі бойлық пен ендікті анықтайды. Картада енгізілген іздеу жолында автожаңа бар, сондықтан ұсынылған тізімнен қажетті мекенжайлар таңдау керек.

Географиялық координаталар мен жергілікті жердің мекенжайы картадағы нысанды басу (тұрту) арқылы анықталады. Картада тұрткеннен кейін таңдалған жердің бойлық, және ендік нүктесінің координаталары шығады. Ол мынадай форматта ұсынылады: ондық градус, градус, минут, секунд және ондық минут. Қарастырылған басқару панелін және тінтуірді пайдалану арқылы карта ішінде жылжындар.

**1-тапсырма.** Өлемнің жерсеріктік онлайн картасын қарастырындар. Картадан Қазақстан аумағын табындар.

**2-тапсырма.** Қазақстанның макро және аралық географиялық орнын сипаттаңдар. Картадан республиканың шеткі нүктелерінің координаталарын табындар. Координаталарды реңми деректермен салыстырындар. Шеткі нүктелерден мұхитқа дейінгі қашықтықты есептендер.

**3-тапсырма.** Облыстың немесе қаланың орналасқан жерін сипаттаңдар.

**4-тапсырма.** Өздерің тұратын қалаларың мен облыс орталығының координаталарын анықтаңдар. Облыс орталығынан немесе қаладан мұхитқа дейінгі қашықтықты табындар.

**5-тапсырма.** Карта бойынша сендер тұратын облыс орталығынан немесе өздерің тұратын қаладан Қазақстанның шеткі нүктелеріне және Нұр-Сұлтан қаласына дейінгі қашықтықты анықтаңдар.

**6-тапсырма.** Қазақстанның физикалық-географиялық жағдайы туралы жалпы қорытынды жасаңдар.

**7-тапсырма.** Кестені дәптерге сыйып толтырындар.

Қазақстанның географиялық орны				
Қазақстанның географиялық орны	Шеткі нүктелерінің координаталары	Дүние жүзілік мұхиттарға дейінгі арақашықтығы, км	Географиялық орнын бағалау	
			Қолайлы жағы	Қолайсыз жағы
Макрogeографиялық орны: Мезогеографиялық орны: Облыстың немесе қаланың микрogeографиялық орны:				

**8-тапсырма.** Өздерің тұратын жердің координаталары мен теңіз деңгейінен биіктігін анықтаңдар. (Бағдарлама тек орнатылған GPS модулі бар құрылғыларда дұрыс жұмыс істейді.)

## § 55. Азия жүргегінде Ұлы Дала елі

### Бұғынгі сабакта:

- Орта Азия терминінің хронологиясын білесіндер;
- Қазақстан Республикасының тарихи-географиялық, саяси-географиялық аймақтарда орналасуын анықтауды үйренесіндер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ Орта Азия
- ✓ Орталық Азия
- ✓ геосаяси көршілестік

**Қазақстанның физикалық-географиялық сипаттамасы.** Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығының орталығында, мұхиттардан біркелкі қашықтықта орналасқан (Солтүстік Мұзды мұхиты – 1400 км, Үнді мұхиты – 1800 км, Атлант мұхиты – 3000 км (Кара теңіз – 750 км), Тынық мұхиты – 2800 км).

Климаттық-ландшафттық жағдайы қоныржай белдеудің орта және оңтүстік ендіктерінде орналасқан, солтүстіктен оңтүстікке қарай орманды дала, дала, шелейт, шөл зоналарына ауысып отырады.

Республика солтүстік және шығыс жартышарда орналасқан. Қазақстан аумағының 19,65%-ы – Еуропада, 81,35%-ы – Азияда.

78-меридиан мен 50-параллельдің қиылсында Еуразияның географиялық орталығы, ал  $48^{\circ}11'$  с.е. және  $66^{\circ}22'$  ш.б. қиылсында Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 100 км жерде, Ұлытау жотасында Қазақстанның географиялық орталығы орналасқан.

Республика аумағы батыстан – Еділ өзенінің төменгі ағысынан (Каспий маңы ойпатында (өзен алқабынан 65 км)), шығысқа қарай – Алтай тауларына дейін 3000 км; солтүстіктен оңтүстікке қарай – Батыс Сібір жазығының оңтүстігінен Қызылқұм шөліне дейін 1650 километрге созылады. Табиғи аймақтарға (елдер мен облыстарға) қатысты Қазақстан аумағы Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік-шығысында (Жалпы Сырт, Каспий маңы ойпаты, Жем үстірті), Мұғалжар, Батыс Сібір жазығының оңтүстігі (Солтүстік қазақ жазығы), Алтай, Сауыр, Тарбағатай, Жетісу Алатауы, Тянь-Шань, Тұран жазығы, Сарыарқада орналасқан.

Республиканың шеткі солтүстік нүктесі  $55^{\circ}26'$  с.е. Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Сүмнөе елді мекені ауданында орналасқан (Британ аралдарының оңтүстігіне және Шығыс Еуропа жазығының орталық бөлігіне сәйкес келеді); оңтүстік нүктесі –  $40^{\circ}56'$  с.е. Туркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Т.Жайлышбаев елді мекенінің ауданы (Оңтүстік Еуропа мен Қавказ Жерорта теңізі елдерінің ендіктеріне сәйкес келеді); батыс нүктесі –  $46^{\circ}24'$  ш.б. Батыс – Батыс Қазақстан облысы, Бекейорда ауданы, Шоңай елді мекенінде (Ресейдің Эльтон және Басқұншақ көлдері маңында); шығыс нүктесі –  $87^{\circ}20'$ . Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы (Бұқтырма өзенінің жоғарғы жағы).

Ауданы 2724,9 мың км<sup>2</sup>-ге тең. Қазақстан жер құрлығының 2%-ын, ТМД аумағының 12,1%-ын, Азияның 6,1%-ын алғып жатыр. Ауданы

бойынша Қазақстан өлемде 9-орында, Еуразияда 4-орында (Ресей, Қытай, Үндістаннан кейін), Азияда 3-орында (Қытай және Үндістаннан кейін, Ресей есептелмеген жағдайда), ТМД-да 2-орында.

Шекарасының жалпы ұзындығы шамамен 15 мың км: құрлық — 12 мың км; су (Арал және Қаспий теңізі бойынша) — 3 мың км. Қазақстанның мемлекеттік шекарасы көптеген табиғи нысандарды кесіп өтеді.

**Орта Азиядан Орталық Азияға дейін.** Оның құрамы туралы түрлі анықтамалар бар. Орта Азия аумағы көшпелі халықтармен, қолөнермен, егіншіллікпен және Ұлы Жібек жолымен тарихи түркіздін жақын болды. Орта Азия түрлі өркениеттер тоғысында орналасты. Орта Азия арқылы өткен Жібек жолы бағыты мұсылман елдерін Еуропа, Үндістан және Қытай саудагерлерімен байланыстырылды.

Орта Азия ұғымын 1843 неміс географы Александр фон Гумбольдт өлемнің жеке аймағы ретінде енгізді.

1924–1925 жылдары мемлекеттер арасындағы шекара анықталғанша Орта Азия аумағы Түркістан деген атау алыш, кейін саяси себептермен Орта Азия деген атаумен ауыстырылды. Шетелдік географиялық әдебиетте Орта Азия мен Орталық Азия ұғымдары өртүрлі түсіндіріліп келді.

ЮНЕСКО-ның анықтауына сәйкес, КСРО ыдырауы алдында Орта Азия аумағы климатының ерекшелігіне байланысты жеке аймақ ретінде анықталды. Орта Азияға Монголия, Тибет, Солтүстік-Шығыс Иран (Гулстан, Солтүстік Қорасан және Разви облыстары), Ресейдің Азиялық оңтүстігі, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістанның солтүстік бөлігі және бұрынғы Азия кеңестік республикалары енгізілді.

Ұзак уақыт бойы анықтама бұрынғы Кеңес Одағы үшін ресми болды, ол Орта Азияны тек Өзбек КСР-1, Түркімен КСР-1, Тәжік КСР-1 және Қыргыз КСР-1нен тұрады деп анықтады. Бұл анықтама осы кезеңде КСРО-дан тыс мемлекеттерде де жиі қолданылған.

КСРО-ның экономикалық аудандастыру жүйесінде бұл аумақ орта азиялық және қазақстандық экономикалық аудан ретінде белгілі болды. Сол арқылы Қазақстан мен Орта Азия сияқты ірі экономикалық аудандар пайда болды. Төуелсіздік алғаннан кейін бұрынғы бес кеңестік Азия республикаларының көшбасшылары Ташкентте кездесіп, Орта Азияны анықтау Қазақстанды да қамтуы тиіс деп шешті. Содан бері бұл Орта Азияның ең көп таралған анықтамасы болды.

Қазіргі уақытта Орталық Азия – өлемнің маңызды аймағы, үлкен экономикалық өлеуеті мен интеграциялық үдерістері бар аймақ ретінде танылуда (58-сурет).

Физикалық-географиялық аспектіде ішінара осы аймақта Монголия және Қытайдың қыыр батысы, Ресейдің Поволжье, Орал мен Сібір,



58-сурет. Орталық Азия

Пәкістанның шеткі солтүстік бөлігі, сондай-ақ Иранның шеткі солтүстік-шығыс бөлігі кіреді.

**Ұлы Дағы идеясы.** Геосаяси аспектілер Л.Н.Гумилев және басқа ғалымдардың еңбектерінде жақсы көрсетілген. А.Тойнби, Л.Гумилев сияқты ірі ғалымдар өз еңбектерінде өркениеттің қалыптасу кезеңіндегі тарихи үдерістерге, табиғи факторларға елеулі көңіл бөлді. Егер А.Тойнбиде бұл табиғатты «шақыру» және қоғамның «жауаптары» түжірымдамасы болса, онда Л.Гумилев географиялық детерминизм туралы сез қозғап, «шаруашылық тәсілдері арқылы этностың ландшафттармен байланысы даусыз» дейді.

Оз елінің қуандылығына, қатаңдығы мен табиғатының сыйнылдығына қарамастан, қазақтар осы күтпеген табиғаттың құпияларын игеру арқылы қындықтардан шығу жолдарын тапты. Халық өмірінің осындай сөттерінің бірі туралы «Абай жолы» романында жазушы М.О.Өуезов баяндайды.

Ұлы зерттеуші Лев Николаевич Гумилев былай деп жазды: «Егер Еуразия континентінің қақ ортасында орналасқан Ұлы Дағы туралы айтатын болсақ, ол мыңжылдықтар бойы Тауы Шығыс, Үндістан, Қытай, Еуропа өркениеттері арасындағы мәдени көпір болды. Бірақ Ұлы Дағаның өзі де іргелі идеяларды қалыптастырып, материалдық мәдениет пен адам қоныстарының түрлерін жетілдірді. Жаңа этнос ландшафт тоғысында пайда болады. Дағы, жазықтық ландшафт және Таулы Алтай, Тарбағатай, Тянь-Шань тоғысында қазақ этносы пайда болып, одан кейін Еуразияның кең, шекіз даласынан Еділге дейін тарады. Қазақтар этнос ретінде табиғи бай және жайлы елден шыққан».

Ұлы Дала жерінде орналасқан VI ғасырдағы Түрік қағанатының шекарасы Батыста Византиямен, оңтүстікте Персиямен, тіпті Үндістанмен, ал шығысында Қытаймен шектесті. Л.Гумилев: «Өмір сүрудің әртүрлі шарттары көшпендейлерді бейімделудің көптеген формаларын таңдауға мәжбүр етті, бұл Ұлы Даланың түрлі халықтарының белгілі ерекшеліктерін анықтады», – деп жазды. Еуразиялық кеңістікте Днепрден Алтайға және Қытай шекарасына дейін көшпелі тайпалар өмір сүрген кезден бастап тарихи өмір үздіксіз қозғалыспен, этнотайпалардың және мемлекеттік құрылымдардың бірнеше рет аудисуымен сипатталды.

Табиғат және қоғам эволюциясының заңдарын түсіну, күрделі және қыын болжанатын болашакта оңтайлы жол таңдауға мүмкіндік береді. Этникалық тұрғыдан әлемтануға этностың қандай білімдер мен технологияларды ата-бабаларынан және көршілерінен алатыны, қауіпті табиғи құбылыстарды басқарудағы сынақтар мен жіберілген қателіктерден қаншалықты тәжірибе жинақтай алатынына байланысты. Тарихи, этномәдени деректер қазақтардың дәстүрлі көшпелі шаруашылығының қызмет етуі мысалында көшпелі этностардың гомеостаттық қызмет ету жағдайларын зерттеуге мүмкіндік береді.

Көптеген этностарда, соның ішінде қазақ халқының да табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарына бейімделуде және оларды басқаруда өздерінің этномәдени ерекшеліктері қалыптасты. Табиғи қауіптерді басқару қазақ этносының үлкен тәжірибесіне негізделді, олардың негізгі жұмысы көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығы болды. Шығындарды азайтудың стратегиялық басты мысалдары қауіптілігі төмен аумақтарды таңдау, тез құрастырылатын құрылымдарды (киіз үйлерді) пайдалану, табиғаттың мінез-құлқтарын және қысқа мерзімді қолайсыз құбылыстарының алдын алуды менгеруінде болды.



Қазақстанның Тұңғыш Президенті өзінің «Қазақстан тарихы оның жеке фрагменттері бойынша емес, қазіргі ғылымның биіктігінен ұғынылуы тиіс. Ол үшін сенімді дөлелдер бар» деген пікірін ол неге сүйеніп айтты?

### Сурақтар мен тапсырмалар

1. Бірнеше топқа бөлініндер. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласының басты идеясын талқыландар.
2. Отанға деген махаббат кіші отанға деген сүйіспеншіліктен басталады дегенді қалай түсінесіндер?
3. Д.Байронның дайексөзін талқыландар: «Оз елін ұнатпайтын адам ештеңені де сүйе алмайды».

## 25-сараландық жұмыс.

Аймақтың геосаяси картасында Қазақстанның географиялық жағдайын бағалау

Мақсаты – Қазақстан Республикасының геосаяси картадағы орнын бағалау.

### Мемлекеттік шекараны бағалау

1. Дүние бөліктеріне және аймақ бөліктеріне қатысты елдің географиялық жағдайы.
2. Қазақстан Еуропа мен Азия, Еуропа мен Шығыс арасындағы байланыстыруышы буын ретінде.
3. Мемлекеттік шекара және көрші елдер.
4. Мемлекеттік шекараны стратегиялық бағалау.
5. Қауіпсіздік – шекаралардың «қақтығысы», аумақтық проблемалардың болуы немесе болмауы.

### Бінтымақтастықтың халықаралық аспектілері

6. Көрші мемлекеттермен шекаралық қарым-қатынасы.
7. Қазақстанның аймақтық өскери, экономикалық және саяси үйімдар мен блоктарға қатысуы. Интеграциялық үдерістерді тереңдету.

### Геосаясаттың рөлі

8. Халықаралық және аймақтық жанжалдарды шешудегі Қазақстанның геосаяси рөлі.
9. Қазақстан халықаралық және аймақтық жанжалдарды шешудегі алаң ретінде.
10. Сыртқы аймақтық саясаттың басымдықтары.

### Қатерлер мен қауіп-қатерлер

11. Шиеленіс пен өскери қақтығыстар ошактарына жақындығы.
12. Бақыланбайтын көші-қон, тауарлар контрабандасы, есірткі трафигі.

## ДУНИЕЖҰЗІ ЕЛДЕРІН САЛЫСТЫРУ

### Қазақстанның халықаралық салыстырудары орны

#### § 56. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік рейтингі

**Мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілік рейтингі.** Жыл сайын рейтингтік агенттіктер дүниежүзі елдерін дамытудың түрлі бағыттары бойынша көптеген халықаралық зерттеулер жүргізеді. Олардың кейбіреулерінде мемлекеттер өсімді көрсетеді, келесі бір елдерде бұрынғы көрсеткіштердің төмендегенді байқалады. Бұл көрсеткіштерді алдағы уақытта басшылыққа алу қажет. Көптеген рейтингтердің ішінде мемлекеттердегі адам санының өсуі, өмір сүру мен денсаулық деңгейі, бәсекеге қабілеттілігі және т.б. түрғысынан әмбебап салыстырулары ете қызықты.

Бәсекеге қабілеттіліктің ең беделді және танымал рейтингтері Дүниежүзілік экономикалық форумы (ДЭФ) жасайтын Бәсекеге қабілеттіліктің ғаламдық рейтингі (GCI) және Халықаралық менеджментті дамыту институты (IMD) жасайтын Мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілік рейтингі (WCY).

ДЭФ бәсекеге қабілеттілік рейтингін 1991 жылдан бастап есептеуде. Интегралды көрсеткішті есептеудің әдіснамалық негізі ретінде М.Портердің зерттеулері басшылыққа алынған.

Бұл рейтинг орта және ұзақмерзімді перспективада ұлттық экономикадағы өнімділік пен өл-ауқат деңгейін анықтайтын міндоған экономикалық факторларды сипаттайды. ДЭФ рейтингісінің деректері жыл сайын ғаламдық бәсекеге қабілеттілік жөніндегі есептерде жарияланады.

2000 жылдардың басында екі индекс болды: бәсекеге қабілеттіліктің өсу индексі және ағымдағы бәсекеге қабілеттілік индексі. Қазіргі уақытта ол ғаламдық бәсекеге қабіл

#### Бұғынгі сабакта:

- бәсекеге қабілеттіліктің жетекші рейтингтерін білесіндер;
- жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелеtin бәсекеге қабілеттілік рейтингісіндегі Қазақстан орнының динамикасын зерттеуді үйренесіндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі
- ✓ бәсекелестіктің ғаламдық рейтингі
- ✓ бәсекелестіктің дүниежүзілік рейтингі
- ✓ бәсекелестік факторы
- ✓ біріктіру

#### Глоссарий:

- **Біріктіру (агрегаттау)** – жеке элементтерді біртұтас, яғни агрегатқа немесе жиынтыққа біріктіру. Экономикалық көрсеткіштер, экономикалық байланыстар, экономикалық нарықтар, экономикалық агенттер біріктіріледі. Біріктіру – жиынтық экономикалық үдерістер мен көрсеткіштерді талдаудың негізгі әдісі, макроэкономикалық талдаудың маңызды қафидаты.

ләттіліктің бірыңғай индексі (Global Competitiveness Index) арқылы есептелінеді.

Фаламдық бәсекеге қабілеттіліктің бірыңғай индексі үш кіші индексті статистикалық деректерді және сараптамалық сауалнамалар деректерін талдау жолымен алынған 286 индикатордан тұрады. Барлық көрсеткіштер бәсекеге қабілеттіліктің тоғыз негізгі факторына біріктіріледі (30-кесте).

30-кесте

#### Мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің интегралдық көрсеткіші (GCI)

Базалық факторлар	Тиімділік факторы	Иновациялық факторлар
<ul style="list-style-type: none"> <li>Институттар</li> <li>Инфрақұрылым</li> <li>Микроэкономика</li> <li>Денсаулық және бастауыш білім беру</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жоғары білім беру және көспіткік оқыту</li> <li>Нарықтың тиімділігі</li> <li>Технологиялық дайындығы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Иновациялық қабілеті</li> <li>Іскерліктің даму деңгейі</li> </ul>

 Микроэкономикалық жағдайлар, инфрақұрылым, халықтың денсаулығы және бастауыш білім неге елдердің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторлары болып есептелінеді? Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінде инновация қандай рөл атқарады?

Елдің бәсекеге қабілеттілігін дамытуда екі негізгі кезең өтеді (31-кесте).

31-кесте

#### Бәсекеге қабілеттілікті дамыту кезеңдері

Дамудың бірінші кезеңі	Елдер арзанқол жұмыс күші мен табигат ресурстары негізінде бәсекелестік жүргізеді
Дамудың екінші кезеңі	Жалақы мен еңбек өнімділігінің өсуі

 Бәсекеге қабілеттілікті дамытудың қай кезеңі Қазақстанға тән деп ойлайсыңдар? Болжамдарынды негіздендер.

Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің ғаламдық рейтингі (ДЭФ). 2017 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумының деректері бойынша елдердің ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде 137 елдің ішінен 57-орында болды (19-диаграмма).

 Қазақстанның 2012–2017 жылдары бәсекеге қабілеттілігінің динамикасын талдаңдар. Ең жоғары және тәмен көрсеткіштері бар жылдарды белгілендер. 2015 жылды рейтингтің құлдырауы қандай себептерге байланысты деп ойлайсыңдар?



19-диаграмма. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік рейтінгісінің динамикасы

ДӘФ жарияланған статистикалық деректерді егжей-тегжейлі талдау Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің өлсіз факторларын анықтауға мүмкіндік береді (32-кесте). 2017 жылғы ең тәмен көрсеткіш инфляцияға байланысты болды, еліміз 137 елдің ішінде 130-орынды иеленді. Осы факторға кіретін «макроэкономикалық жағдайлар» факторы бойынша Қазақстан 98-орында тұр. Макроэкономикалық жағдай факторы есебі бойынша «мемлекеттің борышы» жағынан – 11-орында.

32-кесте

Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік рейтінгтерін нақтылау

Баған нөмірі	Бағананың атауы	Рейтинг (137 ел арасында)
1	Қаржы нарығын дамыту	114
11	Бизнесті жүргізуіндің күрделілігі	108
3	Макроэкономикалық жағдайы	98
12	Инновация деңгейі	84
6	Тауар нарығының тиімділігі	72
2	Инфрақұрылым	68
1	Інституттар	60
4	Денсаулық және бастауыш білім беру	59
5	Жоғары білім және қайта даурау курсдары	56
9	Технологиялық дайындық	52
10	Нарық қөлемі	43
7	Енбек нарығының тиімділігі	35



Сен қалай ойлайсың, қаржы нарығын дамыту факторының салыстырмалы түрде тәмен көрсеткіштері және бизнесті жүргізу күрделілігі немен байланысты? Денсаулық және бастауыш оқыту факторы, жоғары білім және қайта даурау курстарының көрсеткіштері деңгейінің орташа болу себебі неге байланысты?

**Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің өлемдік рейтингі (IMD).** IMD рейтингі – экономикалық қызмет, үкіметтің, бизнестің және инфра-құрылымның тиімділігі сияқты факторлары бағаланатын кешенді зерттеудің нәтижесі. Жылнамада 340 көрсеткіш бар, оның 2/3-сі статистикалық деректер негізінде, 1/3-і сауалнама деректері бойынша есептеледі.

Қазақстан бұл рейтингке алғаш рет 2008 жылдан бастап қатыса бастады. Қазақстандағы «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ IMD серіктесі болып есептеледі. 2018 жылы рейтингке өлемнің 63 ел қатысты. ТМД елдері арасында Қазақстан 38-орынды, Ресей 45-орынды, Украина 49-орынды иеленді. 2017 жылмен салыстырғанда Қазақстанның рейтингі алты тармаққа төмөндеді, бірақ «экономикалық қызмет» және «инфрақұрылым» факторлары бойынша өз позицияларын жақсартты (33-кесте).

33-кесте

	2018 63 ел арасында	2017 63 ел арасында	Динамика
1	2	3	4
Қабілеттіліктің өлемдік рейтингі	38	32	6
<b>1. Экономикалық қызметі</b>	<b>49</b>	<b>54</b>	<b>5</b>
Ішкі экономика	46	40	6
Халықаралық сауда	56	62	6
Сыртқы инвестиция	28	18	10
Жұмыспен қамтылты	26	32	6
Бағасы	48	53	5
<b>2. Үкіметтің тиімділігі</b>	<b>25</b>	<b>19</b>	<b>6</b>
Мемлекеттік қаржы	19	4	15
Салық саясаты	14	10	4
Институционалды орта	50	46	4
Бизнестегі заңнама	28	22	6
Қоғамдық құрылым	28	30	2
<b>3. Бизнестің тиімділігі</b>	<b>34</b>	<b>23</b>	<b>11</b>
Өнімділігі және тиімділігі	42	38	4
Еңбек нарығы	13	7	6
Қаржы	42	40	2
Менеджмент практикасы	29	14	15
Қарым-қатынас және құндылықтар	33	11	22
<b>4. Инфрақұрылым</b>	<b>42</b>	<b>43</b>	<b>1</b>
Базалық инфрақұрылым	24	32	8

1	2	3	4
Технологиялық инфрақұрылым	49	43	6
Фылыми инфрақұрылым	47	49	2
Денсаулық және қоршаған орта	56	53	3
Білім беру	29	35	6



33-кестенің деректерін талдаңдар. Рейтингтің жеке көрсеткіштері қандай факторлар бойынша және неше тармақта айтарлықтай жоғарылағанын немесе төмендегенін белгілендер.



Рейтингтер қазіргі мемлекеттің маңызды ақпараттық және талдамалық құрамбөлігі болып табылады. Олар жалпы елдің даму деңгейі мен үдерісін бағалау кезінде басты рөл атқарады. Болашакта ел дамуының басты басымдықтарын анықтайды. Қазақстанның рейтингтік агенттіктермен қатар, халықаралық агенттіктердің тәжірибесін тартуда маңызды.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- Халықаралық рейтингтік агенттіктер мен институттардың маңыздылығын анықтаңдар.
- Қазақстанның бөсекеге қабілеттілік рейтингін Еуропа, Азия және Американың жетекші елдерімен салыстырындар.
- Қалай ойлайсыңдар, неге GCI және IMD айырмашылық көрсеткіштері 20 тармақты құрайды? Қандай агенттік сендерде үлкен сенім тудырды? Сендердің таңдауларыңы, Таңдауларыңды негіздеңдер.
- Сендерге белгілі басқа халықаралық рейтингтерді атандар.

**26-сараланың жұмыс.**

**Мен Қазақстандағы сыйбайлас жемқорлыққа төзімсіздікті және құқық үстемдігін қолдаймын**

Мақсаты – халықаралық рейтингтерде Қазақстанның орнын жоғарылату жөнінде идеяларды ұсыну.

**1-тапсырма.** «Мен Қазақстандағы сыйбайлас жемқорлыққа төзімсіздікті және құқық үстемдігін қолдаймын» немесе халықаралық рейтингтерде Қазақстанның анықтайтын сендердің таңдауларың бойынша тақырыпқа эссе жазындар.

**2-тапсырма.** Эссе тақырыбын таңдау кезінде осы рейтинг бойынша халықаралық агенттіктердің мәліметтерін пайдалану қажет.

**3-тапсырма.** Эсседе халықаралық рейтингтерде Қазақстанның орнын көтеру жолдары мен идеяларын ұсыныңдар.

Сыйбайлас жемқорлықты қабылдау индексі 0-ден 100-ге дейінгі бағана бойынша бағаланады, онда 0 сыйбайлас жемқорлықтың ең жоғары деңгейін, ал 100 ең төмен деңгейін білдіреді.

Transparency International – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы курс жүргізетін дүниежүзілік азаматтық қоғам үйімі мәліметіне сейкес, 2017 жылы Қазақстан өлемнің 180 елінің ішінде 31 балмен 122-орынды иеленіп, Өзірбайжан, Молдова, Либерия, Мали, Непал сияқты елдермен белгілі. 2016 жылы Қазақстан 29 балмен 131-орынды иеленді.

Құқық үстемдігінің әлемдік рейтингінде Қазақстан 2018 жылы 126 елдің ішінде 65-орынга ие болды. Рейтинг екі жылда бір рет World Justice Project халықаралық төуелсіз үйімімен жасалады. Қазақстан индексінде Панама (64-орын) мен Беларусь (66-орын) елдерінің арасында болды. Орталық Азия елдері арасында Қазақстан көшбасшы орында. Қыргыз Республикасы 85-орында, Өзбекстан 94-орында болды.

## Өмір сұру деңгейін жоғарылатудағы азаматтық орны

### § 57. Жеке азаматтық өзінің өмір сұру деңгейін жоғарылатудағы рөлі

Елдің индекстер мен рейтингтерде орнын анықтағанда есепке алынатын халықтың өмір сұру деңгейі экономикалық және әлеуметтік көрсеткіш болып табылады. 10-сыныптағы география пәнінде бұл үғыммен таныстындар. Жалпы алғанда, өмір сұру деңгейі – халықтың жайлы өмір сүруінің, илгіліктер мен қызметтерді тұтынуының деңгейі, адамдардың өміріне керекті негізгі қажеттіліктермен қамтамасыз етілу көрсеткіші. Бұл көрсеткішті анықтауда адамның тек материалдық қана емес, рухани қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуі және өмірінің жайлы болуы талданады.

Кез келген елдің индекстер мен рейтингтерде орнын анықтағанда есепке алынатын өмір сұру деңгейінің көрсеткіштері қатарына мыналарды жатқызуға болады (65-сызбанұска).

65-сызбанұска



Өмір сұру деңгейінің көрсеткіштерін жоғарылатуда жеке азаматтық рөлі қандай? Бұл мәселені нақты түсінүү үшін жоғарыда аталған өмір сұру деңгейінің көрсеткіштерін екі топқа бөліп қарастырайық:

- 1. Мемлекет қамтамасыз етуі тиіс көрсеткіштер:** ел халқын жұмыспен қамтамасыз етуге жағдай жасау, тұрғын үй құрылышы, денсаулық сақтау жүйесін дамыту, білім берудің сапасы мен қолжетімділігі, мәдениет пен туризмді дамытуға жағдай жасау, азық-түлік сапасына бақылау жасау, елдегі қауіпсіздік.

#### Бүгінгі сабакта:

- елдің индекстер мен рейтингтерде орнын анықтағанда есепке алынатын өмір сұру деңгейінің жеке көрсеткіштерін жоғарылату жөнінде жеке азаматтық рөлін түсінуге үйренесіңдер.



Мемлекет халқын жұмыспен қамту мәселесін қалай шеше алады?

**2. Жеке азаматтың жауапкершілігіндегі көрсеткіштер:** жекебасының табыс мәлшері, түрғын үймен қамтамасыз етілуге ұмтылысы, сапалы білім алуға талпынысы, денсаулығын сақтау шаралары, рухани қажеттіліктері (кітап оқу, өнерге қызығушылық, бос уақытында өзіне ұнайтын іспен айналысу), дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салтын ұстану арқылы өмір жасын ұзарту, отбасына деген жауапкершілігі, қауіпсіздік ережелерін сақтауы, қоғамдық тәртіпке бағынуы.

**Жеке азамат өзінің табыс мәлшерін арттыруға, сол арқылы материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүдделі болуы керек.** Адамның табыс мәлшері көп жағдайда оның сапалы білім алыш, өзі таңдаған мамандығы бойынша көсіби маман болуымен, қосымша табыс табуға ұмтылысымен тығыз байланысты. Мысалы, жеке азаматтың табыс көздеріне жұмыс орнынан алатын жалақысы, өртүрлі өлеуметтік төлемдер (зейнетакы, жәрдемақы, шекіртақы және т.б.), көсіпкерліктен түсетін табыс (жеке көсібін ашу, мүлікті жалға беру, делдалдық қызмет), қаржы нарығындағы табыстары (депозит, құнды қағаздар өсімі және т.б.), мұраға алған қаржысы мен мүлкі жатады. Осылайша, деңі сау, көсіби маманданған, еңбекке қабілетті жастағы азаматтар табыс мәлшерін ұдайы арттыру арқылы өзінің өмір сүру деңгейін жоғарылата алады.

**Жеке азамат өзі мен отбасын сапалы тұргын үймен қамтамасыз етуге ұмтылуы қажет.** Мемлекет өз тарапынан азаматтарын қолжетімді, сапалы түрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында өртүрлі бағдарламалар өзірлейді. Мысалы, Қазақстанда жастарға арналған «7-20-25», «Баспаңа», «Нұрлы жер», «Алматы жастары», «Өз үйім» және т.б. түрғын үй бағдарламалары жасалған. Бұл бағдарламалармен баспаңа алу үшін тұрақты табыс көзін растау қажет болады. Мұның өзі азаматтардың табыс көзін тұрақты етуге және табыс мәлшерін ұдайы арттырып отыруға итермелейі тиіс.



Ауыл және қала халқын түрғын үймен қамтудың қандай маңызды айырмашылықтары болуы мүмкін?

**Жеке азаматтың сапалы білім алуға талпынысы – оның өмір сүру деңгейіне ықпал ететін аса маңызды көрсеткіш.** Өйткені сапалы білім алу адамның одан өрі дамуының іргетасы ретінде қарастырылады. Қазақстанда жалпы білім беретін мектепте сапалы білім алған түлектер мемлекет есебінен таңдаған жоғары және арнайы оқу орындарында тегін білім алуына жол ашылады. Жоғары немесе арнайы оқу орнында мамандыққа қатысты сапалы білім алуы мен өзін-өзі дамытуының

болашакта еңбекпен қамтылуда атқаратын рөлі зор. Мысалы, жұмыс берушілер түлектердің білім деңгейіне, біліктілігіне және жеке қасиеттеріне (жауапкершілігі, құйзеліске төзімділігі, өзін-өзі дамытуға құлшынысы және т.б.) қарап бағалайды.

*Жеке азаматтың деңсаулығына жауапкершілікпен қарап, оны сақтау шараларын жасауы, дұрыс тамақтануы мен салауатты өмір салтын ұстану арқылы өмір жасын ұзартуы өмір сапасын жақсартады.* Дені сау адамдарға табысты болуға мүмкіндіктер мол. Қазақстан қоғамында мүмкіндігі шектеулі азаматтарды да оналту, толыққанды еңбекпен қамтамасыз ету, қоғамға бейімдеу жұмыстары жүргізіледі. Ел азаматтарының өмір жасын ұзартуға ықпал жасау – кез келген мемлекеттің өлеуметтік саладағы басты мақсаттарының бірі. Бірақ жеке адамның өз деңсаулығына жауапкершілікпен қарап, зиянды өдегтерден аулақ болуы, психологиялық саулығы аса маңызды.

Сонымен, жеке азамат елдің индекстер мен рейтингтерде орнын анықтағанда есепке алышатын өмір сүру деңгейінің жеке көрсеткіштерін жоғарылатуға тырысуы қажет.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жеке азамат өзінің өмір сүру деңгейі үшін жауапкершілікті мемлекетке ғана қатысты деп ойлауы дұрыс па? Жауаптарынды нақты мысалмен толықтырындар.
2. «Мен болашакта өз табысымды қалай жоғарылата аламын?» тақырыбында әссе дайындаңдар.
3. Адамның рухани қажеттіліктері оның өмір сүру деңгейіне қалай ықпал етеді? Мысалы, жекебасты дамытуға қатысты кітаптар оқу адамға қандай мүмкіндіктер береді деп ойлайсындар?
4. Адамның өз табыстары мен мүмкіндіктерін жоспарлауы оның жайлы өмір сүруіне қалай әсер етуі мүмкін?
5. Адамның жазғы демалысы, туристік жорықтарға баруы оның өмір сүру деңгейінің қандай көрсеткіштеріне оң ықпал етеді?
6. Өз бойларында күйзеліске төзімділікті қалай төрбиелеуге болады?
7. Сендерге оқуға ұсынылатын кітаптар:
  1. Бодо Шефер. Законы победителей. М., 2018. 272 с.
  2. Луиза Хей. Большая книга здоровья и радости. М., 2017. 496 с.

### Қолданбалы елтану

#### § 58. Қолданбалы елтану ақпаратының маңыздылығы, субъектілері мен тұтынушылары

Елтану – географияның біртұтастырының кепілі: оның зерттеу нысаны алуан түрлі үдерістер болып жатқан, құрылымы күрделі аумақ болып табылады. Басқаша айтқанда, аумақтың біртұтастырын зерттеу үшін география ғылымдары жүйесінің біртұтастыры қажет болады.

**Бүгінгі сабакта:**

- қолданбалы елтанушылық ақпараттың маңыздылығын, субъектілері мен тұтынушыларын анықтауды үйренесіндер.

**Жетекші ұйымдар:**

- ✓ елтану
- ✓ кешенді елтану сипаттамасы

**Глоссарий:**

- **Елтану** – елдерді кешенді түрде зерттейтін, олардың табиғаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті мен әлеуметтік ұйымдастырылышы туралы артүрлі мәліметтерді жүйелейтін және жалпылайтын географиялық пән.

Кешенді елтануда жекелеген аймақтар, елдер және олардың белгітері табиғаты, халқы және шаруашылығы жағынан ішкі айырмашылықтар жасайтын біртұтас аумақтық күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда аумақтарды кешенді зерттеу үшін географияның басты салалары (физикалық, әлеуметтік-экономикалық, саяси география) түргел «жұмылдырылады».

Кешенді елтанудың басты мақсаты – өртүрлі аумақтардың (елдер мен аудандар) біртұтас және кешенді сипаттамаларын беру. Мұндай сипаттамаларда географиялық ғылымдардың әдістері көмегімен аумақтың бейнесін жасау қажет. Елтану бағытының негізін салған ресейлік ғалым Н.Н.Баранскийдің анықтауынша, бұл сипаттамаларда «геологиядан бастап идеологияға дейінгі» мәселелер қамтылады. Жалпы алғанда, кез келген ғылым саласының маңызды міндеті өлемді танып білу болып табылады. Кешенді елтанудың география ғылымының саласы ретінде ұдайы өзгеріп жатқан өлемнің географиялық келбетін танып білуі, ең алдымен, ел аумағы деңгейінде жүзеге асады.

**Елдерге кешенді сипаттама беру әдістемесі.** Елдерге кешенді сипаттама синергетикалық әдіс (грекше синергия «ынтымақтастық» деген мағына береді) арқылы жүзеге асырылуы қажет. Сипаттама беруде география ғылымдарының ғана емес, тарих, статистика, әлеуметтану, саясаттану және т.б. деректері кеңінен қолданылады.

Кешенді елтанудың географияның басты салаларынан басты айырмашылығының бірі – алуан түрлі, нақты ақпарат қорының молдығы болып табылады. Ақпарат қорының күрт артуы кешенді елтануда ақпаратты өңдеу мен сақтаудың, түрлендірудің ең жаңа технологияларын қолдануды қажет етеді.

Әдістемелік түрғыдан елтану бағытындағы кешенді сипаттаманың негізіне тақырыптық белгітердің жиынтығын алуға болады. Ресейлік ғалымдар Н.Н.Баранский, Я.Г.Машбиц еңбектерінде кешенді сипаттамалардың үлгілері берілген. Кешенді сипаттамалардағы тақырыптарды нақтылаш, олардың қысқаша мазмұнына тоқталайық (34-кесте).

## Кешенді елтаңу сипаттамасының мазмұндық құрылымы

P/c	Тақырыптық бөліктер	Мазмұны
1	Елдің (аумақтың) ерекшелігі	Аумақтың негұрлым қысқартылған жалпы сипаттамасы. Мұнда елдің өзіндік бейнесі ашылып, типі, басқалардан негізгі ерекшелігі көрсетіледі.
2	Аумағы, географиялық және геосаяси жағдайы	Ел аумағының қеңістіктік сипаты және оның ел дамуындағы ресурстық маңызы көрсетіледі. Мұнда аумақтың мөлшерлері, пішіні, географиялық орнының негізгі элементтері беріледі. Географиялық орны – елдің өзіндік сипатын анықтаушы фактор, сондықтан құрлықтық, тәңіздік шекаралар, геосаяси факторлар да талданады.
3	Ел дамуының тарихи-географиялық кезеңдері	Ел аумағының шаруашылық игерілуінің негізгі кезеңдері мен олардың ерекшеліктерін көрсететін тарихи-географиялық сипаттама болып табылады.
4	Табигат ресурстары және табигатты пайдалану	Мұнда табиги факторлардың адам өмірі мен шаруашылығына ықпалын, аумақтың табиги жіктелуі мен табиги-ресурстық өлеуетінің дамуга алғышарт болатыны көрсетіледі. Табиги ресурстардың өркайсысының пайдаланылу сипаты мен деңгейлеріне шолу жасалынады.
5	Халқы және мәдениеті	Халықтың құрамы, құрылымы, демографиялық параметрлері, кеші-қоны, өлеуметтік жағдайы, дәстүрлері, өмір салты, діни ерекшеліктері көрсетіледі.
6	Қоныстануы	Ел аумағындағы елді мекендердің орналасу сипаты, қоныстану ерекшеліктері, ірі қалалары, өлеуметтік-экономикалық қеңістіктегі урбандалған аумақтардың ареалы туралы деректер беріледі.
7	Шаруашылығы	Ел шаруашылығының географиялық ерекшеліктері, орналасуы, мамандану сипаты, салалық құрылымы, технологиялық ерекшеліктері, дүниежүзілік шаруашылықтағы орны көрсетіледі. Мұнда елдің жеке аудандарының игерілу сипаты да беріледі.
8	Аудандары	Ел аумағында жіктелетін, өзіндік сипатқа ие аудандар туралы деректер көлтіріледі. Мұнда тарихи, табиги және әкімшілік негізде қалыптасқан аудандарға сипаттама беріліп, ерекшеліктері, игерілуі мен даму тенденциялары қарастырылады.
9	Қоршаған табиги ортасының жай-күйі	Табиги ортасың жай-күйі мен сапасын сипаттайтын көрсеткіштер (ластану, өзгеру) аумақтың шаруашылық игерілуі мен халық қоныстануы факторларына байланыстырылып беріледі.
10	Даму болашагы	Елде қабылданған даму бағдарламалары мен олардың орындалуына, тарихи-географиялық ұстанымдарға, елдің қазіргі заманғы өлеуметтік-экономикалық дамуы мен аумақтың игерілу тенденцияларына негізделген болжамдық меселелер беріледі.

Күнделікті өмірде елтану бағытындағы географиялық ақпараттық жүйелер мен деректер базасын пайдалануға қажеттілік артып келеді. Жалпы алғанда, бұл ақпарат ғылымда, білім саласында ғана емес, экономика, әлеуметтік өмірде кеңінен пайдаланылады. Жеке адамдардың, туристердің, іскер топ өкілдерінің, шетел азаматтарының дүниетанымын кеңейту мақсатында да елтану бағытындағы ақпараттың маңызы зор.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Елтану ғылымының географиялық ғылымдар жүйесіндегі орны қандай?
2. Елтанушылық ақпаратқа адамдардың қызығушылығын немен түсіндіруге болады?
3. Елтану сипаттамаларында басқа ғылымдардың (тарих, әлеуметтану, дінттану, экономика және т.б.) ақпараттарын пайдаланудың маңызы қандай?
4. Сендер турист ретінде Францияға баратын болсандар, саған қандай ақпарат қажет болар еді?
5. Шетелдік достарыңца Қазақстан туралы қандай елтанушылық ақпарат берер едіндер?
6. Қазақстанға түңгыш рет келген шетелдік ғалымға, туристке, студентке, көсіпкерге, суретшіге, зейнеткерге берілетін елтану ақпараты неге өртүрлі болуы керек деп ойлайсындар? Жауаптарыңды нақты мысалмен толықтырындар.

**27-сарамандық жұмыс.**

**Түрлі мақсатты аудиториялар үшін дүниежүзі елдерінің кешенді елтану сипаттамаларын өзірлеу**

**Мақсаты** – түрлі мақсатты аудиториялар үшін дүниежүзі елдерінің кешенді елтанушылық сипаттамаларын өзірлеу және шығармашылық түрде ұсыну.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** дүниежүзінің саяси картасы, кескін карта, сыйзу құралдары, түрлі түсті қарындаштар.

**Тапсырмалар:**

1-шығармашылық тапсырма. Таңдаған елдің мысалында шетелдік туристер үшін кешенді елтану сипаттамасын өзірлеу және шығармашылық түрде ұсыну.

2-шығармашылық тапсырма. Таңдаған елдің мысалында мектеп оқушылары үшін кешенді елтану сипаттамасын өзірлеу және шығармашылық түрде ұсыну.

3-шығармашылық тапсырма. Таңдаған елдің мысалында шетелдік инвесторлар үшін кешенді елтану сипаттамасын өзірлеу және шығармашылық түрде ұсыну.

**Әдістемелік нұсқаулық**

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа арналған. 1-сабакта мұғалімнің көмегімен шағын топтарға (3–5 оқушы) бөлінген оқушылар тапсырма орындаиды. 2-сабакта жұмыстың нәтижелері қорытындыланып, сыйныпта таныстырылым өткізіледі.

Сендер 10-сыйныпта кешенді елтану сипаттамаларын құрастыруға қойылатын талаптармен танысқан болатынсындар. Енді өздерің таңдал алған ел мысалында таңдаған аудитория (шетелдік туристер, мектеп оқушылары, шетелдік инвесторлар) үшін кешенді елтану сипаттамасын өзірлеу, шығармашылық түрде ұсынуларың керек. Мысалы, 1-топ Қазақстанды шетелдік туристерге таныстыру үшін кешенді елтану сипаттамасын құрастыруына болады. Кешенді елтану сипаттамасы шығармашылық түрде орындалады, яғни мәтінді өртүрлі суреттер, бейнежағалар, графиктер, кестелермен және т.б. толықтырып, таныстырылым кезінде көрсетуге болады.

*Шетелдік туристер үшін кешенді елтану сипаттамасын өзірлеу үлгісі:*

- елдің визиттік картасы (қайда орналасқан, қандай басты ерекшеліктері бар);
- ел мен астанасының атауы туралы топонимикалық деректер;
- елдің тарихындағы басты кезеңдер;
- елдің табиғат ерекшеліктері;

- ел халқы, салт-дәстүрлері мен мәдениеті;
- ел шаруашылығының басты салалары;
- елдегі туристік нысандар және т.б.

*Шетелдік инвесторлар үшін кешенді елтану сипаттамасын әзірлеу үлгісі:*

- елдің өлемдік, аймақтық деңгейдегі маңызы;
- мемлекет құрылымы мен басқару формасы;
- елдегі табиғат ресурстары;
- ел экономикасының даму деңгейі, басты салалары;
- елдің өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің халықаралық рейтингтердегі орны;
- елде адам құқығының сақталуы, салықтық жеңілдіктер;
- елдегі қылмыс деңгейі және т.б.

*Мектеп оқушылары үшін кешенді елтану сипаттамасын әзірлеу үлгісі:*

- елдің географиялық орнының ерекшеліктері;
- елдің табиғат жағдайлары мен табиғат ескерткіштері;
- елдегі шаруашылық салалары;
- ел халқы мен оның құрамы;
- елдегі қалалар;
- ел туралы қызықты деректер және т.б.

# АДАМЗАТТЫҢ ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

## ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУ

### Ғаламдық проблемаларды шешу жолдары

**§ 59–60. Адамзаттың ғаламдық проблемаларды шешудегі әлемдік тәжірибесі**

БҮҮ және адамзаттың ғаламдық проблемалары. Біріккен Ұлттар Ұйымы жыл сайын әлемдік қоғамдастық көбірек назар аударуы тиіс тақырыптар тізімін жариялады. Оған адамзат үшін ғаламдық қауіп-қатерлерге байланысты проблемалар кіреді. Бұл – соғыс болып жатқан аймақтарға байланысты ұрыс қимылдарына қатысушы ретінде көмелетке толмаған балаларды жанжалдарға күшпен тарту проблемасы.

Адамзаттың ғаламдық проблемалары БҮҮ-ның күшімен немесе бір елдің күшімен шешілмейді. Ол үшін бірлесіп өзірленген ережелер, келісілген әлемдік саясат, проблеманы шешуде басқа елдердің тәжірибесін қабылдау, артта қалған елдерге көмек көрсету және т.б. қажет.

Қазіргі заманның ғаламдық проблемаларын шешуде бірнеше елдің тәжірибесін қарастырайық. Бұл – аштық пен тойып тاماқ жемеу проблемасы, жылыштайлық өсер және энергетикалық дағдарыс жағдайында энергияны үнемдеу проблемасы, адамдардың таза ауаға құқығы, биоалуантурлілікті сақтау. ХХІ ғасырдың проблемалары жеткілікті, оларды шешу мәселесі көп жағдайда тұбының тіреледі.

**«Нөлдік аштық» жобасы.** Тұрақты даму саласындағы соңғы жаңа күн тәртібінің бірінде әлемдік қауымдастық 2030 жылға қарай аштықты жоюға, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тамақтануды жақсартуға міндеттелді.



Дүниежүзінде күн сайын аштықтан және тамақтанбаудан қанша бала өледі? 2030 жылға дейін аштықтан қанша бала өлуі мүмкін? «Нөлдік аштық» жобасын іске асыру мерзімін бағаландар. Бұл күнді жақыннатуға не кедергі?

#### Бүгінгі сабакта:

- ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибелі зерттейсіндер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ «нөлдік аштық»
- ✓ аштықтың ғаламдық индексі
- ✓ энерготімділік
- ✓ биоалуантурлілікті сақтау

2017 жылды дүниежүзінде аш адамдардың саны 821 миллионнан асты (20-диаграмма). 2018 жылды өлемде азық-түлік тапшылығынан шамамен 815 млн адам зардап шекті.



20-диаграмма. Дүниежүзіндегі аш адамдар санының динамикасы, млн адам (БҮҰ ФАО деректері бойынша)

 2017 жылды 2014 жылмен салыстырғанда аш адамдардың саны не себепті артты деп ойлайсың?

 21-диаграмманы пайдаланып, Африка мен Азиядағы аш адамдар санының көп болу себебін тізіп атап шығындар.



21-диаграмма. Дүниежүзі аймақтары арасындағы аштықтың үлесі, % есебімен (БҮҰ ФАО деректері бойынша)

Соңғы баяндаманың деректері бойынша Халықаралық азық-түлік саясатын зерттеу институты (IFPRI) жариялаған «Аштықтың ғаламдық индексі» 52 елде аштықтың «елеулі», «урейлі» және «өте қыны» деңгейлері байқалады (59-сурет). Африка континентінде аштықтан Орталық Африка Республикасының (OAP) халқы көп зардап шегуде, онда саяси тұрақсыздық салдарынан ауыр жағдай қалыштасқан. Бұғынгі күні OAP дүниежүзінің ең кедей елдерінің қатарына кіреді.

 Ғаламдық аштық индексі картасын талдау. Аштық географиясы кеңістігінің суретін салындар.

БҮҰ мәліметтері бойынша, Орталық Африка халқының гуманитарлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін 130 млн АҚШ доллары көлемінде көмек қажет. Азық-түліктің жетіспеуінен өте маңызды жағдай қалып-



59-сурет. Ғаламдық аштық индексі

тасқан тағы бір ел – Конго Демократиялық Республикасы. Бұл туралы ВҮҰ-ның Бүкіләлемдік азық-түлік бағдарламасы хабарлады. 2016 жылдың тамыз айынан бастап аймақта зорлық-зомбылық өрекеттер мен қақтығыстар салдарынан 3,8 млн адам зардап шекті.

Дұрыс тамақтанбау балалар мен ересектерді қауіпті ауруларға душар етеді. Олардың көшпілігі жазылмайтын аурудан көз жұмды.

**Аштық мәселесін шешудегі ауылшаруашылығына жасалған инвестициялар.** Ауылшаруашылығына инвестициялар кедейшілік пен аштықтың ауқымын қысқартудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып саналады. Инвестициялар, әдетте, еңбек өнімділігі мен ауылшаруашылығындағы табыстың күрт артуына өкеледі. Бұл, өз кезегінде, басқа ауылшаруашылығы тауарлары мен қызметтеріне сұраныстың артуына ықпал етеді және оларды ұсынатын адамдарға сұраныс қалыптастырады. Ауылшаруашылығында жұмыс істейтін кедей халықты қолдауға арналған инвестициялар жұмыспен қамту мен табыстың өсуін қолдауға көмектеседі. Сондықтан бұл дұрыс және дана қадам.

Ауылшаруашылығына инвестициялар тарту ішкі және халықаралық нарықтарда азық-түліктің қолжетімділігін арттыра алады және ауылдық және қалалық аудандарда кедей тұтынушылар үшін тұтыну бағасын темен деңгейде сақтай алады. ФАО бағалауы бойынша, кедейлікті және аштықты жою және азық-түлікке қол жеткізуіді жөнделетуге көмектесу үшін ауылшаруашылығына инвестицияларды өлеуметтік қорғау бағдарламаларын енгізумен үштастыру қажет.

ҚХР басшылығы 2020 жылы өзінің аграрлық секторына 450 млрд долларға дейін үлкен қаражат жұмысамақ. Қытайдың жаңа жоспарлары осы бағыттағы маңызды қадам болып табылады.

Табиғат ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану және топырақтың сапасын, биоалуантүрлілікті, су және орман ресурстарын сақтау өте маңызды. Салалардың климаттың өзегеру салдарларына қарсы тұруы, неғұрлым тұрақты ауылшаруашылығын қалыптастыруды және табиғат ресурстарын басқаруға көшуді жөнделетуі үшін ғылыми зерттеу өзірлемелеріне көбірек инвестиция беру керек. Сондай-ақ фермерлерге, өсіреле үсак фермерлік шаруашылықтарға, осы жетілдірілген өдістерді қолдануына және оларды азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, кедейлікті қысқартуға және ғаламшардағы денсаулықты жақсартуға мүмкіндік беретін шаралар қажет.

Соңғы жылдары өлемдегі қақтығыстар мен тұрақсыздық санының есүі қатты алаңдаушылық тудыруда, өйткені ол аштыққа және жалпы дамуға тікелей өсер етеді. Жанжал – азық-түлік қауіпсіздігі мен толыққанды тамақтануды қамтамасыз ету саласындағы жағдайдың нашарлауының басты факторы. Ол тамақ өнімдерінің қолжетімділігін төмendetеді; халықтың азық-түлікке және медициналық қызмет көрсетуге қол жеткізуін қыннатады; азық-түлік өндірісін және ауылшаруашылығы қызметін, сондай-ақ өлеуметтік қорғау жүйесін бұзады.

**Жылжайлыштық өсері мен энергетикалық дағдарыс проблемасын шешудегі жаңа энергетикалық стратегия.** Өндіріске энергия үнемдейтін үдерістер енгізу, жаңғыртылған көздерден энергия өндіру, өндірісте жаңғыртылған ресурстарды пайдалану технологияларын енгізу, экокөлікті пайдалану және энергия үнемдеу – зиянды заттар шығарындыларын азайтудың жалғыз дұрыс жолы.

Энерготиімді экономика бойынша американдық Кенес (ACEEE) жыл сайын өлем елдерінің энерготиімділік рейтингісін жасайды (60-сурет). Рейтинг өрбір санатта жинаған баллардың сомасы бойынша есептеледі: құрылыштағы, өнеркәсіптегі, көлік саласындағы энергия шығыны, сондай-ақ жалпығүлттық энергия тиімділігінің көрсеткіші.

2018 жылы экономикасы неғұрлым дамыған 25 ел рейтингке қатысты. Бірінші орынды Италия мен Германия алды. Экономикадағы энерготиімділігінің ең жоғары көрсеткіштері бар басқа елдердің арасында Франция, Ұлыбритания және Жапония көшбасшылар болды.



60-сурет. Дүниежүзінің ірі экономикаларының энерготиімділігі рейтингісі 2016 ж.

Жекелеген санаттардағы ең көп балл санын Германия (жалпы үлттых көрсеткіш), Испания (құрылыш), Жапония (өнеркәсіп), Франция (көлік) алды.


 Қандай күш-жігердің арқасында мемлекеттер энерготиімділігінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізді?

Энергетикалық бағдарламаның арқасында соңғы бірнеше жыл ішінде Жапония энергияны тұтыну тиімділігін 40%-та арттыруға қол жеткізді. Бұл көрсеткіш энергия үнемдеу деңгейі бойынша дүниежүзіндегі ең жоғары көрсеткіш болып есептелінеді. 2003 жылдан бастап елімізде өрбір 3-4 жыл сайын энергетикалық жоспар қайта қаралуда. 2030 жылға қарай перспективалы жоспарда жаңғыртылған энергия көздерінің үлесі – 22-24%-ды, атом электрстансылары – 20-22%-ды, жылу электрстансылары энергиясы 56%-ды құрауы тиіс.

**Таза ауаға құқығы.** Еуропалық Одақ елдері өз азаматтарының таза ауаға құқығын мойындаиды және оны табиғатты қорғау заңнамасы мен сот шешімдері арқылы қорғауды қамтамасыз етеді. Еуропалық одақтың бірнеше заңнамалық актілері негізінде өрбір азаматтың «таза ауаға құқығы» бар және құзыретті органдарды ауаның ластануын азайту жөніндегі шараларды қолдануға мәжбурлеуі мүмкін. Ауаның ластануын азайту саласында Германия жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Германия қалаларындағы ауаның сапасы 20 жыл бұрынғы ауылдық жерлердегі ауаның сапасынан артық. Германия көміртек тотығының құрамын 90%-та, полицикльді хош иісті көмірсутектерді 90%-та, бензолды 95%-та және ұсақ бөлшектерді 70%-та қысқартты.

Германияның іс-әрекеттері ауаның ластануын бақылауга қатысты Еуропалық Одақ стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге багытталған (61-сурет). Бұрын күкірт диоксидінің және үш пән органикалық қосылыстардың құрамына қатысты тиесті шаралар қабылданып, іске асырылды. Германия азот және аммиак оксидтерін азайту үшін күш-жігер жұмысайды қажет. Ауаның ластануына қарсы күрес жөніндегі Германия үкіметінің жоспары төрт стратегияга негізделеді: қоршаган орта сапасының стандарттарын белгілеу; қазіргі кезде ең жақсы технологияларды қолдана отырып, шыгарындыларды азайту; өндіріс ережесі; зиянды заттар эмиссиясының шекті мәндерін белгілеу.



61-сурет. Дизель отындығы автомобилдер мен азот тотығы шыгарындыларының динамикасы (г/км)

Жолдағы шыгарындылардың тіркелген көлемі	—	ЕО стандартына сейкес шыгарындыларды шектеу
--	---	---

 Сен қалай ойлайсың, Қазақстанның азот тотығы мен басқа да заттардың шыгарындылары бойынша стандарттары еуростандарттарға қаншалықты сейкес келеді? Бұл үшін Қазақстанда не қолданылады?

**Биоалуантурлілікті сақтаудағы Қытай тәжірибесі – үлкен панда.** Үлкен панда популяциясының азауы мың жылдан астам уақыт бойы сақталған. VI–VII ғасырларда бұл жануарлар дипломатиялық сый ретінде қарастырылып, бұл үдеріс XX ғасырдың ортасына дейін сақталды. XX ғасырдың 80-жылдарында үлкен пандалар Қытайдың



**62-сурет.** Үлкен панда популяциясы санының есуі –  
Қытайдың ұлттық мактандыны

символы бола тұра, саны азая берді. Осы елдің үкіметі оларды құтқару жөнінде тәндессіз шараптар қолдану арқасында саны көбейіп, қазіргі уақытта үлкен панда жойылатын түрге жатпайды. Бұл тізімнен 2016 жылы алғыншын тасталды. Үлкен пандалардың жағдайын осындағы жақсартудағы негізгі еңбек Қытайға тиесілі (62-сурет). Қытай үкіметі мүндай табысқа қалай қол жеткізді?

Үлкен панданы сақтап қалу үшін қытайлықтар көп күш-жігер жұмсады, бамбуктың көлемін қалпына келтіруге және оларды қайта есіруге талпыныстар жасалды. Себебі панданың рационында бамбук 99%-ды құрайды. Бамбук ағаштары жойылса, панданың да жойылатыны сөзсіз. Қазір үлкен пандалардың болжамды саны – 2060, оның ішінде 1864-ы ересек пандалар. Үлкен панда санының есебі Халықаралық табиғатты қорғау одағының Қызыл кітабында болуы олардың мәртебесінің жоғарылауына себеп болды.

Үлкен панданы сақтауда қытайлықтардың басты жасаған жұмысы – тіршілік ортасын қалпына келтіруі. Панданың тіршілік ету алаңын кеңейтуді Қытай үкіметі негізгі міндетке жатқызды. Үлкен пандалар мекендейтін ортаға қомақты қаражат инвестицияланды, қолда бар қорықтарды кеңейтіп, бамбук ағаштарын көбірек отырғызып, үлкен пандалар тіршілік ететін жаңа орындарды даярлады.

Алайда тағы бір мәселе қаскерлікпен күрес болды. Өткен ғасырдың 80-жылдарында Қытайда панданы аулауға тыйым салынғанына қарамастан, аң аулау қарқынды журді, себебі панданың терісіне де-ген сұраныс жоғарылап кетті. Батыстың қара нарықтарындағы панда терісінің бағасы реңсі емес мәліметтер бойынша жарты миллион АҚШ долларына жетті. Үкімет бұл олқылықтарды толық жойды десе де бо-

лады. Шешім өте қарапайым болды: панданы өлтіру ауыр қылмыстар қатарына жатқызылды, ол үшін жаза өте қатаң болды: елім жазасы. Нәтижесінде аң аулау сап тыйылып, қазіргі уақытта бұл проблема алғынып тасталды.



Галамдық проблемалар бірқатар ғылыми, техникалық, экономикалық және басқа да проблемаларды шешумен байланысты іске асады. Ең алдымен, өлеуметтік проблемаларды шешу қажет. Тұрақты даму стратегиясын жүзеге асыру халықаралық тәжірибе мен ынтымақтастық қағидаттары арқылы іске асуы мүмкін.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

- БҮҮ және өлемнің көптеген елдері тарарапынан кепжылдық күш-жігерге қарамастан, ғаламдық проблемалар елі қүнге дейін толық шешілмеген. Себептері қандай?
- Неге БҮҮ мен басқа да халықаралық үйымдардың адамзаттың ғаламдық проблемалары саласындағы шешімдеріне жекелеген елдер тарарапынан қолдау көрсетілмейді? Мысал келтіріндер.
- Адамзаттың ғаламдық проблемаларын шешуде жекелеген елдердің тәжірибелінің маңыздылығын дәлелдеңдер.
- Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың генофондың қолдауга қандай көсіби қызмет салалары жауап береді?

### § 61. Ғаламдық проблемалардың Қазақстан аумағындағы көріністері

#### Бұгінгі сабакта:

- Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтауды үйренесіндер.

#### Жетекші ұғымдар:


- ✓ қоршаған ортаниң сапасы
- ✓ экологиялық тиімділік индексі
- ✓ экоқала

**Арал** – қазіргі заманың орны толмас өкініші және ең үлкен экологиялық қасиетті. XX ғасырдың 60-жылдары Арал теңізі ғаламшарымыздағы көлемі жағынан төртінші көл болатын. 60-жылдардың соңына қарай теңіз суының көлемі қайтымсыз азая бастады. Осы уақыттан бастап Арал теңізі мен бүкіл Арал аймағының проблемалары басталды (63, 64-суреттер).



Арал теңізінің жойылуындағы антропогендік факторлардың рөлін атаңдар. Аймақтың геоэкологиялық жағдайын жақсарту жолдарын ұсынындар.

Арал теңізін толық қалпына келтіру мүмкін емес, бірақ солтүстігіндегі Кіші Аралды қалпына келтіруге өрекет жасалуда. Қазақстан Үкіметі Дүниежүзілік банктің көмегімен онда су деңгейін кетеру және сол арқылы оның тұздылығын азайту үшін шаралар қабылдады және ол өзінің оң нәтижесін беруде.



63-сурет. Аралдың өлімі – бүкіл адамзаттың қасіреті




64-сурет. Арал тенізінің онлайн картасы  
(14.07.2019 ж.)



Көкарап бөгөті туралы ақпарат дайындаңдар.

Қазақстанның таулы мұздықтары осы ғасырдың соңына қарай толығымен еріп кетуі мүмкін. XX ғасырдың ортасынан бастап 2015 жылға қарай Қазақстан тауларындағы мұздықтар саны, олардың басым белігі Алматы облысының оңтүстігі мен шығысында шоғырланған, 2 793-тен 2 054-ке дейін, яғни 1/4-ден астамы. Олардың аумағы 713 км<sup>2</sup>, ал көлемі 30,7 км<sup>2</sup>-ге азайды. Климаттың өзгеруіне байланысты мұздықтар да өзгеріске үшіраиды, яғни мұздықтың еруі барлық жерде жүреді. Мұздықтардың азаюы Солтүстік Іле және Жетісу Алатауына тен (22-диаграмма).



22-диаграмма. Түйіксу мұздығының (Іле Алатауы)  
кумулятивті массасының балансы



Мұздықтар алаңының азаю себептерін атанадар. Мұздықтардың азаю салдарын тау және тау бектеріндегі экожүйелердің өзгерісінен анықтандар. Мұздықтар ауданының азаюы елді мекендер мен фермерлік шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету проблемасына қалай өсер етуі мүмкін? Мұздықтар мен қаупіті табиғи құбылыстар ауданының азаоындағы өзара байланысты табындар.

**Қазақстандағы шөллейттену үдерісі.** Қазіргі таңда шөллейттену ғаламдық экологиялық және өлеуметтік-экономикалық мәселелерге айналуда. XXI ғасырда Жер бетінде халық санының өсуі, қолайлы ауылшаруашылығы жерлерінің толық игерілуі және табиғи ортаға техногендік жүктеменің шамадан тыс артуы нәтижесіндегі шөллейттену үдерісі көптеген елдер үшін өлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі қаупіне айналуы мүмкін.

Өлемнің көптеген елдерде ғалымдарының көпжылдық бақылаулары біздің ғаламшарымыздағы құнарлы жерлердің саны жыл сайын азайыш келе жатқанын растайды. Шамамен алынған есептеулер бойынша XX ғасырдың ішінде өндіреүге жарамды жерлердің  $\frac{1}{4}$  белгі жарамсыздандып, шөлейттенуге үшінрады. «Шөлейттену» ұғымының өзі бірнеше синонимдерге ие. Атап айтқанда, ол дезертификация, Сахель синдромы және шөлдердің үдемелі пайда болуы деп аталады. Шөлейттенудің негізгі себептері – адамның іс өрекеті және ғаламдық климаттық өзгерістер. Нәтижесінде, ғаламшардың жекелеген облыстарында сыртқы ортасы шөлге үқсас аймақтар пайда болды. Өлем ғалымдары бұл үдерістің тұрақты түрге айналғанын атап өттеде. Шөлейттену проблемасы Қазақстанды да айналып өтпеді. Қазақстан аумағының едөүр белгі құрғақшылық аймақта орналасқандықтан, аумақтың 70%-ға жуығы өртүрлі дөрежеде шөлейттену және тозу үдерістеріне үшінрады.

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап республика аумағында шөлейттену үдерісі жүріп, бүгінгі күнге дейін шамамен 10-12% -ға есті. Бұрын шөлейттенуге, негізінен, аридті және субаридті аумақтар жататын болса, қазір шөлейттенудің шекарасы Қазақстанның негізгі астық еgetін аумақтарына солтүстікке қарай жылжыды. Бұл орманды дала және дала зоналары.

Ауылшаруашылығы өндірісінің қазіргі заманғы қарқындылығы және техникалық өсерді күшету (өсіреке пайдалы қазбаларды барлау және игеру), сондай-ақ климаттың айтарлықтай өзгеруіне байланысты аумақтың шөлейттену дөрежесі мен қарқыны артып табиғи экожүйелердің елеулі өзгерістері орын алуда (23-диаграмма).



23-диаграмма. Шөлейттену деңгейі бойынша Қазақстан аумағының пайыздық көрсеткіші



Қазақстан Республикасындағы шөләйттенумен курсу жөніндегі бағдарламамен танысындар. Сыныпта бағдарламаны талқыланадар. Бағдарламаның ең маңызды сөттерін белгілеңдер.



Өткен тақырып бойынша қысқаша қорытындыны даярланадар. Қазақстан аумағында ғаламдық деңгейдегі тағы қандай проблемалар бар?

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өз аймақтарында аймақтық және ғаламдық масштабтағы проблемаларды атандар. Олардың себептері мен салдарлары қандай?
2. Өздерің тұратын ауданның экологиялық және өлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуде жергілікті органдардың атқарып жатқан шараларын атап шығындар.
3. Аймақтың экологиялық мәселелерін шешуде геоэкология саласы мамандының рөлін бағаландар.
4. Болашақта геоэколог мамандығы қаншалықты сұранысқа ие болады деп ойлайсындар?

**28-сараландық жұмыс.**

**Фаламдық және аймақтық проблемаларды шешудің шүғыл міндеті**

**Маңсаты – фаламдық, оның ішінде Қазақстан аумағында байқалатын проблемалардың алдын алудың немесе шешудің өзіндік жобасын ұсыну.**

**Тапсырмалар**

1. Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап алып, оның негізінде фаламдық проблеманы шешудің немесе алдын алудың өзіндік жобасын жасаңдар:
  - Адамзат проблемаларының бірін шешу бойынша жоба дайындандар: «Африка және Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік Азия елдерінен шыққан мигранттар құқығы, таңдауы және еркіндігі»;
  - «Балалар білім алуга және бейбіт өмір сүруге құқығы бар», «XXI ғасырда аштық пен судың жетіспеуі жоқ»;
  - «Біз таза ауамен дем алғымыз келеді»;
  - «Менің елімде еңбек құлдығына орын жоқ»;
  - шара қолдану сабагы;
  - «Арыс-2019» — шара қолдану сабагы, «Каспий таза болуы тиіс».
2. Өз жобанды таныстырылым түрінде рәсімдеп, сыныптастарыңа ұсын.

## § 62. Біздің болашағымыз. Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?

### Бүгінгі сабакта:

- адамзат дамуының қазіргі және болашақ сценарийлері туралы шындықты білесіндер;
- болашақ туралы көзқарастың қайшылықтарын түсінесіндер;
- адамзат мәселелері туралы өз көзқарасынды айта білуді үйренесіндер.

### Жетекші үчтімдір:

- ✓ болашақ туралы ескерту
- ✓ технология
- ✓ өсу және даму

2015 жылы Донелла Медоуз, Йорген Рандерс және Деннис Медоуздың «Өсүдің шегі: 30 жыл өткеннен кейін» атты тамаша кітабының аудармасы жарық көрді. Бұл – қазіргі заманның экологиялық-экономикалық проблемаларына арналған үшінші кітап. Кітапта қазіргі әлемнің ғаламдық проблемалары қарастырылады, болып жатқан үдерістердің себептері көрсетілген, алдағы онжылдықтағы өркениеттің даму сценарийлері көлтірілген.



Кітаптың толық мазмұнымен таныс. Сен оны қосымша мәліметтерден таба аласың. Өсүдің шегі: 30 жыл өткен соң / Д.Х.Медоуз, Й.Рандерс, Д.Л.Медоуз. Ағылшын тілінен аударылған. М.: Бином. Білім зертханасы, 2015. 358 с.

Кітаптың сегізінші тарауында тұрақты дамуға көшу үшін не қажет деген проблемаға арналған «шындық» деген кіші белім бар, онда же келеген сенімдердің дұрыстығы (акиқаттылығы) және дұрыс еместігі туралы айттылады. Оқулықтың авторлары адамның әлемдік экономика туралы және оның физикалық шекарасы бар ғаламшармен қалай өрекеттесетіні туралы анық түсінікке ие болуы тиіс екенін атап өтті.

Олармен танысайық.

**Дұрыс емес:** Болашақ туралы ескерту – апatty болжау.

**Дұрыс:** Болашақ туралы ескерту – басқа жолын табуға үсыныс.

**Дұрыс емес:** Қоршаған орта – шамасы келсе адамдар сатып алғатын молшылық, сұранысқа ие тауар немесе жайлышты.

**Дұрыс:** Қоршаған орта – тіршілік көзі және кез келген экономикалық жүйенің негізі.

**Дұрыс емес:** Кез келген өзгеріс құрбандықты талап етеді, сондықтан одан аулақ болу керек.

**Дұрыс:** Өзгерістер – талпыныс, алға жылжу және олар қажет.

**Дұрыс емес:** Егер есім тоқтаса, кедей мәңгілікке кедей болып қалады.

**Дұрыс:** Ашқездік пен байлардың немқұрайдылығынан кедейлер кедей болып қалады. Кедейлерге олар туралы байлардың көзқарасының өзгергендігі қажет, сонда ғана кедейлердің сұранысына бағытталған қажеттіліктерге қол жеткізе алады.

**Дұрыс емес:** Барлық адамда әлемнің бай елдерінің деңгейіндегідей жеткілікті болуы қажет.

**Дұрыс:** Ғаламшарымыздың әрбір халқы бүгінгі байлар сияқты

материалдық байлықта бірдей қол жеткізуі мүмкін емес. Әрбір адамның материалдық қажеттіліктері қанағаттандырылуы тиіс. Ол экологиялық іздің рұқсат етілген шегінен шықпаған жағдайда, барлығына мүмкін болатын деңгейде ғана қанағаттандырылуы тиіс.

Дұрыс емес: Кез келген өсу оның түріне немесе салдарларына қарамастан жақсы.

Дұрыс емес: Кез келген өсім жаман.

Дұрыс емес: Шын мәнінде қажет нерсе – өсу емес, даму. Егер даму физикалық кеңейтуді талап етсе, барлық нақты шығындар мен шығыстарды ескере отырып, тұрақтылық шеңбердің аясында ғана қолдау қажет.

Дұрыс емес: Технология барлық проблемаларды шеше алады.

Дұрыс емес: Технология проблемаларды шеше алмайды, керісінше оны тудырады.

Дұрыс: Экологиялық іздің азайтуға, тиімділікті арттыруға, ресурстарды сақтауға, ақпаратты жетілдіруге, ресурстарды тиімді пайдаланатын технологияларды көтермелеген қажет. Тағы да: Біз проблемамызды адам ретінде өзіміз шешуіміз керек, сондықтан да тек технологияға сене бермеу керек.

Дұрыс емес: Нарықтық жүйе автоматты түрде бізге бақытты болашакты қамтамасыз етеді.

Дұрыс: Ең алдымен, қандай болашакты қалайтынымызды шешіп алуымыз керек. Содан кейін ғана мақсатқа жету үшін нарықтық экономиканы пайдалануға болады.

Дұрыс емес: Өнеркәсіп – барлық проблемалардың себепшісі немесе керісінше шешушісі.

Дұрыс емес: Үкімет – барлық проблемалардың себепшісі немесе керісінше шешушісі.

Дұрыс емес: Экология – барлық проблемалардың себепшісі немесе керісінше шешушісі.

Дұрыс емес: Кез келген адам – проблемалардың себепшісі немесе керісінше шешушісі.

Дұрыс: Барлық адамдар мен үйымдар құрделі жүйелік құрылым шеңберінде өз рөлін атқарады.

Дұрыс емес: Шығар жолы пессимизм.

Дұрыс емес: Үздіксіз оптимизм. Шындығында, бүгінгі күннің табыстары мен сөтсіздіктері туралы, болашақтағы перспективалар мен кедергілер туралы шындықты айтуда бел буу.

Сонымен қатар: Қазіргі заманғы дүниежүзілік проблемалардың барын мойындау және оны көтеру, білу, болашақты жақсарту жолында табандылық көрсету.



Егер оның ақпараттық жүйесі жалған болса, бірде-бір жүйе жұмыс істемейді.  
Ақпарат шын болуы керек, бұрмаланбауы және кешікпеуі керек.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сендер авторлардың ақпараттық ағындардың ақиқаты мен дұрыс еместігі туралы пікірімен қашшалықты келісесіндер?
2. Авторлардың тізімін оптимистік нотамен толықтырындар. Біздің болашағымыз дұрыс..... адамзат жолдарын табады деген рас..... Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.....дұрыс, Мен істей аламын..... бүкіл адамзаттың өркендеуі үшін.

## Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. *Бабурин В. Л.* Экономико-географическая экспертиза: учебное пособие, электронное издание сетевого распространения. М.: «КДУ», «Добросвет», 2018.
2. *Олейник А. П.* География. Большой справочник для школьников и поступающих в вузы. — М., 2014.
3. *Соколова Л.* Энциклопедия. Путешествие по городам мира. — М., Проф-Пресс, 2018.
4. Центральная Азия в условиях глобальной трансформации: Материалы XV Ежегодной конф. КИСИ при Президенте РК по безопасности (г. Астана, 2 июня 2017 г.) / Под общ. ред. З. К. Шаукеновой. — Астана: КИСИ при Президенте РК, 2017. — 168 с.
5. Центральная Азия 25 лет: Информационно-аналитический обзор / Отв. ред.: З. К. Шаукенова. — Астана: КИСИ при Президенте РК, 2017. — 136 с.
6. *Тукумов Е. В.* Т81 Открывая Америку: взгляд из Казахстана: монография. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2017. — 372 с.
7. WORLD POPULATION PROSPECTS 2019: Highlights. — New York, United Nations, 2019, — 46 р.
8. *Назарбаев Н. А.* Эра независимости. — Астана, 2017
9. *Мизелиньские А. и Д.* Карты. Путешествие в картинках по континентам, морям и культурам мира . — М., Самокат, 2015
10. Географиялық ақпарат жүйелеріне кіріспе. Ян Хейвуд, Сара Корнелиус, Стив Карвер. Pearson Education Limited. 2011. Қазақ тіліне аударғандар: А.Уайсова, А.Асылбекова. Алматы, 2013. — 472 б.
11. *Фридман Д.* «Горячие» точки. Геополитика, кризис и будущее мира. — Санкт-Петербург, изд-во «Питер», 2016.
12. *Кочетов Э.Г.* Геоэкономика. Энциклопедия. — М.: Эдитус, 2016.
13. Атлас мира — М., АСТ: Астрель, 2014.
14. Природа: энциклопедия / пер. с англ. Т. Королева. Астана: Фолиант, 2012. — 160 с.
15. Атлас мира, — М.: ПКО «Картография» Издательство Оникс, 2010. 320 с.
16. Пределы роста: 30 лет спустя / Д. Х. Медоуз, Й. Р. Рандерс, Д. Л. Медоуз: пер. с англ. — М.: Бином. Лаборатория знаний. 2015. — 358 с.
17. *Бодо Шефер.* Законы победителей. — М., 2018. — 272 с.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сез ..... 4

### I белім. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРИ

#### Жалпы географиялық әдістер

Өзекті географиялық зерттеу әдістері .....	5
§ 1. Географиялық сараптаманың алгоритмі және түрлери .....	5
§ 2. Эксперттік бағалау әдістері .....	10
§ 3. Географиядағы модельдеу әдістері .....	15
§ 4. Географиялық аудандастыру әдістері .....	21

### II белім. КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ГЕОИНФОРМАТИКА

#### Картография

Заманауи картографиялық әдістер .....	25
§ 5–6. Карталардың сандық моделі .....	25

#### Геоинформатика негіздері

Геоақпараттың зерттеу әдістері .....	31
§ 7–8. Қашықтықтан зерделеу әдістері .....	31
§ 9–10. Геоақпараттың әдістер мен ГАЗЖ-технологияның ерекшеліктері .....	36
§ 11. ГАЗЖ-технологияның басқа ғылымдармен және өндіріс салаларымен байланысы .....	41
§ 12. Географиялық деректер базасы .....	46
Географиялық деректерді визуализациялау .....	50

### III белім. ТАБИГАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ГЕОЭКОЛОГИЯ

#### Табигатты пайдалану

Табигатты пайдалануды реттеу .....	51
§ 13. Табигатты пайдалану үдерістерін реттеу .....	51
§ 14. Шаруашылық және тұтыну салаларында табигатты пайдалану үдерістерін басқару .....	54
§ 15. Мұнай-газ саласындағы табигатты пайдалануды реттеу механизмі .....	58
§ 16. Мемлекеттік және жергілікті табигатты пайдаланудың заңнамалық аспекттілері .....	63
§ 17. Жергілікті күн тәртібі – XXI. Әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тиімділік .....	65

Табигатты қорғау шаралары .....

§ 18. Табигатты пайдаланудағы жергілікті басқару .....

Табигатты қорғауда жекетұлғаның реі .....

§ 19. «Экологиялық із» және тұрақты даму .....

§ 20. Су және «экологиялық із» .....

§ 21. Суды тұрақты пайдалану .....

§ 22. Эко және смарт-сити – болашақ қалалар .....

**Геоэкологиялық зерттеулер негіздері**

Коршаган ортасың антропогендік өзгеруі .....	96
§ 23. Табигатты пайдалану тұжырымдамасы .....	96
§ 24. Коршаган ортасың антропогендік өзгерістері .....	99
Коршаган ортасың сапасы .....	101
§ 26. Табигатты пайдаланудың геоэкологиялық аспекттері .....	101
§ 26. Коршаган ортасың сапасын бағалау .....	104
§ 27. Экология және денсаулық .....	110
§ 28. Дүниежүзі елдеріндегі қоршаган орта сапасы .....	114
§ 29. Дүниежүзі халқының саны геоэкологиялық фактор ретінде .....	121
§ 30. Экожүйенің гомеостазы – табигаттағы тепе-тендік көрсеткіші .....	126
§ 31. Тұрақты аймақтық дамудың геоэкологиялық индикаторлары .....	129
§ 32. Экологиялық менеджмент .....	137
§ 33. Тұрақты дамуга кешу .....	140
§ 34. Аймақтық тұрақты экологиялық даму .....	147

**IV белім. ГЕОЭКОНОМИКА****Геоэкономика негіздері**

Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті .....	153
§ 35. Қазақстан экономикасының салалық құрылымы .....	153
§ 36-37. Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуы .....	155
§ 38. Экономикалық-географиялық аудандастырудың теориясы мен практикасы .....	161
§ 39. Инвестициялық тартымдылық – Қазақстан экономикасының даму тетігі .....	165
§ 40. Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуын тәсестіру .....	171
§ 41. Мамандану және диверсификация – аймақтық экономиканың потенциалы .....	175
Геоэкономикалық даму стратегиялары .....	182
§ 42. Қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтер өндірісі .....	182
§ 43. Қазақстанның арнағы экономикалық аймақтары мен технопарктері .....	190
§ 44. Қазақстанның кластерлік бастамалары .....	195
§ 45. Импортты алмастыру отандық өндірушілерді қолдау шарты ретінде .....	201
§ 46. Бренд-менеджмент – тауарлар мен қызметтерді танымал ету шарты .....	204

**V белім. ГЕОСАЯСАТ****Геосаясат негіздері**

Заманауи геосаяси үдерістер .....	211
§ 47. Қазіргі дүниедегі геосаяси үдерістер .....	211
Қазақстанның геосаяси жағдайы .....	217
§ 48. Қазақстанның геосаяси жағдайы .....	217
Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі .....	220
§ 49. Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне өсер ететін факторлар .....	220
Қазақстанның геосаяси интеграциясы .....	227
§ 50. Қазақстанның халықаралық және аймақтық үйымдармен байланыстары .....	227

**VII белім. ЕЛТАНУ****Дүниежүзі аймақтары**

<b>Дүниежүзі елдерін аймақтарға аудандастырудың қолданбалы аспектілері .....</b>	<b>235</b>
§ 51–52. Дүниежүзін аймақтарға аудандастырудың принциптері мен сыйбалары.....	235
<b>Дүниежүзі аймақтары картасындағы Қазақстаниң орны .....</b>	<b>243</b>
§ 53. Фарыштық түсірілімнен Қазақстаниң жерсеріктен түсірілген картасына дейін .....	243
§ 54. Мемлекеттердің географиялық жағдайы: мүмкіндіктер мен қатерлер .....	245
§ 55. Азия жүргегінде Ұлы Дала елі.....	250

**Дүниежүзі елдерін салыстыру**

<b>Қазақстаниң халықаралық салыстырудагы орны .....</b>	<b>255</b>
§ 56. Қазақстаниң бесекеге қабілеттілік рейтингі.....	255
<b>Әмір сұру деңгейін жоғарылатудағы азаматтың орны .....</b>	<b>261</b>
§ 57. Жеке азаматтың өзінің әмір сұру деңгейін жоғарылатудағы релі.....	261
<b>Қолданбалы елтану.....</b>	<b>263</b>
§ 58. Қолданбалы елтану ақпаратының маңыздылығы, субъектілері мен тұтынушылары.....	263

**VII белім. АДАМЗАТТЫҢ ФАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ****Фаламдық проблемаларды шешу**

<b>Фаламдық проблемаларды шешу жолдары .....</b>	<b>269</b>
§ 59–60. Адамзаттың фаламдық проблемаларды шешудегі өлемдік тәжірибесі .....	269
§ 61. Фаламдық проблемалардың Қазақстан аумағындағы көріністері .....	276
§ 62. Біздің болашағымыз. Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс? .....	281
Пайдаланылған жөне ұсынылатын өдебиеттер .....	